Аннотация. В работе рассматриваются моментные нормы случайных величин в пространствах $L_{2m}(\Omega)$, $L_u(\Omega)$ оцениваются нормы в этих пространствах.

Ключевые слова. Функция Орлича, пространства, моментные нормы, эквивалентна, монотонно.

Properties of moment norms in some Orlich spaces

Annotation. The paper considers the moment norms of random variables in the spaces $L_{2m}(\Omega)$, $L_u(\Omega)$ and evaluates the norms in these spaces.

Keywords. Orlich function, spaces, moment norms, equivalent, monotone.

Список использованной литературы:

1. Козаченко Ю.В. Теорема Леви - Бакстера для строго субгауссовских процессов // Тезисы докладов IV -й Международной Вильнюсской конеренции по теории вероятностей и мат.статистике. Вильнюс: Т.П.С, 1985.-52-53с.

2. Козаченко Ю.В. Случайные процессы в пространствах Орлича. Свойство траектории, сходимость рядов и интегралов // Дисс докт.физ.-мат.наук.Киев: 1985.-296с.

ГРНТИ 27.01.45

МАТЕМАТИКАНЫ ОҚЫТУДА ҚОЛДАНБАЛЫ ЕСЕПТЕРДІҢ РӨЛІ

АҚЫЛБЕК НҰРДАУЛЕТ ТАЛҒАТБЕКҰЛЫ
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің магистранты
ҚАСҚАТАЕВА БАҚЫТКҮЛ РАХЫМЖАНҚЫЗЫ
педагогика ғылымдарының докторы,
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің доценті

Қазіргі уақытта адамның ғылыми және практикалық іс-әрекетінде математиканы қолдану саласы кеңейіп келеді. Математика жаратылыстану мен техниканың негіздерінің бірі бола отырып, ол «математикалық емес» салаларға - мемлекеттік басқаруға, биологияға, лингвистикаға, медицинаға және т. б. ене бастады. Адам қызметінің барлық салаларындағы ғылыми-техникалық революция білімге, техникалық мәдениетке, білім берудің жалпы және қолданбалы сипатына жаңа талаптар қойды, бұл мемлекет қызметінің барлық салаларында қызметкерлердің жалпы ғылыми дайындық деңгейін одан әрі арттыруды яғни өндіріс қызметкерлерінің қатарын үнемі толықтырып отыратын түлектер даярлауды талап етеді. Сондықтан, заманауи мектептің алдына білім беруді жетілдірудің және оқушыларды практикалық қызметке дайындаудың жаңа міндеттері қойылып отыр.

Бұл зерттеудің *өзектілігі*, қазіргі заманғы білім берудің мақсаттары мен міндеттеріне байланысты, оқушылардың қоғам өміріне қатысуына мүмкіндік беретін практикалық мазмұнды қолданбалы есептерді шешу оқушылардың теориялық дайындық деңгейін жоғарылатуды, жалпы оқытудың практикалық және қолданбалы бағытын жүзеге асырып, математиканы оқытуды жетілдіруді жүзеге асыруға ықпал етеді. Жұмыстың *мақсаты*: Математиканы оқытуда қолданбалы есептердің рөлін айқындау.

Мектепте математиканы оқытудың қолданбалы бағытын жүзеге асыру әртүрлі практикалық жұмыстарды орындау процесінде оқушылардың теорияны қолдану қабілетін де дамытады. Математиканы оқи отырып, оқушылар оның қолданбалы мүмкіндіктерін игеріп, бағалап, математиканы практикада қолданудың негізгі дағдыларын игереді.

Жалпы есептің математиканы оқытуда маңызды рөл атқаратыны мәлім. Дәстүрлі әдістемеде есептерді шешу негізінен теориялық материалды бекіту құралы ретінде қарастырылады. Алайда, математиканы оқытудың заманауи әдістемесі үшін есептердің дидактикалық функцияларын одан әрі кеңейту маңызды бола түсуде. Мәселен, «математиканы есептер арқылы оқыту» позициясына көшу байқалады.

Ю.М. Колягин, А.А. Столяр, Л. М. Фридман және басқалардың зерттеулерінде жаңа материалды есептер арқылы жүйелі түрде оқыту арқылы білімді саналы, берік игеру қамтамасыз етілетіні, оқушылардың санасында зерттелген фактілердің дұрыс көрінісі қалыптасатыны, білімнің іс-әрекетке ауысуы үшін жағдайлар жасалатыны анықталды [1].

Математиканы оқыту процесіндегі есептер басты рөл атқарады. Бұл теория мен практика, өмір мен ғылым арасындағы байланыс ретінде қызмет ететін есептер. Есептердің рөлі өте зор: олар білім алушылардың логикалық ойлауын дамытуға, пәнге танымдық қызығушылықты қалыптастыруға, сондай-ақ оқушылардың шығармашылық әлеуетін ашуға ықпал етеді. Айта кету керек, бұл тұрғыда қолданбалы сипаттағы есептер ерекше орын алады. Қолданбалы есептер математиканың геометрия, физика, химия және басқа ғылымдармен пәнаралық байланыстарын жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Сондай-ақ, басқа ғылымдардың (кибернетика, информатика, медицина және т.б.) практикалық мәселелерін шешуде математика аппаратын қолдану мүмкіндігін көрсетуге мүмкіндік беретінін атап өткен жөн.

Педагогикалық әдебиеттерде «қолданбалы есеп» ұғымы әр түрлі анықталады. Көптеген ғалымдар (Г.Г. Маслова, Нгуен Ван Чанг, Л.Н. Тихонов, С.С. Варданян, Г.М. Возняк және т. б.) «қолданбалы есеп - табиғи тілден математикалық тілге аударуды қажет ететін есеп, - деп санайды. Я. А.Король, Н. Ғайбуллаев, Г. М. Морозов және т. б. сияқты басқа ғалымдар «қолданбалы есеп өзінің қойылымы мен шешу әдістері бойынша практикада туындайтын есептерге жақын болуы керек», - деп есептеді.

Н.А. Зеленина мен М.В. Крутихинаның пікірінше, «қолданбалы есеп деп проблемалық түрде тұжырымдалған және келесі шарттарды қанағаттандыратын сюжеттік есепті түсінеді: сұрақ практикада қойылатын түрде қойылуы керек (шешімнің практикалық маңызы бар); барлық шамалар нақты өмірден алынған болуы керек» [2]. Қолданбалы есеп - математикадан тыс қойылған және математикалық әдістермен шешілетін есеп.

Қолданбалы есептерді шешу әдістемесіне Ю.М. Калягин, В. В. Фирсов, Л. М. Фридман және т. б. [1, 7-бет] көп көңіл бөлген. «Қолданбалы есептерді шешу бірнеше кезеңнен тұрады. Олар: рәсімдеу (формализация), іске асыру және есептің алғашқы мазмұнына көшу (интерпретация). Математикада есеппен жұмыс істеудің келесі принциптері ажыратылады: есептерді шешуде практикалық әдістерді қолдану: іздеу, анықтамалық әдебиеттерді, дидактикалық материалдарды пайдалану, зерттеу және т.б. Есепті шешудің әртүрлі тәсілдерін қарастыру және ең жақсы нұсқаны таңдау. Қолданбалы есептерді шешудің әр кезеңінде білім алушыларды оқыту. Оқу мақсаттары мен талаптарына сәйкес тапсырманы өңдеу. Сонымен, егер қолданбалы есептер дұрыс таңдалса, математиканы оқытудың қолданбалы бағытын күшейтудің негізгі құралы - есептер болып табылады» [1, 11-бет].

Бүгінгі таңда математиканы оқыту процесінде қолданбалы бағытты жүзеге асыру үшін байыпты жұмыс істеу керек, өйткені оқытудың қолданбалы бағыты білім алушылардың танымдық белсенділігін дамытуға ықпал етеді. Оқу процесінде математиканың қолданбалы бағытын жүзеге асыру үшін көптеген мысалдарды, есептерді, оқыту әдістері мен құралдарын сұрыптап, олардың ішінен ең оңтайлысын таңдау керек. Сондай-ақ, қазіргі заманғы зерттеулер математиканың қолданбалы бағытын күшейтуге оқу процесіне компьютерлік технологияларды енгізу ықпал ететінін көрсетіп отыр.

Математикадағы қолданбалы есептерге негізгі талаптардан басқа бірқатар қосымша талаптар да қойылады: материалдың қол жетімділігі; қолданбалы сипаттағы есептердің оқушыларға танымдық құндылығы; есептерде нақты шамаларды, жағдайларды пайдалану [3].

Бүгінгі таңда қолданбалы есептерге деген қызығушылық артып келе жатқанын атап өткен жөн. Қолданбалы есептерге деген қызығушылықтың артуы олардың 11-сыныпта Ұлттық біріңғай тестілеуге (ҰБТ) енгізілуіне байланысты болып отыр.

Математиканы оқыту процесінде қолданбалы есептер үлкен маңызға ие. Мектеп математика курсында қолданбалы есептер қандай орын алады және қандай рөл атқарады? Бұл сұраққа жауап беру үшін олардың функцияларына тоқталу керек. Л.В. Виноградова өз кітабында қолданбалы тапсырмалардың үш негізгі функциясын (қызметін) ажыратады:

1) Оқыту функциясы. Бұл функцияның үлкен артықшылығы - оны сабақтың барлық кезеңдерінде қолдануға болады.

2) Тәрбиелік функциясы. Бұл оқушының көзқарасының кеңеюіне, сондай-ақ ғылыми дүниетанымның қалыптасуына ықпал етеді.

3) Даму функциясы. Бұл қолданбалы тапсырмалар балаларды теориялық білімді іс жүзінде қолдануға үйретеді [4].

Математиканы оқыту процесінде қолданбалы есептердің рөлі орасан зор. Ең алдымен, қолданбалы есептер математикалық білімді практикалық қолданудың барлық алуан түрлілігін ашады. Сондай-ақ, қолданбалы есептерді шешу бұрын зерттелген теориялық материалды шоғырландыруға және тереңдетуге ықпал етеді. Қолданбалы мәселелерді шеше отырып, біз есте сақтауды, ойлауды, зейінді дамытамыз.

Математиканы оқыту процесіндегі қолданбалы есептерді әртүрлі дидактикалық мақсаттарда қолдануға болады:

– Оқу материалының иллюстрациясы.
– Практикалық білік пен дағдыларды қалыптастыру.
– Оқыту мотивациясы.
– Бұрын алған білімдерін бекіту және тереңдету.
– Жаңа материалды түсіндіру үшін проблема қою шешу үшін.
– Қолданбалы есептер арқылы оқушылардың теорияны меңгеруін қамтамасыз ету.
– Оқушыларға ізденіс әдістерін, ойлау операцияларын және т.б. үйрету.

Қолданбалы есептер оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырады, өйткені көптеген оқушылар үшін математикалық білім берудің құндылығы оның практикалық мүмкіндіктерінде.

Е.В. Егупованың пікірінше, «жалпы білім беретін оқулықтардағы қолданбалы есептердің мазмұнының төмен болуының басты себебі -оқушыларға түсінікті тілде математиканы қолдану жағдайларын таңдаудың қиындығы» [5]. Қазір мұғалімдер іс жүзінде қолданбалы есептерді шешуге уақыт бөлмейді, сондықтан оқыту нәтижесі тым төмен. Мұғалімдер осы типтегі тапсырмаларды шешуге тым көп уақыт кетеді деп санайды, тек оқулықта оқушылардың функционалдық сауаттылықтарын қалыптастыруға берілген практикалық мазмұнды есептерді ғана шығартады.

Функционалдық сауаттылық адамның қоғаммен өзара әрекеттесу міндеттерін шешуде, ақпаратты қабылдау, түрлендіру процесіпде қолданылатын қазіргі қоғамға қажетті пәндік, пәнаралық, интегративті білім, білік, дағдылар мен функционалды есептерді шешу әдістерінен тұратын білімділік деңгейі.

Оқушының функционалдық сауаттылығы дегеніміз - қазіргі орта білімнің қажетті құрамдас бөлігі болып табылатын «пәндік, пәнаралық, интегративті білім, білік, дағдылар мен функционалды есептерді шеше білу» кешенінен тұратын білімділік деңгейі.

Оқушының **функционалдық сауаттылығы - қолданбалы білім негізінде өмірдің әр түрлі саласындағы практикалық есептерді шешу қабілеті.**

Практикалық мәселелерді шешуде оқушылардың ақыл-ой белсенділігін күшейтіп, мектеп практикасында функционалдық сауаттылыққа арналған тапсырмаларды қолдану арқасында PISA халықаралық зерттеуге дайындық жаңа деңгейге көтеріледі. Функционалдық сауаттылыққа арналған тапсырмалар қолдабалы есептер. Сондықтан бұл жұмыс яғни қолданбалы есептерді шығару мектеп математикасы курсына оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту мәселесін шешуге де ықпал етеді.

Функционалдық сауаттылық адамның іс-әрекетінде көрінетіні мәлім. Іс-әрекет (белсенділік) - бұл «адамның қоршаған әлемге, басқа адамдарға, өмір алдына қойған міндеттерге қатынасы жүзеге асырылатын процесс. Адамның субъект ретіндегі іс-әрекеті оның практикалық және теориялық іс-әрекеті болып табылады» [6, 256-257 б.].

Адам іс-әрекетінің құрылымы жеке тұлғаның қасиеттерімен жақсы байланысты.

Ю. Г. Фокин іс-әрекеттің құрылымын былай сипаттайды:

- қажеттілікті түсіну;
- мотивті қалыптастыру;
- іс-әрекетті жүзеге асыру тәсілін таңдау;
- іс-әрекетті жоспарлау;
- іс-әрекеттер тізімі;
- іс-әрекеттерді орындау.

Іс-әрекеттерді орындау «белгілі бір іс-әрекеттің мақсатына жету және осы әрекетті дұрыс орындау үшін операцияларды саналы түрде таңдау мүмкіндігін анықтайтын білім жиынтығынсыз мүмкін емес. Операцияларды орындау үшін субъект белгілі бір дағдыларды қажет етеді» [7, 103-107 б.].

Сондықтан да математиканы оқыту процесінде оқушыларға қолданбалы есептер шығару дағдыларын қалыптастыруға үлкен мән беру керек. Оқушылар сабақта алған математикалық білімдерін практикада, нақты өмірде пайдалану дағдыларын үнемі жаттықтырып отыру қажет. Сондықтан, әр сабақта оқушыларға практикалық мазмұнды есептер ұсынылады. Осындай есептерді шеше отырып, оқушылардың пәнге деген қызығушылығы, белсенділігі артады, математикалық дағдылары қалыптасады.

Қазіргі педагогика математикалық білім берудің үш мақсатын көрсетеді.

Біріншісі - жалпы білім беру. Математикасыз бірқатар басқа пәндерді түсіну мүмкін емес, университетте көптеген мамандықтар бойынша білім алуды жалғастыру да мүмкін емес. Сонымен қатар, математикалық білімнің өзегі ұзақ уақыт бойы жалпыадамзаттық мәдени құндылыққа айналды.

Екінші мақсат - қолданбалы. Оқушы, әдетте, не істейтінін әлі білмейді, сондықтан мұғалімнің бір нақты мүмкіндігі бар - балаларға кез-келген нақты процестерді математикалық модельдеуге үйрету.

Үшінші мақсат – тәрбиелік. Математика логикалық, кеңістіктік және алгоритмдік ойлауды дамытады; еңбекқорлық, табандылық сияқты қасиеттерді қалыптастырады; ойдың сұлулығын бағалауға үйретеді, әйтпесе өмірдегі туындаған проблемаларға, жалпы өмірге жаңа көзқараспен басқаша қарайды [3, 8 б.].

Математиканы оқытудың қолданбалы бағыты аталған барлық үш мақсатпен байланысты:

– жалпы білім беру (басқа пәндерді оқыту оңайырақ болады);
– қолданбалы (болашақ маман мектепте қолданбалы математикалық зерттеудің қажетті дағдыларын алады);
– тәрбиелік (әлем біртұтас және басқа ғылымдармен бірлестікте, математика оқушыда ғылыми негіздерді қалыптастырады).

Сонымен, математиканы оқытуда қолданбалы есептердің рөлі айқындалды және жалпы білім беретін орта мектеп оқушыларының қолданбалы есептерді шығару қажеттілігі негізделді. Қолданбалы есептерді әртүрлі дидактикалық мақсаттарда қолдануға болатыны көрсетілді. Қолданбалы есептер:

1) оқушыларды ынталандырады;
2) математиканың басқа ғылымдармен байланысын түсіндіреді;
3) оқушылардың логикалық ойлауын, есте сақтау қабілетін және зейінін дамытуға ықпал етеді;
4) оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастырады.

Математиканы оқытуда қолданбалы есептердің рөлі

Аңдатпа

Мақалада қолданбалы есептерді шешу әдістемесіне арналған педагогикалық және әдістемелік әдебиеттер зерделенген. Бұл зерттеудің **өзектілігі** қазіргі заманғы білім берудің мақсаттары мен міндеттеріне байланысты, оқушылардың қоғам өміріне қатысуына мүмкіндік беретін қолданбалы есептерді шешу математиканы оқытуды жетілдіруге ықпал етеді. Мақалада математиканы оқытуда қолданбалы есептердің рөлі айқындалған және жалпы білім беретін орта мектеп оқушыларының қолданбалы есептерді шығару қажеттілігі негізделген. Жұмыстың мақсаты: математиканы оқытуда қолданбалы есептердің рөлін айқындау

Кілт сөздер: Математиканы оқыту, қолданбалы есептер, жалпы білім беретін орта мектеп.

Роль прикладных задач в обучении математике

Аннотация

В статье анализирована педагогическая и методическая литература, посвященная методике решения прикладных задач. Актуальность данного исследования обусловлена целями и задачами современного образования, так как решение прикладных задач, позволяющих учащимся участвовать в жизни общества, способствует совершенствованию преподавания математики. В статье определена роль прикладных задач в обучении математике и обоснована необходимость решения прикладных задач учащимися средней общеобразовательной школы. Цель работы: определение роли прикладных задач в обучении математике.

Ключевые слова: обучение математике, прикладные задачи, общеобразовательная средняя школа.

The role of applied problems in teaching mathematics

Annotation

The article analyzes the pedagogical and methodological literature devoted to the methodology of solving applied problems. The relevance of this research is due to the goals and objectives of modern education, since the solution of applied problems that allow students to participate in society contributes to the improvement of teaching mathematics. The article defines the role of applied problems in teaching mathematics and substantiates the need for solving applied problems by secondary school students. The purpose of the work: to determine the role of applied problems in teaching mathematics.

Keywords: teaching mathematics, applied problems, general education school.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Терешин Н. А. Прикладная направленность школьного курса математики. М.: Просвещение, 1990, 96 с.
2. Зеленина Н.А., М. В. Крутихина М.В. Прикладные и учебно-прикладные задачи в обучении математике в классах химико-биологического профиля.
3. https://cyberleninka.ru/article/n/prikladnye-i-uchebno-prikladnye-zadachi-v-obuchenii-matematike-v-klassah-himiko-biologicheskogo-profilya
4. Қасқатаева Б.Р. Математиканы оқытудың теориясы мен әдістемесі. Оқу құралы. – Алматы.-2018. – 136 б
5. Виноградова Л. В. Методика преподавания математики в средней школе: учебное пособие / Л. В. Виноградова. — Ростов н/Д.: Феникс, 2005. — 252 с.
6. Егупова М. В. Использование практических задач в обучении геометрии // Математика в школе. 2011. № 10 с. 39–44
7. Татур Ю. Г. Компетентность в структуре модели качества подготовки специалиста [Текст] / Ю. Г. Татур // Высшее образование сегодня. - 2004. - № 3. - С. 20-26
8. Фокин Ю. Г. Психодидактика высшей школы [Текст] / Ю. Г. Фокин. - М. : МГТУ, 2000. 188

ГРНТИ 29.01.45

ДАРЫНДЫ БАЛАЛАРДЫ ФИЗИКАДАН ПӘНДІК ОЛИМПИАДАҒА ДАЙЫНДАУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

АЛМАҒАМБЕТОВА АЙГҮЛ АЛДАЖАРҚЫЗЫ - Қорқыт Ата Атындағы Қызылорда унверситетінің аға оқытушысы, п.ғ.к.,
ӘБІЛДАЕВА С., НҰРМАХАНОВ О. - Қорқыт Ата атындағы Қызылорда унверситетінің магистранттары

Болашақ мамандар даярлаудың маңызды мақсаттарының бірі - сапалы білім, тәрбие берумен қатар осы саланы ғылыми деңгейде жетілдіру, оқушылардың шығармашылық дамуына негіз болатын білім берудегі тиімді әдістерді ендіру және оны жоғары деңгейде насихаттау болып отыр.

Осындай іс-шаралардың ішіндегі маңызы өте жоғары іс-шаралардың бірі-оқушыларды физикадан пәндік олимпиадаға дайындау. Оқушыны олимпиадаға даярлау мұғалімнің еңбегін ақтап, топ жаратын оқушыны іріктеуден басталады. Екінші маңызды мәселе - оқушыны олимпиада есебін шығаруға баулу.

Педагогкалық іс-тәжірибелер мен әдістемелік әдебиеттерге сүйене отырып, олимпиадаға қатысатын дарынды оқушыларды іріктеу және олардың қызығушылығын арттырып, олимпиадалық күрделі және эксперименттік есептерді шығаруға дайындаудың мәселелерін зерттеу нәтижесінде көптеген әдебиеттерде тек қиын есептердің шығару жолдары ғана көрсетілген. Мысалы, олимпиада есептерін шығаруға байланысты әдебиеттерге шолу барысында көптеген зерттеулер мен әдістемелік әдебиеттер әр жылдардағы олимпиада есептерінің шығару жолдарын қарастырады. Дегенмен, оқушыларды іріктеу, оларды дайындау барысындағы ерекшеліктерін зерттеуге арналған әдістемелік зерттеулер өте аз. Себебі, олимпииада дарынды балалар арасында өткізілетін білім бәйгесі болғандықтан, барлық оқушының ішінен дарынды балаларды іріктеп, оның пәнге қызығушылығын арттырып, физикадан есеп шығарудың жолдарын үйретіп, эксперименттік дағдылары мен іскерліктерін қалыптастыру күрделі мәселе. Әсіресе, дарынды балаларға арналған мектептерде оқитын оқушылардың ішінен осындай іріктеу жүргізу мұғалім үшін аса жауапкершілікті талап ететін жұмыс. Себебі, мұғалімнің жылдар бойы жасаған еңбегінің жемісі таңдау жасаған оқушыға байланысты болады. Сол себепті де мектепте олипиадалық резерв жасақталынуы өте пайдалы. Ол олимпиадаға дайындалатын оқушылардың дайындық кезінде бір-бірімен бәсекелесетін, соның нәтижесінде ізденетін, еңбектенуге, әрдайым сайысқа түсуге, бірінші болуға ұмтылыс туғызатын жағдай жасайды. Ең бастысы, оқушыны теориялық білімін шыңдай отырып, күрделі есептерді шығаруға үйрету керек. Осы орайда педагог К.Д.Ушинскийдің «оқушыға қиындықты жеңуді үйрете отырып, жеңістің дәмін сезіндіру - оны оқуға талпындырады» деген сөзімен жеткізу дұрыс секілді.

Физикадан олимпиадаға даярлау барысында ең алдымен оқушылардың жасына қарай даму ерекшеліктерін зерттеу қажет. Физика мектепте 7 сыныптан бастап оқытылатындығын ескере отырып, орта және жоғары сынып оқушыларының дамуындағы ерекшеліктерді біле отырып, оқушыларды іріктеу маңызды. Мысалы, *орта жастағы* оқушылар өздігінен жұмыс жасай алады, табандылық көрсете алады (шыдамдылық танытады), жан-жақты (ізденеді), ал *жоғары сынып оқушылары* өз ойын талдай алады, кез-келген мәселені талқылауға дайын, өзін-өзі дамытуға бейім.

Олимпиадаға оқушыларды іріктеу барысында және даярлауда осы мәселелерді ескере отыру керек. Яғни, біз айтып өткен қабілеттер олардың жас ерекшеліктеріне байланысты, өзгеріп отырады. Сондықтан, оқушыларды іріктеу кезіндегі жасына сәйкес қабілеттерін олардың жан-жақты дамуы үшін ұтымды пайдалану керек. Қабілетті балалардың кез-келген материалды қабылдауы өте жеңіл болғандықтан, оны қандай пәнге болса да баулудың мүмкіндігі бірдей. Дегенмен, *қабілетті балалар* көп болғанымен *дарынды балалар* өте аз. Сондықтан, ұстаздардың ең басты мақсаты - дарынды балаларды жас кезінен анықтап, олардың жан-жақты дамуына, оның білімге, өмірге деген құлшынысын арттырып, оның шырағын жаға білуі керек. Себебі, кейбір дарынды оқушылардың жасына қарай, есею барысында, яғни бір кезеңнен екінші кезеңге өту уақытында (жоғарыда айтылған жас ерекшеліктер кезеңдері) оның қызығушылығы жойылып кетуі мүмкін. Осындай мүмкіндікті жіберіп алмас үшін, физикадан олипиадаға даярлау барысында оқушылардың дайындығын өте қызықты, эмоцияға бай физикалық есептермен, эксперименттік тәжірибелік есептермен, түрлі экскурсиялармен, виртуальды эксперименттермен және т.б. тәсілдерді қолданып, жандандырып отыруы керек.

Дарынды жасөспірімдерді өз қатарларынан ерекшелейтін белгілер - *ол өздігінен жұмыс жасай білуі, өз бетінше білім алуға бейімдігі, айналысатын ісін өзі таңдап алуы.*

Дегенмен, «дарынды бала» ұғымының өзі салыстырмалы ұғым болып саналады, себебі, балада ерте байқалған қабілеттер күткен нәтижені бермей, ол ашылмай қалуы да мүмкін. Ал, кейбір балалардың қабілеті кейінірек ашылуы да мүмкін. Мысалы, Альберт Эйнштейн «антивундеркинд» типінің ең көрнекті өкілі болған. Сондықтан пән мұғалімі мен мектеп психологтарының дарынды оқушыны анықтауы үшін әр оқушыны жеке - дара зерттеуі қажет болады.

Дарынды балалар физикадан есептерді шешу барысында шығару жолдары мен принциптерін тез жалпылай алады, сондықтан олар стандартты емес есептерді де тиімді жолмен тез шығарады. Дарынды оқушылар үшін есептің рационалды, айқын, нақты, тез жолын табу ең басты мақсат. Ал, қиын есептерді шығаруда олар бұл процесті тек есеп шығару деп қабылдамай, оны зерттеу нысаны ретінде қабылдап, жан - жақты зерттеу жүргізеді. Соның нәтижесінде оқушы жаңа ақпарат алады, осы зерттеу жұмысын ақпарат көзі деп түсініп, оны білім алу жолы ретінде қарастырады.

Сонымен, пән мұғалімі физикадан пәндік олимпиадаға дайындауда қабілетті балаларды көп оқушының ішінен қателеспей қалай табуға болады деген сұрақ тұрады.

Сонымен қатар, ол балалармен қалай жұмыс жасау керек? Дарынды балаларға білім беруде де кездесетін мәселелер өте көп. Дарынды балалардың өзін-өзі дамуына, білім алуына толық мүмкіндік жасалғаны абзал. Бұлай болмаған жағдайда оларда ашулану, тынышсыздану, уайымшылдық, тынышсыздық пайда болады. Ол қалыпты жағдай. Себебі, оқушы өзінің қолынан келетін нәрсені жасай алмаса, яғни өз мүмкіндігін көрсете алмауы оған психологиялық соққы болады. Сондықтан, олимпиадаға даярлау барысында оқушының өзін - өзі толық көрсете алуына жағдай жасалуы да маңызды мәселелердің бірі болып табылады.

Дарынды балалардың өз мүмкіндіктерін көрсете білуі үшін мына мәселелерді жүзеге асыру керек: оқушыларға жайлы атмосфера жасау; оқушылардың шығармашыл идеяларын, ойлары мен пікірлерін жиі тыңду, айтқызу; «жеңісті» күту жағдайын туғызу; оларға шығармашылық тапсырмалар беріп, оны жетістіктері бойынша бағалау; оны болашақ істеріне ұмтылдыру, талаптандыру үшін өз-өзін жоғары бағалауын қалыптастыру; оқушыны өзі жасаған ісін бағалай білуге үйрету.

Қорыта айтқанда, пәндік олимпиадаға білімі басқаларымен салыстырғанда жоғары, тапсырманы тез түсініп, шығара алатын, экспериментке икемі бар, өлшеу жұмыстарын тиянақты орындай алатын, кез-келген тапсырманы шығармашылықпен орындайтын оқушыны таңдау керек. Нақтылап айтар болсақ, физикадан пәндік олимпиадаға оқушыны мына ерекшеліктеріне қарап ірікеуге болады:

1. Дарынды балалар өте белсенді және олар әрдайым физикадан берілген есептерді тез әрі тыңғылықты орындап, өз бетінше жұмыс істеуге тапсырмалар алып, оны орындауға көп ұмтылады.

2. Олар берілген есептер шықпай қалған жағдайда табандылық танытады, осы есептің шығару жолдарын білу үшін жан-жақты зерттеп, осы және осыған ұқсас есептердің шығару жолдары туралы қосымша ақпарат алуға ұмтылады.

3. Олар оқуға және нағыз жеңіске жетуді қалайды. Олар есеп шығарғаннан, тәжірибе жасағанда, жалпы айтқанда білім алудан рахат алады, есеп шығарғанда өздерін қинамастан, қызыға отырып шығарады.

4. Теориялық матералдарды практикада қолдану іскерліктері арқасында олар басқа оқушыларға қарағанда жұмысты өз бетімен жасай алады.

5. Олар өздерін қоршаған ортадағы болып жатқан жағдайларға сыни тұрғыда қарап, оған шынайы баға бере алады, заттың не құбылыстың мәніне үңіле отырып, нақты себептерін ашады. Олар атүсті түсініктермен шектелмейді.

6. Олар көп физикаға қатысты көптеген сұрақтар қояды, өздерін қанағаттандыратын жауаптарға қызығушылық танытады және бір нәрсені зерттеу олардың қызығушылықтарын туғызады.

7. Өз қатарларына қарағанда дарынды балалар физикалық құбылысты, оның мәнін аша алады, абстракциялы ойлайды, логикалық операцияларды модульдей, жүйелей, жіктей және жалпылай алады.

8. Дарынды балалардың көпшілігі алдарына ұзақ уақытқа, «ірі» мақсаттар қояды. Бұл мақсаттар олардың келешектегі кәсіби істерінде өте жоғары биіктерге жетуге, яғни өздерінің шығармашылық дарындылығын жүзеге асыруға бағытталған болады.

Біз атап өткен белгілердің барлығы толығымен дарынды балалардың барлығынан кездесе бермейді. Дегенмен, мұндай белгілер толық болмағанымен, осы белгілердің басым көпшілігі байқалатын балаларды іріктеп, физикадан олимпиада резервтерін даярлауға болады. Мұндай оқушылармен жеке жұмыс жүргізу, олардың қызығушылықтарын анықтап, өздерін жан-жақты дамуына жол көрсетіп, жағдай жасау өте маңызды. Себебі, өздерінің ерекше мүмкіндіктерін толықтай өздерін дамытуға бағыттап, мақсатқа жету жолында келешекке дұрыс жоспарлар құру қажет. Бұл жоспарларды жүзеге асыруда ата-ана, мұғалімдер бірлесе отырып жүргізу керек. Олимпиада өте дарынды балалар арасындағы білім сайысы болғандықтан, осы сайысқа физикадан олимпиада резервіндегі оқушылардың ең үздіктері іріктеліп алынады. Ал, қалған оқушылардың осы бағытта алған білімдері олардың болашақ мамандық таңдауына, жоғары оқу орындарының грант иегерлері болуына, келешекте өз кәсіптерін ашуына және т.б. да бағыттарда пайдасына жарайтындай болуы керек.

Физикадан олимпиада резервтерін даярлау да оқыту процесінің бір қанаты болып есептелінетіндіктен, оқытудың негізгі принциптерінің аясында жүзеге асырылуы керек. Осы мәселеге тоқтала кететін болсақ, ең алдымен кез келген мұғалім өз оқушыларын олимпиадаға даярлау барысында бағдарлама жасайды. Осы бағдарлама балаларды биікке апаратын жолдың баспалдағы болады. Сол себепті, бағдарлама жан-жақты зерттелген болуы керек.

Дарынды балалармен жұмыс жасау бағдарламаның басты мақсаты *оқушының табиғатынан берілген қабілетінің негізінде белгілі бір іс-әрекет түріне бейімдеп дамыта оқыту.* Себебі, кез-келген дарынды баланы тек білім беру арқылы ғана жан-жақты дамытуға болады. Осыған сәйкес физика пәні мұғалімі де пәндік сайыстарда білім додасына қатыстыратын шәкірттерін физиканың теориялық заңдылықтары мен оның практикада қолданылуына, эксперимент жүзінде осы теорияны дәлелдей алуға дайындауына тура келеді. Ол үшін пән мұғалімі мынадай маңызды мәселелерді ұтымды шешуі керек болады:

- оқушыны түрлі іс-әрекетке (теориялық, практикалық, аналитикалық, ізденушілік) үйрету;
- практикалық іс-әрекетке байланысты физикадан түрлі есептерді шығаруда тез ойланып, жылдам әрекет ету дағдыларын дамыту;

Осы *мәселелерді жүзеге асырудың негізгі принциптеріне тоқталар болсақ:*

- *Оқушының шығармашылығын дамыту үшін* оның физика мен математикадан *бұрыннан алған білімдерін негізге алу. Себебі, оқушының* алған білімінің мазмұнына сәйкес келмейтін, мүлдем басқа тапсырмалар беру оқушының күйзелісін туғызып, оқушының пәнге, білім алуға деген талпынысын жояды.
- *Оқу материалын тек физикаға байланысты іріктеу.* Себебі, нақты мақсатқа еш қатысы жоқ кез-келген ақпарат кедергі келтіреді, уақыттың босқа кетуіне әкеледі.
- *Меңгерген материалды қайталау.* Физикадан жаңа есептерді шығаруда бұрыннан алынған білімге сүйенеді. Өткен материалды жүйелі түрде қайталап отыру - бұрын меңгерілген білімнің ұмытылмауына, оған қызығушылығының төмендеп қалмауы мен оқушының шығармашылық жұмысын талпындыруға негіз болады.
- *Оқушыны жан-жақты дамыту.* Яғни, оқушының жан-жақты даярлығының арқасында есеп шығарудың тәсілдерін, дағдыларын (анализден синтезге, синтезден анализге) машықтандыру.
- *Физикаға қызығушылығын тұрақты ету.* Ол үшін оқушының физикаға қызығушылығын нақтылап, тұрақтандырып, шығармашылық жағынан дамыту үшін жұмыс жасау әдісін үнемі өзгертіп отыру қажет. Аналитикалық есептерден эксперименттік есептерге, сапалықтан сандыққа, мәселе есептер қойып, оны шешуге көшу керек.
- *Физикадан берілетін түрлі тапсырмаларды сауатты орындауға үйрету.* Физикадан тапсырманы сауатты орындау - ең алдымен есеп шығаруда физика есебін шығарудың ережесі мен принциптерін, әдістері мен тәсілдерін жүйелі түрде қолдануы. Оқушыны физика есебін шығарудағы рационалды әдіс-тәсілдермен қаруландыру оны есеп шығару барысында төте жолмен шығару және қателерден сақтандырады.
- *Әр оқушымен жеке жұмыс жасау.* Себебі, әр оқушының білім деңгейі, даму деңгейі, жеке қабілеттері мен мінезі әр түрлі болады.

Қорыта айтқанда осы әдістемелік мәселелерден туындаған негізгі принциптерге сүйене отырып, дарынды балалармен жұмыс жасауда нақыты жетістіктерге жетуге болады.

Дарынды балаларды физикадан пәндік олимпиадаға Дайындаудың ерекшеліктері

Аңдатпа. Ұсынылып отырған мақалада орта мектепте физикадан олимпиадаға оқушыларды іріктеу мен дайындаудағы маңызды мәселелерге арналған. Сонымен қатар, дарынды балалардың ішінен физикаға қабілетті оқушыларды іріктеу кезінде ескеру қажет ерекшеліктер қарастырылған.

Кілт сөздер: физикадан пәндік олимпиада, қабілетті оқушы, дарынды оқушы, олимпиада есептері.

Особенности подготовки одаренных детей к предметной Олимпиаде по физике

Аннотация. Статья посвящена важным вопросам отбора и подготовки учащихся к олимпиаде по физике в средней школе. Также рассмотрены особенности, которые необходимо учитывать при отборе из числа одаренных школьников, способных к физике.

Ключевые слова: предметная олимпиада по физике, способный ученик, одаренный ученик, задачи олимпиады.

Features of preparing gifted children for the subject Olympiad in physics

Annotation. The article is devoted to important issues of selection and preparation of students for the Physics Olympiad in secondary school. The features that need to be taken into account when selecting from among gifted students who are capable of physics are also considered.

Keywords: subject olympiad in physics, capable student, gifted student, olympiad tasks.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Горшоковский В. Польские физические олимпиады:— Перевод: Е. Добровольская, Е. Сурков. М,:Мир,1982.

2. Кабардин О.Ф., Орлов В.А. Международные физические олимпиады школьников./ Под.ред.В.Г.Разумовского.-М:Наука. 1985.

3. Олимпиады по физике 9-11 классы.-М.:ВАКО,2007.-160 с.-(Мастерская учителя).

ГРНТИ 29.01.11

ПОЛИТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАҒЫ ІСКЕРЛІКТЕР МЕН ДАҒДЫНЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ЖОЛДАРЫ

АЛМАҒАМБЕТОВА АЙГҮЛ АЛДАЖАРҚЫЗЫ-педагогика ғылымдарының кандидаты, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің аға оқытушы;
ӘБІТАЕВА ҰЛБОСЫН ӘБДІҚАППАРҚЫЗЫ – педагогика ғылымдарының магистрі, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің аға оқытушы;
ЖҮГІНІС АЙША ЖҮГІНІСҚЫЗЫ - Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің магистранты

Табиғаттағы заңдардың өндірісте қолданылуының ғылыми негіздері мен жұмыс жасау принциптерін орта мектепте оқыту арқылы тек теорялық білім беріп қоймай, практикалық мәселелерді де қамту керек. Сондықтан, физика пәні мұғалімі өндірістің елдің дамуындағы, халықтың тұрмыс-тіршілігі мен техниканың алға өрлеуіндегі атқаратын міндетін, оның маңызын, техниканың түрлі салаларындағы даму тенденцияларын, болашағын айқын көрсетіп, ашып беруі өте қажетті. Физиканы оқыту орта мектепте политехникалық білім беру үшін ең қолайлы, ыңғайлы пәндердің қатарында. Орта мектепте политехникалық білім беруді физиканы оқытудың алғашқы сатысынан-ақ жүзеге асыра беруге болады. Мысалы, жылу құбылыстарын оқып үйренуде жылу машиналарының құрылысы мен жұмысының принциптері түсіндіріледі. Осы орайда 8-сыныпта бу машинасы мен бу турбинасы және іштен жанатын қозғалтқыштар жөнінде де түсінік беріледі. Бұл қозғалтқыштардың ауылшаруашылығын механикаландырудағы мәні ашып көрсетіледі. Қарапайым механизмдердің көмегім иіндіктің, блоктардың, көлбеу жазықтықтардың және т.б. қолданысын оқып-үйрене отырып, тәжірбелік эксперименттік есептер мен тапсырмалар орындайды.

Физиканы оқытуда тұрақты ток электр қозғалтқышының жұмысы, айнымалы ток генераторының, трансформаторының құрылысы мен жұмысы оқытылады. Электр энергиясының өнеркәсіпте, жүк тасымалдау, ауылшаруашылығында пайдаланылуы жөнінде берілетін түсініктер арқылы оқытылып отырған оқу материалының қоғам, мемлекет үшін қаншалықты маңызды екендігін оқушыға жеткізуге болады. Сонымен қатар, оқушының техникада болып жатқан түрлі жаңалықтардан хабардар болып, ой-өрісі кеңейеді. Ол үшін мұғалімнің өзі жан-жақты іздене отырып, шынай дереккөздерден алынған ақпараттармен бөлісіп, сабақтың тақырыбына сай түрлі жаңа мәліметтермен бөлісіп отыруы керек. Мысалы, электр энергиясының алынуы және пайдаланылуы жөніндегі білімі кеңейтіліп тереңдетіледі, электрленудің негіздері анықталады, ірі және кішігірім су электр станцияларының құрылысы туралы, оларды қалай пайдаланатынын көрсетіп, жақын аймақтағы орналасқан өндіріс көздеріне экскурсия жасауға болады.

Политехникалық білім беруде физикалық және техникалық мазмұндағы зертханалық жұмыстардың маңызы өте жоғары. Мұндай жұмыстардың көмегімен оқушылар әртүрлі техникалық құралдардың, механизмдердің, түрлі жабдықтардың, құрылғылардың құрылыстарымен және қызметімен танысып, өлшеуіш құралдармен жұмыс істеуге дағдыланады. Мұндай зертханалық жұмыстарды жасау барысында оқушылар электрлік сызбалардағы шартты белгілерді оқып, оны пайдаланып электр тізбегін құрастыруды үйренеді, қарапайым электр құрылғылары мен құралдарының жұмыс істеу принциптерімен танысады.

Білім алушыларды технологияның ғылыми негіздерімен, түрлі аспаптардың, машиналар мен механизмдердің конструкциясы мен жұмыс істеуінің физикалық принциптерімен таныстырудың жолдарына тоқтала кетейік.

Физиканы оқыту барысында политехникалық білім беруде зерттелетін физикалық құбылыстар мен заңдылықтардың техникадағы, өмірдегі қолданылуын қарастыра отырып, аспаптардың, машиналар мен механизмдердің жұмыс істеу принципін түсіндіру өте маңызды. Осы мақсатта түрлі құрылғылар мен механизмдердің жұмысын түсіндіретін суреттер, слайдтар, бейнематериалдар, техникалық қондырғылардың схемалары мен моделдері пайдаланады.

Сабақ барысында, конференцияларда, семинарларда ғылым мен техниканың соңғы жетістіктерін, оқу материалына сәйкес физикалық құбылыстар мен заңдылықтардың өндірістің жекелеген салаларында, техникада, телекоммуникациялық байланыста, медицинада, күнделікті өмірде және т.б. салаларда пайдаланылуы туралы баяндамалары мен рефераттар дайындауға үйрету берілетін білімнің терең сіңірілуіне көмек береді. Оқушылар баяндамаларын қорғау барысында өздері дайындаған сызбалары, слайдтары, бейнежазбалары мен эксперименттік демонстрациямен, макеттермен, құрылғылардың модельдерімен сүйемелденеді.

Сабақта және сыныптан тыс жұмыстарда политехникалық мазмұндағы есептерді шығару да өте тиімді жолдардың бірі. Физика есебі -теориялық білімнің қаншалықты меңгерілгендігін көрсетеді. Физиканы оқытуда мұндай техникалық есептерді көптеген есеп жинақтарынан кездестіруге болады. Сонымен қатар, мұғалім қосымша әдістемелік әдебиеттерді де қарастырып,үлкен ізденіс үстінде болуы керек. Политехникалық мазмұндағы есептерді шешу барысында, оқушыларды қарастыратын физикалық құбылыстарды пайдалана отырып, кейбір техника түрлерінің жұмыс жасау принциптерімен таныстыру мүмкіндігі зор. Мысалы, технологиялық процестердегі физикалық заңдылықтар, заттың қасиеттерін (мысалы, кенді байыту, қоқыс түрлерін сорттау, штамптау және т.б.) пайдалануда негіз болатын физикалық құбылыстарды түснуге арналған есептер.

Оқушылардың техникалық құрылғылар мен қондырғылардың *модельдерін* (түрлі реттегіштер, электр реттегіші, жылу реттегіші, электр қоңырауы, электромагниттік реттегіш, фотореттегіш және т.б.) оқу және құрастыру бойынша практикалық жұмыстары ұйымдастыру. Мұндай құрылғыларды жинай отырып, студенттер олардың жұмыс істеу принципін тереңірек түсінеді, олардың қолдану салаларымен, өндірісті автоматтандыруда, технологиялық процестерді басқаруда және олардың жүру барысын бақылауда қолданудың маңызымен де танысады. Мұндай жұмыстарды орындау барысында оқушылар практикалық дағдыларды да (электр тізбектерін құрастыру, өлшеу жүргізу, және т.б.) игереді.

Өндірістік экскурсиялар мектептегі политехникалық білім берудің маңызды құралдарының бірі болып табылады. Өндірістік экскурсиялар мектеп оқушыларының санасын қазіргі заманғы ғылым мен өндірістегі жаңа идеяларментанысуға, оқытылатын құбылыстар мен заңдылықтардың қолданысының іс жүсінде жүзеге асқанына көз жеткізуге мүмкіндік береді. Қазіргі кезеде өндірістік экскурсияларды сабақта қолдануға көп мүмкіндіктер бар. Соның бірі-виртуальды экскурсия. Оқушыларды виртуальды экскурсиялар арқылы әлемнің кез-келген нүктесіндегі өндіріс орындарымен, ғылыми зертханаларымен, ғылыми мұражайларымен таныстыруға болады. Ол үшін көптен оқу порталдарын, сайттарды қолдануға болады.

Политехникалық білім берудегі тағы бір әдіс - политехникалық мазмұндағы *үй тапсырмасы*. Бұл зерттелетін құрылғылардың, машиналардың, қондырғылардың (мысалы, термостаттардың, электр қыздырғыштарының, электр қозғалтқыштарының, ауа ионизаторларының, өлшеу құралдарының – таразылардың, манометрлердің, термометрлердің, электр есептегіштердің және т.б.) тұрмыста қолданылуын зерттеуге берілетін тапсырмалар. Мұндай тапсырмалар арқылы оқушылар жалпы политехникалық құрылғылардың және олардың қолданылу ерекшеліктерін, практикалық қолданысын білуге ұмтылысын туғызады. Мысалы, оқушылар үйдегі ионизатордың, үй жылытатын қондырғылардың, кір жуатын машиналардың қалай жұмыс істейтінін, оның пайдасын, басқа түрлері болса, олардың қандай жерде қолданылатынын зерттеп біледі.

Оқушыларды өз бетінше ізденуге үйрету арқылы политехникалық білімдерін байыту да маңызды. Ол үшін оқушыларды дұрыс ақпарат алуға бағыттап, қажет жағдайда ғылыми-көпшілік және Youtube- арналарындағы бағдарламалармен таныстырып, ғылыми жаңалықтар жарияланатын ғаламтордағы сайттардың сілтемелерімен бөлісіп, ғылымның дамуына үлес қосқан ғалымдардың өмірі туралы фильмдер көруге кеңес беру керек.

Қазіргі кезде әр түрлі мектептер арасында облыстық, аудандық, қалалық, республикалық, халықаралық деңгейлердегі ғылыми жобалар сайыстары өткізілуде. Осындай сайыстарға физика-техника ғылымдарына қызығушылығы бар оқушыларды қатыстыру. Ол үшін оқушының қызығушылығын ескере отырып, тақырыпқа сай жұмыс жасау. Ол жұмыста қандай да бір құрылғының жұмыс істеу принциптерін оқып-үйрене отырып, моделін құрастыруға немесе бұрыннан бар құрылғыларды тұрмыста қолдану мақсатында қайта жасау сияқты тақырыптарды таңдап алуға болады. Оқушылардың жасаған жұмыстарын ғылыми-көпшілік конференцияларда, сайыстарда көпшілік алдына ұсынуға болады.

Оқушыларға политехникалық білім беруде сабақтан тыс жұмыстар арқылы жүзеге асырылатын жұмыстың ауқымы өте кең. Сыныптан тыс жұмыстар арқылы оқушылардың политехникалық ой-өрісін кеңейтіп, алған білімдерін практикада қолдануға дайындауға үлкен мүмкіндіктер ашады. Оларды болашақ мамандық таңдауда да қателеспес үшін техникалық мамандықтардың қыр-сырымен таныстыруға болады. Әртүрлі мекемелерге апарып, ондағы мамандық иелерімен таныстыру сол салалардағы білімін кеңейтуге болады. Түрлі үйірмелер, факультативтік курстар, кештер мен сайыстар, онкүндіктер мен апталықтар, ашық есік күндерін ұйымдастыруға болады. Түрлі рөлдік ойындар арқылы инженер-электрик, радиоинженерлер, ұшақ модельдеушілер және т.б. арқылы оқушылар ғылымның, техниканың, ауыл шаруашылығының әртүрлі салаларымен танысып, оның ерекшеліктерін ұғынады, шығармашылық жұмысқа дайындалуға қажетті дағдыларды меңгереді.

Физика сабақтарында оқушылар үйренген заңдылықтарды күнделікті өмірде байқалатын әртүрлі құбылыстарды талдауға қолдануды үйрене білуі керек. Мысалы, физикалық шамаларды өлшеу (масса, күш, жұмыс, энергия т.б.), тәжірибе жүргізу үшін қарапайым аппараттарды құрастыру, қарапайым сызбаларды, есептеулерді орындау, графиктер мен анықтама әдебиеттерді пайдалану, кейбір физикалық құралдарды қолдан құрастыру, оның дәлдігін анықтау, қауіпсіздік ережелерін сақтау. Мұның бәрі политехникалық іскерлік пен дағдыны қалыптастырдың алғышарттары. Осы іс-әрекеттерді құрайтын операциялардың физикалық мәнін түсіну, оқушыларда қалыптасатын іскерлік қабілеті мен практикалық дағдыларды қалыптастырудың негізгі шарттарының бірі болып табылады.Практикалық дағдыларды қалыптастыру кезінде құрылғыны көрсетілмейді. Бұл кезде мұғалімнің жетекшілігімен іс-әрекеттерді орындауға арналған бастапқы практикалық жаттығулар беріледі.

Дағдылар қалыптастыру үшін оқушы меңгеруі керек іс-әрекеттер қайталанып отыруы керек. Ол үшін оқушылардың политехникалық дағдыларын қалыптастыруға септігін тигізетін (өлшеу дағдысын, құрастыру дағдысын және т.с.с) әр түрлі жаттығулар мен тапсырмалар жүйелі түрде, мүмкіндігінше жиі берілуі керек.

Физика пәнін оқытуда политехникалық принципті жүзеге асыруды әртүрлі жолдармен орындауға болады. Мектеп тәжірибесінде келесі екі әдіс ең көп тараған. Олардың біріншісі құбылыстар, заңдар алдымен үйретіліп алып, содан кейін олардың құрылғыларда, техникалық қондырғыларда немесе технологиялық процестерде қолданылуы қарастырылады. Техникалық объектілерді зерттеудің бұл әдісі дедукция әдісі деп аталады: біріншіден, құбылыстың, заңның жалпы түсінігін беріп, содан кейін олардың практикада қолданылуы жайлы ақпарат береді. Мысал ретінде физикалық құбылысты демострациялауды қарастырайық. Ол мына ретпен жүзеге асырылады:физикалық құбылысты көрсету→оның мәнін түсіндіріп, болу шарпттарын айқындау →проблема қою арқылы оның қай жерде қолданылатынын айқындау→ықшамдалған модельді көрсету→ жұмыс жасау принципінің қандай құбылысқа негізделгенін схема, сызбалар арқылы түсіндіру → шын мәнісіндегі түпнұсқанын не болмаса оның жұмысын түсіндіретін кинофильмнен үзінді көрсету. Екінші әдісте алдымен оқушылардың назары күнделікті өмірден, қоршаған ортадағы өтіп жатқан құбылыстарда кездесетін техникалық (политехникалық) объектілерге аударылады, содан кейін олардың қолданылу салалары қарастырылады. Ең соңғы қадамында оның теориялық мәселелері қарастырады. Оқушыларға«Осы объектінің (құрылғы, машина, қондырғы, технологиялық процесс) жұмыс істеуі қандай заңға негізделген? Оның жұмыс жасау принципі қандай?» деген сипаттағы сұрақтар қойылады.Оқушылардың белсенділігін арттыру және құрылғының жұмыс істеу принципінің негізінде жатқан физикалық құбылысты оқып-үйренуге ықыласын арттыру мақсатында мұғалім проблеманы негіздеуі керек. Бұл негіздеу оқушылардың осы құбылысты зерттеуге деген қызығушылығын арттыратындай болуы керек. Осының нәтижесінде оқушылар материалды қабылдауға, игеруге дайын болады. Құбылыстың мәнісі толықтай түсінікті болған кезде жаңа мәселе ұсынылады.Кейін модельдің жеңілдетілген үлгісі демонстрацияланады, нақты техникалық объектінің практикалық қолданысы, құрылғының жұмысын анық көрсету үшін модельде құүрылғының қандай негізгі элементтері қалдырылғанын, қандай элементтердің алынып тасталынғандығы қарастырылады.

Осы екі әдістің (индукция және дедукция) екіншісі тиімдірек. Себебі, политехникалық объектілерді зерттеудің бұл әдісі оқушылардың оқытылатын құбылыстар мен заңдылықтарды зерттеуге деген қызығушылығын арттырып, олардың практикалық маңызын түсінуге деген қызығушылығын алдын-ала туғызып, материалды қабылдауға ықпал етеді.

Дегенмен, осы екі тәсілді үйлестіре отырып, қолдануға да болады. Мысалы,оқытуды қозғалтқыштың құрылысы мен жұмыс істеу принципінің негізінде жатқан құбылыстан басталса, екіншісінде қозғалтқышты көрсетуден, оны өмірде қолданылуына мысалдармен бастауға болады. Ал, электр тогы генераторларының және басқа да көптеген техникалық объектілердің құрылғысы мен жұмыс әстеу принципін зерттеуден бастауға да болады. Политехникалық білім беру міндеттерін шешу сабақта сызбалар мен кестелерді қолдану арқылы жеңілдетіледі, олардың көмегімен оқушылар техникалық қондырғылардың жұмыс істеу принциптері туралы, ең маңызды техникалық жүйелердің құрылымдық элементтері туралы, материалдардың қасиеттері туралы және т.б., жүйелеуге және жалпылауына болады.

Қорыта айтқанда, политехникалық білім оқушыларға тек өндірістің негізгі ғылыми принциптерін түсініп, оның қолданысының қандай физикалық құбылыстар мен заңдардың негізінде жүзеге асатынын білуімен, мектеп бағдарламасындағы физика оқулығында берілген материалды жалаң берумен шектелмейді. Ол үшін физика пәні мұғалімі шығармашылықпен ізденіс жасап, оқушылардың политехникалық іскерліктері мен дағдыларын қалыптастыру үшін үздіксіз еңбек етуін өажет етеді.

Политехникалық сипаттағы іскерліктер мен дағдыны қалыптастыруды жүзеге асыру жолдары

Аңдатпа

Мақалада орта мектепте физикадан білім беру барысында оқушылардың политехникалық іскерліктері мен дағдыларын қалыптастырудың жолдарын қарастырған. Техникалық құрылғылар мен құралдардың жұмыс істеу принципі мен қолданысын түсіндіру барысында индукция, дедукция әдістерін қолдану арқылы политехникалық іскерліктер мен дағдыларды қалыптастыру жолдары ұсынылған.

Способы осуществления формирования умений и навыков политехнического характера

Аннотация

В статье рассмотрены пути формирования у учащихся политехнических умений и навыков в процессе обучения физике в средней школе. В ходе разъяснения принципа действия и применения технических устройств и средств предложены пути формирования политехнических умений и навыков с применением методов индукции, дедукции.

Ways to implement the formation of skills and abilities of a polytechnic nature

Annotation

The article considers the ways of formation of students' polytechnic skills and abilities in the process of teaching physics in secondary school. In the course of explaining the principle of operation and application of technical devices and means, ways of forming polytechnic skills and abilities using induction and deduction methods are proposed.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1.Н. Баймырзаев, Г.С. Полуванова.Физикадан есеп шығарту арқылы оқушылардың техникалық ойлау қабілетін дамыту. «VI қапенов оқулары» ғалым-педагог Ғ.С. Қапеновтың 90-жылдығына арналған халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының материалдары. Павлодар: ПМПУ, 2018.

2.Алмагамбетова А.А. Физикадан техникалық есептер.«Физика» -физика пәні мұғалімдері мен магистранттарға, студенеттерге арналған оқу-әдістемелік құрал/.Қызылорда қаласы, 2021ж.

3. Алмагамбетова А.А., Темірбек А. Физиканы оқытуда физика-техникалық модельдерді қолдану әдістемесі.«Физика» -физика мамандығында білім алушыларға арналған оқу-әдістемелік құрал/.Қызылорда қаласы, 2021ж.

ГРНТИ 29.03.19

МЕХАНИКА КУРСЫН ОҚЫТУДА БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ӨЛШЕУ ИКЕМДІЛІГІ МЕН ДАҒДЫСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ТИІМДІЛІГІН АРТТЫРУ ЖОЛДАРЫ

АЛМАҒАМБЕТОВА А.А., ҚАРАБАЛА ТОҒЖАН.М., БАРЛЫБАЙ НҰРБАНУ
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті

Жоғары оқу орындарында жалпы физика курсын оқытудың өзіндік ерекшеліктері бар. Болашақ физика пәнінен сабақ беретін мұғалімдер мен әртүрлі салада жұмыс істейтін инженер мамандарды даярлауда жалпы физика курсы әр түрлі білім бағдарламасының ерекшеліктеріне сәйкес оқытылады. Мысалы, инженер физикалық әдістерді инженерлік міндеттерді шешу үшін қолданады. Ол жаңа физикалық заңдар ашуға тиіс емес, бірақ физика заңдарын пайдалана білуі тиіс. Сондықтан, техникалық ЖОО студенттері үшін өлшеу техникаларының элементтерін зерттеудің, құралдардың қазіргі түрлерімен танысудың, техникалық мәселедегі физиканың міндеттерін көре білудің маңызы зор. Ал болашақ педагогтарға қойылатын талап ерекше. Ол орта мектепте физиканы оқыту әдістемесін кәсіби тұрғыда меңгеруге бағытталады. Дегенмен, болашақ физика пәнінің мұғалімдері физикалық құбылыстар мен заңдылықтарды жеткілікті дәрежеде меңгеріп, өлшеу икемділіктері мен дағдыларын қалыптасуы керек.

Білім бағдарламасында жалпы физика курсы оқытылатын білім алушылардың барлығына да физикалық құбылысты бақылау кезінде оқып-үйренуі керек негізгі ұғымдар болады. Ол түрлі өлшеулер жүргізе отырып, әртүрлі физикалық шамалар арасындағы сандық және сапалық сипаттамаларды айқындау, олардың арасындағы байланыстардың аналитикалық формулаларын көре білу, өлшеу нәтижесі арқылы белгілі заңдарды түсіндіру, экспериментті жоспарлай білу, құралдарды құрастыра білу, өлшем бірліктерді білу және т.б. Осыған орай білім алушылардың фундаментальды білімін тереңдететуде зертхана жұмыстарының маңызы зор.

Зертханалық практикумның мазмұны білім бағдарламасының ерекшелігіне, мамандықтың сипатына, сағаттар санына, зертхана бөлмесінің аумағына, техникалық жабдығына, кафедра зертханасының жабдықтарына (материалды-техникалық қорына) байланысты болады. Осының негізінде жалпы физика курсының зертханалық пратикумдарын қатып қалған шеңбер аясына сыйғызу мүмкін емес екендігін көруге болады. Дегенмен, кредиттік технология бойынша білім алушылардың өз бетінше білім алуына аса зор көңіл бөлінгендіктен, бүгінгі күні білім бағдарламаларында зертхана жұмыстарына бөлінетін сағаттар азайтылған. Осыған орай жалпы физика курсын оқытуда білім алушылардың өлшеу икемділігі дағдысын қалыптастырудың тиімділігін арттыру жолдарын қарастыруды жөн көрдік. Себебі, физикалық эксперимент, тәжірибе арқылы берілетін білім, ол білім алушы үшін өте маңызды, сіңімді болады. Ал**,** механика курсын оқытуда білім алушылардың өлшеу икемділігі мен дағдысын қалыптастырудың тиімділігін арттыруды қарастыру себебі - механика бөлімі басқа оқытылатын бөлімдердің ең біріншісі және механика курсында оқытылатын барлық заңдылық физиканың басқа бөлімдерінде кеңінен қолданылады.

Қазіргі кезде жоғары оқу орындары зертханалық практикумды жетілдіру мақсатында ұдайы жұмыстар жүргізуде. Оның негізгі мақсаты теориялық материалды емес, физикалық эксперименттердің әдісін терең зерттеу болып табылады. Мысал ретінде біздің университетімізде де «Физикалық өлшеу және өлшеу нәтижелерін өңдеу әдістері» атты элективті пән ұйымдастырылып, оқытылады. Бұл пәнді оқу барысында білім алушылар физикалық шамалдарды өлшеу әдістерін, өлшеу қондырғыларын, эксперимент нәтижелерін өңдеу әдістерін оқып үйренеді. Осы курста алаған білімдерін жалпы физика курсының барлық бөлімдерінде, күрделі өлшеулер жүргізуде, физикадан оқу эксперименттерін қоюды меңгеруде қолдана алады. Біздің ойымызша, осындай сипаттағы зертханалық практикумдар болашақ физика пәні мұғалімін даярлауда және басқа да жалпы физика курсын оқитын білім бағдарламасы бойынша оқитын студенттер үшін өте пайдалы .

Жоғары оқу орындарында жүргізілетін зертаналық пратикумының маңызы өте зор. Зертханалық практикумның жабдықталуы өте маңызды және оған мынадай талаптар қойылады: а) оқу зертханасындағы қолданылатын құрал-жабдықтар мен өлшеу құралдары сенімді және қазіргі заманға сәйкес болуы қажет; ә) зертханада өлшеу құралдарын қалай пайдалану керектігі туралы нұсқаулықтар мен құрал-жабдықтар сақталатын арнайы орын болуы керек; б) зертханалық жұмыстарға арналған құрылғылар оқу экспериментіне арналған болуы керек; в) зертханаларды жабдықтау кезінде жұмыстар мен тапсырмалар зерттеу жұмысының сипатына ие болуы керек; г) өлшеу нәтижелерін өңдеу үшін компьютерлермен жабдықталуы керек; д) виртуальды зертханалар орнатылған компьютерлермен жабдықталуы керек.

Жалпы физика бойынша зертханалық практикаумның негізгі міндеттері бар. Олардың ең бастыларына тоқталар болсақ, ең алдымен физикалық заңдарды эксперимент арқылы тексеріп, оның шындығына көз жеткізу; өлшеу әдістерін, физикалық өлшеу дағдылары мен іскерліктерін меңгеру; өлшеу құралдарының жұмыс істеу принциптерімен танысып зерттеу; өлшеу нәтижелерін өңдеу дағдысын меңгеру. Механика курсын оқытуда білім алушылардың өлшеу икемділігі мен дағдысын қалыптастырудың тиімділігін арттыру үшін зертханалық практикумдарды орындауда виртуальды зертхана жұмыстарын орындатып, практика, семинар сабақтарында эксперменттік есептер шығаруды қолдандық. Мысалы, обербек маятнигінің көмегімен қатты дененің айналмалы қозғалысын зерттеу жұмысын орындауда білім алушылардың бір тобы оны зертхана жағдайында жасаса, екінші бір тобы виртуальды зертханада орындады. Механикалық тербелістер немесе тербелмелі жүйелерді зерттеуде зертхана жағдайында математикалық және серіппелі және физикалық маятниктердің тербеліс заңдылықтарын зерттеу жұмыстарын жүргізсе, практикалық сабақта осы тербелмелі жүйелердің тербеліс периодының қандай физикалық шамаларға тәуелділігін анықтауға эксперименттік есептер шығартылды.

Зертхана жұмыстарын жетілдіру барысында кейбір өлшеу нәтижелерінің дәлдігі төмен жұмыстарды виртуальды зертханадағы жұмыстармен ауыстыруға болады. Бұл алдын - ала жоспарлау арқылы жасалынады. Қазіргі кездерде зертханалардың басым көпшілігі компьютерлермен жабдықталған. Сол себепті, зертхана жұмыстарының нәтижелерін математикалық өңдеуде арнайы бағдарламалар орнатуға болады.

Зертханалық жұмысты орындау кезінде білім алушының іс-әрекеті өте маңызды. Білім алушы зертхана жұмысын жасау барысында өлшеу келесі кезеңдер бойынша жүзеге асырылады: ең алдымен білім алушы құралдарды орнатып, құрастырады, оқытушының рұқсатын алып, өлшеуді бастайды, өлшеу нәтижесінде алынған мәндерді есептеу, өлшеу нәтижелерін өңдеу, болған жағдайда график құрастыру, өлшеу нәтижесін берілген сенімділік интервалында ізделінетін шаманы анықтау, өлшеу нәтижелері бойынша қорытынды жасау.

Зертханалық практикумды жүргізу әдістемесі зертхананың мүмкіндіктеріне байланысты екендігін жоғарыда айта кеткен болатынбыз. Механика курсының алғашқы зертхана жұмыстарында барлық білім алушылар бірдей жасайтын, фронтальдық зертхана жұмысын қою өте тиімді. Себебі, механикадан ең алғашқы жұмыс дәл өлшеу, өлшеу әдістері, өлшеу құралдары мен оның нәтижелерін өңдеуді меңгеруге арналады. Дегенмен, басқа зертханалық жұмыстарды орындауда фронтальдық әдісті қолдану қиындық туғызады. Сондықтан, физикалық практикум барысында мүмкіндігінше өтілген дәріс сабақтарына сәйкестеу қажет. Бірақ, толығымен олай жасау мүмкін емес. Солай болғанмен, сабақ барысында кейбір зертханалық жұмыстарды мектепте игерген білімінің негізінде де жасатуға болатындай ұйымдастыруға болады. Зертхана жұмысының сапалы жүргізілуі білім алушылардың дайындығын дұрыс ұйымдастыруға да байланысты. Әсіресе, бірінші курс білім алушыларына жоғары оқу орнындағы зертхана және практика сабақтарындағы білімнің бағалануы туралы толық түсінік берілуі керек.

Білім алушы зертхана жұмысын орындауға алдын ала дайындалу керек. Барлық зертханалық жұмыстарды жасау, өлшеудің сандық нәтижелерін алып, өлшеу нәтижелерін зертханашыға көрсетіп, оның шындыққа жанасатынына көз жеткізіп, болмаған жағдайда өлшеу нәтижесінің дұрыс болмауының себебі анықталынып, қайтадан жасау, өлшеу нәтижелерінің қателіктерін анықтау керек. Жалпы физиканың барлық бөлімдері бойынша зертхана жұмыстарына қажетті нұсқаулықтар оқу платформаларында пәннің оқу-әдістемелік кешендері бөліміне алдын-ала жүктеледі. Зертхана жұмысының арнаулы нұсқаулығында зертхана жұмысының мақсаты, қажетті құрал-жабдықтар, зертхана жұмысының тақырыбына сәйкес қысқаша теориялық мәліметтер, электрондық оқыту құралдарының сілтемелері, жұмыстың орындалу реті, қажетті оқу-әдістемелік құралдар, оқулықтардың тізімі мен университеттің электронды зертханасындағы сілтемелері көрсетіледі.

Білім алушының өлшеу нәтижелерін жазып жүретін арнайы дәптері болуы керек. Осы дәптердің көмегімен студенттер өздерінің жұмыстарын оқытушыға тапсыру кезінде жіберген қателерін тез анықтауға көмектеседі.

Зертхана жұмыстарын жетілдіру барысында кейбір күрделі зертхана жұмыстарын түсінуге жеңіл жұмыстарға алмастырып немесе мазмұны жаңа зертхана жұмыстарын қоюға болады. Мұның барлығын бір ғана оқытушының жауапкершілігіне жүктелмейді. Жаңа зертханалық жұмысты оқу бағдарламасына қосу үшін дәріс, практика сабағын жүргізуші оқытушылар, зертханашы бірігіп талдау жүргізе отырып, арнайы әдістемелік нұсқау жасайды.

Өлшеу жұмысын орындауға кіріспес бұрын, білім алушы зертханалық жұмыстың мазмұнымен толықтай танысады. Зертхана жұмысының құрылымы жұмыстың атауы, оның мақсаты, қолданылатын құралдар-жабдықтар, теорялық бөлімі (зерттелетін құбылыс немесе заттың маңызы, анықтамасы, анықтамалық мәліметтер, заңның математикалық формуласы және т.б.), жұмысты орындау тәртібі немесе әдістемесі (өлшеу әдісінің нақты сипаттамасы, қондырғы схемасы, жұмыс формуласы), өлшеудің сипаттамасы (өлшеу саны, өлшенетін шамаларлы жазуға қажетті кестелердің үлгісі), өлшеу нәтижелерін өңдеу, әдебиеттер, бақылау сұрақтарынан тұрады.

Білім алушы орындау үшін таңдап алған жұмыстың теориялық бөлімімен таныспай орындаған жағдайда өлшеу нәтижелерінен алынған мәндердің еш маңызы жоқ екенін түсінуі керек. Ол үшін оқытушы зертхана жұмысын орындамас бұрын білім алушыдан жасалатын жұмысқа қатысты сұрақтар қойғанда тұшымды жауап ала алмайтын болса, онда зертхана жұмысын жасауға рұқсат бермейді, егер жұмыстың мақсатын біліп, құрал-жабдықтардың қызметін, онымен қалай жұмыс жасауға болатынын, теориялық материалдарды терең меңгерген болса, немесе аздаған мәселелерді түсінбеген болса, оқытушы өз тарапынан демеп, қосымша дайындалуға ұсыныс айтып, зертхана жұмысын орындауға рұқсат береді. Білім алушы өлшеу кезіндегі кездейсоқ және жүйелік қателіктерді ажырата білетіндей болуы керек.

Зертханалық жұмысты дұрыс орындау үшін қондырғының жұмыс жасау принципін, құрылысын жақсы оқып-үйренуі керек. Әдістемелік нұсқаулықтарда қондырғының құрылысының принципі нақты беріледі, бірақ өлшеу барысында қолданылатын өлшеу құралдардың сипаттамасы берілмейді. Бұл мәселені шешу мақсатында физика пәні мұғалімдерін даярлау білім бағдарламасында білім алушыларды өлшеу, өлшеу әдістері, өлшеу құралдарының жұмыс жасау принципін, өлшеу нәтижелерін өңдеу әдістерін меңгерту мақсатында арнайы элективті курс оқытылады. Сонымен қатар, зертханада білім алушыларға өлшеу құралының жүйесі, дәлдік класы қандай екені көрсетілген өлшеу құралдардың нұсқаулықтар болады.

Оқытушының рұқсатымен білім алушы өлшеу құралдарын тексеріп, қондырғыны құрастырып, жұмыстың мазмұнына сәйкес қарастырылып отырған зерттеу жұмысын орындауға кіріседі. Өлшеу жүргізбес бұрын білім алушылар өлшеу құралдарының нөльдік көрсеткішін тексеріп, шкалалардағы бөлік құнын анықтауы тиіс. Зертхана жұмысын жүргізу барысында білім алушының өлшеу икемділігін, дағдысын дұрыс қалыптастыруда біршама көмек көрсетіп отыру керек. Өлшеу жүргізу кезінде өлшеу құралының көрсеткішін жарық болатындай етіп орналастыруды немесе өлшеу көрсеткішін смартфонға суретке түсіріп, анықтап көру, екі бірдей шама, бір мезгілде өзгеретін жағдайда мүмкіндігінше бір қатарға орналастыру, құрал-жабдықтарды ыңғайлы орналастыру, т.с.с. білім алушының өлшеу икемділігі мен дағдысын қалыптастыратын ақыл-кеңестерді беріп отыру керек.

Өлшеу нәтижелерін өңдеу де өлшеу жүргізу кезіндегідей өте маңызды кезең. Өлшеуден алынған нәтижелер физикалық заңдар мен физикалық сипаттамалардың сандық мәнін байланыстыратын математикалық формулалар түрінде көрсетіледі. Сондықтан қандай да бір өлшеуді жүргізе отырып, білім алушы әртүрлі шамаларды анықтауда теориямен эксперименттің сәйкестігін сауатты сәйкестендіре алуын қадағалау керек.

Егер зертханалық жұмыста бір-біріне байланысты шамалардың арасындағы тәуелділік зерттелетін болса, осы байланысты білім алушы график түрінде көрсетуі тиіс. Зертхана жұмысын жасап болғаннан соң жұмыс толығымен рәсімделіп, есеп жасалынады. Әрбір білім алушының зертхана сабағына арналған дәптері болуы керек. Олар өздерінің зертхана дәптерлеріне барлық өлшенетін шамалардың өлшеу нәтижелерін түсірген жазбаларын және өлшеу нәтижелерінің қателерін жазып отыруы керек. Бұл білім алушылардың өлшеу нәтижелерін бір-бірнен көшіріп алуына жол бермейді.

Қорыта келе, механика курсын оқытуда білім алушылардың өлшеу икемділігі мен дағдысын қалыптастырудың тиімділігін арттыру зертхана сабағында жаңа мазмұндағы зертханалар қосу, виртуаль зертхана жұмыстарын жасату, практика сабағында эксперименттік есептер шығарту және т.б. білім сапасын арттыруға әкеледі.

Механика курсын оқытуда білім алушылардың өлшеу икемділігі мен дағдысын қалыптастырудың тиімділігін арттыру жолдары

Аңдатпа

Мақалада жалпы физика курсының механика бөлімінде білім алушылардың өлшеу икемділігі мен дағдысын қалыптастырудың тиімді жолдары қарастырылған. Механика бөлімін оқытуда физикалық практикумда және практика сабағында эксперименттік есептерді жүйелі шығарту арқылы білім алушылардың өлшеу икемділігін қалыптастырудың жолдарын қарастырған.

Кілт сөздер: механика, физикалық эксперимент, зертханалық практикум, жалпы физика, виртуальды зертхана, обербек маятнигі.

Пути повышения эффективности формирования у обучающихся умений и навыков измерения при изучении курса механики

Аннотация

В статье рассмотрены пути формирования умений и навыков измерения обучающихся в разделе «Механика» курса общей физики. Рассмотрены пути

формирования измерительной гибкости обучающихся путем систематического выхода экспериментальных задач на физическом практикуме и на уроках практики при обучении раздела «Механика».

Ключевые слова: механика, физический эксперимент, лабораторный практикум, общая физика, виртуальная лаборатория, маятник обербека.

Ways to improve the effectiveness of the formation of students' measurement skills and abilities while studying the mechanics course

Annotation

The article discusses the ways of forming students' measurement skills in the mechanics section of the general physics course. The ways of forming the measuring flexibility of students by systematically solving experimental problems at a physical workshop and at practical lessons in teaching mechanics are considered.

Keywords: mechanics, physical experiment, laboratory workshop, general physics, virtual laboratory, oberbeck pendulum.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Мырзабекова А. Пути повышения эффективности проведения лабораторных занятий по физике. Сборник статей Международного научно-исследовательского конкурса. Пенза, 2021. "Наука и Просвещение" Пенза, 30 апреля 2021 года ФГБОУ ВО «Югорский государственный университет».

ГРНТИ 29.01.21

ФИЗИКА КУРСЫН ОҚЫТУДА ҒЫЛЫМИ-ТАНЫМДЫҚ ӘДІСТЕРДІ ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ ДҮНИЕНІҢ ТҰТАСТЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ МАҢЫЗЫ

АЛМАҒАМБЕТОВА АЙГҮЛ АЛДАЖАРҚЫЗЫ – п.ғ.м., аға оқытушы
ӨМІРӘЛІ ДАМИРА ЖАМБЫЛҚЫЗЫ - магистрант
Қорқыт Ата Атындағы Қызылорда Университеті

Қазақстан Республикасының мемлекеттік білім беру стандарты тарапынан жалпы білім берудің бағдарламасын игеруге қойылатын талаптарының бірі- ғылыми ойлауға бейімдеу, ғылыми түсініктерді қалыптастыру, заманауи ғылымның және іргелі ғылымдармен негізделген әлемнің біртұтас ғылыми бейнесін қалыптастыру болып табылады.

Дүненің тұтастығы жөніндегі бейнесін қалыптастыру әлі күнге зерттеу үстіндегі мәселе. Көптеген анықтамалар, түсіндірмелердің негізінде дүниенің ғылыми келбеті (картина)

Қазіргі уақытта физиканы орта мектепте оқытудың мәнісі- оқытылып жатқан пәндердің негізінде ғылым мен оның теорялық және практикалық жақтары туралы жалпылама түсінік қалыптастыру болып отыр. Физика мектепте оқытылатын басқа пәндермен біріге отырып, оқушыларға заттардың, физикалық құбылыстардың, адамның қолынан өзгеріске ұшырап жатқан түрлі үдерістердің мәнін ғылыми тұрғыда ашуға ең жақын пән болып саналады.

Орта мектеп пен жоғары оқу орындарында физика курсын оқытуда ғылыми дәлелдер, физикалық заңдар мен принциптерді қарастырып қоймай, табиғатты танып-білуде, оны зерттеуде қолданылатын ғылыми танымдық әдістерді де дұрыс қолдану жолдарын меңгеруге аса мән беріледі. Кез-келген физикалық бейненің пайда болуы табиғаттағы заңдылықтар мен эволюцияның негізгі тұжырымдамаларымен байланысты болады. Қоршаған орта туралы тарихи қалыптасқан көзқарастар жүйесі бойынша мынадай түрлерді ажыратуға болады: әлемнің механикалық бейнесі, әлемнің электрмагниттік бейнесі және әлемнің кваттық-өрістік бейнесі.

Ғылым мен техниканың дамуы барысында ғылыми-танымдық әдістерді саналы түрде қолдану арқылы ғана шешілетін көптеген мәселелердің туындауы мүмкін. Соның бірі -білім берудің барлық сатысы мен бағыттарында өзекті мәселе – ғылым дамыған сайын берілетін білім мазмұнының көлемінің артуы болып табылады. Осының нәтижесінхде орта мектепте оқытылатын пәндердің мазмұны күрделеніп, ғылымиланудa. Мазмұны мен көлемі өзгерген оқулықтар бойынша пәнді оқыту барысында да сәйкесінше заманауи, ең тиімді әдіс-тәсілдер қолданудың қажеттілігі туындайды. Осыған орай, білім саласының кез-келген салада өз ісін терең меңгерген, ғылым мен техниканың басқа салаларындағы жаңалықтарды өз пәнін оқытуда ұтымды қолдана білетін білікті ұстаздарды даярлау бүгінгі күн талабынан туындап отыр. Мұндай мамандарды даярлау үшін олардың терең теориялық тұрғыда терең ойлай алуға, теория мен практиканы бір-бірімен байланыстыра білетіндей за манауи оқу әдістерін меңгерту қажет. Бұл мәселені шешуде танымдық әдістердің ішіндегі ең маңыздысы ойлай білуді дамыту көмекке келеді.

Жаратылыстану ғылымында зерттеулерде табиғат құбылыстарын зерттеуде көптеген әдістер қолданылады. Олардың бірі танымның белгілі бір аймағында ғана қолданылуға жараса, келесі бірі тек нақты құбылысты зерттеп, тануға қауқарлы болады. Кейбір ғылыми әдістер тек ғылымның бір ғана саласындағы зерттеулерге қолданылмай, барлық дерлік ғылым салаларындағы зерттеулерде қолдануға өте ыңғайлы. Бұл әдістер ғылыми танымның жалпы әдістері болып табылды. Дегенмен ол әрбір ғылыми зерттеу саласында өзінің сол ғылым саламына тән ерекше қырымен көрінеді. Бірақ осы ғылыми таным әдістерінің барлық салада бірдей қолданылуы оның іргелі философиялық мәнінің бар екенін көрсетеді.

Физика - методолгиялық жалпылауға шексіз мүмкіндік беретін, танымдық зерттеу аумағы өте кең ғылым саласы. Физиканы ғылым ретінде зерттеуде, сонымен қатар физиканы оқытуда бақылау мен эксперимент, моделдеу мен аналогия, идеалдау деп аталатын танымдық әдістер қолданылады. Бұл әдістер тек физикалық процестерді зерттеп-білуде ғана қолданылмай, басқа да ғылым салаларында да кеңінен қолданылады.

Физиканы оқытуда білім алушылардың ғылыми-танымдық әдістерді меңгеруін екі бағытта жүзеге асыруға болады. Біріншісі, физиканы білімнің даму тарихы тұрғысынан ашу болса, екіншісі- оқыту процесінде тікелей осы әдістерді қолдану.

Ғылыми танымның әдістерін қолдану және оның мәнін ашу алдын-ала жасалған жоспар бойынша, жүйелі, мақсатты түрде жүзеге асырылуы тиіс. Оны физиканың барлық бөлімдерін, курстарынын оқыту барсында жүйелі түрде жүзеге асыру керек. Ең маңыздысы оқушыларды есеп шығаруда, эксперимент жасауда, тапсырмалар орындауда туындаған мәселелерді шешуде жекелеген танымдық әдістерді өз бетінше қолдана алуға үйрету керек.

Оқыту барысында ғылыми танымдық әдістерді қолдану –оқушылардың ойлау қабілетін дамытудағы қуатты құрал болып табылады.

Оқушылар тәжірибені бақылау мен эксперимент түрінде қоршаған ортаны танудың әдісі ретінде төменгі сыныпта оқыған пәндерінде танысады. Ал осы әдістердің ғылыми зерттеу әдісінің бірі екендігі 7 сыныптың физика курсының алғашқы сабақтарында айтылып, қарапайым өлшеу жұмыстарының ғылыми зерттеудегі маңызы түсіндіріледі. Соныымен қатар оқушыларға ғылыми эксперименттер мен онда қолданылатын өлшеу құралдарының, зертханаларының мектептегі зертханалардан айырмашылығы, ұқсастығы түсіндіріліп айтылады. Олай болмаған жағдайда оқушылар ғылыми зертханаларсыз-ақ айтулы жаңалықтар ашуға болады деген қате пікірде болады.

Физика курсындағы демонстрациялық, зертханалық үйде орындалатын эксперименттік тапсырмалар түріндегі оқу эксперименттері оқушылардың қоршаған орта туралы өте бай ақпаратқа кенелуіне тікелей әсер етеді. Оқытудың басқа әдістерінің ішінде физикалық оқу эксперименті қол жетімді, түсінуге оңай, теңдессіз білім көзі болып саналады.

Физиканы оқыту процесінде эксперименттік әдіс екі жақты қызмет атқарады: бірі-іргелі классикалық ғылыми эксперименттерді түсіндіру болса, екіншісі-физикадан көрнекілік сипатындағы тәжірибелер.

Экспериментті зерттеудің әдісі ретінде түсіндіре отырып, оқушылардың назарын ғылымдағы эксперименттік әдістің оқытудағы эксперименттен мүлдем басқа екенін, яғни ғылыми зерттеу барысында жасалатын эксперименттердің мақсаты, оны жасауға қойылатын талаптар, құрылғылар мен құралдар, қондырғылар, өлшеудің дәлдігі де басқаша болатынына аудару керек. Себебі, оқушыларда «соншалықты ғылыми маңызды мәліметтерді мектеп зертханасындағы құрал-жабдықтардың көмегімен, өте қарапайым жолмен-ақ анықтауға болады екен ғой» деген түсінік қалыптасуы мүмкін. Әрбір тәжірибені көрсетпес бұрын, оны қарапайым түрге, оқушыға түсінікті болып көрсету үшін қандай бөліктерінің алынып тасталғанын, не нәрсені елемеуге, мән бермеуге болатынына назар аудару керек. Оқушы мұғалім көрсеткен тәжірибенің негізінде қандай ғылыми зерттеу жұмысы жүргізілгенін түсінуі өте маңызды. Мысалы, металдардың өткізгіштігін түсіндіру барысында олардың ішінде тек бірнешеуінің ғана электр өткізгіштігін көрсетеміз де, басқаларын ғалымдардың тәжірибелерге сүйене отырып, барлық металдар электр өткізгіштер деген қорытындыға келеміз. Ал мұның артында қаншама зерттеулер жатқанын, барлық металдардың да электр өткізгіштіктерінің тәжірибе арқылы дәлелденгені айтылмайды.

Бақылаудың ғылыми танымның ең алғашқы қарапайым, эмпирикалық деңгейі екенін оқушылар терең түсінуі керек. Ғылыми зерттеудегі жүргізілетін бақылау қарапайым бақылаудан ерекше. Себебі, ғылыми зерттеудегі бақылау арнайы жоспар бойынша, қойылған мақсатқа сәйкес, арнайы ұйымдастырылады. Ал, бақылаудың эксперименттен айырмашылығы - ол өтіп жатқан процесске (танымдық нысанға) әсер етпейді. Тек сырттай бақылайды.

Газдар мен сұйықтардағы броундық қозғалысты бақылау микроскоптың көмегімен жүзеге асырылады. Броундық бөлшектердің қозғалысына қарап, ортадағы молекулалардың қозғалысына сипаттап береді. Броундық қозғалыс молекулалардың қозғалысының көшірмесін береді. Бірақ, оқушылардың осы қозғалыстарды бір-бірімен тең көруге бейім екенін көруге болады. Броундық қозғалыс миллиардтаған молекулалардан тұрады, ал бұл газ не болмаса сұйықтағы қандай да бір бөлшек. Оқушылар микоскоп арқылы көзге көрінбейтін молекулалардың қозғалысын емес, осы газ не болмаса сұйықтың бір бөлшегінің қозғалысын бақылап отырады. Бақылаудың тиімділігі зерттеліп отырған нысан туралы алдын-ала ақпараттың болуында, зерттеу мақсатын дұрыс негіздей алуына, мақсатқа жетудегі табандылыққа, алынған нәтижені жан-жақты сипаттай алу іскерлігіне байланысты болады.

Мысалы жас ғалым Галилео Галией Пиза мұнарасындағы шамның тербелісін бақылау барысында шамның тербеліс уақытының оның амплитудасының қандай екендігіне байланысты емес екендігін байқаған. Галилейдің маятниктің тербеліс периодының амплитудаға тәуелді еместігін ашу өте маңызды жаңалық болып саналды. Әрине, кейінгі накты зерттеулерден бұл заңдылық жуықталған, тек аз ғана азғана орын ауыстырулар үшін ғана орындалатындығы анықталды. Дегенмен, осы аз уақыт аралығын өлшеу үшін маятниктің тербелісін қолдану идеяларының тууына себеп болды.

Оқушылар бақылаудың өте ерекше түрі өлшеудің маңызы мен техникада, ғылымда, күнделікті өмірдегі маңызы туралы білуі өте маңызды. Қарапайым бақылау арқылы болып жатқан құбылыс туралы тек сапалық ақпарат алатын болсақ, өлшеу жүргізу арқылы зерттеп отырған құбылыс не заттың қасиеті туралы нақты сандық сипаттама аламыз. Өлшеу- эмпирикалық операция. Ол арқылы өлшеп отырған дененің сипаттамасының салыстырылып отырған эталонмен не өлшем бірлігінен қанша есеге артық не кем екенін анықтайды. Яғни өлшеу арқылы қандай да бір объектіні танып-біледі. Өлшеуге адамның сезім мүшелері тікелей қатысқанымен, әдетте өлшеу құралдары да қолданылады.

Бақылау экспериментке әкеледі. Бақылау мен эксперимент бір-бірімен астасып жатыр. Бақылауға қарағанда экспериментте бақылау объектісі жасанды болады. Бұл зерттеліп отырған объектіні жекелеп, айқындап алуға жағдай жасайды.

Физика курсын оқытуда ғылыми-танымдық әдістерді қолдануда бақылау және эксперименттік әдіспен қоса модельдеу, аналогия, идеалдау әдістері де жиі қолданылады.

«Физика-эксперименттік ғылым», «физика-теориялық ғылым....» деген қасаң көзқарастар арасында шындықтың нақ қай жерде екенін анықтау қиындап, шатасу басталады. Міне осы көзқарастардың физиканы оқытуда да өз әсері мен ықпалы байқалып қалады. Осындай қатып қалған екі көзқарас арасында танымдық әдістердің ішіндегі теориялық және эмпирикалық әдістерінің тығыз байланысы орын алады.

Мұндай шешімді физиканы оқыту әдістемесінде қалай пайдалы етуге болады? Ең алдымен танымдық әдістердің эмпирикалық және теориялық тәсілдерінің маңызының жоғары екендігін мойындау керек. Сондықтан да теориялық және эмпирикалық танымдық әдістердің екеуіне де жататын әдіс тәсілдеріне мән беріп, оларды ұтымды пайдалану керек.

Яғни, мұндай танымдық әдістерді меңгерген оқушыларда ғылыми дәлелдердің көпшілігі қалай алынатындығы туралы нақты, айқын түсінік қалыптасады. Мұның өзі үлкен жетістік болып есептеледі. Осындай әдістерді меңгерген оқушы мұғалімнің басшылығымен ғылыми дәлелдерге өз бетімен қол жеткізетін болады.

Физика курсын оқытуда ғылыми-танымдық әдістерді қолдану арқылы дүниенің тұтастығын қалыптастыруда қандай танымдық әдістерді ең тиімді деп есептеуге болады? Ең алдымен танымның анализ, синтез, модельдеу және тағы басқа да жалпы философиялық әдістерін айтар болсақ, соның ішінде модельдеу әдісінің орны ерекше. Модельдеу әдісі мектепте оқытылатын барлық пәндере қолданылады. Десек те, моделдеу әдісін физиканы оқытуда барлық деңгейінде тиімді қолдануға болады. Себебі, модельдеу қоршаған ортаны танып білуде, табиғат пен қоғамда болып жатқан ақпараттық процестерді зерттеу әдісі ретінде ерекше мәнге ие. Жалпытехникалық пәндерді оқытуда физикалық процестерді модельдеуге ерекше назар аударуға тура келеді. Себебі ол оқушылар меңгеруге тиісті білім қорын таным тәсілі мен мазмұны тұрғысында қарастырылады. Физика-техникалық модельдер қоршаған шындықты танып-білудің әдістері ретінде оқып-үйренуді қажет етеді.

Физика-техникалық процестерді модельдеу саласында ауқымды ғылыми-әдістемелік зерттеулер жасаған педагогтардың С.Е.Каменецкий, Н.А.Солодухин, С.А.Хорошавин және т.б. еңбектерінде оқушылардың жаңа аспаптар мен құрылғыларды модельдеп жасау барысында немесе пәнді оқыту барысында модельдерді қолдану әдістемесі, сонымен қатар оқытудағы модельдеу және ұқсастықтың оқытудағы орны және т.б. мәселелер зерттелген. Осы аталған ғалымдардың еңбектеріне жүргізілген талдау нәтижелеріне сүйенсек, олардың жалпы ортақ мақсатты көздейтіндіктерін байқауға болады. Физиканы оқытуда модельдеуді оқып-үйренудің негізгі мақсаты, бұл оқушылардың қазіргі заманның ғылыми көзқарасын қалыптастыруға, аталған зерттеулер бүгінгі заманның ғылыми әдістемелерін негізге ала отырып теориялық мәселелерді оқып-үйренуге бағытталған.

Сонымен орта мектепте физиканы оқытуда ғылыми-танымдық әдістерді қолдану арқылы дүниенің тұтастығын қалыптастыруда ғылыми танымдық әістерді қолданудың арқылы оқушылардың ғылыми ойлауын қалыптастыруға, есеп шығаруда, физикалық процестерді зерттеп-білуде, эксперимент жасау барысында, түрлі тапсырмаларды орындауға үйренеді.

Физика курсын оқытуда ғылыми-танымдық әдістерді қолдану арқылы дүниенің тұтастығын қалыптастырудың маңызы

Аңдатпа

Жалпы білім берудің бағдарламасын игеруге қойылатын талаптарының бірі-ғылыми ойлауға бейімдеу, ғылыми түсініктерді қалыптастыру, заманауи ғылымның және іргелі ғылымдармен негізделген әлемнің біртұтас ғылыми бейнесін қалыптастыру болып табылады. Осы мақалада танымдық әдістерді қолдана отырып (бақылау, эксперимент, теория, моделдеу және т.б.) әлемнің біртұтас бейнесін қалыптастырудың маңызы қарастырылған.

Кілт сөздер: ғылыми - танымдық әдістер, әлемнің біртұтас бейнесі, бақылау, эксперимент, модельдеу.

Значение формирования целостности мира с использованием научно-познавательных методов в преподавании курса физики

Аннотация

Одним из требований к освоению общеобразовательной программы является адаптация к научному мышлению, формирование научных представлений, формирование единой научной картины современной науки и мира, основанной на фундаментальных науках. В данной статье рассматривается значение формирования целостной картины мира с использованием познавательных методов (наблюдение, экспериментирование, теория, моделирование и др.).

Ключевые слова: научно-познавательные методы, целостная картина мира, наблюдение, эксперимент, моделирование.

The importance of forming the integrity of the world using scientific and cognitive methods in teaching a physics course

Annotation

One of the requirements for mastering the general education program is adaptation to scientific thinking, the formation of scientific ideas, the formation of a unified scientific picture of modern science and the world based on fundamental sciences. This article discusses the importance of forming a holistic picture of the world using cognitive methods (observation, experimentation, theory, modeling, etc.).

Keywords: scientific and cognitive methods, a holistic picture of the world, observation, experiment, modeling.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Рузавин Г.И., М., Мысль, 1994 г. Методы научного исследования.
2. Копнин П.В. Гнесологические и логические основы науки.-М:Мысль,1994.

ГРНТИ 27.01.79

БОЛАШАҚ МАТЕМАТИКА МҰҒАЛІМДЕРІН ДАЯРЛАУДАҒЫ STEM ТЕХНОЛОГИЯСЫНЫҢ РӨЛІ

АМАНБЕКОВ ЗАМАНБЕК АСЫЛБЕКҰЛЫ
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда Университеті, Жаратылыстану институты, «Физика және математика» кафедрасының магистранты, Қызылорда
ҚАЙЫҢБАЕВА ЛАРИСА САҒИЖАНҚЫЗЫ
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда Университетінің қауымдастырылған профессоры, п.ғ.к., Қызылорда

1 Кіріспе (Introduction)

Қазіргі таңда кез келген ұйымда желілік ақпараттық технологияларды қолдану өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Ақпараттық жүйе мүмкіндігінсіз қаржыны, бизнес үрдісті, қызметкерлерді, бөлімдерді басқару мүмкін емес. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев: «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты Жолдауында цифрландыру барлық реформаның басты элементі екеніне маңыз берді. Бұл – сәнге айналған үрдіске ілесу емес, ұлттың бәсекеге қабілеттілігін арттырудың негізгі құралы, табысты болудың басты кілті. Қазіргі кезде цифрлық технологияның жедел дамуы мен адам қызметінің барлық саласын цифрландырудың жылдам дамуымен байланысты STEM білім беру маңызды және өзекті мәселе, білім беру жүйесінің барлық деңгейлерінде ерекше назар аударуды талап етеді.

Қоғамның қазіргі кездегі дамуының басты белгісі – бұл өндірістің, тұтынудың және адам әрекетінің барлық салаларында ақпарат жинаудың артуы болып табылады. Ақпарат құндылығы мен ақпараттық қызмет көрсетудің салмағы қазіргі қоғам өмірінде жедел түрде өсуде. Бұл ақпараттандыру процессі кезінде материалдық құндылығы болмаса да басты роль деуге негіз береді.

Болашақ «Математика» мамандығының студенттері болашақта математика пәні мұғалімі болып қызмет атқаратын болғандықтан да, олардың STEM технологияларды оқу үрдісінде қолдану заман талабы.

Сурет 1 STEM сөзінің кеңейтпесі

STEM технологиясының рөлі: "STEM" оқу пәні жалпы кәсіптік пәндер бөлімінде оқытылады, оның негізгі міндеттері:

- "Клиент - сервер" технологиясын іске асыру және қызмет ету бойынша практикалық дағдыларды алу; Web-технологиялар және веб - әзірлеу тілдері (HTML, CSS, Java Script, PHP және MySQL);
- Курстың мәселелері бойынша оқу-әдістемелік және ғылыми әдебиеттермен жұмыс істеу дағдысын қалыптастыру, сондай-ақ кәсіби модульдерді меңгеру үшін негіз болады: ақпараттық жүйелерді жобалау және әзірлеу.
- Қашықтықтан оқыту технологиялары бойынша практикалық дағдыларды алу.

- Студенттерді әртүрлі ақпараттық технологиялармен, пәндік оқытудың инновациялық модельдерімен таныстыру.
- Математиканы оқытудың перспективті технологияларын және олардың негізінде оқытудың әдістемелік жүйелерін құру тәсілдерін үйрету.
- Білім беру үдерісін ұйымдастыру және оқушылардың қызметін басқару үшін ақпараттық технологиялардың әртүрлі түрлерінің тиімділігін ашу.
- Мұғалімнің педагогикалық шеберлігінің негізін құрайтын әдістемелік білім мен дағдыларды қалыптастыру.
- Қазіргі заманғы құралдар кешенін қолдану.
- Студенттердің шығармашылығы мен өзін-өзі тануын ынталандыратын ұйымдастырудың белсенді әр түрлі формаларын көрсету.

Сабақтарда біліктер қалыптасады: әр түрлі сабақтарды модельдеу үшін заманауи ақпараттық технологиялардың барлық спектрін сыни тұрғыдан талдау және шығармашылықпен қолдану, оқытудың оңтайлы ұйымдастырушылық формаларын, математикалық білім берудің әдістері мен құралдарын оқытудың мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес таңдауды жүзеге асыру.

STEM білімінің артықшылықтары:

- Пәндер бойынша емес, тақырыптар бойынша интеграцияланған оқыту;
- Нақты өмірде ғылыми-техникалық білімді қолдану;
- Жобаларға креативті және инновациялық тәсілдер;
- Ерте кәсіптік бағдарлау;
- Сыни ойлау және проблемаларды шешу дағдыларын дамыту;
- Өз күшіне деген сенімділікті қалыптастыру;
- Белсенді қарым-қатынас және топтық жұмыс;
- Әр баланың жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, балалардың іс-әрекеті арқылы техникалық шығармашылыққа деген ынтаны дамыту;
- Балаларды өмірдің технологиялық инновацияларына дайындау;
- Техникалық пәндерге қызығушылықты дамыту.

Заманауи ақпараттық технологияларды игеру болашақ мұғалімге математикалық білім беру мақсаттарын жүзеге асыруға, математиканы оқытудың тиімді жаңа модельдерін енгізуге мүмкіндік береді.

Оқу нәтижесінде студент:

Біледі:

- web-сервер мен клиенттің өзара әрекеттесу механизмдерін;
- тіл синтаксисін;
- басқару құрылымдарын;
- пайдаланушы функцияларын жасау ережелерін;
- массивтермен және жолдармен жұмыс істеу әдістерін;
- файлдық жүйемен жұмыс істеу әдістерін;
- PHP және MySQL өзара әрекеттесуін;
- қашықтықтан оқыту әдістерін.

Меңгереді:
- түрлі бағдарламалық ортада жұмыс істеу дағдыларын;
- математиканы оқыту процесінде қолданылатын технологиялардың ерекше белгілері мен түрлерін;
- математиканы оқытудың нақты технологияларын жүзеге асыру үшін оқу материалдарын құрудың кейбір жалпы тәсілдерін.

Қолдана алады:
- бағдарламалық қосымшаларды құру кезінде заманауи операциялық жүйелер мен қабықтарды қолданады,
- қызмет көрсететін сервистік бағдарламаларды пайдаланады,
- қазіргі мектепте математиканы оқыту процесінде технологияны қолданудың маңыздылығы туралы түсінік,
- математиканы оқыту процесінде кейбір нақты технологияларды қолдану тәжірибесі.

Оқыту принциптері:
- Практикалық сабақтар арқылы білімді тарату;
- Ынтымақтастық, кооперация үшін ынталандырушы, шығармашылық орта құру;
- Студентке жеке көзқарас. Әр студентке назар аудару және құрметтеу;
- Студенттің көпшілік алдында сөйлеуі үшін қолайлы орта жасау.

STEM - білім берудің сапалы практикасы мен болашағы. Бұл жүйе басты болатынын тек алдағы уақытта ғана біле аламыз, ал болашақ мұғалімдерді дайындау сол жүйенің басты кілті болып табылады.

Болашақ математика мұғалімдерін даярлаудағы stem технологиясының рөлі

Аңдатпа

Мақалада қазіргі заман талабына сай ақпараттық технолгиялардың көмегімен болашақ математика мұғалімдерін даярлау мен біліктілігін арттыруда жаңғырту міндетінің өзектілігі негізделген. Мақаланың мақсаты - студенттердің қазіргі заманғы ақпараттық технологиялар саласындағы өзіне деген сенімділігі мен білімін арттыру.

Кілт сөздер: білім беруді цифрландыру, педагогтің АКТ-құзыреттілігі, цифрлық дағдылар, STEM.

Роль технологии stem в подготовке будущих учителей математики

Аннотация

В статье обоснована актуальность задачи модернизации подготовки и повышения квалификации будущих учителей математики с помощью современных информационных технологий. Цель статьи-повышение уверенности в себе и знаний студентов в области современных информационных технологий.

Ключевые слова: цифровизация образования, ИКТ-компетентность педагога, цифровые навыки, STEM.

The role of steam technology in the training of future math teachers

Annotation

The article substantiates the relevance of the task of modernizing the training and advanced training of future mathematics teachers with the help of modern information

technologies. The purpose of the article is to increase students' self-confidence and knowledge in the field of modern information technologies.

Key words: digitalization of Education, ICT competence of a teacher, digital skills, STEM.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Сюй Шихуань, Сунг Чиа-Чи, Шин Хорн-Чжун. Разработка междисциплиннарного STEM-модуля для учителей средней школы: поисковое исследование // Вопросы образование. 2020. №2. С. 230-251.

2. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 01.09.2020. "Жаңа технология элеметтерін қолдану". // Математика және физика. 2009. - №2. 43-б.

ГРНТИ 27.01.79

STEM ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫНЫҢ БОЛАШАҚ ПЕДАГОГТАРДЫҢ КӘСІБИ ДАМУЫНА ҚАЖЕТТІЛІГІ

АХАТАЙ АҚЖАН АҚАРЫСТАНҚЫЗЫ
«Физика және математика» кафедрасының докторанты
УСАЙНОВА ГҮЛЖАМАЛ МАНАТБЕКҚЫЗЫ
«Физика және математика» кафедрасының докторанты
СЕЙТМҰРАТОВ АҢҒЫСЫН ЖАСАРАЛҰЛЫ
«Физика және математика» кафедрасының ф.-м.ғ.д., профессоры

Ағымдағы ғасыр адамзат баласының алдына шешімі күрделі әрі іргелі мәселелерді қойып отыр. Әлем жаһандану дәуіріне қадам басумен бірге тұтастану, бірігу, кірігу үдерісіне батыл бет бұруда. Соны ерте түсінген әлем елдері мен олардың білім жүйелері жаһандану үдерісіне үн қосып, бұдан әрі дамудың жаңа стратегиялары мен жобаларын ұсынуда. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына Жолдауында білім беру саласына қатысты «Орта білімнің сапасы - табысты ұлт болудың тағы бір маңызды шарты. Әрбір оқушының білім алып, жан-жақты дамуы үшін қолайлы жағдай жасалуы тиіс»,- деді.[1]

Қазіргі уақытта мектептер әлеуметтік жүйенің дәстүрлі институттарының бірі ретінде жаһандық трансформация кезеңін бастан өткеруде, ең алдымен, заманауи мұғалім ұғымы құзыреттілік профиліне қойылатын талаптардың жоғарылауымен байланысты болып отыр. Бүгінгі таңда оның міндеті – өскелең ұрпаққа білім беру ғана емес, оқушылардың болып жатқан өзгерістерге икемді, қаншалықты тез және шығармашылықпен жауап беру қабілетін қалыптастыруда.

Ұзақ жылдар бойы салт-дәстүрдің сақтаушысы, жеткізуші ордасы болған мектеп бүгінде ұстаздар қауымының кеңістігіне айналуда. Ендігі кезекте болашақ мамандардың инновациялық ойлауын қалыптастыру қажет. Осы бір күрделі мәселені шешу заманауи мектеп үшін кадрларды даярлаудың жаңа тәсілдерін талап етеді.

Заманауи мұғалім цифрлық білім беру ортасында жұмыс істеуге дайын, жаңашыл болуы керек оқыту әдістемесін, классикалық болып қалыптасқан педагогикалық технологияларды шындыққа бейімдей білу қашықтықтан оқыту үдерісі, сабақтың білім беру кеңістігін жан-жақты пайдалануда жобалық іс-әрекеттер жасау мен шешім қабылдау жағдайында студенттерге үлгі бола білуі тиіс.

Педагогикалық бакалавриат түлектерінің құзыреттілік бейіні университет оқытушыларынан жаңа білім беруді талап ететіндіктен оқу үрдісін ұйымдастырудың тәсілдері мен практикалық сабақ процесінде заманауи технологияларды қолдануға дайындық қажет.

Жалпы, біздің зерттеуіміз болашақ мұғалімдерді заманауи мектептің цифрлық трансформациясы жағдайындағы еңбекке дайындау мәселесін қарастыруға бағытталған, оның ең тиімді құралдарының бірі STEM әдісі деп санаймыз.

Бүгінгі таңда мектеп – оқытуға бағытталған кеңістік интеграциялық білім жүйесін игеруге және оны динамикалық түрде қолдануға дайын болашақ тұлғасы әлеуметтік және білім беру шындықты өзгерту. Қазіргі балалар жылдам ақпаратқа ие жылдамдығы мен көлемі күн сайын артып келе жатқан ағын десек болады. Мұғалімнің маңызды міндеті – баланы тек қана оқыту емес білім беру саласында осы ағынға ілесу, сонымен бірге оны басқара білу, соның ішінде оны өздері ашқан жаңалықтармен инновациялық технологиялық шешімдердің көмегімен толықтыру.

Көптеген зерттеушілер қазіргі уақытта мектеп оқушыларының жаратылыстану, физика-математика және ақпараттық технологиялар пәндеріне деген қызығушылығының артқанын анықтады. Бұл факт бүгінде жоғары технологиялық өндірістерді қалыптастыру және толық цифрландыру жағдайында таңқаларлық емес. Қазіргі балалардың өмірі қазірдің өзінде мектепке дейінгі кезеңде оны жоғары технологиялық шешімдермен таныстыратын әртүрлі гаджеттерге толы. Мұндай білім алушылармен жұмыс істеуде дәстүрлі технологиялар олардың интеллектуалды және шығармашылық әлеуетін жеткілікті түрде ашуға мүмкіндік береді. Сондықтан қазіргі заманда STEM білім беру тәсілін қолдану тәжірибесіне көбірек жүгінуде.

Осылайша мұғалім бұл тәсілмен білім алушылардың білім беру ортасында өзара іс қимылын ұйымдастырады, жаһандық білімнің тұтас пәнаралық бейнесінде интеграцияланған оқушыларды ғылыми-зерттеу және жобалық қызмет үшін қажетті жағдайлармен қамтамасыз етеді.

Қазақстанның жалпы білім беретін мектептеріндегі мұғалімдердің көпшілігі ең жақсы жағдайда STEM тәсілінің не екенін, ең нашар жағдайда - олар мұндай тәсілдің не екенін білмейді. Бұл қазіргі білімге үлкен мәселе туғызады: егер мұғалім өзі сол саланың нақты маманы болмаса және ол үшін қажетті технологиялық құралдарға ие болмаса болашақ толыққанды дамыған тұлғаны қалай дайындай алады?

О. Б. Дударева және Е. Л. Тележинская [2] жұмыс істейтін мұғалімдер үшін мұндай мәселені шешу қосымша кәсіптік білім беру бағдарламаларын игеру кезінде STEM, STEAM, STREAM-педагогика негіздерімен танысу арқылы мүмкін болады деп санайды.Сонымен қатар, авторлар STEM білімінің негізгі артықшылықтарын атап өтеді, олардың ішінде: жекелеген оқу пәндерін емес, олардың алуан түрлілігіндегі тұтас тақырыптарды зерделеу мүмкіндігі; балалар оның не үшін қажет екенін түсініп қана қоймай, оны қолдану процесіне тікелей қатысатын кезде «шынайы» ғылыми-техникалық білімді көрсету; сыни ойлауды қалыптастыру және нақты жобалық міндеттерді шешу барысында туындайтын мәселелерді шешуге дайын болу; өз әлеуетін сезіну және жеке ресурстарға жаңа көзқарас; пәнаралық топта тиімді қарым-қатынас және жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру; жоғары технологиялардың кәсіби саласының базасын құрайтын пәндерге қызығушылықты дамыту; жағдай жасау жобалау қызметі процесінде креативті және инновациялық ойлауды көрсету үшін; кәсібилендіру желілері; жоғары технологиялардың серпінді өзгеретін әлемінде өмірге дайындықты қалыптастыру; мектеп пәндерін тәжірибеге бағытталған компонентпен толықтыру. Зерттеушілердің пікірінше бұл біліктілікті арттыру бағдарламаларының педагог-тыңдаушылары өздері steam-технологиясы қолданылатын педагогикалық процестің белсенді субъектілеріне айналуы үшін аса маңызды. Шындығында, олар осы технологияның жұмыс принципін түсіну үшін біраз уақыт оқушы болуы керек. Бұл тыңдаушылар үшін болашақ сабақтың жағдайын қалыптастыруға, оны әріптестерімен топта талқылауға, пікір алмасуға және болашақта практикалық педагогикалық қызметке сәтті енгізілетін білім беру өнімін жасауға мүмкіндік беретін тренажердің бір түріне айналады.

АҚШ, Қытай, Финляндия, Австралия, Ұлыбритания, Израиль, Корея, Сингапур сияқты көптеген дамыған елдер STEM білім беру саласында мемлекеттік бағдарламалар жүргізеді. Алайда, қазіргі заманғы зерттеушілердің STEM технологиясына қатысты пікірлері біркелкі емес және әлемнің әртүрлі елдерінің білім беру жүйелеріндегі осы тәсілдің әртүрлі вариацияларымен ұсынылған. Мәселен, АҚШ үкіметінің ресми сайтында STEM-білім беру саласындағы саясат жөніндегі Президент Әкімшілігі мен комитеттің ғылыми-техникалық саясат басқармасы әзірлеген «Табысқа жету жолы: американдық STEM-білім беру стратегиясы» тақырыбындағы құжат ашық түрде жарияланды, онда STEM технологияларын ғылыми-техникалық әлеует ретінде енгізу және пайдалану жөніндегі негізгі бағыттар жойылады, бұл елдің экономикалық дамуын алдын ала анықтайды[3].

Осы орайда STEM технологиясын енгізудің шарттарын айта кетсем:

1.Талантты балаларды іздеудің, қолдаудың және сүйемелдеудің кең жүйесін құру қажет.

2. Әр жалпы білім беретін мектепте ерекше дарынды балаларды анықтау үшін шығармашылық ортаны дамыту қажет. Жоғары сынып оқушыларына тұрғылықты жеріне қарамастан бейіндік даярлық бағдарламаларын меңгеруге мүмкіндік беретін сырттай, сырттай және қашықтықтан оқыту мектептерінде оқуға мүмкіндік беру қажет.

3. Сонымен бірге қалыптасқан дарынды балаларды қолдау жүйесін дамыту қажет. Бұл, ең алдымен, тәулік бойы жұмыс істейтін білім беру мекемелеріне қатысты. Дарынды балаларға арналған физика-математика мектептері мен интернаттарының бар тәжірибесін тарату керек.

4. Дарынды балалармен жұмыс экономикалық тұрғыдан тиімді болуы керек. Оқушы жоғары нәтижелерге қол жеткізген мұғалім айтарлықтай ынталандыру төлемдерін алуы керек.

5. Отандық мұғалімдерді қолдаудың моральдық және материалдық ынталандыру жүйесін енгізу қажет. Ең бастысы – талантты жастарды мұғалімдік мамандыққа тарту.

Білім беру процесіне бағытталған модульдерді енгізу бойынша ұсыныстар ретінде STEM-білім беру жағдайында жұмыс істеу үшін болашақ мұғалімдердің құзыреттерін қалыптастыру келесідей болуы мүмкін деп санаймын:

1) жоғары оқу орнының оқытушылары STEM білім беру және қазіргі мектептің білім беру процесінде STEM-технологияларды пайдалану мәселелері бойынша ең болмағанда ең аз алдын ала дайындықтан өтуі тиіс;

2) масштабтау және көбейту үшін кеңістік болуы тиіс STEM-білім беру саласындағы жобаларды университет жоспарларына енгізу;

3) оқытуда STEM жабдықтарын қолданудың өзекті әдістемелерімен алмасу үшін жалпыға қолжетімді контент-сервис құру қажет;

4) болашақ бакалаврларда STEM-құзыреттерді қалыптастыру процесіне машықтанушы мамандары, оның ішінде әлеуетті жұмыс берушілердің мүдделерін білдіретін мамандар міндетті түрде қатысуға тиіс;

5) осы модуль бойынша сабақтар өткізу пәнаралық, ашықтық қағидаттарына негізделуге тиісжәне STEM-тәсіл әдістемесіне жауап беретін инновациялар;

6) модуль бойынша оқыту процесінде байланыс жұмысын бақыланатын дербес жұмыспен ұштастыру қажет жұмыс және практикалық дайындық, оның ішінде өзара бағалау, өзін-өзі бағалау және сараптамалық тәжірибені қолдану модульді игеру нәтижелерін бағалау;

7) модульді тиімді игеру үшін кеңейтуге мүмкіндік беретін арнайы жабдық қажет педагогикалық бакалавриат студентінің құзыреттілік бейіні салада жұмыс істеу дағдыларын игеру есебінен модельдеу, бағдарламалау, робототехника және т. б., оның ішінде технологияларды игеру арқылы АКТ құралдарын қолдану жатыр.

Қорытынды. Жоғарыда айтылғандарды жүйелей отырып, біз, STEM тәсілін қолдану арқылы жаңартылған педагогикалық білім беру жүйесіндегі негізгі тенденцияларды бөліп көрсетеміз:

- бакалаврлар мен магистрлерді даярлаудың STEM білім беру логикасындағы заманауи мектептерінде қолданыстағы білім беру, бағдарламаларын жаңарту және жаңа білім беру бағдарламаларын әзірлеу және оқытуға қажетті құзыреттерді игеруге бағытталған педагогикалық білім беру;
- жұмыс істейтін мұғалімдердің немесе STEM-пәндерді оқыту саласында жұмыспен қамтылғандардың біліктілігін арттыру және қайта даярлаудың тәжірибеге бағытталған бағдарламаларын әзірлеу,
-мектептің білім беру деңгейлерінде STEM бағдарламасын қайта қарау және барлығында STEM пәндерін оқытудың оңтайлы тәсілдерін табу;
- STEM-кәсіптерді игеруге мектептердің болашақ түлектеріне бағдарланған «Мектеп-колледж-ЖОО» жүйесінде білім беруді үздіксіз кәсібилендіру жүйесін құру;
- орта кәсіптік білім беру ұйымдарының материалдық-техникалық мүмкіндіктерін кеңейту және білім беру бағдарламаларын іске асыруды қамтамасыз ету үшін педагогикалық STEM профильдер мамандарын даярлау;
- STEM тәсіліне негізделген заманауи мектептерге арнап болашақ адамды даярлау міндеттеріне жауап беретін жаңа мектеп бағдарламаларын әзірлеу және енгізу.

Stem оқыту технологиясының болашақ педагогтардың кәсіби дамуына қажеттілігі

Аңдатпа

STEM білім беру білім алушыларға кәсіби даму мүмкіндіктерінің кең таңдауы мен технологияларға кең қолжетімділікті қамтамасыз етеді және білім алушылардың белсенділігін арттыруға мүмкіндік беретін оқу ортасын құруды көздейді. Мақалада мектеп мұғалімдерін, колледждер мен жоғары оқу орындарының оқытушыларын STEM білім беруді ұйымдастыруға дайындау туралы айтылады.

Кілт сөздер: STEM білім беру, STEM технологиясы, заманауи мектеп, цифрлық трансформация, мұғалімдердің біліктілігін арттыру, жоғары педагогикалық білім.

Необходимость stem-образовательных технологий для профессионального развития будущих учителей

Аннотация

STEM-образование предоставляет учащимся широкий спектр возможностей для профессионального развития и широкий доступ к технологиям и направлено на создание учебной среды, которая позволяет учащимся стать более вовлеченными. В статье рассматривается подготовка школьных учителей, преподавателей колледжей и вузов к организации STEM-образования.

Ключевые слова: STEM-образование, STEM-технология, современная школа, цифровая трансформация, подготовка педагогов, высшее педагогическое образование.

The need for stem educational technology for the professional development of prospective teachers

Annotation
STEM education provides students with a wide range of professional development opportunities and wide access to technology, and aims to create a learning environment that allows students to become more engaged. The article discusses the preparation of school teachers, teachers of colleges and universities to organize STEM education.
Key words: STEM education, STEM technology, modern school, digital transformation, teacher training, higher pedagogical education.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:
1. Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың 1 қыркүйек 2022 жылғы Қазақстан халқына Жолдауы.
2. Дударева О.Б., Тележинская Е.Л. Основы STEM, STEAM, STREAM-педагогики при реализации дополнительных профессиональных программ // Проблемы и перспективы развития образования в России. Сборник материалов XLVI Всероссийской научно-практической конференции / под общей редакцией С.С. Чернова. – Новосибирск: ООО «Центр развития научного сотрудничества», 2017. – С. 107-114.
3. «Путь к успеху: американская стратегия STEM-образования». Интернет-ресурс. Режим доступа: https://www.whitehouse.gov/wpcontent/uploads/2018/12/STEM-Education-StrategicPlan-2018.pdf (15.02.2020)
4. Сейтмуратов А.Ж., Юлдашева Ұ.Б.,Жанысова Д.Ж. Ақпараттық үлгілеу мүмкін-шілігі және білім алудың ең жаңа технологияларын ықшамдау// МНПК «Иновационное развитие высшего профес-сионального образования: опыт,проблемы и перспективы» КГУ им.Коркыт Ата г.Кызылорда 18.10.12

ГРНТИ 27.01.45

МАТЕМАТИКА САБАҒЫНДА ОҚЫТУДЫҢ БЕЛСЕНДІ ӘДІСТЕРІН ҚОЛДАНУ

Б. К. АХМЕТОВА, А. ӘЛІБЕКҚЫЗЫ
Қызылорда қаласы химия-биология бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебі

«Қазір бой жарыстыратын заман емес, ой жарыстыратын заман»
Н.Ә.Назарбаев

Елбасы Н. Ә. Назарбаевтың «Келер ұрпақ алдында зор жауапкершілік жүгін арқалап келеміз» деген сөзі әрбір ұстазға үлкен міндеттерді артып отыр.

Қазіргі таңдағы білім оқушының жан-жақты дамуына бағытталған. Әрбір оқушының қызығушылығын оятып, оның білім алуына қолайлы жағдайлар жасап, әрбір оқушыны жеке тұлға ретінде қарастыруымыз керек. Сонда ғана берілген білімнің жүйелі жемісін көре аламыз.

Мектебімізде соңғы жылдары қарқынды жүргізіліп келе жатқан жаңа стратегиялардың бірі «Action research» жобасы. Іс-әрекеттегі зерттеудің мақсаты мен тақырыбын жоспарлап, математика пәні мұғалімдері Ахметова Ботагөз Қырғызбайқызы мен Айнұр Әлібекқызы бірігіп,«Математика пәнінен деңгейлік тапсырмалар беру арқылы оқушы білімін қалай арттыруға болады?» деген сұрақ төңірегінде зерттеу жұмыстарын жүргіздік. Алғашқы зерттеу таңдалған оқушылар туралы басқа пән мұғалімдерінің пікірін тыңдап, 7 сыныптың кураторымен фокустағы 3 оқушының мінез-құлқымен танысып, жоспарланды. Мектептегі «Action research» жобасын жүргізуші үйлестірушілермен кеңесе отырып, алдағы жұмыстарға мақсат қойылды.Әрбір оқушының дарындылығын анықтауда мектеп психологының сынып бойынша жүргізген анкеталары бізге көмек болды.



Гарднердің психодиагностикалық тест нәтижесінде анықталған оқушылардың ақыл-ой деңгейлері анықталды. Сыншыл дос ретінде бір-біріміздің сабағымызға қатысып, бірлесе отырып, оқушылардың математикаға ынтасын арттыратын, математикалық қабілетін дамытатын деңгейлік тапсырмалар әзірленді. Әр сабақтың оқу мақсатына сәйкес құрылған тапсырмалар оқушылардың білім сапасын арттыруға бағытталды. Деңгейлік тапсырмаларды орындау барысында оқушылардың есте сақтау қабілеті жақсарып, ойлауы дамиды, белсенділігі артады.Тапсырмалардың деңгейіне қарай балл беріліп, сабақ өткеннен кейін оқушылардың жіберген қателері мен кемшіліктері талданды. Тапсырманы орындау барысында қолданған әдіс-тәсілдеріне анализ жасалып отырды. Оқушылар келесі сабақтарда мұндай қателерді жібермеуге тырысты. Атап айтсақ,**«Джигсо» әдісін** қолдану барысында «Қысқаша көбейту формулалары» тақырыбындағы сабақ барысында оқушылар алғашқыда формулаларды, яғни $a^2 - b^2$, $(a \pm b)^2$ түріндегі көбейтінділерін тіктөртбұрыштардың аудандары түрінде өрнектеп түсіндіреді, келесі топтың оқушылары толықтырып, бір-бірімен пікір алмасып, оқу мақсаттарына байланысты көпмүшелерге амалдар қолдану және қысқаша көбейту формулалары көмегімен алгебралық өрнектерге тепе-тең түрлендірулерді орындайды:

$$\frac{x^2 - 4y^2}{xy} \cdot \frac{3y}{x^2 - 2xy} = \frac{(x-2y)(x+2y) \cdot 3y}{x \cdot y \cdot x \cdot (x-2y)} = \frac{3(x+2y)}{x^2} \qquad \text{(3 балл)}$$

3 баллдық бұл тапсырманы орындауда оқушылар алгебралық бөлшектерді қысқарту үшін, қысқаша көбейту формуласы бойынша екі өрнектің квадраттарының айырмасын көбейткіштерге жіктеу әдісін қолданады. Бірақ кейбір оқушы бұл тапсырмада қысқартуды бірден орындап қателеседі. Сондықтан жетістік критерийлері құрылып,тапсырмалар жеңілден күрделіге қарай берілді, яғни дифференциациялау

жүргізіледі.А, В, С фокусындағы оқушылардың сабақтағы іс-әрекеттеріне бақылау жасап, олардың күрделі тапсырмаларды орындаудағы ерекшеліктері анықталды. Келесі тапсырмаларды орындауда оқушы ойланып, сыныптастарынан, мұғалімнен кеңес алып, барынша жоғары балл жинауға тырысты. Бағалау парағы бойынша өздерін бағалады.

Зерттеу барысындағы 2-ші сабақ «Көпмүшелерді жіктеу» тақырыбындағы сабақтың басында карточкаларға бөлінген сөздерді құрастырып, үш сөйлем құралады. Сол сөйлемдерге байланысты сынып үш топқа бөлінеді.

Ортақ көбейткішті	жақшаның	сыртына шығару
Топтау	тәсілімен	жіктеу
Қысқаша көбейту	формулаларын	пайдаланып жіктеу

Бұл сөйлемдер нені білдіреді? Бұл туралы не ойлайсыздар?

Оқушылар арасында диалог арқылы бүгінгі сабақтың мақсаты айқындалады. Әр топ өз тәсілдері туралы түсіндіріп өтеді. Ал 3-топтың құраған сөйлемі бүгінгі сабақтың мақсатын білдіреді. (мұғалім толықтырады) *Кез келген көпмүшені қысқаша көбейту формулаларын қолданып көбейткіштерге жіктеуге бола ма? Егер мынадай өрнек берілсе, оны көбейткіштерге жіктей аламыз ба?* Көпмүшені көбейткіштерге жіктеу - барлық жағдайда дайын формуламен шыға бермейді:

1) $c^2 + 2c - 15 = c^2 + 2 \cdot c \cdot 1 + 1 \cdot 1 - 15 = (c+1)^2 - 16 = (c+1)^2 - 4^2 =$

$= (c + 1 - 4)(c + 1 + 4) = (c - 3)(c + 5)$

Осы мысал қиынды бөліктерге бөлініп берілді. Оқушылар қай амалдан кейін қайсысы орындалатынын зерттеп анықтап, берілген өрнектің көбейткіштерге жіктелуін табады, яғни сыни ойланады. Бұл тапсырманы орындау барысында А, В деңгейіндегі оқушылардың ойлау қабілетінің анағұрлым жоғары екені байқалды. Сол себепті С деңгейлі оқушыға досының көмегі қажет болды.

Деңгейлік тапсырмаларды әр оқушы өз мүмкіндігінше орындайды, бұл мұғалімге әр түрлі фокустағы оқушылармен саралай жұмыс жасауға мүмкіндік береді. Нәтижесінде әр оқушының білімге деген қызығушылығы артып, танымдық қабілеттері дамиды

Толықтыру тестін орындаубарысында фокустағы оқушылардың нақты нені білетіні, қандай қателер жіберетіні анық байқалды. Оқушылар тапсырманың барысында талдау жұмыстарын жүргізіп, толықтырулар жасады:

Тапсырма Орындалуы

$5x^2 - 20$
$= \square(x^2 - 4)$
$= \square(x + \square)(x - \square$

$12a^2 - 27b^2$
$= 3(\square - \square)$
$= 3(\square + \square)(\square - |$

$$4m^2 - 8m - 60$$
$$= 4(m^2 - \square - \square$$
$$= 4(m + \square)(m -$$

Эдгард Хабардтың «Баланы оқытудың мақсаты – оны әрі қарай мұғалімнің көмегінсіз - ақ дамуға қабілетті ету» деген сөздерін ескеріп, жаңа тақырыпты, «**Көпмүшені көбейткіштерге жіктеу»** түсіну үшін кестелермен жұмыс жасауды ұсындық. Оқушыларды топқа бөлуде тақырыптың ауқымдылығын ескеріп, **«Дұрыс немесе бұрыс» әдісі** бойынша2 топқа бөлдік. Топқа бөлуде қабілеттілігі әртүрлі оқушылардың араласып отыруын көздеп, қағаздарға жазылған тапсырмаларды тарату арқылы А,В,С оқушыларының бір топта болуын ыңғайлап, топтық жұмыста оқушылардың сыни ойланып, проблемалық сұрақ ретінде кестені толтырту арқылы сабақ мақсатына жету көзделді.

Әр топқа карточкалар үлестіріледі. Олар ақылдаса отырып, үш топ үш тақтада жұмыс жасайды.

1

$$3n^2 - 48$$
$$6n^2 - 42n + 60$$
$$7y^2 + 42y - 49$$
$$9a^2 - 9a - 180$$

2

$$50 - 2b^2$$
$$12p^2 - 147$$
$$80 - 45a^2$$
$$10m^2 - 80m + 160$$

3

$$5t^2 + 15t + 10$$
$$4x^2 - 16x - 48$$
$$32x^2 - 162y^2$$
$$72y^2 - 338$$

Нәтижесінде: оқушылар тапсырманың күрделілігіне қарамастан уақытты тиімді пайдаланып, бірлесіп жұмыс жасады. Топтық жұмыс кезінде А оқушының жылдам ойланып, күрделі тапсырмаларды қызығушылықпен орындағаны ұнады. Үш оқушы да кинестетик, яғни ақпаратты қабылдау ерекшеліктері бірдей, психологтың кеңесі бойынша олардың зейінін шоғырландыру өте қиын, адамдармен өзара диалогқа түскенді және тақырыптарды қызу талқылайтын пікірталастарды қалайды делінген, сондықтан да олар бірігіп талқылап, зерттеп, В оқушы өз ойын білдіріп, С оқушы түсінгенін жест пен мимика арқылы білдіріп тұрды. Выготскийдің ЖАДА теориясы негізінде оқушылар бірлесе отырып, ұтымды жұмысты ұсынды. Бір – біріне қолдау жасады.

Дифференциацияланған сабақ жоспарын құрудағы дифференциация принциптері, яғни жеделдетіп оқыту, күрделендіру, тереңдетілген мазмұн, проблемалы оқыту, креативтілік, абстрактілік әр сабақтарымызда көрініс табатын жолдарын қарастыруға тырыстық. Сабақ үдерісінде стратегияларды түрлендіре отырып, деңгейлік оқытуға көңіл бөлінді. Сабақты жоспарлауда А, В, С оқушыларының қабілеттіліктерін ескеріп, жұптық, жеке жұмыс түрлерін, арнаулы деңгейлік тапсырмаларды дайындауды көздедік. Сыни тұрғыдан ойлау дағдыларын дамытатын тапсырма түрлері оқушының креативтілік қабілетін дамытудағы бірден – бір негізі болып табылады. Зерттеудің оң нәтижеге жеткенін зерттеу нысанына алған A,B,C деңгейіндегі оқушылардың I-II тоқсандағы ішкі жиынтық бағалау кезінде тапсырған көрсеткіштерінен байқауға болады.



Зерттеу барысындағы үшінші сабақ 7.3А бөліміндегі «Үшбұрыштар» тақырыбы бойынша құрастырылған қалыптастырушы бағалау тапсырмаларын орындауда оқушы ізденеді, үшбұрыштар теңдігінің белгілерін түсініп, айырмашылықтарын танып, үшбұрыштардың теңдігін дәлелдей білуі тиіс. 1-суретте үшбұрыштардың тең элементтері нақты көрсетілген. Оқушы үшбұрыштар қай белгісі бойынша тең екендігін анықтап, дәлелдейді. 2-суретте оқушы үшбұрыштар теңдігінің екі белгісін қолданады және параллелограмның қасиеттерін еске түсіреді. Бірінші тапсырманы орындаған оқушы, бұл 2-суретке берілген есепті орындауда ізденіп, ойланады, яғни тапсырма алғашқыға қарағанда күрделі. 3, 4-суреттердегі есептердің де күрделілігі жоғары. Осындай деңгейлік тапсырмаларды орындауда фокустағы оқушылардың жауаптары әртүрлі болды. Зерттеу барысында бұл алшақтықтар бірте-бірте азайып, оқушының ынтасының арта бастағанын байқадым.

Бөлім/Тақырып

7.3А Үшбұрыштар

Оқу мақсаты

7.3.2.4. Үшбұрыштар теңдігінің белгілері арасындағы айырмашылықты біледі, оларды көрсетеді және дәлелдейді.

Жетістік критерийі

Білу және түсіну:

үшбұрыштар теңдігінің белгілері арасындағы айырмашылықтарды біледі;

Анализ:

үшбұрыштар теңдігінің белгілері арасындағы айырмашылықтарды көрсете алады;

Синтез:

үшбұрыштар теңдігінің белгілерін дәлелдейді.

Қалыптастырушы бағалау тапсырмалары

№1-тапсырма.

1, 2, 3 және 4 - суреттердегі тең үшбұрыштарды анықтап, олардың тең екендігін дәлелдеңіз



BC=AD. *1-сурет.*



2-сурет



3-сурет



4-сурет

№2-тапсырма.

Ұзындықтары бірдей *AB* және *CD* кесінділері, *AO=OD* болатындай *O* нүктесінде қиылысады. *ABC* және *DCB* үшбұрыштарының теңдігін дәлелдеңіз.

«Элементтері бойынша үшбұрыштарды салу»тақырыбы бойынша төмендегі күтілетін нәтижелерге қол жеткізуді көздедік:

- берілген элементтері арқылы үшбұрыштар сызуды біледі;
- ойлау қабілетін дамытудағы салу есептерінің маңызын түсінеді;
- салу есептерін шығарудың талдау, салу, дәлелдеу және зерттеу кезеңдерінің мәнін біледі.

Бұл мақсатқа жетуде Блум таксономиясының деңгейлері бойынша оқушыларға «Ашық журнал» жүргізіп, оқушыларға мониторинг жүргізіліп, оқушылардың «Блум таксономиясы» бойынша деңгейлік тапсырмаларды қаншалықты меңгергенін анықтап, талдау жасалды.

Қолдану деңгейінде оқушыларды топқа бөлуде А деңгейіндегі оқушы мен С деңгейіндегі оқушыны бірге отырғызу барысында оқушылар тапсырманы өзара оқыту арқылы түсініп, «Бүйір қабырғасы және табанындағы бұрышы бойынша теңбүйірлі үшбұрыш салу» тапсырмасын орындады. Кейбір тапсырмаларды орындауда оқушыларда қиындық туды, сондықтан бұл деңгейді қайта қарастырып, тапсырмаларды түрлендіру қажет болды.

Зерттеу барысында жеке, жұптық және топтық жұмыстар ұйымдастырылды. Оқушылардың өз бетінше берілген тапсырманы орындау бейімділігі дамыды. Деңгейлік тапсырмаларды берудің тиімді екендігі анықталды. Фокустағы оқушылардың белсенділігі артып, ең бастысы өз бетінше білім алуға деген көзқарастары арта бастады.

Деңгейлеп оқытуда күтілетін нәтиже:

✓ Оқушының алдына қойған мақсатына жетуіне жұмыс жасау;

✓ Әр оқушы өз білім деңгейін, мүмкіндігін, іскерлігін біліп қана қоймай, оны дамыту;

✓ Өз бетімен ізденіс дағдыларын, іскерлік қабілетін жетілдіретін шығармашылық тұлға қалыптастыру;

Деңгеймен оқытудың ерекшелігі:

- Таланттылар өздерінің қабілеті мен икемділігін одан әрі бекіте түседі, әлсіздер оқуға ниет білдіріп, сенімсіздіктен арылады.
- Оқушылардың оқуға деген ынтасы артады.
- Білім дәрежесі бірдей топтарды оқыту ісі жеңілдейді.

мұғалімде нашар оқитын оқушыларға көмектесуге, мықты оқушыларға көңіл бөлуге мүмкіндік туады;

- сыныпта үлгермеуші оқушылар қатарының болмауы жалпы оқыту деңгейін төмендету қажеттілігін жояды;
- мықты оқушылардың білім алуда тез және терең алға жылжуына деген ынтасы жүзеге асады;
- «Мен-тұжырымдама» деңгейі артады: мықтылар өз қабілеттерін көрсете алады, ал нашар оқитын оқушылар оқу жетістігін сынауға мүмкіндік алады, өзінің келеңсіз мінез-құлықтарынан арылуына мүмкіндік туады;
- мықты топтарда ынта деңгейі артады;
- бірыңғай балалар жиналған топтарда балаға оқу жеңіл;

Математика сабағында оқытудың белсенді әдістерін қолдану

Аңдатпа

Зерттеу барысында жеке, жұптық және топтық жұмыстар ұйымдастырылды. Оқытудың белсенді әдіс-тәсілдерін қолдану арқылы оқушылар деңгейлік тапсырмаларды орындады. Деңгейлік тапсырмаларды берудің тиімді екендігі анықталды. Фокустағы оқушылардың белсенділігі артып, ең бастысы өз бетінше білім алуға деген көзқарастары арта бастады.

Кілт сөздер: Белсенді оқыту, деңгейлік тапсырма, өз бетінше білім алу.

Использование активных методов обучения на уроках математики

Аннотация

В ходе исследования была организована индивидуальная, парная и групповая работа.Используя активные методы обучения, учащиеся выполнили уровневые задания. Выяснилось, что давать уровневые задания эффективно. Повысилась активность студентов в фокусе, а главное, стало повышаться их отношение к самостоятельному обучению.

Ключевые слова: активные методы обучения, уровневые задания, самостоятельное обучение.

Using active learning methods in mathematics lessons

Annotation

During the study, individual, pair and group work was organized. Using active teaching methods, students completed level tasks. It turned out that giving level tasks is effective. The activity of students in the focus increased, and most importantly, their attitude towards independent learning began to increase.

Keywords: active teaching methods, level tasks, independent learning.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Мұғалімге арналған нұсқаулық., (2012). «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ.
2. Программа развития одаренности детей

ГРНТИ 27.01.45

ПРОБЛЕМАЛЫҚ ОҚЫТУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ МАТЕМАТИКА ПӘНІНЕН ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҚ АРТТЫРУ

ӘСКЕРБЕК ФАРИЗАЖАН АБАЙҚЫЗЫ
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда Университеті, Жаратылыстану институты, «Физика және математика» кафедрасының магистранты, Қызылорда, Қазақстан
ИБРАЕВ ШЕРАЛЫ ШАПАТАЙҰЫ
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда Университетінің қауымдастырылған профессоры, п.ғ.к., Қызылорда, Қазақстан

1. Кіріспе (Introduction)

Жаһанданудың экономикалық салдары және білім беруді жақсарту, сондай-ақ технологиядағы, коммуникациядағы және педагогикалық ғылымдағы өзгерістер негізгі көздері ақпарат пен білім болып табылатын ақпараттық қоғамның пайда болуына әкелді. Қазіргі қоғамның қалыптасуы адам әлеуетін сапалы арттыруды талап етті.

Нақты мектептегі білім берудегі жаңа идеяның дамуы туралы ақпарат, атап айтқанда тұлғаға бағытталған дамушы білім беру, қазіргі заманғы мектептегі білім беру теориясы мен әдіснамасында белсенді бола түсуде.

Бұл бағыттың өзектілігі қазіргі білім беру жүйесін реформалау үшін қоғамдық талап болып табылады. Ең алдымен тұлғаның үйлесімді және тұтас дамуына назар аударыңыз, нәтижесінде ол тәуелсіз өмірдегі рөлін дербес анықтай алады.

Педагогикалық теория мен практикада "функционалдық сауаттылық" ұғымы алғаш рет 1960 жылдардың аяғында ЮНЕСКО құжаттарында пайда болды. Функционалдық сауаттылық білім беруді (ең алдымен, тұтастай алғанда) адамның көп қырлы іс-әрекетімен байланыстыратын адамның әлеуметтік бағдарлау тәсілі ретінде кең анықтамада қалыптасады. Қазіргі әлемде функционалды сауаттылық халықтың әлеуметтік, мәдени, саяси және экономикалық белсенділігінің дамуына ықпал етеді, сонымен қатар өмір бойы оқуға белсенді қатысатын негізгі факторлардың бірі болып табылады.

Әр түрлі көзқарастар мен тұжырымдамалардан тұратын студенттің функционалдық сауаттылығы оған қоғамда тиімді және еркін жұмыс істеуге, онымен бірге дамуға және өзін толық қалыптасқан тұлға ретінде сезінуге мүмкіндік береді. Ресей авторлық қоғамының академигі А. А. Леонтьев "функционалдық сауаттылықты"анықтады. Оның айтуынша, бұл "адамның өмір бойы алған білімін адам қызметінің, қарым-қатынастың және әлеуметтік байланыстың әртүрлі салаларында өмірлік міндеттердің кең ауқымын шешу үшін қолдану қабілеті"ретінде анықталады. Функционалдық сауаттылық сонымен қатар студентке болашақта оны қаншалықты және қандай салаларда жетілдіру керектігін дербес бағалауға мүмкіндік береді.

Жоғарыда айтылғандардың нәтижесінде қазіргі қоғамға өз мамандығын өз бетінше таңдай алатын, қажетті бағытта дами алатын, міндеттерді орындай алатын және өздеріне де, жалпы қоғамға да пайда әкелетін мақсаттарды көздей алатын функционалды сауатты адамдар қажет.

Ондаған жылдар бойы халықаралық сарапшылар функционалдық сауаттылықты қалыптастыру тәсілдерін, сондай-ақ оның көріністері мен компоненттерін зерттеді (Street, 2013). ЮНЕСКО-ның "барлығына білім беру" зерттеуі бүкіл әлемдегі функционалдық сауаттылықтың маңыздылығын көрсетеді (Galguera, 2015).

Функционалдық сауаттылық оның қалыптасу деңгейі халық пен мемлекеттің жалпы әл-ауқатымен байланысты әлеуметтік-экономикалық проблема ретінде анықталады. Халықаралық ұйымдар XX ғасырдың ортасынан бастап функционалдық сауаттылық мәселесін мойындады. Яғни, ЮНЕСКО 1990 жылды Халықаралық сауаттылық жылы деп жариялады, ал Біріккен Ұлттар Ұйымы 2002 жылды Халықаралық білім жылы деп жариялады. Сауаттылықты тарату кезеңі жарияланды. Функционалдық сауаттылық-бұл студенттердің академиялық мансабында алатын және әртүрлі салаларда стандартты өмірлік тапсырмаларды орындау қабілетін білдіретін білім деңгейі. PISA халықаралық зерттеуі студенттердің күнделікті өмірінде кездесетін қиындықтарды шешу қабілетіндегі жалпы академиялық дағдылардың өсуін бағалауға бағытталған.

Осыған сәйкес, Пермендикнас № 22, 2006, негізгі білім берудегі математикалық пәндер мазмұнының стандарттары туралы, математика курстары студенттердің келесі қабілеттерге ие болуын қамтамасыз етуге арналған (Камалия және басқалар, 2013).

- мәселелерді шешкен кезде ұғымдар немесе Алгоритмдер арасындағы байланысты икемді, дәл, тиімді және өзекті түрде сипаттаңыз;
- математикалық манипуляциялар арқылы идеялар мен математикалық тұжырымдарды жалпылау, дәлелдеу немесе түсіндіру үшін табиғат туралы шаблондар мен пайымдауларды қолдану;
- мәселені түсіну, математикалық модель жасау, модельді толықтыру және нәтижені түсіндіру қабілеттерін қамтитын мәселелерді шешу дағдылары;
- жағдайды немесе мәселені нақтылау мақсатында ұғымдарды жеткізу үшін таңбаларды, кестелерді, диаграммаларды немесе басқа бұқаралық ақпарат құралдарын пайдалану;
- математиканы оқуға қызығушылық, зейінділік және қызығушылық танытыңыз, сонымен қатар проблемаларды шешуде табанды көзқарас пен сенімділік танытыңыз;

Мақсатқа жету үшін келесі міндеттер қойылды:

- функционалдық сауаттылықты дамытудың теориялық негіздерін зерттеу;
- функционалдық сауаттылықты дамыту бойынша диагностикалық жұмысты жүргізу және талдау;
- алгебра және геометрия сабақтарында функционалдық сауаттылықты дамыту бойынша әдістемелік ұсынымдар;
- оның қаншалықты тиімді екенін көру үшін стратегиямен тәжірибе жасаңыз.

Зерттеу әдістері:

- зерттеу пәні бойынша арнайы әдебиеттерді (бастапқы дереккөздер, диссертациялар, мерзімді басылымдар, жұмыс бағдарламалары, оқулықтар) іріктеу, оларды зерделеу, талдау, жіктеу және жүйелеу;
- 8-сынып оқушыларымен тестілеу және әңгімелесу;
- эксперименттік жұмыс нәтижелерін жалпылау (нәтижелерді талдау, жалпылау).

Проблемалық оқыту арқылы оқушылардың математика пәнінен функционалдық сауаттылық арттыру

Аңдатпа

Бұл мақаланың мақсаты математиканы оқытуға нақты көзқарас пен проблемалық-бағытталған оқыту моделін енгізудің математикалық сауаттылық дағдыларына әсерін көру болды. Мақала функционалды математикалық сауаттылықты неге арттыру керектігін көрсетеді. Қазіргі заманғы ғылым тек нақты білімді ғана емес, сонымен бірге деректермен өзара әрекеттесу – деректерді өңдеу және түсіну, жаңа ашылуларды бағалау және ерекше мәселелерді шешу қабілетін қажетет еді.

Кілт сөздер: функционалдық сауаттылық, математикалық сауаттылық, нақты өмірлік тәжірибе, практикалық дағдылар, функционалдық қоғам, проблемалық оқыту, нақты математикалық білім.

Повышение функциональной грамотности учащихся по математике посредством проблемного обучения

Аннотация

Цель этой статьи состоит в том, чтобы увидеть влияние внедрения проблемно-ориентированной модели обучения с реалистичным подходом к обучению математике на навыки математической грамотности. Это статья демонстрирует, почему необходимо повышать функциональную математическую грамотность. Современная наука нуждается не только в фактических знаниях, но и в способности взаимодействовать с данными – обрабатывать и осмысливать данные, оценивать новые открытия и решать необычные проблемы.

Ключевые слова: функциональная грамотность, математическая грамотность, реальный жизненный опыт, практические навыки, функциональное общество, проблемное обучение, реалистичное математическое образование.

Developing student's mathematical literacy through problem based learning

Annotation

The purpose of this article was to see the effect of implementing the problem-based learning model with the realistic mathematics education approach on mathematical literacy skills. This article demonstrates why functional mathematics literacy must be improved. Modern science needs not just factual knowledge, but also the capacity to interact with data – to process and comprehend data, assess new findings, and solve unusual problems.

Keywords: functional literacy, mathematical literacy, real-life experience, practice skills, functional society, problem-based learning, realistic mathematics education.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1."ӨРЛЕУ "ұлттық біліктілікті арттыру орталығы" АҚ филиалы Қазақстан Республикасы Білім беру жүйесінің басшыларымен ғылыми-педагогикалық қызметкерлерінің біліктілігін арттырудың республикалық институты білім беру процесінде проблемалық оқытуды пайдаланудың тиімділігі әдістемелік құрал. (2019).

2."Білім берудегі шекаралар" конференциясы (FIE), 595-601. https://doi.org/10.1109/FIE.2013.6684894

3. Математикалық сауаттылықты қалыптастырудың әдістемеліке рекшеліктері / Есенова / Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің хабаршысы. (н. д.). 2022 жылғы 16 мамырда алынған https://vestnik.kazmkpu.kz/jour/article/view/128

ГРНТИ 14.35.09

МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ МАТЕМАТИКАЛЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН АРТТЫРУДА МАТЕМАТИКАЛЫҚ МОДЕЛЬДЕУ ӘДІСІН ҚОЛДАНУ

БАЛМАХАНОВА АЙНУР ЕРГАЛИЕВНА - математика пәнінің мұғалімі
Т. Есетов атындағы №264 мектеп лицейі, Қызылорда, Қазақстан

Кіріспе. Математика - ғылым мен практиканың әмбебап тілі. Мектеп оқушыларын ересек өмірге үйрететін, қоршаған ортада болатын мәселелерді шеше білуге жол көрсететіндей болуы қажет. Баланың мәселелерін шешудің тиісті дағдыларын қалыптастыруға, әрине, отбасы, қоғам, бұқаралық ақпарат құралдары және т.б. әсер етеді.

Сондықтан мұғалім үшін оқушыларды тәжірибеге бағытталған мәселелерді шешудің нұсқалары мен тәсілдерін табуға дайындау өте маңызды. Бұл мақалада біз осы мәселеге арналған кейбір зерттеулерге талдау жасаймыз.

Қазіргі уақытта білім беруді жаңалау мәселесі теория мен практикада, әсіресе оқушылардың шығармашылық танымдық іс-әрекетін жандандыру тұрғысынан кеңінен талқылануда. Қазіргі қоғам математикалық білім беру мазмұнына көзқарасын өзгертуде. Негізгі назар оқушылардың мектепте алған білімдері мен дағдыларын өмірлік жағдайларда қолдану қабілетін дамытуға бағытталған. Бүгінгі таңда сыртқы ортамен қарым-қатынас жасай алатын, тез бейімделетін және жұмыс істей алатын функционалды сауатты түлектер қажет. Осы мақсаттарды іске асыру білім беру жүйелерін оқушылардың қазіргі қоғамда өмір сүруіне қажетті қасиеттерді дамытуға және табиғат, өндіріс, тұрмыстық объектілермен практикалық өзара әрекеттесуді жүзеге асыруға бағыттауды көздейді. Математиканы оқытудың негізгі мақсаттарына қарапайым нақты құбылыстардың математикалық модельдерін құру, берілген модельдер бойынша құбылыстарды зерттеу, модельдердің қосымшаларын құру; оқушыларды шығармашылық қызмет тәжірибесімен таныстыру және оларды қолдану қабілетін қалыптастыру жатады. Осыған байланысты оларды математиканың кейбір қарапайым әдістерімен, әсіресе оның негізгі әдісі – математикалық модельдеумен таныстыру өте маңызды. Бұл әдіс әсіресе тәжірибеге бағытталған есептерді шешуде тиімді, өйткені оқушы математикалық білімді практикалық қажеттіліктерге қолдануға үйренеді, болашақта практикалық іс-әрекетке, практика мен күнделікті өмірде алға қойылған мәселелерді шешуге дайындалады.

Модель деп материал немесе ойша елестетілген объект. Әрбір зерттелген процесті әртүрлі модельдермен сипаттауға болады [1]. Математикалық модельдеу болашақ математика мұғалімдерін дайындау процесінде қолданбалы есептерді шешудің құралы ғана емес, сонымен қатар болашақ мұғалім меңгеруге тиіс интеллектуалды дағдыларды дамыту тәсілі болып табылады [1-2]. Сонда мұғалім оқушыларға қолданбалы мәселелерді шешудің жалпы тәсілін үйрету және шешімнің әр кезеңін саналы түрде меңгерту қажеттілігін естен шығармауы тиіс.

Мұғалім оқушылардың практикалық мазмұнды есептерді математикалық модельдеу арқылы шығаруларын қалыптастыру үшін келесі педагогикалық жағдайларды жасауы қажет:

1. Оқушылардың математиканы оқуға деген қызығушылығын қалыптастыру;
2. Оқушыларды есепті шешу жолын біртіндеп түсіндіруді және есепті шығарып отырып шешу жолын талдауға үйрету;
3. Оқушылардың өмірдегі көзқарастарын кеңейту;
4. Кейбір есептерді шешудің әдіс-тәселдерін көрсетіп, оқушыларға сол әдіс-тәсілдерді қолдануды үйрету;
5. Айналадағы геометриялық фигураларды бақылауды қамтамасыз ету, әр түрлі сурет салу құралдарымен жұмыс жасау дағдыларын қалыптастыру.

Практикалық қолданбалы есепті шешкенде модель таңдау дәлдікті, есепті математика тіліне аудару тәжірибесін, интуицияны қажет етеді. Оқушылар моделін құратын объектіні түсінсе және көрсе, есептің мазмұнын математикалық тілге аудару тәжірибені, интуицияны қажет етеді.

Модельдерді қолдану көбінесе практикалық мазмұнды есептерді шешумен ғана шектеледі. Бұл геометрияның стереометрия саласын өткендегі «цилиндр, конус» тақырыптарын түсіндіргенде, оқушылардың жадында ғана қолданылатын цилиндр, конус тәріздес модельдер қалады. Сондықтан оқушыларға математикалық модельдеу негіздемесін де ұсынған пайдалы.

Зерттеу нәтижелері. Математикалық модельдеуді оқушылардың математикалық сауаттылығын арттыру құралы ретінде қолдану.

Практикалық есептерді шешуде олардың алгебралық және аналитикалық модельдері жиі қолданылады. Мұндай модель құбылысты немесе процесті сипаттайтын функция, теңдеу, теңдеулер жүйесі, теңсіздіктер мен теңсіздіктер жүйесі және т.б. болуы мүмкін. Модель құрастыруда есеп алгебра немесе математикалық талдау тіліне аударылады [4-5].

Есеп 1. Саяхатшы бірінші күні жолдың 40%-ын, ал екінші күні қалған жолдың 45%-ын жүріп өтті. Осыдан кейін оған екінші күн жүрген жолдан 6 км ұзақ жол жүру қалды. Саяхатшының жоспарлаған жол ұзақтығын анықтаңыз.

Шешуі: Жоспарланған жолды x км деп алайық.

	1-ші күні	**2-ші күні**	**Қалғаны**
Жүрілген жол	x*0,4	(x-x*0,4)*0,45	(x-x*0,4)*0,45+6

x*0,4+(x-x*0,4)*0,45+(x-x*0,4)*0,45+6=x

0,4 x+0.54 x+6=x

x=100

Есептің осы құрылған теңдеуі берілген есептің математикалық моделі болып табылады.

Есеп 2. Оқушы күнделікті бірдей бет санын оқып, 480 беттік кітап бітірді. Егер ол күніне әр бет артық оқығанда, кітапты 5 күнге ерте бітірер еді. Оқушы кітапты қанша күн оқыған?

Шешуі: Айталық, оқушы күніне x бет оқысын.

Есеп шарты бойынша:

$$\frac{480}{x} - \frac{480}{x+16} = 5$$

$$x^2 + 16x - 1536 = 0$$

$$x_1 = 32; \quad x_2 = -48$$

Есептің шешімін математикалық модельдеу құру арқылы оңай анықтауға болады.

Жауабы: егер ол күніне 32 бет оқыса, онда 480 беттік кітапты 480:32=15 күнде оқыған. Сонда ол 15 күнде оқыған.

Есеп 3. Жаңа терілген саңырауқұлақтар 90%, ал кептірілген саңырауқұлақтар 20% судан тұрады. 4,5 кг кептірілген саңырауқұлақ алу үшін қанша кг саңырауқұлақ терілуі қажет?

Шешуі: Терілуі қажет саңырауқұлақтың салмағы x дейік.

	Салмақ	**Су**	**Құрғақ салмақ**
Жаңа терілген	x	x*0,9	0,1*x
Келтірілген	4,5	4,5*0,2-0,9	3,6

Саңырауқұлақты кептіргенде, құрғақ салмақ өзгермейтінін ескерейік:

0,1*x=3,6

x=36

Жауабы: 36 кг.

Қорытынды

Практикалық мазмұнды есептерді математикалық модельдеу арқылы шешу арқылы келесі мақсаттарға қол жеткізіледі:

1) Есепті шеше отырып, оқушы шамалар арасындағы байланысты түсінуге, олардың арасында байланысты орнатуға және сәйкес әрекеттерді таңдауға үйренеді.

2) Бізді қоршаған өмірмен байланысты материалдарды пайдалану математика мен қазіргі заман арасындағы байланысты орнатуға ықпал етеді, оқушылардың құрылыс саласындағы жетістіктеріміз туралы білімдерін нақтылайды.

3) Есептер шығаруда амалдарды қолдану математикалық дағдыларды бекітеді.

4) Айналадағы өмірден туындаған мәселелерді шешу мектепте алған білім негіздерін өмірде қолдана алатын адамды тәрбиелейді.

5) Есептер шығару математикаға деген қызығушылықты арттыруға ықпал етеді.

Математикалық модельдеу қолданбалы есептерді шешудің құралы ғана емес, сонымен қатар оқушы меңгеруге тиісті интеллектуалды дағдыларды дамыту тәсілі болып табылатынын көріп отырамыз.

Мектеп оқушыларының математикалық сауаттылығын арттыруда математикалық модельдеу әдісін қолдану

Аңдатпа

Мақалада мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту мәселесі қарастырылған. «Модель», «математикалық модельдеу» ұғымдарына анықтама берілген. Математикалық модельдеу қолданбалы есептерді шешудің құралы ғана емес, сонымен қатар оқушы меңгеруге тиіс интеллектуалды дағдыларды дамыту тәсілі болып табылатыны көрсетілген.

Кілт сөздер: Математикалық модельдеу, модель, математикалық сауаттылық.

Применение метода математического моделирования в повышении математической грамотности школьников

Аннотация

В статье рассматривается проблема развития функциональной грамотности школьников. Дано определение понятия «Модель», «математическое моделирование». Показано, что математическое моделирование является не только средством решения прикладных задач, но и способом развития интеллектуальных навыков, которыми должен овладеть учащийся.

Ключевые слова: математическое моделирование, модель, математическая грамотность.

Application of the method of mathematical modeling in improving the mathematical literacy of schoolchildren

Annotation

The article deals with the problem of the development of functional literacy of schoolchildren. The definition of the concept of "Model", "mathematical modeling" is given. It is shown that mathematical modeling is not only a means of solving applied problems, but also a way of developing intellectual skills that a student should master.

Keywords: mathematical modeling, model, mathematical literacy.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Сұлтанов М.А.Математикалық және компьютерлік модельдеу негіздері: Оқулық. - Алматы: ҚР Жоғары оқу орынд. қауымдастығы, 2014. - 299 б.
2. Спанкулова Л.С.Информатика и математическое моделирование в экономике. - Алматы: Қазақ университеті, 2008. - 170 с.
3. Егупова М.В. Методическая система подготовки учителя к практико-ориентированному обучению математике в школе: Монография. – М.: МПГУ, 2014. – 220 с.

4. Забелина С.Б., Пинчук И.А. Учебные прикладные задачи в методической подготовке учителя математики //Вестник МГОУ– Режим доступа: https://www.vestnik-mgou.ru/Articles/Doc/10617(дата обращения:17.11.2018 г.).
5. Чикунова О.И., Бобровская А.В. Обучение методу математического моделирования при решении задач с практическим содержанием// Международный журнал экспериментального образования. – 2016. – № 4-1. – С. 131-135.

ГРНТИ 27.01.45

СЫНЫПТАН ТЫС ЖҰМЫСТАР АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ МАТЕМАТИКАҒА ТАНЫМДЫҚ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН ДАМЫТУ

БИСЕНБАЙ НАЗЕРКЕ ЕРЛАНҚЫЗЫ
Математика мамандығының магистранты
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті

Кіріспе

Қазіргі кез – оқытудың әртүрлі технологияларын енгізу уақыты. Математикалық қабілеттердің дамуын қамтамасыз ету мектеп математика курсының негізгі үдерісі болып табылады. Сондықтан,сыныптан тыс жұмыстарға баса назар аудару, оқушылардың математика пәніне белсенділігін нығайтуға және математикалық сауаттылығын кеңейтуге ықпал етеді.

Математикадан сыныптан тыс жұмыс оқушылардың ой-өрісі мен мінез-құлқына, олардың білімдерін тереңдету және кеңейтуге, пәннің мазмұны сияқты факторларға байланысты дағдылары, мұғалімнің барлық іс-әрекеті жан-жақты оқушылардың сабақта да, одан тыс жерлерде де белсенділігі, математиканы оқытудың тәрбиелік мазмұнына әсер ететін күрделі үдерістің ажырамас бөлігі. Сондықтан сыныптан тыс жұмыстарды төменгі сыныптардан жүйелі жүргізілуі керек.[1]

Оқушылардың сабаққа деген қызығушылығының төмендеуінің бірден бір себебі, біріншіден, оқу бағдарламасының жылдан жылға өзгеруі мен қатар оқу мазмұнының көлемі ұлғаюы, оқыту күрделілігінің жоғары деңгейінде болуы, жаңартылған бағдарламалардың кеңінен танымал болуында. Екіншіден, экологияның бұзылуы және халықтың денсаулығының жаппай нашарлауы, рухани-адамгершілік мәдениетінің төмендеуі, экономикалық қиындықтаржатады. Осының нәтижесінде - оқушылардың оқуға деген қызығушылығы төмендейді. Бұл оқушыларды оқытуда үлкен қиындықтар туғызады. Осы мәселені шешу мақсатында, оқушыларды ынталандырып, қабілеттерін ашуға сыныптан тыс жұмыстар жүргізіледі.

Зерттеу әдіснамасы. «Білімдіден шыққан сөз, Талаптыға болсын кез», – деп ұлы Абай айтқандай, ұстаз – әрқашан ілім мен ізгілікті алға қоятын тұлға. Әр мұғалім оқушыға тереңінен білім беріп, көмектесуі керек. Оқушылардың қабілеттерін ашып, оқушыларымен бірге дамудың, әлеуметтенудің жаңа деңгейіне көтерілу арқылы өмірді түсінуі керек.

Қазіргі таңда проблемаларды шеше алатын, білімді өз бетінше игере алатын, таным саласына тереңірек үңілуге, ілімнің тұрақты танымдық мотивтерін қалыптастыруға, олардың негізгісі танымдық қызығушылық болып табылатын, өмірдің өзгеретін жағдайларына бейімделуге қабілетті тұлғаны қалыптастыру мұғалімнің алғашқы мақсаттарының бірі болып табылады. Сонымен, жалпы орта білім берудің құрылымы мен мазмұны тұжырымдамасында: "Болашақ қоғамның жоспарланған білімкеңістігінде интеллект ұлттық байлық санатына көбірек енеді, ал адамның рухани денсаулығы, оның дамуының жан-жақтылығы, кәсіби дайындықтың кеңдігі мен икемділігі, шығармашылыққа деген ұмтылыс және стандартты емес міндеттерді шеше білу ел дамуының маңызды факторына айналады. Болашақ үшін жұмыс істейтін мектеп жеке тұлғаны дамытуға бағытталуы керек. Барлық басқа міндеттер-бұл мақсатқа жетуге көмектесетін құралдар. Демек, білім беру саласындағы қоғамның негізгі қағидаты ретінде тұлғаның еркін дамуының басымдығы білім беру процесін саралау мен интеграциялаудың негізі болып табылады. Барлық оқушыларды, олардың қабілеттері мен жеке айырмашылықтарына қарамастан, үйретуге болады және үйрету керек, өйткені дәл осы жерде мектептегі білім берудің гуманизмі мен демократиясы жатыр".[2]

Сыныптан тыс іс-әрекеттегі жағдай, мұғалім айтқан фактілер туралы ойлануға, туындаған сұрақтарға өз бетінше жауап табуға, сыныптастарымен пікірталас кезінде өз ойында қалуға, жеке қасиеттерінің дамуына ықпал ететіндей, олардың қызығушылығы, есте сақтау, сыни-ойлау қабілеттері болуы қажет, көрнекі материалдар көп және мыналарды қамтуы керек:

- сыныптан тыс жұмыстар 30-45 минуттан аспауы керек;
- материалдар көрнекі болуы қажет;
- этика және эстетика элементтері;
- оқушылар үшін қызықты, қол жетімді материалға негізделуі керек;
- оқушылар осы сабақтарға қатысып нәтиже көрсетуі тиіс.

Мұғалім оқушылардың дайындық деңгейлерін: сыныптан тыс жұмысқа оқушының қызығушылығы, әр оқушының жеке және жас ерекшелігіне сай екендігі ескеріліп, ұйымдастырылуы қажет. Егер мұғалім осы тармақтардың орындалуының барлығын ескерсе, онда жоғары нәтижеге қол жеткізе алады.

Оқушылардың танымдық қызығушылығын дамыту үшін пән бойынша сыныптан тыс жұмыстар үлкен рөл атқарады, ол ұйымдастырушылық және әдістемелік формаларымен ерекшеленсе де, жалпы мақсаты бар оқу жұмысымен үйлеседі. Сыныптан тыс жұмыстар оқушылардың әлеуетін неғұрлым толық іске асыруға, шығармашылық және практикалық дағдыларды қалыптастыруға, білімнің тиімділігіне жағдай жасайды. Мектепте математикадан дұрыс ұйымдастырылған сыныптан тыс жұмыс математиканы оқытудың тиімділігін арттырудың маңызды шарты болып табылады: оқушыларды пәнге қызықтыруға, белгілі бір математикалық тұжырымдаманы зерттеудің шығу тегін, маңыздылығы мен пайдалылығын түсінуге мүмкіндік береді. Сыныптан тыс жұмыстар ұйымның мазмұны мен ерекшеліктеріне байланысты оқуға деген сүйіспеншілікті, білімге деген қызығушылықты ояту үшін басым мүмкіндіктерге ие. [3]

Зерттеу нәтижелері. Қазірдің өзінде 5-сыныпта пән бойынша қызықты сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастыру қажет.

Сыныптан тыс жұмыстың ең қолжетімді және танымал түрі-үйірменің қызметін ұйымдастыру. Үйірменің бірінші сабағында жұмыстың негізгі мазмұнын белгілеу, үйірме басшысын таңдау, оқушылармен үйірме мүшесінің құқықтары мен міндеттері туралы алдын - ала келісу, жұмыс жоспарын құру және белгілі бір іс-шараларға байланысты оқушыларға тапсырмаларды бөлу қажет (математикалық қабырға газетін шығару, үйірме жұмысының құжаттамасын жүргізу және т.б.).

Математикалық үйірменің жұмысында материалдың қызықты болуы үлкен маңызға ие. Ойын түрінде құрастырылған тапсырма оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырып және маңызды мәліметтерді түсінуге ықпал етеді. Үйірмеде ұсынылатын тапсырмалардың жүйелілігі оқушылардың жалпы жас ерекшеліктеріне бағытталуы керек.

Сонымен, 5-6 сынып оқушыларына арналған математика пәнінен өткізілетін үйірме жұмысының қызықты болуына:

- Тапсырманың жүйелілігі;
- Оқушыларды пән бойынша қосымша әдебиеттерментанысуға баулу;
- Үйірме сабақтары барысында түрлі жарыстар ұйымдастыру;
- Оқушыларды қызықтыру мақсатында сыйақылар дайындау;
- Оқущылардың қызығушылығын оятатын әртүрлі ойын түрлерін қолдану.

Жоғарыда айтылғандарға сүйене отырып, математикалық үйірме сабақтарына қызықты ойын элементтерін немесе жалпы барлық сабақтарда ойын түрлерін қолдану арқылы өткізілуі керек.

5-6 сыныптардағы математика үйірмесінің сыныптан тыс жұмыстарының болжамды жоспары:

Оқыту мазмұны

1. Математика тарихы. (6 сағат.)

а) Бұрыңғы метрикалық өлшемдер

б) Есептеу құралдары. Есептеу техникасы.

в) Адамдар уақытты есептеуді қалай үйренді.

2. Күнделікті өмірдегі есептеулер (8 сағат)

а) Ауыл шаруашылығындағы математика.

б) Күнделікті өмірдегі математика.

в) Табиғатта жәнематематика.

3. Математикалық ойындар. (4 сағат.)

6 сағат бөлінген "Математика тарихы" кезеңінде бұрыңғы метрикалық өлшемдерді таныстырып, қазіргі өлшемдермен салыстыру қарастырылады.(Сурет-1)



Сурет-1

Көптеген халықтарда өздерінің ұлттық тілдеріндегі бірлік атаулары қолданыстан қалмай, тұрмыста және техникада әлі күнге дейін қолданып келеді. Мысалы: ағылшындарда фут, ярд, дюйм сияқты өлшем бірліктері, батыс елдерінде аталатын қашықтық бірлігі миль, т.с.с көптеген бірліктерді атауға болады. Сол себептен біздің де өз тіліміздегі ежелден келе жатқан бірлік атауын қолдануға, не болмаса кейбір ұлттық дәстүрімізге байланысты атауларды қолдануға хақымыз бар. Бірақ қазіргі күнге дейін қолданыстан түспей жүрген бірліктер бар. Мысалы, қазының қалыңдығын елімен өлшейміз, мал бағумен айналысатын көшпелі шаруалар сары майды қарынмен өлшейді, арқанның өлшемін, немесе киіз үйдің белдеулерін құлашпен, уықтың өлшемін қарыспен өлшейді. Бізде тілімізде бар өлшем бірліктерін уақыт ағымына сай тіл қолданысынан шығып, құрып кетуден сақтайық.

Үйірменің "Күнделікті өмірдегі есептеулер" атты екінші кезеңінде, өмірден мысалдар қарастырылып, математиканы тереңінен білуге жағдай жасалынады.



Сурет-2

Адамзат тарихында ең ерте қалыптасқан ғылымдардың бірі – математика. Математиканың алғашқы бесіктерінің бірі Мысыр елі болды. Табиғатта, техникада және тұрмыста кейбір денелердің өзара ұқсас, үйлесімді орналасуын симметрия деп атайды. «Симметрия» грек сөзінен алынған «үйлесім» сөзі сияқты бірдей өлшемділікті, белгілі бір реттілікпен орналасқан деген ұғымды білдіреді.Симметрия физика мен математикада, химия мен биологияда, техника және архитектурада, поэзия менмузыкада маңызды роль атқарады.

Соңғы кезең "Математикалық ойындар"

Оқушыларға"Райлидің көңіл күйі"(Inside out) атты сыныптан тыс жүргізілді. Бұл сыныптан тыс мультфилм жанрында өткізіліп, оқушыларға мінез құлықты қаншалықты дұрыс басқара білу керек екендігін ұқтырылды. Сонымен қатар, оқушыларды қызықтыру мақсатында тикток әдісін, gimkit.com сайтын, шыбын ұрғыш әдісінқолданылды.

Сурет-3
Өткізілген сыныптан тыс сабағынан (Сурет-3) фото есеп.

Қорытынды

Оқушыны жан-жақты дамыған тұлға ретінде қалыптастыру дегеніміз – бүкіл білім беру жүйесін негізге ала отырып сыныптан тыс жұмыстың үйлесімді, жүйелі ұйымдастырылып, өткізілуі.

Сыныптан тыс жұмыс жүйесі мақсаттың, міндеттің, принциптердің, қызмет нысандар мен әдістердің жиынтығын білдіреді. Оқушы үшін міндетті емес болғанына қарамастан, математикадан тыс сабақтар осы пәнді оқытатын әр мұғалімнің назарын аударуға лайық. Мектеп біліміне математика бойынша факультативті ккурстарды енгізу, сыныптан тыс жұмыстарды өткізу қажеттілігін жоймайды. Мұғалім сабақтан тыс уақытта оқушылардың мүмкіндіктерін, сұраныстары мен мүдделерін барынша ескере алады. Математикадан тыс жұмыс пән бойынша міндетті оқу жұмысын толықтырады және ең алдымен оқушылардың бағдарламада қарастырылған материалды тереңірек игеруіне ықпал етуі керек.

Оқушылармен сыныптан тыс жұмысын жүргізу мұғалімнің өзіне де үлкен пайда әкеледі. Сыныптан тыс жұмыстарды сәтті жүргізу үшін мұғалім математика туралы білімдерін үнемі кеңейтіп отыруы, оның сабақтарының сапасына да пайдалы әсер етеді.

Сыныптан тыс жұмыстар арқылы оқушылардың математикаға танымдық қызығушылығын дамыту

Аңдатпа

Мақала "Сыныптан тыс жұмыстар арқылы оқушылардың математикаға танымдық қызығушылығын дамыту" бойынша жүргізілген жұмыстардың нәтижесі түрінде ұсынылған. Заман талабына сай оқушыларды өз бетімен шешім қабылдап, пікірін еркін айтып үйрету, ұстаздың басты мақсаттарының бірі. Сондықтан, оқушыларды ынталандыра отырып сыныптан тыс жұмыстардыңтүрлерін қолданып, оқушыларды жан-жақты қалыптастыру.

Кілт сөздер: Сыныптан тыс жұмыс, үйірме, танымдық қызығушылық.

Развитие познавательного интереса учащихся к математике через внеурочную работу

Аннотация

Статья представлена в виде результатов проведенных работ по" развитию познавательного интереса учащихся к математике через внеурочную деятельность". Одна из главных целей учителя-научить современных учащихся самостоятельно принимать решения и высказывать свое мнение. Поэтому, используя виды внеклассной деятельности, стимулируя учащихся, всесторонне формировать учащихся.

Ключевые слова: Внеклассная работа, кружок, познавательный интерес.

Development of students' cognitive interest in mathematics through extracurricular work

Annotation

The article is presented in the form of the results of the work carried out on "the development of students' cognitive interest in mathematics through extracurricular activities". One of the main goals of the teacher is to teach modern students to make decisions independently and express their opinions. Therefore, using types of extracurricular activities, stimulating students, comprehensively form students.

Keywords: Extracurricular work, circle, cognitive interest.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Внеклассная работа по математике, 5-11 классе/А.В.Фарков.-3-е изд.-М.: Айрис-пресс, 2008.-5 Б
2. Балк М.Б., Балк Г.Д. Математика после уроков. М., 2016 – 246 с.
3. Башлий Е.В. Игровые методы как одна из форм активных методов обучения // Дополнительное образование. – 2017.
4. Белошистая А.В. Развитие математических способностей школьника как методическая проблема //Начальная школа. – 2015. – № 1 – с. 44.
5. Борисова Т.В. Кружковая деятельность: особенности формирования навыков общения // Начальная школа, 2018, №6

ГРНТИ 27.01.45

МАТЕМАТИКА САБАҒЫНДА ОҚЫТУДЫҢ БЕЛСЕНДІ ӘДІСТЕРІН ҚОЛДАНУ

ДЖАНЫСОВА ДАРИҒА ДЖАНЫСОВНА
БАЙЕКЕЕВА ЗАХИРА МЫРЗАГЕЛДИЕВНА
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті

Қазіргі кезеңде математиканы оқытудың методикасына қойылатын талаптар мен оны шешу жолдары білім беру жүйесінің өзекті мәселелерінің бірі болып отырғандығы анық. Білім беру жүйесі өзгерді, білім берудің мазмұны жаңарды, жаңа көзқарас пайда болды,яғни бұл өзгерістер оқытушыдан шығармашылықпен жұмыс істеуді,үлкен ізденісті талап етеді. Білім алушылардың білім сапасын көтеруде әрбір оқытушыдан мақсатына жету үшін аянбай еңбек ету қажеттілігі туындайды. Сондықтан да сабақ өту барысында оқытудың әртүрлі әдістерін қолданып, оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыру және жаңа педагогикалық технологияларды меңгеру-оқытушының міндеті болып табылады. Осындай талаптарды ескере отырып жаңа тақырыпты түсіндіргенде бізде өзіміздің сабақтарымызда жаңа инновациялық тәсілдерді қолданып, жүйелі жұмыс істеуге мүмкіндік аламыз. Математиканы оқытудың мазмұнын жүзеге асыру үшін жаңа технологиялар,яғни білім беруді ізгілендіру технологиясы, проблемалық оқыту технологиясы, тірек белгілер арқылы оқыту технологиясы, саралап оқыту технологиясы, «оқытушы-білім алушы» қарым-қатынасындағы әдістер кіреді. Осы әдістерді пайдалана отырып, ақпараттық технологияның озық жетістіктерін математика сабағында қолдану арқылы, іс-әрекеттерін ұйымдастыру арқылы білім алушылардың құзіреттілігін дамытуға болатынын сабақтарымызда байқадық. Әрине,дәрісте берілген білімді тәжірибе сабақтарында тереңдетіп оқытуға, түсінігін нығайтуға, өз бетінше ізденуге ынталандыратын әдіс-тәсілді пайдалану- әрбір оқытушының шеберлігіне байланысты. Білім алушылардың шығармашылық қабілетін математика сабақтарында олардың есеп шығара білуінен байқаймыз.Практикалық сабақтың міндеттері- білім алушылардың әрбір дәрісте алған білімін тереңдету,нығайту, оқу материалы бойынша өзіндік жұмысының тиімділігі мен нәтижелілігі, оның ізденіс дағдыларын қалыптастыруға, оқу материалын жинақтау,түсіндіру және дәлелдей білуіне үйрету болып табылады. Сабақты жаңа технология әдістерін қолдану арқылы жүргізу - білім алушының өзін-өзі дамытуына, өз сұрағына өзі жауап іздеп, жан –жақты білім алуына көмектеседі. Оқытудың алға қойған мәселелерді шешу мақсатындағы жиі қолданылатын топтық жұмыс әдісі - оқытудың өте ықпалды тәсілдерінің бірі. Тақырыпқа байланысты сабақта білім алушыларды топтарға бөліп, әр топқа бөлек-бөлек тапсырмалар береміз,олар тапсырмаларды жоспарлайды және оларды орындауды өздері ұйымдастырады. Бұл тәсіл оқытушыларға уақытты ұтымды жоспарлауға, идеяларды бірге талқылауға мүмкіндік береді. Топта бірлесіп жұмыс жүргізуде білім алушылар тақырып бойынша берілген есептерді шығару барысында, сол тақырып бойынша теориялық материалды еске түсіріп, бір-бірімен ой бөлісіп, бір-бірімен тәжірибе алмасып, алынған ақпаратты топ болып түсініп талдайды, салыстырып, болжамдар жасай отырып,ортақ шешімге келеді. Оқыту мен оқудың жаңаша әдіс-тәсілдерін ойдағыдай меңгерген оқытушы білім алушыларды білім алуға қызықтырып,жеке ізденуге,тырысуға дағдыландырады. Сол арқылы олар еркін, өзіндік дәлелдемелерін анық жеткізе білетін, сенімді, сыни ой-пікірі мен көзқарастары дамыған болып қалыптасады. Топтық жұмыс арқылы білім алушылар есеп шығару барысында біріне бірі көмектесіп, келесі топтан қалып қоймауға тырысады, әрқайсысы өз ойымен бөлісіп, өзгелердің ойына сыни тұрғыдан қарап, естіген-білгенін топ ішінде талдап, салыстырып, реттеп, сұрыптап, жүйелеп, білмегенін өзі зерттеп, дәлелдеп, тұжырым жасауға тырысады. Сабақ соңында әр топ өз тапсырмаларын түсіндіріп, тақырыпты жақсы ашып беруге тырысады және өздерін өздері бағалайды. Білім алушылардың қабілетін,білімін көтеру үшін әрбір оқытушы ең бірінші сабаққа дайын болуы керек, яғни, өтілетін сабақтың жоспарын құруы, оны өткізу әдістемесін дайындауы, білім алушылардың қабілеттерін ескере отырып, жеңілден қиынға ауысатын есептер құрастыруы, дидактикалық материалдарды пайдалануы қажет. Топтық жүйеде оқыту технологиясы бойынша топқа бөлуді бірнеше әдістермен жүргізуге болады және мынандай нәтижелер күтіледі:

1. Білім алушыларды білім деңгейлеріне қарай араластыра бөлу. Жақсы және өте жақсы оқитын білім алушылар қалғандарына үйретуші бола алады;
2. Білім алушылардың өз беттерімен ізденістері туындайды, лекция конспектісімен, қосымша оқулықтармен жүйелі жұмыс жүргізулеріне дағдыланады;
3. Білім алушылардың өз білімі мен басқалардың білімін саралай, бағалай білуіне толығырақ мүмкіндігі туады;

4. Білім алушылардың бір – біріне көмектесу, үйрету арқылы жолдастық, достық қарым – қатынастары арта түседі;

5. Топтық жарыстар кезінде ұйымдастырушылық қабілеттері артады;

6. Бағалау жұмысын салыстырмалы түрде жүйелі жүргізе алады.

Сабақта топтық жұмысты қолданудың артықшылықтары:

-мақсат дәл болғандықтан түпкі нәтиже дәл анықталады, яғни оны анықтауға мүмкіндік бар;

- мәтін түсінікті және қысқа болуы керек,яғни қысқаша түрде негізгі ақпарат берілу керек;

-мақсатқа жету үшін істелетін жұмыстардың нәтижесі объективті тексерілуі қажет;

-әдістемеде білім алушылардың оқу іс-әрекетінің түрлері жасалады;

- интерактивті технологияларды қолдану жақсы ойластырылған және дайындалған болуы тиіс.

Әдістеме бойынша әр оқытушы сабақ жоспарын өзінше жасайды, демек сабақтарда білім алушылардың іс-әрекеті де түрліше ұйымдастырылады.Білім алушының деңгейі бұрынғы деңгейімен салыстырылады,сосын жаңа мақсат қойылады,егер мақсат анық болмаса оқу үдерісінің жетілдірілуіне кедергі жасалады. Өзіміз сабақ беретін топтарда математиканы оқытудың тәжірибелік және дамытушылық мақсаттарына да тоқталып кетсек,яғни:

- білім алушылардың алған теориялық білімдерін практикада қолдана білуге, мамандыққа сәйкес қолданбалы есептерді шығаруға үйрету;

- білім алушылардың өз бетінше білім алуына көмектесу, яғни оқулықтар және ғылыми әдебиеттермен жұмыс жүргізулеріне көмек беру;

- математикаға ықыласын, өз бетімен нәтижелі ойлау интеллектісін дамыту;

- математикалық есте сақтау және ізденушілік, шығармашылық қабілеттерін дамыту;

- математикалық объектілерді, қатынастарды, амалдарды тез және кеңінен қорытындылай білу қабілетіне баулу.

Әрбір сабақтың соңында кері байланыс кезеңі қолданылады, яғни оқытушының білім алушылармен үздіксіз өзара әрекет етуін жүзеге асыруға, нәтижесінде оқу үдерісін түзетіп, сабақты әрі қарай жоспарлауына мүмкіндік береді. Кері байланыс кезінде оқытушылар мынаны ескергендері жөн:

- білім алушылардың жақсы жақтарын ескеруі;

- тапсырманың дұрыс орындалмағанын нақты түсіндірмей тұрып, «олай емес», «дұрыс емес» деген сөздерді қолданбауы;

-білім алушылардың жұмысын жетілдіру немесе кемшілік тұстарын жөндеудің жолдарына ұсыныс беруі.

Қорытынды: білім беру үдерісінде оқытушы мен білім алушының қарым-қатынасы қандай маңызды болса, олардың арасындағы байланысты нығайтуда практикалық сабақтың да маңызы соншалықты болмақ, яғни практикалық сабақтар оқытушы – білім алушы, білім алушы– оқытушы арасындағы байланысты нығайтып қана қоймастан, пәннің білім алушының алдына қоятын мақсаты мен міндетін айқындауда, дәріс барысында аталған мәселелерге жауап іздеп, шешу жолдарын іздестірудегі тығыз байланысын байқатады. Математика пәні бойынша жүйелі, жан-жақты терең білім берілсе, жаңа ақпаратты технология арқылы білім алушылардың шығармашылығы қалыптасса,онда олардың түскен ақпаратты талдау іскерлігі және алынған деректер негізінде нақты шешімдер шығаруға үйренуі және математикалық білім деңгейлерінің көтерілуі, қажетті ой сапаларының қалыптастырулары уақыт талабына сай, бәсекеге қабілетті маман болуларына ықпал болады деп ойлаймыз.

Математика сабағында оқытудың белсенді әдістерін қолдану

Аңдатпа

Бұл мақалада қазіргі кезде сапалы және терең білім беру мақсатында білім алушыларға математика пәнін оқыту үрдісінің арнайы әдістері мен тәсілдерін жүйелі түрде пайдаланып, олардың ойлауын, ғылыми көзқарасы мен белсенділігін қалыптастыру, өз бетімен білім алу дағдыларын дамыту болып табылатындығы айтылған. Бұл жұмыстың мақсаты- жоғары оқу орындарында практикалық сабақтарды өткізудің ерекшелігі мен маңыздылығын ашып көрсету.Білім алушылардың тақырып бойынша математикадан алған білімдерін есеп щығаруда өз бетімен және бірлесіп жұмыс жасауда қолдана отырып,топтық жұмыс жүргізулерінің артықшылықтарын түсіндіру.

Кілт сөздер: тәжірибе, үдеріс, бейімділік, инновациялық әдіс, технология, топтық жұмыс.

Использование активных методов обучения на занятиях по математике

Аннотация

В этой статье говорится, что для обеспечения качественного и глубокого образования математики необходимо систематически использовать специальные методы и приемы процесса обучения обучающихся, формировать у них мышление, научную позицию и активность, развивать навыки самостоятельного обучения. Цель данной работы - раскрыть уникальность и важность проведения практических занятий в высших учебных заведениях. Объяснить преимущества групповой работы, используя знания, полученные по математике.

Ключевые слова: опыт, процесс, тенденция, инновационный метод, технология, групповая работа.

Using active teaching methods in mathematics classes

Annotation

This article says that in order to ensure high-quality and deep education in mathematics, it is necessary to systematically use special methods and techniques of the learning process of students, to form their thinking, scientific position and activity, to develop self-learning skills. The purpose of this work is to reveal the uniqueness and importance of conducting practical classes in higher educational institutions. Explain the benefits of group work using the knowledge gained in mathematics.

Keywords: experience, process, trend, innovative method, technology, group work.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Ақжігітов Е.Ә., Тілепиев М.Ш. Кредиттік оқыту технологиясы бойынша болашақ мамандарды дайындаудағы математиканы оқыту мәселері //Астана,ҚАТУ-2014.-7-15б.

2. Мынбаева А.Қ., Садвакасова З.М. Инновационные методы обучения, или как интересно преподавать // Алматы,- 2007г.-с.10-25

3. Ғаламтор «Google» сайты.

ГРНТИ 27.01.45

ОҚУШЫЛАРДЫҢ МАТЕМАТИКАЛЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

ЕЛШІБЕК АЙДАНА МАРАТҚЫЗЫ – МИ-20-1у тобының студенті,
ПАРМЕНОВА МАНАТ ЖАКСЫЛЫКОВНА - педагогика ғылымдарының магистрі, университеттің аға оқытушысы,
ЕҢСЕБАЕВА ГҮЛЗАТ МҰРАТБЕКҚЫЗЫ – университеттің аға оқытушысы;
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда, Қазақстан

Қазіргі ғылым мен техниканың дамуы кезеңінде оқушылардың жан-жақты білімді, ой өрісінің кең болып шығуына ықпал ететін мұғалім екені түсінікті. Математикалық сауаттылық – оқушылардың логикалық ойлау қабілетінің жоғарғы деңгейі. Математикалық сауаттылық тек оқу процесі үшін ғана емес еңбек нарығында да, өмірде де қажет. Сондай-ақ, Есенкелді Тұяқов ұлттық біріңғай тестілеуге, халықаралық зерттеулерге оқушыларды дайындау мақсатында математикалық сауаттылықты енгізу тиімді екенін айтып өткен болатын [1]. Бұл оқушылардың білім, білік, дағды жүйесін қалыптастырудың маңызды құралы болады. Оқушылардың математикалық сауаттылығын арттыру математика сабағында жүзеге асырылады.

Математикалық сауаттылықты қалыптастыру үшін оқушылар:

- теорияны білу, оны логикамен ұштастыра білу;
- қоршаған ортада пайда болатын және математика арқылы шешуге болатын мәселелерді тани білу;
- есепті шығаруда тиімді жағын көруге баулу;
- қойылған мәселелерді математикалық әдістерді және математикалық ұғымдарды қолдана отырып шешу, нәтижелерді түсіндіру;
- шешімдердің нәтижелерін құрастырып жазу;
- есептің математикалық моделін құрастыру;
- математикалық сайыс сабақ, пән кеші, апталықтарды математиканың даму тарихымен байланыстыру.

Оқушылардың математикалық сауаттылығын дамыту жолдарының бірі – сабақ барысында оқушылардың алған білімін баяндауға ынталылығын арттыру керек деп ойлаймын. Оқушылардың математикалық сауаттылығының қалыптасуы «математикалық құзыреттіліктің» даму деңгейлерімен сипатталады.

Математикалық құзыреттілік – нәтижелерді түсіндіру, талдау және түрлендіру, математикалық модель құрастыру, қатынастарды анықтау, шынайы өмірде пайда болған мәселелерді шешу үшін математиканы дәлме – дәл қолдану қабілеттілігі [2]. Оқушы назарын аударатын, ойын түрткі болатын математика туралы қызығушылықты материалдар, әртүрлі қызықты тартымды есептер, ойындар сабақ үстінде өзінің орнын табу керек. Мұндай есептер оқушылардың математикаға деген ынта-ықыласын арттырып, есептерді өздігінен шешуге итермелейді, сонымен қатар логикалық ой-өрісін дамытады.

Оқушылардың математикалық сауаттылығын арттыруда PISA (Programmer for International Student Assessment) есептерін қолданудың тиімділігі. PISA нәтижелерін талдау, зерттеу мектеп бағдарламаларын меңгеру деңгейін анықтауға емес, оқушылардың мектепте алған білімдері мен дағдыларын өмірлік жағдайларда қолдана білу қабілетін бағалауға бағытталған.

PISA зерттеуіндегі математикалық тапсырмалар нақты өмірлік мәселелерге жақын, қоршаған өмірдің түрлі аспектілерімен байланысты және өз шешімдері үшін математикалық талдауды талап ететін, мектептің өмірі, қоғам, оқушының жеке өмірі, кәсіби қызметі және т.б. мәлімет ұсынады.

Зерттеу әдіснамасы. Математика сабағында пәнаралық байланысты негізге ала отырып, сұрақ-жауап, баяндауға, проблемалық ситуацияларды туғыза отырып оқушыларды алға қойған мәселені шешуге, шығармашылық жұмыстармен айналысуға, бірін -бірі бағалай алуға, өз ойларын нақты, толық жеткізе білуге көңіл бөлу керек. Әртүрлі қызықты есептер адам ойының дамуына жетелейтіндігі сөзсіз.

Зерттеу нәтижесі. Функционалдық математикалық сауаттылық арнайы әзірленген есептер жүйесі арқылы қалыптасатын математикалық құзыреттіліктерді қамтиды. Ондай есептерді үш топқа бөлуге болады:

1-топ. Фактілер мен әдістерді қолдану, есептеулер жүргізу қажет болатын тапсырмалар;

2-топ. Математиканың әр түрлі салаларын қолданатын және олардың арасында байланыс орнатуды қажет ететін есептер;

3-топ. Өмірлік жағдайларда математиканың көмегімен шешілетін мәселені анықтап, оны модельдеу арқылы шешуді қажет ететін есептер [3-4].

Математикалық сауаттылықтың 1-тобына жататын есептердің бірі. Дәреженің қасиеттеріне байланысты есептеу. $24^{42} + 42^{24}$ өрнегі қандай цифрмен аяқталатынын табыңыз.

Шешімі: Ньютон биномы арқылы $24^{42} + 42^{24}$ және $4^{42} + 2^{24}$ өрнектері арқылы бірдей цифрмен аяқталатыны анықталады.

Кіші дәрежелі тексеру арқылы заңдылық анықталады.

1. $4^1 \equiv 4$

$$4^2 = 16 \equiv 6$$
$$4^3 = 64 \equiv 4$$
$$4^4 = 256 \equiv 6$$
......
$$4^{42} \equiv 6$$

2. $2^1 \equiv 2$

$$2^2 \equiv 4$$
$$2^3 \equiv 8$$
$$2^4 = 16 \equiv 6$$
$$2^5 = 32 \equiv 2$$
......
$$2^{24} \equiv 6$$

Демек, $4^{42} + 2^{24} \equiv 6 + 6 \equiv 2$

Жауабы: 2 цифрымен аяқталады.

2-топ есептеріне жататын есептің бірі комбинаторика және ықтималдық теориясына байланысты есеп.

Екі ойын сүйегі лақтырылды. Сүйектердің жоғарғы жағында шыққан сандардың екеуі де жұп сан болу ықтималдылығы қандай?

Шешімі:

А оқиғасының ықтималдылығы: Р(А)=$\frac{3}{6} = \frac{1}{2}$

m=3(2,4,6) және n=6

В оқиғасының ықтималдылығы: Р(В)=$\frac{3}{6} = \frac{1}{2}$

m=3(2,4,6) және n=6

Демек, P(C) = P(A)*P(B) =$\frac{1}{2} * \frac{1}{2} = \frac{1}{4}$

Жауабы: $\frac{1}{4}$

3-топқа жататын есептің бірі ретінде диаграммаға байланысты есепті алуға болады.

Диаграммада Мағжанның бір аптада шығарған есептерінің саны көрсетілген.



1. Мағжанның 45 есептен көп шығарған күндерінің санын анықтаңыз.
2. Егер Мағжан сенбі күні жоспарланған 115 есептің орнына 59 есеп шығарса, онда бір аптада шығарған есептерінің арифметикалық ортасын табыңыз.

Шешімі:

Диаграммаға қарап Мағжанның әр күні неше есептен шығарғанын анықтауға болады.

1. Демек, Мағжан бір аптаның 5 күнінде (Дс, Сс, Бс, Сб, Жс) 45 есептен көп шығарған екен

2. S’=$\frac{70+110+30+85+\quad+59+70}{7} = 67$

Демек, Мағжан орташа есеппен күніне 67 есеп шығарған екен.

Оқушылардың математикалық сауаттылықтарын практикалық мазмұнды есепті шығару арқылы дамытуға болатыны белгілі. Сондықтан осындай топтағы есептерді оқушыларға көптеп шығарту оқушылардың сауаттылығын дамытады.

Қорыта келе, мектеп оқушыларының математикалық сауаттылығын дамыту (құзырлы мамандар даярлау мақсатында) математикалық талдауды талап ететін, мектептің өмірі, қоғам, оқушының жеке өмірі, кәсіби қызметі және т.б. есептерді шешуді үйрету.

Оқушылардың математикалық сауаттылығын қалыптастыру

Аңдатпа

Қазір мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту мәселесі қоғам деңгейінде өзекті. Осыған байланысты болашақ математика мұғалімдеріне оқушыларының математикалық сауаттылығын дамытуға дайындау талаптары қойылып отыр. Мақалада математикалық сауаттылықты дамыту есептерінің түрлері, дамыту мәселесі қарастырылған.

Кілт сөздер: математикалық сауаттылық, логикалық есептер

Формирование математической грамотности учащихся

Аннотация

Сейчас проблема развития функциональной грамотности школьников актуальна на уровне общества. В этой связи к будущим учителям математики предъявляются требования по подготовке учащихся к развитию математической грамотности. В статье рассмотрены виды задач по развитию математической грамотности, проблема развития.

Ключевые слова: математическая грамотность, логические задачи.

Formation of mathematical literacy of students

Annotation

Now the problem of the development of functional literacy of schoolchildren is relevant at the level of society. In this regard, future mathematics teachers are required to prepare students for the development of mathematical literacy. The article considers the types of tasks for the development of mathematical literacy, the problem of development.

Keywords: mathematical literacy, logical problems.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қ. Бекболат, А. Сердалы «Математикалық сауаттылық» оқу - әдістемелік құралы - Астана, 2017 жыл.
2. А. Альсейтов «Математикалық сауаттылық» оқу - әдістемелік құралы - Орал, 2017 жыл.
3. Ұ. Б. Жанасбаева, К. Б. Жанасбаев «Математикалық сауаттылық» ҰБТ және кешенді тестілеуге арналған әдістемелік құрал 1, 2 бөлім – Алматы, 2017 жыл Г. К. Мусагалиева, А. С. Ахмадиев «Математикалық сауаттылық тапсырмалары және оларды шешудің тиімді әдістері» әдістемелік құрал 1 бөлім – Орал, 2017 ҰБТ, PISA байқау кітапшалары (математикалық сауаттылық тапсырмалары).
4. Кемельбекова Г.А. (2016) Особенности формирования функциональной грамотности учащихся по предметам гуманитарного цикла // Проблемы и перспективы развития образования: материалы VIII Межд. науч. конф. Краснодар: Новация. С. 6-9. URL: https://moluch.ru/conf/ped/archive/187/9552/ (дата обращения: 24.12.2020).

https://orleu-edu.kz/event/%D0%BC%D0%B0%D1%82%D0%B5%D0%BC%D0%B0%D1%82%D0%B8%D0%BA%D0%B0%D0%BB%D1%8B%D2%9B-%D1%81%D0%B0%D1%83%D0%B0%D1%82%D1%82%D1%8B%D0%BB%D1%8B%D2%9B-pisa-%D1%82%D0%B0%D0%BF%D1%81%D1%8B%D1%80%D0%BC%D0%B0/

ГРНТИ 27.01.45

ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕПТЕРДЕГІ ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ МАҢЫЗЫ

ЕРБОЛАТОВА ЗАРИНА БАҚТЫБАЙҚЫЗЫ
ҚорқытАта атындағы
Қызылорда Университеті магистранты

Қазіргі уақытта Қазақстанда білім жүйесінде жаңа ақпараттық технологиялар кеңінен қолданыла бастады. Ақпараттық технологияларды және компьютерлік желі арқылы жаңа білім әдістерін пайдалану кеңейтіліп келеді. Жаңа ақпараттық технологияларды білім жүйесінде қолданудың ең маңызды факторы негізгі қозғаушы күші — адам, сол себепті білімнің негізгі принциптері іске асырылуы тиіс. Осыған байланысты адамның шығармашылық потенциалын дамыту үшін қажетті жағдай жасалуы тиіс.

Сауатты өмір – дамудың жаңа фазасына енеді, бұл жаңа сауатты оқыту технологиясын құруға біртіндеп көшуді талап етеді. Оқытудың жаңа технологиясына көшу ұзақ уақыт алады. Компьютерлік технология білім ортасына ене отырып, оқыту процесін жақсарту үшін құралдар мен әдістерді қолдануға әкеп соқтырады. Оқыту процесінде қолданылатын жаңа әдістердің бірі қашықтан оқыту әдісі болып табылады. Негізгі базалық білім беру аймағында қызмет көрсету жағынан да қашықтан оқыту мүмкіндіктері үкімет тарапынан қолдау тауып жатыр. Осы технологияны пайдалану ауылдық жерлерді де жылдам ақпараттандыруға көмектесуде.

Қашықтықтан оқыту – бұл оқытушы мен білім алушы ақпараттық технологиялардың көмегімен ара қашықтықта өзара әрекеттесетін білім алу түрі. Қашықтықтан оқыту кезінде білім алушы өз бетінше әзірленген бағдарлама бойынша айналысады, вебинарлардың жазбаларын қарайды, тапсырмаларды шешеді, оқытушыдан онлайн-чатта кеңес алады және өз жұмысын тексеруге белгіленген мезгілдерге сай ұсынып отырады.

Елде төтенше жағдай енгізілген жағдайда қашықтықтан сапалы оқытуды ұйымдастыру өте өзекті болып саналады. Еліміздің білім беру жүйесінің алдына үздіксіз білім беру үшін мүмкіндік жасау міндеті қойылған. Қазақстанның ақпараттық кеңістігінде білім алушыларға арналған түрлі білім беру платформалары бар, мысалы: Bilimland, Daryn Online, Kundelik, Platonus, Univer, Edupage, BTS education, U-study, AGS. Бүгінгі күні "Zoom" стримингтік сервисі, "Coursera"ең ірі платформасы өз қызметтерін тегін ұсынды. Мұнан басқа Google Classroom, Hangouts, Kundelik, Moodle жүйелерін қолдануға болады. Bilimland өз контентінің 40 мың бірлігін тегін ұсынды.

Орта мектепте оқушылар білімдерінің негізі қаланатын болғандықтан, олар жан-жақты білімді болу, әлемде болып жатқан өзгерістерден тыс қалмау үшін ауқымды желіге қосылу, қажетті ақпаратты іздеп табуға дағдылануы және ақпараттарды қажеттілігіне қарай қолдана алуды үйренуі тиіс.

Жаңа ақпараттық коммуникациялық технологияны пайдалану: білім мазмұнының заман талабына сай болуына, оқушылардың болашақта қажетті білімді толығымен алуына, білімді өздігімен меңгеруіне, өзін-өзі бағалай алуына, өз күшіне сенімділіктің болуына бағыттайды. Оқыту үрдісінде мектептер, жоғары оқу орындары компьютерлік техниканы пайдаланудың локальді және ғаламдық жүйе мүмкіндіктерін кеңінен қолдануда. Оның ішінде электронды кітапхана, электронды басылымдар, электронды оқулықтар және т.б. оқушының ғылыммен және мәдениетпен қарым қатынасы үшін бірден бір мүмкіндікті бүкіләлемдік компьютерлік интернет жүйесі береді. Сондықтанда оқу тәрбие үрдісінде жаңа ақпараттық коммуникациялық технологияларды қолдануда мұғалім жұмысы мынадай мақсаттарды жүзеге асыруға бағытталуы керек:

- әдістемелік-пәндік Web–сайттар ашу, компьютерлік желілерді пайдалану;
- қашықтан оқыту мүмкіндігін пайдаланып өздігінен қосымша білім алу.

Қашықтан оқыту технологиясын дамыту мен тарату білім жетілдірудің бұрынғы дәстүрлі жүйесіне елеулі өзгерістер енгізуді талап етеді. Оқу ақпаратын шалғайдағы елді мекендерге жеткізуде қашықтан оқыту технологиясын қолданудың ерекше маңызы бар. Оқытудың қашықтық формасы оқушыларды даярлауда білім берудің маңызды формасына айналып отыр. Қашықтан оқытуды дамытудың қажеттілігі, біріншіден қашықтан оқыту студенттер мен оқушыларға жаңа мүмкіндіктер ашады. Қашықтан оқитындардың құрамында физикалық мүмкіндіктері шектеулі адамдар (мүгедектер), оларды күтуші адамдар, яғни бірыңғай үйде отыратын адамдар, жасы ұлғайған адамдар, денсаулығына байланысты күндізгі оқу сабақтарына қатыса алмайтын адамдар, алыс аудандарда тұратын адамдар оқи алады.

Осындай сан қырлы, әрі күрделі мәселелерді жүзеге асыруда мұғалімнің атқарар рөлі орасан. Оған әрі ауыр, әрі жауапты міндет жүгі жүктеледі: ол оқу жоспарын дайындап, оны қашықтықтан білім беру жүйесімен астастырып бейімдейді, оқу үрдісінің барысын қадағалап, тапсырмаларды орындау барысында, өз бетімен бақылау-пысықтау жұмыстарын орындау жөнінде ұсыныстар береді. Бұл ретте қашықтықтан оқыту жүйесінің әдістерінде көрсетілгеніндей, көңіл-күй, психологиялық қарым-қатынас бой көрсетеді. Қашықтықтан оқыту тәсілі бойынша жұмыс істейтін педагог оқытудың жаңа технологиясын, оқытудың компьютерлі және тораптық жүйелерін жетік біліп, олармен іс жүргізу ісін орындау шарт.

Мұғалімдердің алдын – ала дайындау және ұйымдастыру шаралары жүргізілмесе, программалық қамтамасыз етілмесе оқушылардың білімі жоғарламайды. Өйткені оқушының білімін, үлгерімін көтеруіміз үшін оқытушының біліктілігін көтеруіміз керек. Қашықтан оқыту бұл мұғалімнің біліктілігін көтереді, оқушының өз бетімен білім алуын қалыптастырады, ата-аналардың жаңа технологияға деген көзқарасын өзгертеді.

Қашықтан оқытудағы мұғалімдердің біліктілігін көтерудегі артықшылықтары:

экономикалық, оқытуға кететін жалпы шығыны 40% кемиді;

коммерциалық, қашықтан оқыту, технологиясы және оны қолдану болып табылады, оған деген сұраныс күннен-күнге өсуде;

педагогикалық, оқыту мативациялық, интерактивті, технологиялы және индивидуалды болып келеді;

эргономикалық, қашықтан тыңдаушылар және мұғалімдер айналысуға өзіне ыңғайлы уақыттың кестесін қоюға мүмкіндігі бар;

коммуникативті, электронды желілері арқылы байланысатын педагогтардың, тыңдаушылардың мамандықтар саны көбеюде.

Мұғалім оқушының ішкі жан – дүниесінің сырын ашып, оның симпатикалық ынтасының дамуына жағдай тудырып отырады. Қазіргі заманда білім жүйесінің заман талабына, уақыттың сұранысына қарай ғарыштап дамуы, әрбір педагогтан сабақты ғылыми жобада жасауын талап етеді. Сабақты ғылыми жобада жасай білген мұғалім оқушы жүрегіне жол тауып, оның сабаққа деген қызығушылығын арттырып, мұғалім мен оқушы арасында түсінушілік пайда болады. Мұғалімнің коммуникативті дамуы: оқушыларды тыңдау, олардың көзқарасын түсіне білу, сын жасай білу, әңгіме, ұйымдастыра білу керек. Әрбір мұғалімнің бойында шартты рефлекциялық қасиеттер қалыптасуы керек: балаларды оқытуды өзінің тәсілін жұмысында қолданып, қиын жағдайларда шешімін тауып, шыға білу керек. Қашықтан оқыту курсы осыған бағытталған. Қашықтан оқытуды екі негізгі бөлікке бөлуге болады: техникалық және дидактикалық. Оның құралы болып телекоммуникациялар, аудио және видео жазбалар, жергілікті және ауқымды компьютерлік желілер. Ұйымдасқан – дидактикалық құрылымда қашықтан оқыту оқытудың негізгі компоненті болып табылады, оқушылардың өз бетімен білім алуы.

Қашықтан оқыту тәсілімен оқытатын мұғалімдерге қойылатын талаптар:

1) Мұғалім компьютермен жоғары дәрежеде сауатты жұмыс істей білуі қажет;

2) Қашықтан оқытудағы мақсаттары мен міндеттері, оның алдағы уақытта ақпараттық технология және коммуникация құралдарының негізінде дамуы туралы білуі қажет;

3) Мұғалімнің ақпараттық құралдармен жұмыс істеуге іс жүзінде дағдылануы қажет;

4) Оқытудың телекоммуникациялық құралдарын қолдану ісіне дағдылануы қажет;

5) Оқытудың телекоммуникациялық құралдарын қолдану ісіне дағдылануын қалыптастыру, атап айтқанда: тұтынушылар арасында ақпараттар алмастыру және ақпараттық жүйелердегі ресурстарды пайдалануға дағдылануын қалыптастыру қажет;

6) Оқу үрдісін қашықтан оқыту шеңберінде жүргізу ісіне жан-жақты даярлау, қашықтан оқыту жүйесі бойынша сабақ өткізу үрдісінде үйлестіруші болуы қажет.

Жоғары оқу орны білім алушылардың ағымдық, аралық және қорытынды аттестаттау жүйесін, олардың білімдері мен біліктерін және тәуелсіз бағалау әдістерін, қол жетімділікті шектейтін электрондық әдістерді қолдану арқылы бұрмалауларға, жалғандыққа қарсы қорғауларды, аумақтан тысқары аттестаттау комиссиясының көпшілік қорғау жұмыстарын бағалаудағы әділдігін ұйымдастырады Бітірушілерді қорытынды мемлекеттік аттестаттау (мемлекеттік емтихан, дипломдық жұмыстарды, жобаларды қорғау) базалық жоғары оқу орындарында дәстүрлі әдістермен жүргізіледі. Жоғары оқу орны білім алушыларды мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарымен көзделген, кәсіптік практиканың барлық түрлерінен өткізу мүмкіндіктерімен қамтамасыз етеді. Білім алушылар практиканы виртуалды зертханаларда, кіруге рұқсат етілмеген зертханаларда немесе виртуалды оқу фирмаларында өтеді. Мұндай практиканы жоғары оқу орындарының өздері, сондай-ақ жоғары оқу орындары тиісті ақпараттық ресурстары бар кәсіпорындардың, мекемелердің және басқа да ұйымдардың арасындағы шарттар негізінде ұйымдастырады. Сонымен қатар, практика жоғары оқу орны мен практикадан өту үшін орындар бөлетін кәсіпорындар, мекемелер және басқа да ұйымдардың арасындағы шарттардың негізінде ұйымдастыру-құқықтық нысандарына қарамастан жүзеге асырылады.

Қашықтықтан оқыту бойынша білім алушылар үшін оқу жоспарында көзделген практика ретінде мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарында қарастырылған сағаттар көлемінде бейіндік кәсіпорындардағы, мекемелердегі немесе басқа да ұйымдардағы жұмыстары есептелуі мүмкін. Жалпы немесе жеке оқу жоспарларына сәйкес таңдауы бойынша мамандықтарға сәйкес оқу бағдарламаларын толық орындаған, яғни теориялық оқытуды аяқтаған және дипломдық жобаны (жұмысты) қорғаған студенттерге мемлекеттік үлгідегі білім туралы құжат беріледі. Жоғары оқу орны білім берудің компьютерлік ақпараттық жүйесінің көмегімен білім алушылардың біртума немесе лицензияланған, жетекші электрондық жеке істерін барлық білім алушылардың оқу процесінің қорытындысын есепке алу мен мұрағаттық сақтауды жүргізеді. Қазіргі қойылатын талапка сай жаңа технологиялар – берілетін білім деңгейінің кенейтілуінің және студенттердің білім дәрежесінің артуын талап етіп отыр.

Қорыта келе қашықтықтан оқыту жүйесінің рөлі қазіргі таңда білім саласы үшін өте жоғары, себебі бұл жүйе арқылы мұғалімдер мен окушылары әлемдік ақпараттармен байланысуға, білімдерін онлайн жалғасыруға, ғылыми және шығармашылық жұмыстарын жетілдіруге, әлемдік ақпарат кеңістігінде өздерінің білімдерін шындауга зор мүмкіндік алады.

Жалпы білім беретін мектептердегі қашықтықтан оқытуды ұйымдастырудың маңызы
Важность организации дистанционного обучения в общеобразовательных школах
The importance of organizing distance education in general education schools

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1.Журнал «Информатика и образование». – 2006. – № 7. – Б. 41-45.
2.Журнал «Информатика и образование». – 2006. – № 2. – Б. 49-57
3.Государственная программа развития образования. Республики Казахстан на 2011 – 2020 годы. Астана, 2010 г.
4. Заграничная Г.А., Чемоданова Т.Ю. Оқушыларды бейіналды даярлау және жоғарғы сыныптардағы бейіндік оқыту Тұжырымдамасы. Астана, 2006

ГРНТИ 27.01.45

РЕШЕНИЕ ЗАДАЧ С ПАРАМЕТРОМ КАК ОДИН ИЗ СПОСОБОВ РАЗВИТИЯ ТВОРЧЕСКИХ СПОСОБНОСТЕЙ УЧАЩИХСЯ НА УРОКАХ МАТЕМАТИКИ

ЕРГАЛАУОВА З.А., ЕШМУРАТ Г.К., КУДЕБАЕВА Г.А., БАКЫТБЕК Н.
Кызылординский университет имени Коркыт Ата

Возрастающая потребность общества в людях, способных творчески подходить к любым изменениям, нетрадиционно и качественно решать существующие проблемы, обусловлена ускорением темпов развития общества и, как следствие, необходимостью подготовки людей к жизни в быстроменяющихся условиях.

Стратегия современного образования заключается в предоставлении возможности всем учащимся проявить свои таланты и творческий потенциал, подразумевающий возможность реализации личных планов. В связи с этим возникает проблема поиска средств развития мыслительных способностей, связанных с творческой деятельностью учащихся как в коллективной, так и в индивидуальной форме обучения. Данной проблеме посвящены работы Т. М. Давыденко, Л. В. Занкова, А. И. Савенкова и др., в которых акцентируется внимание на определении средств повышения продуктивной познавательной деятельности учащихся, организации их совместной творческой деятельности.

Особое внимание специалистов, занимающихся вопросами школьного математического образования, направлено на модернизацию задачного материала, так как представленные в современных учебных пособиях задачи, как правило, предполагают алгоритмический способ решения, чем значительно сужают операционное и информационное поле деятельности учащихся.

Учащихся привлекают задачи определенного жанра, в специальной литературе обозначенные различными синонимичными терминами: проблемные, творческие, поисковые, эвристические, занимательные, т.е. задачи, способ решения которых не находится в распоряжении решающего, - задачи нестандартные объективно или субъективно.

Педагогический опыт свидетельствует, что эффективно организованная учебная деятельность учащихся в процессе решения нестандартных задач, в том числе задач с параметром, является важнейшим средством формирования математической культуры, таких качеств математического мышления, как гибкость, критичность, рациональность, логичность; их органическое сочетание проявляется в особых способностях человека, дающих ему возможность успешно осуществлять творческую деятельность.

В методике преподавания математики довольно полно разработаны вопросы обучения учащихся решению задач. Построению математических моделей и методам их решений посвящен ряд исследований. Решение задач в обучении – важный этап в формировании не только познавательной деятельности учащегося, а также способствует развитию их творческих способностей. В процессе решения задач происходит абстрагирование и формализация, производится синтез и анализ, обобщение и др., обостряются все мыслительные процессы.

Д.Пойя [1] выделяет следующие этапы в решении задач:

1) вникнуть в условие поставленной задачи;
2) провести анализ задачи;
3) составить математическую модель задачи;
4) провести синтез, т.е. осуществить найденный путь решения;
5) сделать проверку и оценить результат.

А.М. Матюшкин [2] предлагает следующую структуру решения задач:

1) «закрытое» решение, т.е. применение стандартных методов решения;
2) «открытое» решение, т.е. отыскание нестандартных методов;
3) осуществление найденного способа решения;
4) проверить результат полученного решения.

Задачи с параметрами как один из видов нестандартных задач играют важную роль в формировании логического мышления и математической культуры, но их решение вызывает значительные затруднения. Это связано с тем, что каждая задача с параметрами представляет собой целый класс обычных задач, для каждой из которых должно быть получено решение.

Если в уравнении (неравенстве) некоторые коэффициенты заданы не конкретными числовыми значениями, а обозначены буквами, то они называются параметрами, а уравнение (неравенство) параметрическим.

Параметры обозначаются первыми буквами латинского алфавита: a, b, c, d, …, k, l, m, n, а неизвестные – буквами x, y, z.

Решить уравнение (неравенство) с параметрами – значит указать, при каких значениях параметров существуют решения и каковы они.
Два уравнения (неравенства), содержащие одни и те же параметры, называются равносильными, если:

а) они имеют смысл при одних и тех же значениях параметров;

б) каждое решение первого уравнения (неравенства) является решением второго и наоборот.

Естественно, такой небольшой класс задач многим не позволяет усвоить главное: параметр, будучи фиксированным, но неизвестным числом, имеет как бы двойственную природу. Во-первых, предполагаемая известность позволяет «общаться» с параметром как с числом, а во-вторых, - степень свободы общения ограничивается его неизвестностью. Так, деление на выражение, содержащее параметр, извлечение корня четной степени из подобных выражений требуют предварительных исследований. Как правило, результаты этих исследований влияют и на решение, и на ответ.

Как начинать решать такие задачи? Не надо бояться задач с параметрами. Прежде всего, надо сделать то, что делается при решении любого уравнения или неравенства - привести заданное уравнение (неравенство) к более простому виду, если это возможно: разложить рациональное выражение на множители, разложить тригонометрический многочлен на множители, избавиться от модулей, логарифмов, и т.д. затем необходимо внимательно еще и еще прочитать задание.

При решении задач, содержащих параметр, встречаются задачи, которые условно можно разделить на два больших класса. В первый класс можно отнести задачи, в которых надо решить неравенство или уравнение при всех возможных значениях параметра. Ко второму классу отнесем задания, в которых надо найти не все возможные решения, а лишь те из них, которые удовлетворяют некоторым дополнительным условиям.

Наиболее понятный для школьников способ решения таких задач состоит в том, что сначала находят все решения, а затем отбирают те, которые удовлетворяют дополнительным условиям. Но это удается не всегда. Встречаются большое количество задач, в которых найти все множество решений невозможно, да нас об этом и не просят. Поэтому приходится искать способ решить поставленную задачу, не имея в распоряжении всего множества решений данного уравнения или неравенства, например, поискать свойства входящих в уравнение функций, которые позволят судить о существовании некоторого множества решений. При решении задач с параметрами иногда удобно, а иногда просто необходимо, строить графики.

Задачи с параметрами относятся к сложным задачам и имеют разную направленность. Поэтому можно дать только одну, общую для всех задач, рекомендацию: необходимо хорошо знать теоретические основы темы, обозначенной в условиях задачи.

Пример 1. При каком значении «а» функция $y = \frac{1}{3}x^3 + x^2 + ax$ возрастает на интервале $(0;\infty)$? Указать наименьшее целое.

а) Тема задачи: исследование функции с помощью ее производной. Возрастание функции определяется условием $y'(x) \geq 0$.

б) $y'(x) = x^2 + 2x + a$. Необходимо решить неравенство $x^2 + 2x + a \geq 0$, при условии $x \in (0;\infty)$. Квадратное неравенство будет выполняться, если при условии $D \geq 0$ больший корень уравнения $x^2 + 2x + a = 0$ равен нулю, то есть:

$$(1)\ D = 4 - 4a \geq 0 \Rightarrow a \leq 1;\ (2)\ x_2 = -1 + \sqrt{1-a} \Rightarrow$$

$$-1 + \sqrt{1-a} = 0 \Rightarrow 1 - a = 1 \Rightarrow a = 0.$$

Рекомендации к выполнению задач:

Пример 2. При каком значении «а» функция $y = \frac{1}{2}x^2 + 3x + a$ расположена не ниже оси ОХ. Указать наименьшее целое.

Ответ: 5.

Функция $y = \frac{1}{2}x^2 + 3x + a$ графически представлена параболой, ветви которой направлены вверх, и, согласно условия задачи, ее вершина должна быть расположена в точке с координатами (x_0, y_0), причем $y_0 \geq 0$. Находим $x_0 = -3, y_0 = y(-3) = -4{,}5 + a$. Решаем простейшее неравенство, и, при получении ответа, учитываем условие задачи (указать наименьшее целое).

Пример 3. Найти все значения «р», при которых уравнение $e^{x^2 - 2x} = p$ имеет одно решение.

Ответ: $1/e$.

Функция $y = e^{x^2 \square 2x}$ >0 при любых значениях x и имеет наименьшее значение при условии $y\square(x) \square 0$. Найдем решение данного уравнения (для проверки: x =1); $y(1) = e^{\square 1} = p$.

Пример 4. Найти все значения «р», при которых уравнение $\sqrt{x} = |x + p|$ имеет одно решение.

Ответ: 1$\square$4.

В уравнении $\sqrt{x} = |x + p|$ необходимо убрать знак модуля при условии: $a)x + p \square 0 \quad б)x + p \square 0$ и решать уравнения $a)\sqrt{x} = x + p \quad б)\sqrt{x} = \square x \square p$.

Если уравнение записать в виде $\sqrt{x} \square x = \square p,$ то единственное решение проще найти графически, заменяя $\sqrt{x} = t \square 0$ и получая уравнение $\square t^2 + t = \square p$. Необходимо из двух уравнений выбрать одно. Левая часть уравнения представляет собой параболу с вершиной $t = \frac{1}{2},$ $y(t) = y(\frac{1}{2}) = \square\frac{1}{4}$. Условие $\square\frac{1}{4} = p$ определяет значение параметра: $\frac{1}{4}$.

Пример 5. Найти все значения «а», при которых наименьшее решение неравенства $\frac{ax + 4}{x} \square 8$ равно –1.

Ответ: 12.

Преобразуем неравенство $\frac{ax + 4}{x} \square 8$ к виду $\frac{x(a \square 8) + 4}{x} \square 0$,

и будем его решать методом интервалов с нулевыми точками

$x = 0 \quad и \quad x = \frac{4}{8 \square a}$. Значение $\frac{4}{8 \square a}$ может быть как больше нуля, так и меньше. Необходимо рассмотреть оба варианта и получить решение неравенства. По условию задачи, наименьшее решение должно быть равно (-1). В одном из вариантов (8- $a \square 0$) такого решения быть не может.

Пример 6. При каких значениях «а» уравнение $2\lg(x+1) = \lg ax$ имеет единственное решение?

Ответ: $\square 4 \square \square$ (-$\square$;0).

Преобразуем $2\lg(x+1) = \lg ax$ к виду $\lg(x+1)^2 = \lg ax$ и перейдем к решению уравнения $(x+1)^2 = ax$ при условии, что $a \square 0, x \square \square 1, ax \square 0$.

Единственное решение возможно в двух случаях: 1) $D = 0$, 2) $D \square 0$, но один из корней уравнения x_1 или x_2 не удовлетворяют условию задачи. Для случая $D = 0$ получаем решение $a = 4$, при $D \square 0 \square a \square (\square\square;0) \square (4;\square)$ только в случае $a \square (\square\square;0)$ решение будет единственным.

Пример 7. При каких значениях «а» уравнение $3x\lg x = 1 + a\lg x$

имеет единственное решение?

Ответ: a$\square$0.

Преобразуем $3x\lg x = 1 + a\lg x$ к виду $\lg x(3x \square a) = 1 \square \lg x = \frac{1}{3x \square a}$.

Решение уравнения необходимо выполнить графически, то есть построить известные функции $y_1 = \lg x, \quad y_2 = \dfrac{1}{3x - a}$ и подобрать значение a так, чтобы точка пересечения графиков была единственной.

Пример 8. При каких значениях «а» функция $y = \log_{25 - x^2}(\cos x + \sqrt{8}\sin x - a)$ определена при любых значениях «х»?

Область определения функции $y = \log_{25 - x^2}(\cos x + \sqrt{8}\sin x - a)$ находится при выполнении условий
$$\begin{cases} 25 - x^2 > 0 \quad (1) \\ 25 - x^2 \neq 1 \quad (2) \\ \cos x + \sqrt{8}\sin x - a > 0 \quad (3) \end{cases}$$

Решение (1) и (2) определяет $x \in (-5;5)$ за исключением значений $x = \pm\sqrt{24}$. Решение (3) удобнее находить в виде $\cos x + \sqrt{8}\sin x > a$, обозначая $y_1(x) = \cos x + \sqrt{8}\sin x, \quad y_2(x) = a$. Тогда $y_1(x) > y_2(x)$. Необходимо определить минимум функции $y_1(x)$, используя равенство нулю ее производной: $-\sin x + \sqrt{8}\cos x = 0$. Точкой минимума является точка с координатами $x = \pi + arctg\sqrt{8}, \quad y = -3.$

Выполнение условия $y_1(x) > y_2(x)$ достигается при значении $a < -3$. С учетом (1) и (2) решением задачи являются значения $a \in (-5; -\sqrt{24}) \cup (-\sqrt{24}; -3)$.

Решение задач с параметром как один из способов развития творческих способностей учащихся на уроках математики

Аннотация

Задачи с параметрами как один из видов нестандартных задач играют важную роль в формировании творческих способностей, логического мышления и математической культуры, но их решение вызывает значительные затруднения. Это связано с тем, что каждая задача с параметрами представляет собой целый класс обычных задач, для каждой из которых должно быть получено решение. Поэтому можно дать только одну, общую для всех задач, рекомендацию: необходимо хорошо знать теоретические основы темы, обозначенной в условиях задачи.

Ключевые слова: задача с параметром, параметр, математическое мышление, творческие способности.

Математика сабағында оқушылардың шығармашылық қабілеттілігін дамыту жолдарының бірі ретінде параметрі бар есептерді шешу

Аңдатпа

Стандартты емес есептер түрлерінің бірі ретінде параметрлері бар есептер шығармашылық қабілеттерді, логикалық ойлауды және математикалық мәдениетті қалыптастыруда маңызды рөл атқарады, бірақ оларды шешу айтарлықтай қиындықтар туғызады. Бұл параметрлері бар әрбір есеп қарапайым есептердің тұтас класы болып табылатындығына байланысты, олардың әрқайсысы үшін шешімін алу керек. Сондықтан біз барлық тапсырмаларға ортақ бір ғана ұсыныс бере аламыз: тапсырма шарттарында көрсетілген тақырыптың теориялық негіздерін жақсы білу қажет.

Кілт сөздер: параметр, параметрі бар есеп, математикалық ойлау, шығармашылық дағдылар.

Solving problems with a parameter as one of the ways to develop creative abilities of students in mathematics lessons

Annotation

Tasks with parameters as one of the types of non-standard tasks play an important role in the formation of creative abilities, logical thinking and mathematical culture, but their solution causes significant difficulties. This is due to the fact that each problem with parameters is a whole class of ordinary problems, for each of which a solution must be obtained. Therefore, we can give only one recommendation that is common to all tasks: it is necessary to have a good knowledge of the theoretical foundations of the topic indicated in the conditions of the task.

Keywords: problem with a parameter, parameter, mathematical thinking, creativity.

Список использованной литературы:

1. Пойя Д. Математика и правдоподобные рассуждения. М.: Наука.1985.- 463с.
2. Матюшкин А.М. Проблемные ситуации в мышлении и обучении. – М.: «Педагогика», 1972.- 168с.

ГРНТИ 29.05.19

САЛЫСТЫРМАЛЫ ТЕОРИЯСЫНЫҢ ЭЛЕМЕНТТЕРІН ОҚЫТУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

ЖАҚСЫЛЫҚОВА НАЗЕРКЕ ҚАЙРАТҚЫЗЫ
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің магистранты;
КАЛИЕВ Б.К., ЕҢСЕБАЕВА Г. М. - Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті

Салыстырмалылықтың теориясы - бұл төрт өлшемді кеңістік пен уақыттың қисығымен байланыстырылатын қазіргі гравитация теориясы [1]. Жалпы алғанда, классикалық нұсқасында тартылыс теориясын XVII ғасырда Ньютон жасаған және ол әлі күнге дейін адамзатқа қызмет етіп келеді. Бұл теория қазіргі астрономияның, астрофизиканың және космонавтиканың көптеген мәселелерін, тіпті көпшілігін қамтиды. Осы арада оның негізгі ішкі кемшілігі де бар екенін атап өткеніміз жөн. Бұл ұзаққа созылатын әрекеті бар теория болып табылады: онда бір дененің екінші денеге тартылу әрекеті кідіріссіз бірден беріледі. Ньютондық ауырлық күші жалпы салыстырмалылық теориясымен, Кулон заңы мен Максвелл электродинамикасының байланысы сияқты, тығыз байланысады. Максвелл электродинамикадан ұзаққа созылатын әрекетті жоққа шығарса, Эйнштейн мұны гравитацияда жасады [1-2].

Арнайы салыстырмалы теориясы тұжырымдалған және классикалық электродинамиканың дамуын идеологиялық тұрғыдан аяқтаған Эйнштейннің 1905 жылғы тамаша жұмысын айтқан жөн. Бұл жұмыстың жол бастаушылары болғаны сөзсіз, олардың ішінде Лоренц пен Пуанкаренің еңбегін атап өтпеске болмайды. Олардың еңбектерінде арнайы салыстырмалылық теориясының көптеген элементтері болды. Алайда, жоғары жылдамдықтар физикасының нақты түсінігі, толық бейнесі Эйнштейннің аталған еңбегінде ғана пайда болды.

Жалпы салыстырмалық теориясына келетін болсақ, оның барлық негізгі элементтерін Эйнштейн жасаған. Дегенмен, физиканы кеңістіктің қисықтығымен байланыстыруға болатыны туралы алдын ала ескертуді өткен ғасырдың тамаша ғалымдары Гаусс, Риман, Гельмгольц, Клиффорд еңбектерінен табуға болады. Евклидтік емес геометрия идеяларына Лобачевский мен Бойаидан сәл ертерек келген, бірақ бұл саладағы зерттеулерін ешқашан жарияламаған Гаусс «геометрияны таза априорлы арифметикамен емес, механикамен бір қатарға қою керек» деп есептеп қана қойған жоқ, ол біздің кеңістіктің геометриясын дәл (сол кездегі) өлшемдер арқылы эксперименталды түрде тексеруге тырысты. Оның идеясы Риманды шабыттандырды, ол біздің кеңістігіміз шынымен қисық (тіпті қысқа қашықтықта дискретті) деп сенді. Кеңістіктің қисаюының қатаң шектері Гельмгольцтің астрономиялық мәліметтерінен алынған. Клиффорд материяны қисық кеңістіктегі толқындар деп санады. Дегенмен, бұл тамаша болжамдар мен түсініктердің бәрі ертерек болды.

Қазіргі гравитация теориясын жасауды арнайы салыстырмалық теориясынсыз, классикалық электродинамиканың құрылымын терең түсінбей, кеңістік - уақыттың бірлігін білмей елестету мүмкін емес еді. Жоғарыда айтылғандай, салыстырмалылықтың жалпы теориясы негізінен бір адамның күшімен жасалған. Эйнштейннің бұл теорияны құру жолы ұзақ және азапты болды. Егер оның 1905 жылғы «Қозғалмалы ортаның электродинамикасы туралы» еңбегі оқырманды ұзақ толғаулардан, автордың қажырлы еңбегінен тыс қалдырып, дайын күйінде бірден пайда болса, жалпы салыстырмалылықпен жағдай мүлдем басқаша болды. Эйнштейн онымен 1907 жылы жұмыс істей бастады. Оның жалпы салыстырмалылық теориясына дейінгі жолы бірнеше жыл бойы жалғасты. Бұл кем дегенде ішінара Эйнштейннің осы жылдардағы жарияланымдары арқылы бақыланатын сынақ және қателер процесі болды десек те болады. Мәселені ол 1915 жылы 18 және 25 қарашада Берлинде өткен Пруссия Ғылым академиясының мәжілістерінде баяндаған екі мақаласында шешті. Бұл мақалаларда ол вакуумда және көздердің қатысуымен болатын гравитациялық өрістің теңдеулерін тұжырымдады.

Жалпы салыстырмалылық – бұл нақты физикалық принципке, берік бекітілген эксперименттік фактіге негізделген физикалық теория [1, 3].

Жалпы салыстырмалылықты тексерудегі классикалық эксперименттер. Гравитациялық өріс массалық денелердің қозғалысына ғана емес, сонымен қатар жарыққа да әсер ететінін атап өтейік. Жер өрісінде жоғары қарай таралатын фотон тартылыс күшіне қарсы жұмыс істейді, сондықтан энергияны жоғалтады. Өздеріңіз білетіндей, фотонның энергиясы оның жиілігіне пропорционалды, ол әрине төмендейді. Бұл әсерді – қызыл ығысуды Эйнштейн 1907 жылы болжаған. Оның көлемін бағалау қиын емес. Ауырлық күшіне қарсы жұмыс gh-ге пропорционалды екені анық, мұнда g – гравитациялық үдеу, ал h – көтеру биіктігі. gh өнімі жылдамдықтың квадратының өлшеміне ие. Демек, салыстырмалы жиілік ығысуының нәтижесі келесідей көрінеді [3]:

$$\frac{\Delta\omega}{\omega}=\frac{gh}{c^2} \qquad (1)$$

мұндағы, c= $3*10^{10}$ см/с - жарық жылдамдығы. g = 10^3 см/c^2 , h~ 10^3 салыстырмалы ығысу өте аз 10 ~10^{-15}. Мессбауэр эффектісін пайдаланатын технологияның пайда болуымен жарты ғасырдан кейін ғана қызыл ығысудың эксперименталды түрде байқалуы таңқаларлық емес, оны Паунд пен Ребка жасаған.

Жалпы салыстырмалық теориясының басында Эйнштейн болжаған тағы бір әсер – Күн өрісіндегі жарық сәулесінің ауытқуы. Оның құнын келесідей оңай бағалауға болады. Егер сәуленің сипаттамасы, соққысы, Күннен қашықтығы ρ тең болса, онда радиалды үдеу GM /ρ^2, мұндағы G - Ньютон гравитациялық тұрақтысы, ал M - Күннің массасы. Ұшудың ρ/c тән уақытында фотон жылдамдығының радиалды құрамдас бөлігі GM/(ρc) өзгереді және сәйкесінше ауытқу бұрышы болады [3-4]:

$$\theta \sim \frac{GM}{c^2\rho} \qquad (2)$$

Гравитациялық радиус деп аталатын жалпы салыстырмалылық теориясында жиі қолданылатын массивтік дененің сипаттамасын енгізу ыңғайлы:

$$r_g = \frac{2GM}{c^2} \qquad (3)$$

Бұдан шығатыны [4]:

$$\theta = \frac{r_g}{\rho} \qquad (4)$$

Дәл осы нәтижені Эйнштейн жалпы салыстырмалылықтың бастапқы нұсқаларының бірінде алған. Ал жалпы салыстырмалылықтың соңғы нәтижесі екі есе көп [4]:

$$\theta = 2\frac{r_g}{\rho} \qquad (5)$$

Қорытындылай келе, салыстырмалылық теориясы толық физикалық теория болып табылады. Ол классикалық механика, классикалық электродинамика, кванттық механика сияқты, физикалық мағыналы сұрақтарға біржақты жауап береді, жүзеге асырылатын бақылаулар мен эксперименттерге нақты болжамдар береді. Дегенмен, кез келген басқа физикалық теория тәрізді, жалпы салыстырмалық теориясының да өзінің қолдану аймағы бар. Бұл аймақтан тыс кванттық әсерлер маңызды болатын өте күшті гравитациялық өрістер жатыр.

Салыстырмалы теориясының элементтерін оқыту ерекшеліктері

Аңдатпа

Салыстырмалылық теориясы - таңғажайып физикалық теория. Мақалада салыстырмалылық теориясының ерекшеліктері ғалымдардың еңбектерімен көрсетілді. Эйнштейн болжаған бір ерекшелігі – Күн өрісіндегі жарық сәулесінің ауытқуы. Қазіргі гравитация теориясын жасауды арнайы салыстырмалық теориясынсыз, классикалық электродинамиканың құрылымын терең түсінбей, кеңістік - уақыттың бірлігін білмей елестету мүмкін еместігі ерекше айтылды.

Кілттік сөздер: гравитациялық өріс, Эйнштейн теориясы.

Особенности преподавания элементов теории относительности

Аннотация

Теория относительности-удивительная физическая теория. В статье были продемонстрированы особенности теории относительности трудами ученых. Одна особенность, которую предсказал Эйнштейн - это отклонение светового луча в Солнечном поле. Особо подчеркивалась невозможность представить создание современной теории гравитации без специальной теории относительности, без глубокого понимания структуры классической электродинамики, без знания единства пространства - времени.

Ключевые слова: гравитационное поле, теория Эйнштейна.

Features of teaching elements of the theory of relativity

Annotation

The theory of relativity is an amazing physical theory. Article demonstrated the features of the theory of relativity by the works of scientists. One feature that Einstein predicted is the

deflection of a light beam in the Solar field. It was emphasized that it was impossible to imagine the creation of a modern theory of gravity without a special theory of relativity, without a deep understanding of the structure of classical electrodynamics, without knowledge of the unity of space-time.

Keywords: gravitational field, Einstein's theory.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Нарликар Дж. Гравитация без формул. Пер. с англ. С.И. Блинникова. — М.: Мир, 1985. –С. 123.
2. Новиков И.Д. Энергетика черных дыр. — М.: Знание, 1986. –С. 154
3. Ландау Л.Д., Лифшиц Е.М. Теория поля. — М.: Наука, 1988.
4. Берков А.В., Кобзарев И.Ю. Теория тяготения Эйнштейна. Общие принципы и экспериментальные следствия. — М.: МИФИ, 1989. –С. 235.

ГРНТИ 27.23.25

САНДЫҚ ФУНКЦИЯЛАРДЫҢ ҚОЛДАНЫСЫ

ЖҮЗБАЕВА АЙНҰР МІНАЗҚЫЗЫ
Ә.Тыныбаев атындағы №11 мектеп-лицей

Санның барлық бөлгіштерінің саны

Анықтама. Аргументтің барлық натурал мәндері үшін анықталған функция сандық функция деп аталады.

Мысалы: n натурал санының барлық оң бөлгіштерінің санын көрсететін функция: $\tau(n)$.

Демек, n санының барлық бөлгіштерінің санын $\tau(n)$-деп белгілесек, онда ол мына формуламен табылады: $\tau(n) = (\alpha_1+1)(\alpha_2+1)\cdots(\alpha_s+1)$.

Сонымен, n санының барлық бөлгіштерін анықтау үшін, осы санның каннондық жіктеуінің барлық көрсеткіштерін, әрқайсысын 1 санына арттырып, өз ара көбейту керек.

Егер $n = p_1^{\alpha_1} p_2^{\alpha_2} \dots p_k^{\alpha_k}$ - $n>1$ натурал санның канондық жіктеуі болса, онда

$$\tau(n) = \prod_{i=1}^{k}(\alpha_i + 1).$$

Мысал. Айталық,

1) n=360 санының барлық бөлгіштерінің санын табу керек. Ол санның канондық жіктеуі: $n = 360 = 2^3 \cdot 3^2 \cdot 5^1$ болады. Олай болса,

$\tau(360) = (3+1)(2+1)(1+1) = 24.$

2) $n = 60,$ $n = 2^2 \cdot 3 \cdot 5$ $\tau(60) = \tau(2^2 \cdot 3 \cdot 5) = (2+1)(1+1)(1+1) = 12$

Негізінен осылай да табуға болады, бірақ формуламен есептесек уақыт үнемдеуге болады

60: 1, 2, 3, 4, 5, 6, 10, 12, 15, 20, 30, 60.

$\tau(60) = 12$.

Енді мына жағдайды еске түсірейік: a, b, c сандары тек олардың кез келген екеуі өзара жай сан болғанда, тек сонда ғана өзара жай сандар делінеді. Яғни, өз ара жай сандар қос - қостан өз ара жай болуы тиіс және керісінше қос-қостан өзара жай сандар өзара жай сандар делінеді. Ендеше, өзара жай сандардың ең үлкен ортақ бөлгіші 1 саны болады, алайда ең үлкен ортақ бөлгіші 1 санына тең болатын сандар әр уақытта өзара жай сандар бола бермейді. Мысалы, 49,25,30 сандарының ең үлкен ортақ бөлгіші 1 санына тең, алайда олар өз ара жай сандар емес, себебі (25,30)=5≠1.

Санның барлық бөлгіштерінің қосындысы.

n натурал санының барлық оң бөлгіштерінің қосындысын көрсететін функцияны алаййық:

$$\sigma(n) = S(n) = \sum_{d|n} d$$

Егер $n = p_1^{\alpha_1} p_2^{\alpha_2} \ldots p_k^{\alpha_k}$ - $n > 1$ натурал санның канондық жіктеуі болса, онда

$$\tau(n) = \prod_{i=1}^{k} (\alpha_i + 1).$$

және

$$\sigma(n) = \prod_{i=1}^{k} \frac{p_i^{\alpha_i+1} - 1}{p_i - 1}$$

формулаларын алуға болады.

Анықтама. Кез келген натурал *n* үшін анықталған және ең болмағанда бір мәні нөлден өзгеше $f(n)$ сандық функциясы $(n, m) = 1$ болғанда

$$f(n \cdot m) = f(n) \cdot f(m)$$

теңдігін қанағаттандырса, онда ол мультипликативтік функция деп аталады.

Бұл анықтамадан бірден $f(1) = 1$ теңдігі шығады, себебі $\forall n \in N$ үшін

$$(1, n) = 1 \Rightarrow f(n) = f(1 \cdot n) = f(1) \cdot f(n) \quad \Rightarrow \quad f(1) = 1.$$

Мультипликативтік функцияның негізгі қасиеті жай сандар арқылы беріледі.

Теорема. Егер $n > 1$ және $n = p_1^{\alpha_1} p_2^{\alpha_2} \ldots p_k^{\alpha_k}$ канондық жіктеу болса, онда

$$\sum_{d/n} f(d) = \prod_{i=1}^{k} \left(f(1) + f(p_i) + f(p_i^2) + \ldots + f(p_i^{\alpha_i}) \right).$$

Бұл қасиет натурал санның барлық оң бөлгіштері арқылы көрсетіледі, мұндағы d / n және $1 \le d \le n$.

n санының барлық бөлгіштерінің қосындысын беретін формула:

$$\sigma(n) = \frac{p_1^{\alpha_1+1} - 1}{p_1 - 1} \cdot \frac{p_2^{\alpha_2+1} - 1}{p_2 - 1} \cdots \frac{p_s^{\alpha_s+1} - 1}{p_s - 1}.$$

Мысал. 1) *n* =216=2^3*3^3 санының барлық бөлгіштері 1,2,3,4,6,8,9,12,18,24,27,36,54,72,108,216 екендігі белгілі. Бұлардың қосындысы 600. Енді осы айтылғанды есептеп көрелік,

$$\sigma(216) = \frac{2^{3+1} - 1}{2 - 1} \cdot \frac{3^{3+1} - 1}{3 - 1} = 15 * 40 = 600$$

2) $\sigma(60) = \dfrac{2^3 - 1}{2 - 1} \cdot \dfrac{3^2 - 1}{3 - 1} \cdot \dfrac{5^2 - 1}{5 - 1} = 7 \cdot 4 \cdot 6 = 168$

Мебиустың сандық функциясы

Анықтама. *n* натурал аргументті $\mu(n)$ функциясының мәні санның квадратына бөлінетін аргументтен 0 ге тең, ал *k* әртүрлі жай сандарға бөлінетін аргументтен $(-1)^k$ не тең және $\mu(1) = 1$ функция Мёбиус функциясы деп аталады.

Егер қысқаша математикалық түрде жазсақ, онда

$$\mu(n)=\begin{cases}1, & \text{егер } n=1,\\ 0, & \text{егер } p^2 \mid n,\\ (-1)^k, & \text{егер } n=p_1p_2\ldots p_k\end{cases}$$

– канондық жіктеу.

Теорема.

$$\sum_{d|n}\mu(d)=\begin{cases}1, & \text{егер } n=1,\\ 0, & \text{егер } n>1.\end{cases}$$

Мёбиус функциясы n аргументінің тек қана бүтін оң мәндерінде анықталған, атап айтқанда,

$\mu(1)=1$,

$\mu(n)=1$ егер n бірінші дәрежелі саны жұп әр түрлі жай сандардың көбейтіндісіне тең болса,

$\mu(n)=-1$ егер n бірінші дәрежелі саны тақ әр түрлі жай сандардың көбейтіндісіне тең болса,

$\mu(n)=0$ егер n –нің екінші дәрежелі бөлгіші болса.

Мысал.

1) $\mu(720)=\mu(2^4\cdot3^2\cdot5^1)=0$, ал $\mu(2\cdot3\cdot5)=\mu(30)=(-1)^3=-1$

2) $\mu(2)=-1$, $\mu(3)=-1$, $\mu(4)=\mu(2^2)=0$, $\mu(5)=-1$, $\mu(6)=\mu(2\cdot3)=1$.

3) $\mu(350)=\mu(14)\cdot\mu(25)=0$, себебі $\mu(25)=0$.

Антье функциясы.

Сандар теориясында нақты аргументтен табылатын мәндері бүтін сан болып келетін функциялар да кездеседі. Осындай функция ретінде «Антье x » функциясын қарастырайық.

Анықтама. Нақты x санынан аспайтын ең үлкен бүтін санды осы x санының бүтін бөлігі деп атайды және оны $[x]$ түрінде белгілейді.

Анықтама бойынша, x-тің антье функциясы x-тен аспайтын ең үлкен бүтін санға тең.

x-тің антье функциясы E(x) деп белгіленеді, бұл белгіні енгізген Лежандр (1752-1833) болатын.

Егер $a\le x<a+1$ және $a\in Z$ болса, онда $[x]=a$, ал $\{x\}=x-[x]$ саны x нақты санының бөлшек бөлігі деп аталады, мұндағы $0\le\{x\}<1$.

Осы $[x]$ функциясының кейбір қасиеттерін келтірейік.

1. Нақты x санынан аспайтын және n натурал санына бөлінетін барлық натурал сандардың саны $\left[\frac{x}{n}\right]$ функциясының мәніне тең болады.

2. $x\in R\ (x>0)$ және $n\in N$ үшін

$$\left[\frac{[x]}{n}\right]=\left[\frac{x}{n}\right]$$

теңдігі орындалады.

3. $n!$ санының канондық жіктеуіне p жай саны мына

$$\alpha = \left[\frac{n}{p}\right] + \left[\frac{n}{p^2}\right] + \dots + \left[\frac{n}{p^s}\right]$$

дәрежеге көрсеткішімен кіреді, мұндағы $p^s \le n < p^{s+1}$.

Енді қолданылуын қарастырайық. Оны мына теорема арқылы көрсетуге болады:

Теорема (*).

Жай *p* саны *n!=1*2*3*…*n* санына бөлгіш ретінде

$$\left[\frac{n}{p}\right] + \left[\frac{n}{p^2}\right] + \dots + \left[\frac{n}{p^s}\right] + \dots$$

рет енеді.

Мұны көрсету үшін *n!=1*2*3*…*n* санынан *p*-ге бөлінетін барлық көбейткіштерді бөліп алады.

Мысал.

1. Егер $x = -4,8$ болса, онда $[-4,8] = -5$ және $\{x\} = \{-4,8\} = -4,8 - (-5) = 0,2.$

2. $\left[\frac{19}{3}\right] = 6$, $\left[-\frac{7}{2}\right] = -4$

3. Егер $100! = 5^{\alpha} \cdot m$, мұндағы $5 \nmid m$, болса, онда

$$\alpha = \left[\frac{100}{5}\right] + \left[\frac{100}{5^2}\right] + \left[\frac{100}{5^3}\right] = 20 + 4 + 0 = 24.$$

π(x) функциясы.

x санына дейінгі барлық жай сандардың саны - *π(x)* деп белгіленеді.

$$\pi(35) = 11, \quad \pi\left(\frac{1000}{23}\right) = 14, \quad \pi(10^7) = 664\,579,$$

$\pi(10^9) = 50\,847\,478$, $\pi(p_n) = n$, ***мұнда*** $\boldsymbol{p_n}$ саны $\boldsymbol{n}$ – ші жай сан.

Эйлер өз тұсында жай сандардың қолда бар таблицаларын қарап отырып, жай сандар тізбегінің барған сайын сирей түсетіндігін, яғни

$$\frac{\pi(x)}{x}$$

қатынасы, атап айтқанда , жай сандардың 1-ден x-ке дейінгі кесіндісіндегі орташа тығыздығы ылғи кеміп отыратынын байқаған.

Эйлер мынаны дәлелдеп берді:

$$x \to \infty \ \text{жағдайға} \ \frac{\pi(x)}{x} \to 0.$$

2) $\frac{\pi(1000)}{1000} = 0{,}168,$ $\qquad \frac{\pi(100\,000)}{100\,000} = 0{,}09592,$

$$\frac{\pi(1\,000\,000)}{1\,000\,000} = 0{,}078\,498, \quad \frac{\pi(10\,000\,000)}{10\,000\,000} = 0{,}066\,4579$$

$$\frac{\pi(100\,000\,000)}{100\,000\,000} = 0{,}057\,614\,55, \quad \frac{\pi(1\,000\,000\,000)}{1\,000\,000\,000} = 0{,}050\,847\,478.$$

Эйлер функциясы.

Анықтама. Мәні n натурал санынан аспайтын және n мен өзара жай барлық натурал сандардың санына тең болатын $\varphi(n)$ натурал аргументті функция Эйлер функциясы деп аталады, мұндағы $\varphi(1)=1$.

Яғни, $1 \le m \le n$ және $(n, m)=1$ болатын барлық $m \in N$ сандардың санын көрсетеді.

Теорема. Егер $n = p_1^{\alpha_1} p_2^{\alpha_2} \ldots p_k^{\alpha_k}$ өрнегі $n>1$ санының канондық жіктеуі болса, онда

$$\varphi(n) = n\prod_{i=1}^{k}\left(1-\frac{1}{p_i}\right).$$

Бұл теореманың дәлелдеуі санның бүтін бөлігі функциясының қасиеттеріне және n мен өзара жай, n нен үлкен емес натурал сандардың санын есептеуге сүйенеді. Жоғарыдағы формулаға n нің канондық жіктеуін қою арқылы

$$\varphi(n) = \prod_{i=1}^{k} p_i^{\alpha_i-1}(p_i-1)$$

түріне келтіруге болады.

Екі формуланы да қолдана беруге болады.

Мысал.

1) $\varphi(720) = ?$

$$\varphi(720) = \varphi\left(2^4 \cdot 3^2 \cdot 5^1\right) = 2^{4-1} \cdot 3^{2-1} \cdot 5^{1-1}(2-1)(3-1)(5-1) =$$

$$= 8 \cdot 3 \cdot 1 \cdot 1 \cdot 2 \cdot 4 = 192$$

2) $\varphi(360) = ?$

$360 = 2^3 \cdot 3^2 \cdot 5$

$$\varphi(360) = \varphi(2^3)\cdot\varphi(3^2)\cdot\varphi(5) = 360\cdot\left(1-\frac{1}{2}\right)\cdot\left(1-\frac{1}{3}\right)\cdot\left(1-\frac{1}{5}\right) = 360\cdot\frac{1}{2}\cdot\frac{2}{3}\cdot\frac{4}{5} = 96$$

$\varphi(360) = 96$

Сандық функциялардың қолданысы

Аңдатпа

Зерттеу жұмысында қарастырылатын функциялар секірмелі түрде өзгереді және де аргументтің өзгеру тәсіліне тәуелсіз тек қана бүтін сандарға ие болады. Кей жағдайда аргументтің өзгеру облысы тек қана бүтін сандар да, екінші бір жағдайда – нақты сан болуы мүмкін. Біз бұл зерттеу жұмысында аса маңызды сандық функциялардың математиканың тарауларында кеңінен қолданыста екендігін қарастырамыз.

Использование числовых функций

Аннотация

В исследовательской работе рассматриваемые функции изменяются скачкообразно и имеют только целые числа, независимо от способа изменения аргумента. В некоторых случаях область изменения аргумента может быть как целыми числами, так и в другом случае – действительным числом. В этой исследовательской работе мы рассматриваем наиболее важные численные функции, широко используемые в разделах математики.

Using numeric functions

Annotation

In the research paper, the functions under consideration change abruptly and have only integers, regardless of the method of changing the argument. In some cases, the scope of the argument can be either integers, or in another case, a real number. In this research paper, we consider the most important numerical functions that are widely used in the branches of mathematics.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Курош А.Г. Курс высшей алгебры. Изд. 10-е. М., 1971.
2. Куликов Л.Я. Алгебра и теория чисел. М., 1979.
3. Сексенбаев Қ., Жетпісов Қ. Жоғарғы алгебра. І – бөлім, ҚарМУ
4. баспасы: 2001.
5. Сексенбаев Қ., Жетпісов Қ. Жоғарғы алгебра. ІІ– бөлім, ҚарМУ баспасы: 2001.

ГРНТИ 27.01.45

НАЗАРБАЕВ ЗИЯТКЕРЛІК МЕКТЕПТЕРІНДЕ МАТЕМАТИКАНЫ ОҚЫТУ БАҒДАРЛАМАСЫ

ИЖАНОВА ЖАНАТ ОҚАПҚЫЗЫ
Қызылорда қаласындағы химия-биологиялық бағыттағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің математика пәнінің модератор мұғалімі.

Қазақстанның орта мектептерінде 1-4 және 5-6 сыныптарда оқытылатын «Математика» пәні 7 сыныптан бастап «Алгебра» және «Геометрия» деп екі пән боп оқытылады. Бұл екі пәннің өз бағдарламасы,оқыту әдістемесі және өз оқулықтары мен оқу құралдары бар. Оқушының жоғарыда аталған екі пәннен оқу үлгірімі жеке-жеке бағаланады. Бір күнгі сабақ кестесіне осы екі пән қатар қойылмайды. Орта мектепте мұғалім болған кезімде«осы екі пәнді ғылым негізі бір бола тұра неге бөлек оқытамыз?» деген сұрақ тұратын ойымда. Мүмкін математиканы оқытудың бір әдістемесі ретінде солай жасалған болуы мүмкін.

Жаһандану заманында әлемдік білім беру кеңістігіне ену білім беру саласына өзге-рістер қажет екендігін көрсетті. Елімізде білім беру саласында жаңа бағдарламалармен оқыту, оқу мен оқытудың жаңа әдіс-тәсілдерін енгізу, білім беру нәтижесінжаңаша бағалауды енгізу Назарбаев Зияткерлік мектептерінде бастау алды. Назарбаев Зияткерлік мектептерінде Кембридж Университеті емтихандық кеңесі мақұлдаған Математика пәні үшін 7-12 сыныпқа арналған білім беру бағдарламалары дайындалды.

Бұл бағдарлама бес бөлімнен тұрады:

Сандар – сандарға амалдар қолдану (бүтін сандар, дәреже және түбір, сан тізбектері, прогрессиялар, процентке берілген есептер, дөңгелектеу және иррационал сандар);

Алгебра – алгебралық өрнектер,формулалар, сызықтық және квадраттық теңдеулер, теңбе-теңдіктер, функциялар, теңдеулер жүйесі, теңсіздіктер, сызықтық теңдеулер графиктері, графиктік мәліметтерімен жұмыс;

Геометрия – фигуралар, аудандар және көлемдер (геометриялық фигуралардың қасиеттері: үшбұрыштар, төртбұрыштар, шеңберлер, тригонометрия, бұрыштың синусы мен косинусы; 3-өлшемді фигуралар-призма; векторлар; геометриялық фигуралармен жұмыс- фигураларды түрлендіру;айналу денелері, бүйір бетінің ауданы,нүктелердің геометриялық орны)

Статистика және ықтималдықтар теориясы - берілген шамалармен жұмыс (кестелермен жұмыс, диаграммалармен жұмыс, ықтималдықтар теориясы: тәуелді және тәуелсіз шамалар, ықтималдық ағашы-оқиғаның мүмкін мәндерінің жіктелуі, берілген шамаларды салыстыру және анализ жасау)

Математикалық модельдеу және анализ - математикалық модель жасау, функцияны зерттеу, интегралдау, дифференциалдық теңдеулер шешу, қолданбалы есептерді шешу.

Бағдарламаның ерекшеліктерінің бірі оқу мақсаттары оқушының жас ерекшелігіне сәйкес дамуына негізделген, спираль әдісімен құрылған. Ұзақ мерзімді жоспар оқу бағдарламасының элементі ретінде оқу тоқсандарында оқытылатын бөлімдер мен тақырыптарды және оқу сағаттарын анықтайды. Математика пәнін оқытуда барлық сыныптарда әрбір оқу тоқсанында 2 немесе 3 бөлім қарастырылады. Әр пәннің өз тілдік стилі бар, оны накты бір пәннің «ғылыми тілі» деп атауға болады. Ғылыми тіл – пәннің мазмұнын оқып үйрену және ойлау мен пәндік мазмұнның негізгі ұғымдарымен жұмыс істеу қабілетін жақсарту үшін қолданылатын негізгі құрал.Пәнді оқытуда тілдік мақсаттар ғылыми тілді үйрену үшін маңызды құрал болып табылады. Оқушылардың өздерінен не күтілетіндігін түсінуі тілдік мақсаттардың анық құрылуына тікелей байланысты. Сондай-ақ, тілдік мақсаттар оқытушылар мен оқушыларға оқуға деген ынтаны қалыптастыруға, өлшеуге және қолдауға көмектеседі. Оқушылар тілдік дағдының төртеуін де түрлі әрекеттерде (мысалы, оқылым-тыңдалым, оқылым-жазылым, оқылым-айтылым, тыңдалым-жазылым және т.б.) әртүрлі мақсаттарға қол жеткізу үшін қолданады.

Орта мерзімді жоспарда осыған дейін меңгерілген білім туралы мағлұмат және қарастырылатын жаңа бөлім мәнмәтіні айқындалады.Және де бөлім бойынша оқу мақсаттары, оқытудың тілдік мақсаттары, бөлім бойынша лексика мен терминалогия, диалогқа/жазылымға қажетті тіркестерарқылы ақпараттар алдын ала беріледі.Соңында бөлімге қысқаша шолу жасалады.

Орта мерзімді оқу жоспарында бөлім атауы, сабақ тақырыбы, оқу мақсаты, сабақ кезеңдерінде жасалатын іс-әрекеттер, қолданылатын оқыту стратегиялары және қажетті ресурстардың электронды оқу платформалары арқылы оқытуды тиімді жоспарлауға методикалық көмек қамтамасыз етілген.

Пән мұғалімдерінің параллель және горизонталь бірлесе жоспарлауы арқылы қысқа мерзімді жоспарда сабақтың кезеңдерінде орындалатын іс-әрекеттер: активити, жаңа білімді игеру, оқушыларға қажетті дағдыларды игертуге бағытталған сараланған тапсырмаларжәне оларды дескрипторлар арқылы бағалау, оқу мақсатын игеруді бағалау үшін сабақ соңында формативті бағалау жұмысы жүргізіледі.Бағдарламаны жүзеге асыруда оқушының жоғары деңгейлі ойлау дағдыларынжүзеге асыру үшін білім ауқымын азайтып,яғни сабақ тақырыбын оқу мақсаттарына бөліп тастау арқылы оның тереңдігіне мән беруге назар аударылады.Оқу бағдарламасында білімді тәжірибемен байланыстыру, басқа пәндермен (физика, биология, химия) интеграциялау арқылы оқыту қарастырылған. Оқушыларды оқуға дағдыландыру үшін дайындалған аса мазмұнды 7-9 сыныптардағы «Математика» оқулығы оқушылардың ақпаратты іздеп табуына, зерттеу арқылы білім алуына көмегін тигізуде. Бағдарламада алынған білімді практида қолдану, яғни функционалдық сауаттылықты дамытуға бағытталған тапсырмалармен жасақталған. Математиканың теорияларын қолданбалы есептер арқылы оқыту пәннің мазмұнын барынша айқындайды.Білім алушыларымыз әлемдегі ең озық оқу бағдарламасы деп танылған IGCSE, A-Level стандарттарының тапсырмаларын оқып-үйренуде. Статистика мен ықтималдықтар теориясы бөлімінің кеңінен оқытылуы бағдарламаның ерекше сипаты дер едім. Педагогикалық бағдарламалар орталығы мақсатты түрде математика пәні бағдарламасы туралы ұстаздардың ұсынысы мен талаптарын үнемі назарда ұстап, зерттеу жүргізу арқылы бағдарламаны үздіксіз жетілдіріп отырады.Соның нәтижесінде «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ оқу бағдарламасы - NIS-Programme бағдарламасымен жұмыс жасаудамыз. Жоғарыда айтылғандай бағдарламада тілдік мақсат бойынша білім алушы математикалық лексикаға қажетті академиялық тіл және математиканың қолданбалы сипатында терең білім алады. Оқушының шығармашыл ойлауы, әлемді белсенді тануы, тәуелсіз болуы және білім алуда академиялық табысты болуына негіз қалануда.

Назарбаев Зияткерлік мектептері оқушылары әр сабақ үстінде қалыптастырушы бағалау, тоқсан сайын ішкі жиынтық бағалау және 10 және 12 сыныпта Халықаралық Кембридж емтихандық кеңесі бекіткен сыртқы жиынтық бағалау жұмысын тапсырады.

Оқу бағдарламаның ерекшелігі –оқушылар 10-сыныпта екі компанент бойынша жазба жұмысын тапсырады. Ал 12- сыныпты бітіру кезінде үш компанент бойынша емтихан жұмыстарын тапсырады.

Математикадан білім беру оқыту тілдеріне сай қазақ, орыс тілінде жүргізіледі. Білім алушылар мектеп қабырғасында жүріп SAT(Scholastic Assessment Test)-академиялық бағалау тесті,SET емтихандарын ағылшын тілінде тапсырып, өз қажеттілігі мен қызығушылықтары бойынша шет мемлекеттердегі озық оқу орындарының гранттарын жеңіп алып, әлем елдерінде білім алып,қызмет етуде. NUET(Nazarbayev University Entrance Test)емтихандарынағылшын тілінде тапсыра отырып, Астана қаласындағы NUуниверситетінде білім гранттарын жылма-жыл көптеген түлектеріміз ұтып алуда. Назарбаев Зияткерлік мектептердің түлектері еліміздің Ұлттық Университеттеріне ағылшын тіліндегі топтарға 2-курстан қабылданып, табысты білім алуда.NIS-Programme бағдарламасыжыл сайын жетілдіріліп, толықтырылу үстінде.

Назарбаев Зияткерлік мектептерінде математиканы оқыту бағдарламасы

Аңдатпа

Мақалада әлемдік білім беру кеңістігіне енуде Назарбаев Зияткерлік мектептерінде математиканыNIS-Programme оқу бағдарламасы арқылы оқыту, оның бөлімдері және құрылымы туралы мағлұмат беріледі.Математиканы оқытуда тілдік мақсаттардың жүзеге асуы, бағдарламаны іске асыруда ұзақ мерзімді, орта мерзімді жоспардың мазмұны және оны жетілдірутуралы,еліміздегі математикалық білім беру саласындағы болып жатқан оң өзгерістерге осы бағдарламаның қосқан үлесі туралы айтылады.

Кілт сөздер: NIS-Programme оқу бағдарламасы, бағдарлама бөлімі, ұзақ мерзімді жоспар, орта мерзімді жоспар, тілдік мақсаттар.

Программа обучения математике в Назарбаев Интеллектуальных школах

Аннотация

В статье представлена информация о преподавании математики в Назарбаев Интеллектуальных школах по программе обучения «NIS-Programme», ее подразделениях и структуре. Реализация языковых целей в обучении математике исовершенствования содержание долгосрочного и среднесрочного плана для реализации программы,обсуждается вклад данной программы в позитивные изменения, происходящие в сфере образования.

Ключевые слова: программе обучения NIS-Programme, ее подразделения, долгосрочный план, среднесрочный план, языковые цели.

Mathematics teaching program in Nazarbaev Intellectual schools

Annotation

The article provides information about the teaching of mathematics in the Nazarbayev Intellectual Schools through the NIS-Programme training program, its departments and structure. The implementation of language goals in teaching mathematics, the content of the long-term, medium-term plan for the implementation of the program and its improvement, the contribution of this program to the positive changes in the field of mathematics education in our country are discussed.

Keywords: NIS-Programme training program, its departments, long-term, medium-term plan.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ оқу бағдарламасы - NIS-ProgrammeНұр-Сұлтан,2021

ГРНТИ 14:25:09

МАТЕМАТИКАДАН ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЕСЕПТЕРДІ MAPLE КӨМЕГІМЕН ШЫҒАРУ

ИСЛАМ МАХАББАТ ТӨРЕХАНҚЫЗЫ,
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің магистранты;
ЕҢСЕБАЕВА Г.М., ЕСІРКЕПОВА А.Ө.,
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің аға оқытушылары

Кіріспе. Оқушылардың жаңа білім алуы - шығармашылық процесс. Бұл ретте оқытуға шығармашылық тапсырмаларды енгізу үлкен көмек көрсетеді.

Мұғалімнің міндеті – педагогикалық процесті оқушының білімге деген қызығушылығы, неғұрлым толық және терең меңгеру қажеттілігі артып, еңбектегі дербестігі дамитындай етіп ұйымдастыру. Оқыту процесінде оқушылар қалыптасқан ғылыми білім жүйесін меңгеріп, оқу дағдыларын игеріп, тәжірибеде ғана емес, танымдық қабілеттерін дамытып, шығармашылық әрекетте тәжірибе жинақтап, шығармашылық қиялын дамытады.

Шығармашылық әрекетке тікелей араласқанда ғана оқушының шығармашылық қабілетін дамыту мүмкін болады. Басқа адамдардың шығармашылық қызметі туралы әңгіме, тіпті оны көрсету де шығармашылыққа үйрете алмайды. Біз орыс классигі Л.Н. Толстой: «Мектептегі оқушы жасампаздықты үйренбесе, өмірде ол тек еліктейді, көшіреді» деп сенген [1].

Ой ұшқырлығы, тапқырлық, негізгі нәрсені бірден ұға білу, пайымдауды қысқарту, орынды әрекеттердің реттілігі, әртүрлі математикалық ұғымдар арасындағы байланыстар мен қатынастарды ашу, шығармашылық әрекетте бай тәжірибесі бар оқушыны сипаттайды. Мұндай оқушылар шығармашылық дербестілік танытады, олар тапсырмаларды тек дайын үлгілер бойынша, ұқсастық бойынша орындап қана қоймайды, сонымен бірге бұл процеске жаңалық енгізеді. Олар қойылған сұрақтарды шешуде неғұрлым жетілдірілген әдістерді қолданады, зерттелетін құбылыстардың жаңа аспектілерін білдіреді және т.б.

Шығармашылықты қалай үйретуге болады? Тұтас педагогикалық процесс аясында, атап айтқанда математика сабақтарында шығармашылық қиялды қалай дамытуға болады? [2] Осы сұрақтарға жауап беруге тырысайық.

Белгілі бір іс-әрекетті (соның ішінде шығармашылық) орындау үшін арнайы білімі мен дағдысы бар кез келген адам оны жүзеге асыруға қабілетті. Жалпы белсенділік пен шығармашылық арасында түбегейлі айырмашылықтар болмағандықтан, дайындығы жеткілікті кез келген субъект шығармашылық іс-әрекет деңгейінде іс-әрекетті жүзеге асыруға қабілетті.

Шығармашылық есептер көптеген ұғымдардың бірлескен жүйесі, бұл жүйе бірнеше ақпараттық бірліктердің логикалық байланысын біріктіреді. Сонымен қатар оқушылар мұғалімнің тікелей қатысуымен білімді мақсатты түрде игеріп, дағдылар мен дағдылар жүйесін игеретін оқу іс-әрекетімен танысады, бұл өз кезегінде өткен тәжірибенің үйлесімі арқылы жаңасын құруда қолданылады. Математика сабақтарында шығармашылық есептерді шығару оқушылардың математиканың теориялық курсын сәтті игеріп қана қоймай, оқу жүктемесін көтеретін жаңа нәрсе жасайтындығына деген сенімін қалыптастыруға ықпал етеді.

Шығармашылық есептерді шығарудың барысында оқушы:

1. Сараланбаған біртұтас білім меңгеруі;
2. Осы біртұтас біліммен жеке элементтерді білуі және олардың байланысын түсіне білуі;
3. Осы элементтерді және олардың байланысын меңгере отырып жетілген және дәл біртұтас бейнені алуы керек.

Шығармашылық есеп

Біртұтас білім

Жеке білім элементтері

логикалық байланысы

Жетілген және біртұтас бейне

Бұл әрине схемалық түрде. Ал оқушының ойлау үдерісінде мынандай принциптер іске асып жатады:

1. өзара байланыс принципі;
2. өзара кері амалдар мен операцияларды бір мезгілде ойша жүргізу;
3. қарама-қарсы ұғымдарды салыстыру;
4. ұқсастық ұғымдарды қатар қою;
5. жұмыстың кезеңдерін қатар қоюы.

Шығармашылық тапсырмалардың біртұтас педагогикалық үдерістегі, атап айтқанда математика сабақтарындағы орнын анықтайық:

- шығармашылық тапсырмаларды орындауды ұйымдастыру оқытудың негізгі мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес келуі керек;
- шығармашылық тапсырмаларды оқушылардың сабақтағы оқу әрекетінің басқа түрлерімен ұштастыру керек;
- оқушылардың жеке ерекшеліктерін, олардың дайындық деңгейін, қызығушылықтары мен бейімділіктерін, сондай-ақ дербестік деңгейін ескеру қажет;
- оқушылардың жас ерекшеліктерін және өтпелі кезеңнің қиялдың дамуына әсерін ескеру қажет;
- математика сабағында шығармашылық тапсырмаларды орындау бойынша және жұмыс уақыты бойынша да әртүрлі болуы мүмкін (5 минуттан 45 минутқа дейін);

- сабақтағы шығармашылық тапсырмалардың ерекше және негізгі белгісі жаңалық деңгейі, сонымен қатар өткен тәжірибені өзекті ету болуы керек;
- шығармашылық тапсырмалар оқушылардың өздерінің дағдыларына сәйкес оларды орындауға сараланған көзқарасқа ие болуына мүмкіндік береді;
- шығармашылық тапсырмаларды қолданудың бастапқы кезеңінде оқушылардың тілегін, олардың мотивтерін ескеру;
- шығармашылық тапсырмалардың орындалуын бағалау оң болуы керек.

Зерттеу әдіснамасы. Оқушылардың ой-өрісін дамыту, оқу-танымдық іс-әрекетін ұйымдастыру мақсатында жасалатын шығармашылық есептерге мысалдар келтірейік.

Тапсырма 1. Ұсынылған схемаға сәйкес көгершінді бүктеңіз (1-сурет). Тапсырманы орындау барысында оқушылар келесі сұрақтарға жауап беруге тырысуы қажет:

- 2-ші құрастыру қадамында үшбұрыштың бұрыштарын анықтаңыз.
- Құрастыру диаграммасының 8-қадамында неше үшбұрыш алдың? Олардың түрлерін анықтаңыз.
- Құрастыру диаграммасының 4-суретінде тең үшбұрыштарды табыңыз.
- Құрастыру диаграммасының 6-суретінде үшбұрыштардың түрін анықтаңыз.



Сурет 1. Көгершінді құрастыру схемасы

Тапсырма 2. «Үшбұрыштар қаласы» (оқушылардың тек үшбұрыштарды пайдаланып өмір сүргісі келетін қаланы салуы қажет).



Сурет 2. Үшбұрыштар қаласы

Тапсырма 3. Өрнектің мағынасын тауып, сұраққа жауап беріңіз: су қоймасының түбімен қандай құс жүре алады?



Жауап нұсқалары: Қарға - 0,1; қараторғай - 10.

Анықтама. Қараторғай - ән құсы, суда жүзетін құстарға жатпайды. Ол суда жүзбейді, бірақ тоғанға сүңгіп, түбімен жүгіреді, оның кедір-бұдырларына жабысады. Түбінде ол балық, құрт, жәндіктердің шабақтарын ұстайды немесе жауларынан жасырады.

Мұндай шығармашылық тұрғыда берілген тапсырмалар оқушылардың шығармашылық ойлау қабілетін арттырады және жан-жақты білім алуға көңіл бөледі.

Қазіргі уақытта ғылым мен техника даму үстінде. Сондықтан да біз мүмкіндігінше жаңа технологияларды, әртүрлі тиімді бағдарламаларды меңгеруге тырысуымыз қажет. Қазіргі мектеп мұғалімдерінің алдында тұрған басты міндет – оқушылардың шығармашылық білім дағдыларын қалыптастыру. Міне, өз ұрпағымыздың өнегелі, еңбексүйгіш, білімді азамат болып өсуі үшін сабақта жаңа технология элементтерін қолданудың мақсаты шығармашылықпен оқу-тәрбие үрдісіне тиімді пайдалану әрбір ұстаздың міндеті болып табылады. Оқыту барысында оқушыларға Mathematica, Mathcad, Matlab, Compass-3d, Maple және басқа бағдарламалық өнімдерді пайдаландыруға болады. Сондай-ақ, олар On-line және Off-line режимінде жұмыс істейді.

Оқушылардың математика пәніне деген қызығушылығын арттыру үшін Maple бағдарламасын қолданып есептер шығаруды қарастырайық. Себебі оқушылар алдымен есепті өздері меңгерген тәсілмен шығарып, сәйкес сол есепті Maple - жүйесінде де шығарып көреді және де жауаптарын салыстыру арқылы есептің дұрыс шешімін табады.

Maple – бұл үйренуге оңай және әртүрлі объектілерді математикалық модельдеудің кең мүмкіндіктеріне байланысты 3D дизайн стандартына айналған қуатты және әмбебап жүйе. Кескінді алғаннан кейін сіз оның бейнесін бағдарлама мүмкіндіктерімен қамтамасыз етілген әртүрлі арнайы эффектілермен ерекшелей аласыз, оны одан да қызықты пішінге айналдыра аласыз. Жүйенің тиімділігі бір ғана бұйрықпен бірнеше есептерді шешу мүмкіндігінен көрінеді.

Зерттеу нәтижесі.

Тапсырма 1: Графикалық терезенің әртүрлі аймақтарында әртүрлі функциялары бар синусоидалы қисық сызықты салыңыз.

Шешімі 3-суретте көрсетілгендей күтілетін қисықтарды салу үшін келесі пәрмендерді Maple бағдарламасында қоланамыз, мұнда функцияның ішкі сызбасы (n,m,k) графикалық терезені бірнеше бөлікке бөлу үшін пайдаланамыз, сәйкесінше n, m жолдардың жалпы саны және бағандар, ал k аймақтың сериясын көрсетеді.

t=0:.2:2*pi; y=sin(t); % generate the data for plots % сызбалар үшін деректерді құру

plot(2,2,1), stairs(t,y) % partition the graphics window % графикалық терезені бөлу

plot(2,2,2), stem(t,y) % stem plot in upper-right portion % төменгі оң жақ бөліктегі бағаналы диаграмма

plot(2,2,3), bar(t,y) % bar chart in lower-left portion % жоғарғы сол жақ бөлігінде сабақтың сызбасы

plot(2,2,4), semilogx(t,y) % semilogx in lower-right portion % semilogx төменгі оң жақ бөлігінде.



Сурет 3: Бір функцияның әртүрлі көріністері

Тапсырма 2: [1, 1000] аралығындағы барлық жай сандарды көрсетіңіз.

Шешуі: Жай сандарды isprime(A) функциясы арқылы оңай табуға болады. 1000-нан кіші барлық жай сандарды төменде көрсетілгендей шығаруға болады.

>> A=1:1000; B=A(isprime(A))



Сурет 4: 1000-нан кіші жай сандар

Біз бағдарламаны осылай игере отырып, тапсырмаларды үйрету арқылы баланың өз бетімен білімді игеруге тәрбиелей аламыз.

Қорытынды

Жоғарыда аталған мәліметтерге сүйене келе оқушылардың математикалық білімін шығармашылық есептер арқылы көтерудің маңызы зор. Заманауи ақпараттық және цифрлық технологиялар математикалық есептерді шешудің әдемілігін, геометриялық денелердің пішіндерін салудың үйлесімділігін көрсетуге мүмкіндік береді. Шығармашылық есептерді қолдану арқылы оқушының бойынан ой ұшқырлығы, тапқырлық, негізгі нәрсені бірден ұға білу, пайымдауды қысқарту, орынды әрекеттердің реттілігі, әртүрлі математикалық ұғымдар арасындағы байланыстар мен қатынастарды ашу, шығармашылық әрекетте бай деген секілді қасиеттерді көруге болады. Математика сабағында тапсырмаларды қызықты түрде, математиканы терең меңгеруге, жаңа тәсілдерді қолдануға мүмкіндік береді, білімді меңгерумен қатар, оқушылардың танымдық, ойлау қабілетін күшейтеді, күрделендіреді, соның әсерінен ойлау жүйесін дамытады, оқушылардың алған білімдерін тереңдетеді, сабақтың сапасын жақсартады, оқушылардың пәнге деген қызығушылығы, сүйіспеншілігі артады.

Математикадан шығармашылық есептерді Maple көмегімен шығару

Аңдатпа

Мектеп оқушыларының математикалық білімін шығармашылық есептерді шығару арқылы қалыптастыру қазіргі заманның бірден бір сұранысы. Математика сабақтарында оқушылардың өз бетінше шығармашылық қабілеттерін арттыруға бағытталған арнайы тапсырмалар бар. Жалпы орта білім беруде оқушының өз бетінше жұмысының негізгі ерекшелігі, оқушының берілген есепті мұғалімнің көмегінсіз өзінің шешуі. Сол себепті оқушыларға арналған шығармашылық есептердің маңызы және де Maple бағдарламасын қолданып шығару арқылы есептер көрсетіледі. Maple бағдарламасының көмегімен оқушылардың өзіндік жұмысын ұйымдастыру технологияларының мүмкіндіктері мен артықшылықтары жан-жақты қарастырылады.

Кілт сөздер: шығармашылық есеп, Maple бағдарламасы, математика.

Решение творческих задач по математике с помощью maple

Аннотация

Формирование математических знаний школьников через решение творческих задач - одна из задач современности. На уроках математики есть специальные задания, направленные на повышение самостоятельных творческих способностей учащихся.

Основная особенность самостоятельной работы учащегося в общем среднем образовании заключается в том, что учащийся самостоятельно решает поставленную задачу без помощи учителя. По этой причине значение творческих задач для учащихся также выражается в выпуске с использованием программы Maple. С помощью программы Maple всесторонне рассматриваются возможности и преимущества технологий организации самостоятельной работы учащихся.

Ключевые слова: творческая задача, программа Maple, математика.

Solving creative math problems using maple

Annotation

The formation of mathematical knowledge of schoolchildren through solving creative problems is one of the tasks of our time. In mathematics lessons there are special tasks aimed at improving the independent creative abilities of students. The main feature of the student's independent work in general secondary education is that the student independently solves the task without the help of a teacher. For this reason, the importance of creative tasks for students is also expressed in the release using the Maple program. With the help of the Maple program, the possibilities and advantages of technologies for organizing independent work of students are comprehensively considered.

Keywords: creative tasks, Maple program, mathematics.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Шарыгин И. Ф. Геометрия: От учебной задачи к творческой: учеб. пособие для 9–11 классов. М.: Дрофа, 1996. - 400 с.
2. Фридман Л. М., Турецкий Е. Н. Как научиться решать задачи: кн. для старш. классов сред. шк. 3-е изд., дораб. М.: Просвещение, 1989. -192 с.
3. Далингер, В.А. Математика бойынша оқушылардың ізденіс-зерттеу іс-әрекеті: Оқу құралы. – Омбы: ОмГПУ баспасы, 2005. – 456 б.
4. Қожабаев, Қ.Ғ. Математиканы білімдік-дамыта оқыту және оған болашақ мұғалімді дайында / Қ.Ғ.Қожабаев. - Көкшетау: ҚМУ баспасы. Ш.Уәлиханов, 2009. - 273 б.
5. А.С. Лазараев. Работа в системе Maple. Учебник, Санкт-Петербург. 2015. -575 с.

ГРНТИ 29.03.77

ОРТА МЕКТЕП ФИЗИКА КУРСЫНДА МАТЕМАТИКАЛЫҚ МОДЕЛЬДЕУ ӘДІСТЕРІН ҚОЛДАНУ

КАЛИЕВ БАКЫТ КАЛИЕВИЧ – техника ғылымдарының кандидаты, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің профессоры;
ҒАНИУЛЛА ӘЛИЯ ҒАНИУЛЛАҚЫЗЫ - Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің аға оқытушысы;
ӘБІТАЕВА ҰЛБОСЫН ӘБДІҚАППАРҚЫЗЫ - педагогика ғылымдарының магистрі,
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің аға оқытушысы;

Математикалық модеульдеу физика ғылымында зерттеулер жүргізудің маңызды әдістерінің бірі. Физика экспериментальды және теориялық болып бөлінеді, ал бүгінгі таңдау физиканың үшінші тарауы есептеуіш физика (компьютерлік физика) дүниеге келді. Бұған себеп, физикаға математикалық әдістердің терең енуі.

Сонымен қатар, көптеген физикалық процестердің сызықсыздығы және оларда зерттеу күрделі теңдеулерді шешуді қажет етеді. Көп жағдайда, есептеуіш физиканы есептеу эксперименті деп, оны лабораториялық экспериментпен салыстырады.

Лабораториялық эксперимент	Есептегіш эксперимент
үлгі	Модель
Физикалық құрал	Компьютерге арналған программа
Өлшеу	Есептеу
Берілгендерді талдау	Берілгендерді талдау

Сонымен, сандық модельдеу табиғаттың сапалы заңдылықтарын түсіндірудің құралы. Компьютер көптеген физикалық процестерді көріп, зерттеулер сапалы ақпаратпен толықтырылады. Көптеген физикалық есептерде динамиканың негізі – Ньютонның екінші заңы жатыр:

$$\vec{a} = \frac{\vec{F}}{m}, \tag{1}$$

яғни, белгілі уақыт моментіндегі дененің алатын үдеуі, осы уақыт моментінде осы денеге әсер ететін күшке тура прапорционалды, осы моменттегі дененің массасына кері прапорционал.

Осы тұжырымдаманың әр түрлі жазуы

$$\vec{a}(t) = \frac{\vec{F}(t)}{m(t)},$$

$$\frac{d\vec{P}}{dt} = \frac{\vec{F}(t)}{m(t)},$$

$$\frac{d^2\vec{S}}{dt^2} = \frac{\vec{F}(t)}{m(t)}, \tag{2}$$

Шамалардың лездік мәндерін байланыстыра отырып, Ньютонның екінші заңы қозғалыстарда зерттеуге мүмкіндік береді.

Мысал ретінде, ортаның кедергісі бар кездегі дененің еркін түсу қозғалысын қарастырайық. Бұл тақырыптар орта мектептің физика курсында қарастырылады.

Белгілі бір ортада қозғалған физикалық қозғалыстарға, орта қозғалыстың сипатына үлкен әсер жасайды. Мәселен, үлкен биіктіктен құлаған денеге ортаның кедергі күші әсер етеді. Егер жылдамдық аз болса, ортаның кедергі күші жылдамдыққа тура прапорционал, ал үлкен жылдамдықтарда жылдамдық квадратына тура прапорционал болады.

Қарастырып отырған қозғалыстың математикалық моделінде Ньютонның екінші заңы жатыр. Денеге екі күш әсер етеді, ауырлық және ортаның кедергі күші

$$\frac{d\vec{P}}{dt} = \frac{mg + \vec{F_k}}{m}, \qquad (3)$$

бұл жерде ортаның кедергі күші

$$F_k = k_1 * P + k_2 P^2$$

k_1, k_2 - ортаның қасиеттерін сипаттайтын коэффициенттер.

Қозғалыс бір өлшемді, векторлық теңдеуді оське проекциялап, аламыз

$$\frac{d\vec{P}}{dt} = \frac{mg - k_1 P + k_2 P^2}{m}, \qquad (4)$$

(4) теңдеуден белгілі уақыт моментінде ортаның кедергі күші ауырлық күшке тең болады, яғни жылдамдық өзгермейді. Осы уақыт моментінен бастап $\frac{dP}{dt} = 0$, олай болса орнықңа жылдамдықты

$$mg - k_1 P - k_2 P^2 = 0$$

теңдеуін шешу арқылы табамыз. Сонда

$$P_0 = \sqrt{\frac{1}{4k_2^2} + \frac{mg}{k_2}} - \frac{k_1}{2k_2}, \qquad (5)$$

Сонымен, қозғалыс сипаттамасы мынадай: жылдамдық дене құлаған кезде Р-дан P_0 - ге дейін артады, ал ол қандай заңмен қозғалатынын табу үшін (4) түрдегі дифференциалдық теңдеуді шешу қажет.

(4) түрдегі дифференциалдық теңдеу сызықсыз және дифференциалдық теңдеу. Бұл теңдеуді аналитикалық әдіспен шешу қиын, сондықтанда (4) теңдеу математикалық модельдеу әдістері арқылы шығарылады. Баяндамада теңдеу Эйлер сандық әдісі арқылы шығарылған. Программасы төменде берілген.

```
// Тапсырма Механика

var m,R,m0,p,c,PI,g,dt,k_1,k_2,S,v0,v,dv,RT:real;

   i,N: integer;

begin
```

```
m:=20; R:=2; m0:=0.0182; p:=1.29;c:=4;

PI:=3.14; g:=9.8; dt:=0.02;  N:=100;

k_1:=6*PI*m*R; S:=PI*R*R;

k_2:=0.5*c*S*p; v0:=0;

for i:=1 to N do begin

    RT:=m*g-k_1*v0-k_2*v0*v0;

    dv:=dt*RT/m;

    v:=v0+dv;

    v0:=v;

    writeln('v= ',v) ;

        end;
end.
```

XI сыныпта «Физика және компьютер» атты арнаулы факультативті курстар жүргізіп, физикалық процестерді математикалық модельдеу, физиканың есептерін сандық әдістермен шығару және компьютер арқылы шығаратын физика есептерінің түрлері сияқты тақырыптарды қарастыруға болады. Бұл курстар оқушылардың компьютерлік сауаттылығы негізінде жүргізіле отырып, оқу процесінің сапасын арттыруға және оқушылардың дүние танымын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Олай болса, мұғалімнің компьютерлік сауаттылығы, оның білімдігі мен қабілеттілігінде, міне осы қажеттер электронды есептеуіш машиналарды оқу процесінде кеңінен қолданып ғылым мен техникамен қаруланған оқушыларды дайындауға мүмкіндік береді.

Орта мектеп физика курсында математикалық модельдеу әдістерін қолдану

Аңдатпа

Жұмыста орта мектеп физика курсының механика тарауындағы есептерді математикалық модельдеуәдістерімен шығару мәселелері қарастырылған. Ортаның кедергісі бар кездегі дененің еркін түсуінің математикалық моделі берілген. Сонымен қатар, жұмыста физиканың математика және информатикамен пәнаралық байланысы көрсетілген.

Применение методов математического моделирования в курсе физики средней школы

Аннотация

В работе рассмотрены проблемы решения задач по разделу механика курса физики средней школы методами математического моделирования. Дана математическая модель свободного падения тела при наличии сопротивления среды. Кроме того, в работе показана междисциплинарная связь физики с математикой и информатикой.

Application of mathematical modeling methods in a high school physics course

Annotation

The paper considers the problems of solving problems in the mechanics section of the secondary school physics course by methods of mathematical modeling. A mathematical model of the free fall of a body in the presence of medium resistance is given. In addition, the paper shows the interdisciplinary connection of physics with mathematics and computer science.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. В.Н.Косов, С.А. Красиков Численное моделирование на уроках физики. - Алматы, 2005
2. Э.В.Бурсиан Физика: 100 задач для решения на компьютере – Санкт-Петербург, 1997
3. М.А.Султанов Математикалық және компьютерлік модельдеу негіздері.- Алматы, 2014

ГРНТИ 14.25.09

МАТЕМАТИКА ПӘНІН ОҚЫТУДА ЖАҢА АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ – САПАЛЫ БІЛІМ НЕГІЗІ

КЕМАЛАДИНОВА ДИНАРА КЕМАЛАДИНОВНА
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда Университеті, Жаратылыстану институты, «Физика және математика» кафедрасының магистранты,Қызылорда, Қазақстан

Қазіргі заман талабы – оқытудың жаңа технологияларын меңгеру. *Жаңа технология - мұғалімнің мүмкіндігін қуаттандыратын құрал.* Бүкіл дүниежүзілік беталыстан шеттеп қалмау мақсатында біз ақпараттық технологияны тікелей оқу үрдістерінде қолдану мүмкіндіктерін толықтай пайдаланудамыз. Қоғамдағы ақпараттандыру процесстерінің қарқынды дамуы жан-жақты, жаңа технологияны меңгерген жеке тұлға қалыптастыруды талап етеді. Ақпараттандырылған ғасырда озық технологияның үздік жемістерін пайдалану – дамыған елдердің шешімі.

Казіргі таңда білім жүйесінде жаңа ақпараттық технологиялар кеңінен қолданылып жүр. Сондықтан математиканы оқытудың мазмұнын ашуды жүзеге асыру үшін жаңа ақпараттық технология құралдарының қажеттілігі зор. Қазіргі ақпараттық технологияның озық жетістіктерін математика сабағында қолдану арқылы танымдылық іс-әрекеттерін ұйымдастыра отырып, оқушылардың құзіреттілігін дамытуға болады.

Елімізде білім беру жүйесінде жаңашылдық қатарына ақпараттық кеңістікті құру енгізілді. Ақпараттандыру жағдайында оқушылар меңгеруге тиісті білім, білік, дағдының көлемі күннен күнге артып, мазмұны өзгеріп отыр. Білім беру саласында ақпараттық – коммуникациялық технологияларды пайдалану арқылы білімнің сапасын арттыру, білім беру үрдісін модернизациялаудың тиімді тәсілдері пайдаланылуда және одан әрі жетілдірілуде

Ақпараттық коммуникациялық технологияны математика сабақтарында қолдану көрнекіліктің және жұмыстың тез орындалуы (жазбаша жұмыстың болмауы) арқасында материалды игеруге уақыт үнемдеуге мүмкіндік береді. Интерактивті режимде оқушылардың білімдерін тексеру оқытудың тиімділігін арттырып, тұлғаның барлық потенциалын, танымдық, моральды-адамгершілік, шығармашылық, коммуникативтілік және эстетикалық мүмкіндіктерін іске асыруға көмектеседі, оқушылардың зияткерлігін, ақпараттық мәдениетін дамытуға әсер етеді

Оқу үрдісінде электрондық оқыту бағдарламаларын дәстүрлі оқыту әдістерді педагогикалық инновациялармен ұштастыру арқылы жүйелі түрде қолдану дайындық деңгейлері әртүрлі балаларды оқытудың тиімділігін біршама көтереді.

Алгебра, геометрия, математика сабақтарын цифрлы білімдік ресурстарын қолданып өткізудің мынадай әдістері болуы мүмкін.

Математика пәнін оқытудағы ақпараттық технологиялардың педагогикалық мақсаттары:

- қолданушы мен ақпараттық және коммуникациялық құрылғылар арасындағы жылдам байланыс;
- оқытылу ақпаратының компьютерлік көзге елестетілуі;
- ақпараттық-әдістемелердің оқыту процесін ұйымдастырудағы бақылауын автоматтандыру

Математика сабағында ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдаланудың тиімділігі жағынан қарастырсақ, мұғалімдерге берер мүмкіндіктері:

- инновациялық технологияларды қолдану іскерлігі, әдіс-тәсілі артады;
- мектептегі басқа пән мұғалімдерімен тәжірибе алмасады;
- интернетке кіру жүйесі арқылы әлемдік деңгейде іс-тәжірибе алмасуды қалыптастырады және оқытудың түрлі әдіс тәсілдерін игеруге қол жеткізеді;
- жеке тұлғаны қалыптастырудағы жауапкершілігі артады;
- мұғалім үздіксіз ізденісте жүреді;
- мұғалім сабақты қызықты, жүйелі түрлендіріп өткізуге машықтанады.

Ақпараттық технологияның оқушыларға берер мүмкіндіктері:

- түрлі ақпараттық, бейнелік, дыбыстық анықтамалар арқылы білімін жан- жақты жетілдіреді, дамытады;
- өз бетінше сарамандық тапсырмаларды орындайды;
- тақырыптан қалып кеткен немесе дұрыс түсінбеген тақырыпты қосымша қайталауға мүмкіндік беріледі;
- пәнге қызығушылығы, үздіксіз ізденісі артады;
- ойлау ,есте сақтау, пікір сайыстық қабілетті дамиды;
- түрлі бейнелік, сілтемелік, нұсқаулық тапсырмаларды орындайды;
- түрлі деңгейдегі тест тапсырмаларын орындап өзінің білім-білік дағдыларын тексереді, шығармашылық есептер орындайды;
- аз уақытта көп білім алып, уақытты үнемдеу;
- қашықтықтан білім алу мүмкіндігінің туындауы;
- қажетті ақпаратты жедел түрде алу мүмкіндігі;
- білім алушының ой-өрісін дүниетанымын кеңейтуге де ықпалы зор.

Математика пәнін оқытуда жаңа педагогикалық ақпараттық-коммуникативтік технологияларды пайдаланудағы басты мақсаты – білім алушылардың өз бетінше білім алу үрдісін қалыптастыру, оқушыларға білім алу процесінде көмектесу. Бұл мақсаттарға оқыту программалары , дәрістерді қолдауға арналған электрондық оқулықтар, тексеру программалары, видео сабақтар, анимациялық бейнелерді құру сияқты программалық өнімдер қызмет етеді. Қазіргі таңда сабақтарда интернеттік желі арқылы жаңа білім әдістерін пайдаланып, әр түрлі платформадағы бағдарламаларды үздік игеруде.

Қазақстандық білім беру жүйесінде қолданысқа енгізілген арнайы техникалық ақпараттық құралдар негізіндегі жаңа технологиялар: интерактивті тақта, интернет ресурстарымен жұмыс, сандық білім кеңістігін құру, дербес мультимедиалық кітапхана, қашықтан жүргізілетін сабақтар, диспуттар, конференциялар, тренингтер, іскерлік ойындар және т.б.

Интерактивтік оқыту - бұл, ең алдымен оқушы мен мұғалімнің қарым- қатынасы тікелей жүзеге асатын сұхбаттасып оқыту болып табылады. Оқушыларға ақпараттық білім негіздерін беру, логикалық құрылымдық ойлау қабілеттерін дамыту, ақпараттық технологияны өзіндік даму мен оны іске асыру құралы ретінде пайдалану дағдыларын қалыптастырып, ақпараттық қоғамға бейімдеу.

Интерактивті тақтаны мынадай жағдайларда қолдануға болады:

- теориялық материалды өздігінен меңгеруге,
- сабақты иллюстрациялық материал ретінде жабдықтауға,
- интерактивті тақтада кескінді түрлі - түсті айқын, ұқыпты оңай көрсету,
- әр түрлі қосымшалары бар жұмысты түсіндіру,
- сабақта және сабақтан тыс уақытта өз бетімен әр түрлі деңгейлі, шығармашылық тапсырмалар орындауға,
- әрбір жеке тұлғаның білімін,білік іскерлігін әрбір тақырыптар, әрбір тараулар бойынша тексеруге,бағалауға,
- емтиханға дайындық кезеңдерінде пайдалынады.

Электрондық оқулықтарды қарапайым оқулықтарға қарағанда пайдалану ыңғайлы және оларда өзін – өзі тексеру жүйесі бар. Осы электрондық оқулықтың артықшылығы болып табылады. Электрондық оқулықпен оқытудың негізгі мақсаты - оқыту үрдісін үздіксіз және толық деңгейін бақылау, сонымен қатар ақпараттық ізденіс қабілетін, шығармашылық қабілетін дамыту. Мұның тиімді жағы: электронды оқулықта әр сабаққа арналған бейне көрініс, анықтама сөздік, есептердің шығарылу жолы, фигуралардың кеңістікте орналасуы, диктант, тест тапсырмаларын, қайталау сұрақтарын пайдалана аламыз. Электронды оқулықты қолдану арқылы сабақта техникалық құралдарды, дидактикалық материалдарды қолдану тиімділігі, оқушының пәнге қызығушылығы, білім, білік, дағды деңгейін қалыптастыруы, білімнің тереңдігі, тексеру түрлері, бағалауы, практикалық дағдыларды игеруі артады. Оқушылардың өздері де алынған ақпаратты көшіріп алып, онымен өз ыңғайына қарай жұмыс істей алады .

АКТ-ны математика сабақтарында қолдану көрнекіліктің және жұмыстың тез орындалуы, жазбаша жұмыстың болмауының арқасында, материалды игеруге уақыт үнемдеуге мүмкіндік береді. Интерактивті режимде оқушылардың білімдерін тексеру оқытудың тиімділігін арттырып, тұлғаның барлық потенциалын, танымдық, моральды-адамгершілік, шығармашылық, коммуникативтілік және эстетикалық мүмкіндіктерін іске асыруға көмектеседі, оқушылардың зияткерлігін, ақпараттық мәдениетін дамытуға әсер етеді. Оқу үрдісінде электрондық оқыту бағдарламаларын дәстүрлі оқыту әдістерді педагогикалық инновациялармен ұштастыру арқылы жүйелі түрде қолдану дайындық деңгейлері әртүрлі балаларды оқытудың тиімділігін біршама көтереді.

Алгебра, геометрия, математика сабақтарын цифрлы білімдік ресурстарын қолданып өткізуде мен өз сабақтарымда графиктерді, суреттерді, алгоритмдерді көрсету үшін интерактивті тақтаны немесе мультимедиялық презентацияны қолдана отырып, материалды түсіндіремін. Мұндай презентацияларға әсіресе, геометрия сабақтарында стереометриялық есептерді шешуде ешнәрсе тең келмейді, кез келген геометриялық фигураны интерактивті тақта көмегімен бұруға, қосымша салу жұмыстарын жүргізуге, оны толық көлемді түрде көрсетуге, жазықтықта сызба салуға, салу есебінің шешуін көрсетуге болады. Алгебрада «Функциялардың графиктері» тақырыптарын түсіндіргенде көрнекі түрде графиктердің абсцисса осі бойымен немесе ордината осі бойымен жылжуын көрсетуге болады. Төменгі сыныптарда анимация көмегімен есепте берілген ситуацияны көрнекі түрде модельдеп көрсетуге болады, т.с.с.

Оқушы алгебра, геометрия пәндері бойынша жаттықтырушы және оқыту бағдарламаларымен өз бетінше жұмыс істейді. Оқыту бағдарламалары (жаттықтырушы) әрбір оқушының материалды толық қабылдауын қамтамасыз етеді, себебі әрқайсысы өз қарқынында (өте маңызды) өз бетімен оқу материалы бойынша жылжып отырады.

Сабақта жаңа технологияларды қолдану арқылы оқушылардың білім деңгейін арттыру,шығармашылықпен жұмыс істей отырып, заман талабына сай іскер, жан-жақты, терең білімді, интеллектуалдық деңгейі жоғары дамыған шәкірт тәрбиелеу - басты талап.

Математика пәнінің ерекшелігіне қарай математика курсын толығымен компьютерлік негізінде ауыстыруға болмайды. Мысалы: аксиома, теорема, оларды дәлелдеулер жолымен оқушылардың абстрактылық ойлау қабілетін дамыту істері бұрынғы тәсілмен жүруі тиіс. Тек кейбір тақырыптар мен тарауларды оқып үйренуде ғана компьютерлік технологияға жүктеу керек.

Ұстаз үшін нәтижеге жету шәкіртінің білімді болуы ғана емес, білімді өздігінен алуы және алған білімдерін қажетіне қолдану болып табылады. Әрбір ұстаздың міндеті мектеп оқушыларын отан сүйгіштікке, ақыл-ойын жан-жақты дамытуға, ұмтылуға тәрбиелеу. «Қыран-түлегіне қайыспас қанат сыйлайды, ұстаз-шәкіртіне талап сыйлайды» деген халқымыздың қанатты сөзі ұстаз арқылы дарыған талаппен ұрпақтың алысқа ұшатынын меңзеген.

Бүгінгі бала – ертеңгі жаңа әлем. Бүгінгі күні ақпараттар ағымы өте көп. Ақпараттық ортада жұмыс жасау үшін кез келген педагог өз ойын жүйелі түрде жеткізе алатындай, коммуникативті және ақпараттық мәдениеті дамыған, интерактивтік тақтаны пайдалана алатын, Он-лайн режимінде жұмыс жасау әдістерін меңгерген мұғалім болуы тиіс. Оқушылардың жаңа тұрмысқа, жаңа оқуға, жаңа қатынастарға бейімделуі тиіс. Осы үрдіспен бәсекеге сай дамыған елдердің қатарына енуде ұстаздар қауымына зор міндеттер жүктелетінін ұмытпауымыз керек.

Ұстаз үшін нәтижеге жету шәкіртінің білімді болуы ғана емес, білімді өздігінен алуы және алған білімдерін қажетіне қолдану болып табылады. Бүгінгі бала – ертеңгі жаңа әлем. Бүгінгі күні ақпараттар ағымы өте көп. Ақпараттық ортада жұмыс жасау үшін кез келген педагог өз ойын жүйелі түрде жеткізе алатындай, коммуникативті және ақпараттық мәдениеті дамыған, интерактивтік тақтаны пайдалана алатын, Он-лайн режимінде жұмыс жасау әдістерін меңгерген мұғалім болуы тиіс. Заман талабына сай жаңа технология әдістерін үйрету, бағат-бағдар беруші – мұғалімдерміз. Оқушылардың жаңа тұрмысқа, жаңа оқуға, жаңа қатынастарға бейімделуі тиіс. Осы үрдіспен бәсекеге сай дамыған елдердің қатарына ену ұстаздар қауымына зор міндеттер жүктелетінін ұмытпауымыз керек.

Математика пәнін оқытуда жаңа ақпараттық технологияларды қолдану – сапалы білім негізі

Использование новых информационных технологий в преподавании математики – основа качественных знаний

Use of new information technologies in mathematics teaching is the basis of qualitative knowledge

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы
2. "Болашақтың іргесін бірге қалаймыз" Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы, 2011 жыл
3. Қазақстан Республикасы білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы
4. «Математика және физика » журналы №4, 2007 жыл

ГРНТИ 14.25.09

МАТЕМАТИКАНЫ ОҚЫТУ БАРЫСЫНДА САНДЫҚ ШЕШІМДЕРДІ ҚОЛДАНУ

КЕНЕСАРЫ А.Б., СЕЙТМҰРАТОВ А.Ж.
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті

Кіріспе

Қоғамдағы субъектілердің қызметі әрқашан алдыңғы буын құндылықтар жүйесінің принциптері мен идеалдарына негізделген. Құндылықтар ғасырлар бойы білім мен тәжірибе, мәдениет және дүниетаным негізінде қалыптасады. Құндылықтар жүйесі әмбебап және өзгеріссіз қалады деп саналады, бірақ олар қоғамдағы экономикалық, әлеуметтік өзгерістерге байланысты өзгертіледі. Демек, құндылықтардың өзгеруі орын алды және әрқашан болады. (Исмуханова және басқалар,, 2019)

Сыртқы динамикалық жағдайлар мен трансформациялық процестерге қарамастан, білім беру ғасырлар бойы қалыптасқан құндылықтарды келесі ұрпаққа беру арнасы болып қала береді. Білім беру процесінде тәрбиеге негізделген дүниетаным мен мәдени байыту қалыптасады. Осылайша, білім беру дағдылар мен құндылықтарды көбейту жүйесі ретінде интеллектуалды дамуға және жеке тұлғаны қалыптастыруға тікелей қатысады.

Өзара әрекеттесу арқылы оқыту, әлеуметтену және аккультурация процесі мектептегі білім беру кезінде жүреді. (Kohlberg & Hersh, 1977) Мектептегі білім берудің негізгі міндеттерінің бірі-білім мен дағдылар, құндылықтар негізінде олардың құзыреттерін дамыту арқылы балаларды болашаққа дайындау. (ЭЫДҰ, 2018) Мектепте құндылықтарды қалыптастыру құралы сабақ болып табылады. Сабақ барысында оқу тақырыбы аясында өмірлік жағдайлардың ағымдағы және болжамды өзгерістеріне сәйкес келетін қажетті дағдылар мен құндылықтарды қалыптастыруға назар аудару қажет.

Кейбір пәндік салаларда сабақты құру құндылықтар мен дағдыларды қалыптастыру үшін өзгерістерді оңай жасауға және енгізуге мүмкіндік береді. Дегенмен, енгізу және іске асыру үшін көп уақытты қажет ететін нақты мазмұны бар пәндік аймақтар бар. Сондықтан әр түрлі пәндердің мұғалімдері оқу процесінің тұтастығын сақтау үшін ынтымақтасуы керек. Бұл біртұтас тәсіл оқушылардың құзыреттілігін жетілдіруге мүмкіндік береді. Өз кезегінде құзыреттілік студенттерге проблемалар мен мәселелерді шешу үшін ғылымның әртүрлі салаларынан білімді біріктіруге мүмкіндік береді. Оқушылардың құзыреттілігін дамытудың негізгі құралдарының бірі-оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыруға бағытталған оқу іс-әрекеті.

Функционалдық сауаттылық жеке тұлғаны ағымдағы заманның өзгерістеріне байланысты туындауы мүмкін сын-қатерлеріне дұрыс жауап беруге үйретуге мүмкіндік беретін кешенді дағдыларды қалыптастыру құралы ретінде өз өзектілігін уақыт өтуімен сақтап қалып отыр. Қоғамдағы өзгерістер, технологиялардың дамуы "функционалдық сауаттылық" ұғымының эволюциясына тікелей әсер етеді. Қазіргі кездегі зерттеулерге сәйкес, функциолналды сауатты азамат деп, белгілі бір оңтайлы цифрлық шешімдерді қолдана отырып, өз қызметінің әртүрлі салаларындағы өмірлік міндеттерді жүзеге асыра алатын және келеңсіздіктерге қарсы тұра алатын тұлғаны қабылдауға болады болады. (Яндекс.Оқулық, Лурье, 2020)

Технологиялардың дамуы қазіргі қоғамды өзгертуде, қазір ең маңыздысы-өмір қызметін цифрландыру. (ЭЫДҰ, 2021Б) Әр түрлі онлайн-құралдар, веб - платформалар және мобильді қосымшалар күнделікті өмірге мықтап кірді. Олар қандай да бір іс-әрекеттердің орындалу уақытын оңтайландыруға, басқару процестерін автоматтандыруға мүмкіндік береді.

Қазіргі уақытта Интернетке бағытталған білім беру орталары дәстүрлі оқыту саласының салауатты бәсекелесі болып табылады. Мұндай жүйелер әлеуметтену мен оқытудың маңызды агентіне айналып отыр. (Яндекс.Оқулық, 2020).

Демек, цифрлық шешімдерді қолдана отырып, функционалдық сауаттылықты қалыптастырудың өзектілігі артып келеді.

Білім беру процесінде цифрлық шешімдерді қолдану функционалдық сауаттылықты арттыруға ғана емес, сонымен қатар "иллюзиялық дағдылардың" дамуына жол бермейді. Зерттеулер нәтижесі көрсеткендей, интернетте, атап айтқанда бейне форматында қол жетімді ақпараттың көп мөлшері адамдарда қагдай да бір сала бойынша жеткілікті білімі немесе тәжірибесі болмауына қарамастан, осы немесе басқа да әрекеттерді қалай орындау керектігін біледі деген сенімнің дамуына ықпал етіп отыр, (Toscani, 2020)

Иллюзиялық дағдыларға қарсы күрес барысында мектептегі оқытудың барлық пәндік салаларында ойластырылған және оңтайлы цифрлық шешімдерді қолдану қажеттілігінің өзектілігі артады.

Мұғалім оқу процесінде қолдана алатын сандық құралдар мен қызметтер әртүрлі мақсаттарға арналған болуы мүмкін. Мысалы, оқу-әдістемелік көрнекі материалдарды дайындау, тексеру тесттерін немесе сауалнамалар жасау, аудио, бейне және анимациялық роликтерді жазу, графикалық, музыкалық қосымшаларды, инфографиканы, модельдеу бағдарламаларын, қоршаған орта симуляторларын жасау, ғылыми жобалар немесе веб-квесттерде бірлескен онлайн-жұмысты ұйымдастыру және т.б. (Панюкова, 2020)

Негізгі ғылым ретінде математика мектептегі білім берудің барлық кезеңдерінде оқытылады. Осы пәндік салада функционалдық сауаттылықты қалыптастыру және дамыту аса маңызды және цифрлық шешімдерді қолдану зерттеу тақырыбының мазмұнына қайшы келмеуі тиіс. Оларды оқыту және өз бетімен оқу мүмкіндіктерін кеңейту мақсатында пайдалануға болады.

Әдіснама

Математика сабақтарында қолдануға болатын сандық құралдардың бай санаты бар. Математикалық пакеттер теңдеулердің шешілу барысын көрсетуге, графиктер мен диаграммаларды әзірлеуге, объектілер мен кеңістікті модельдеуге және басқаруға мүмкіндік береді. Мамандандырылған бағдарламалық жасақтама пакеттерін пайдалану қажеттілігі нақты процестер мен құбылыстарды барабар сипаттаудың маңыздылығымен анықталады. Осы пакеттерді дайындау кезінде математикалық есептеулер негізінде процесті модельдеуге мүмкіндік беретін теориялық және эксперименттік деректерді ескере отырып, ғылымның әртүрлі салаларындағы білім біріктіріледі. Мұндай модельдер оқушыға зерттеу тақырыбын тереңірек ұғынуға мүмкіндік береді.

Мамандандырылған математикалық пакеттер анықталған математиканың бағыты немесе тарауына байланысты функционалдылығында шектеулер болады. Осыған байланысты өнімдерді қолданудың саласы, мақсаты, жас ерекшеліктері әр түрлі болуы мүмкін.

Мысалы, **Derive** және **Livematch**, **Mathematica** немесе **MathCAD** математикалық пакеттері көптеген техникалық, ғылыми, инженерлік, математикалық және есептеу салаларында қолданылады. Мұндай бағдарламалар есептеулер жүргізу, функциялармен жұмыс істеу, графиктер құру және т.б. сервистерін ұсына алады. Оқу процесінде жоғары сыныптарда, колледждер мен университеттерде "Математика" пәні бойынша курстық және практикалық жұмыстарды орындау кезінде қолданылады. **Cabri Geometry** динамикалық пакеті орта мектепте немесе ЖОО геометрияны оқыту үшін және математик мамандардың ғылыми зерттеулері барысында геометриялық мағынасын айқындау құрады ретінде қолданылады.

Әдетте мамандандырылған бағдарламалық пакеттер мұғалімнің арнайы дайындығын қажет ететін өте күрделі жүйелер болып табылады. Алайда, мектептерде оқу процесінде қолдануға арналған қарапайым жүйелер де жеткілікті. Олар есептерді шешу, функцияларды құру, мысалдарды жаңа қырынан қарау кезінде оқушыларды ойын сәттерімен, көрнекілігімен сабақ процесіне назарын аудартып, баурап алуға көмектеседі.

Оларға **Geometry** заманауи геометриялық калькулятор секілді өнімдер кіреді. Құрал геометрия бойынша барлық дерлік мәселелер мен есептерді шешуге көмектесетін негізгі формулалар мен геометриялық теңдеулерді қамтиды. Мысалы, фигуралар мен денелердің негізгі геометриялық параметрлерін тез және ыңғайлы есептеуге мүмкіндік береді. Қажетті ізделінді мәндерді анықтау барысында , пайдаланушыға арналған кеңестер жүйесі мен қамтамасыз етілген, есептеулердің математикалық және геометриялық мағынасы болуы үшін қандай деректерді енгізу керектігін көрсетеді. **Geometry** оқушыларға, студенттерге, мұғалімдерге, ғалымдарға, инженерлерге, техниктерге және геометрияға қызығушылық танытатын тұлғалар үшін пайдалы бола алады.

Geogebra Graphing Calculator-бұл көптеген құралдар жиынтығымен және қарапайым интерфейсімен ерекшеленетін функциялармен атқарылатын жұмыстарды жүзеге асыруға мүмкіндік беретін смартфон қосымшасы.

Photomath сервисі баспаға шығарылған түсірілген фотография бойынша теңдеулерді тани алады және оны шешу қадамдарын кезең-кезеңімен ұсына алады, Сонымен қатар, өрнектерді қысқарту, функцияның графигін салу секілді қызмет түрлерін атқаруға мүмкіндік береді.

Пифагория-математикалық заңдарға негізделген математикалық ойындарды ойнауға арналған сервис, фигуралар салу, есептеулер жүргізу мүмкіндігі. Ойын барысынгда геометриялық фигураларды салу үшін заңдалықтар мен қатар әрбір фигранаың өзіндік ерекшеліктерн ескеру қажет. Сол себепті ол пайдаланушыларға өздері үшін белгілі геометриялық фигураларға тосыннан қарап, басқаша сипатын ашуға жағдай туғызады.

Euclidea-ойын түріндегі интерактивті геометрия есептерінің жинағы.

Geogebra Classic-телефон экранындағы геометриялық құрылыстарды визуализациялауға арналған қосымша. Қолданбада дәптердегі қолмен сызбаға қарағанда біркелкі тік бұрыш салу және барлық бірдей бұрыштар мен жақтарды байқау оңайырақ. Қосымша қарапайым және күрделі мәселелерді шешуде және жобалауда оқушыларға көмектесуге жарамды.

MalMath-бұл Android платформасына арналған мобильді қосымша, математикалық есептерді шешуің қадамдық сипаттамасы және алынған нәтиженің графикалық бейнесін түрғыза алады. Әртүрлі категориялар мен қиындық деңгейлеріндегі кездейсоқ математикалық есептерді жасауға мүмкіндік беруі өзін-өзі оқыту үшін пайдалануға тиімді. Алынған шешімдерді, сызбаларды сақтауға мүмкінгімен қатар оларды тіркеме файл ретінде бөлісуге қарастырылған.

Advanced Grapher-полярлық және декарттық координаттарда графиктер тұрғызуға мүмкіндік беретін көптеген параметрлері мен функциялары бар бағдарламалық кешен. Мәндердің берілу ерекшелкітеріне қарай, мысалы формула түрінде немесе кесте түрінде, графиктерді тұрғызу мүмкіндігіне ие. Күрделі есептерді шешу үшін қажет ақпараттармен жабдықталған, қарапайым және күрделі графиктердің мысалдары берілген, жоғары сыныптарды оқыту барысында қолдану үшін қолайлы.

Математиканы оқу процесінде бағдарламалық өнімдерді пайдалану оқушылардың цифрлық дағдылары мен зерттеу әрекеттерін дамытуға мүмкіндік береді. Мамандандырылған бағдарламалық жасақтама пакеттерінен басқа әмбебап қосымшалардың кең класы бар. Мұндай өнімдер әртүрлі салаларда қолдануға болатындығымен ерекшеленеді. Мысалы, интерактивті және ментальді карталар, онлайн тақталар, білім беру порталдары мен сайттар, білім беру арналары, ашық ресурстар.

Ментальді карталар арқылы ақпаратты визуализациялау және қысқарту жүезеге асады. Осының негізінде бүтін кешеннің жеке құрамдас бөліктері арасындағы қарым-қатынасты зерделеу және түсінуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, карталарды нақты уақыт режимінде идеялар мен тұжырымдамалармен алмасу ортасы ретінде пайдалануға болады. Сабақ барысында олар зерттелген тақырыпты бекіту кезеңі үшін де, жаңа тақырыпты анықтау кезеңінде миға шабуыл үшін де пайдалы болуы мүмкін. Шешімдердің көпшілігі веб-негізделген және толық сервистерін пайдалану үшін алдын-ала тіркелуді талап етеді.

Кейбір онлайн ментальді карта жасау құралдары: **Mindmeister**-концептуальды карталарды кез келген оқушылармен немесе әріптестермен бөлісуге, олармен нақты уақытта ынтымақтасуға мүмкіндік береді. Топ мүшелеріне тақырыптарға түсініктеме беруге, идеяларға дауыс беруге немесе кіріктірілген чаттағы өзгерістерді талқылауға мүмкіндік береді. Сондай-ақ, кіріктірілген презентация режимінің ерекшелігі ментальді карталарды динамикалық слайд-шоуларға түрлендіруге, презентацияны сайтқа енгізуге немесе оны әріптестеріңізге нақты уақыт режимінде таратуға мүмкіндік береді. **Coggle**-күрделі ақпаратты бөлісуге арналған құрал, drag and drop әдісін қолдану мүмкіндігі бар бірлескен жұмыс режимін қолдайды, Сонымен қатар жеке жұмыс кеңістігін құруды, тіпті топтық жұмыс режимінде де қолдайды. **Xmind** қызметі компьютер мен мобильді құрылғыларға арналған адаптивті шешім, байланыс карталарын құруға және күрделі идеялар немесе оқиғалар арасындағы себеп-салдарлық бағынышьылықты анықтау үшін ақпаратты визуализациялауға мүмкіндік береді. Салыстырмалы талдау, графиктерді кезеңдер немесе хронологиялық тәртіпте орналастыруға болады.

Өз кезегінде, интерактивті тақталар әр түрлі көздерден әр түрлі мазмұндағы деректерді бір жазықтықта орналастыруға мүмкіндік береді. Ресурс қандай да бір сұраққа толыққанды кеңейтілген жауап алу қажеттігі туындағанда өте тиімді. Мысалы, мәселені шешу барысын немесе графиктің дәлелдерін ұсыну және т. б. мұғалім берілген ақпаратты бақылауға және лездік кері байланыс беруге мүмкіндік алады.

Ең көп таралған онлайн тақталар: **Padlet**-командалық өзара әрекеттесуге және қажетті мазмұнды орналастыруға арналған виртуалды интерактивті тақта. Ол оқу аудиториясымен нақты уақыт режимінде қарым-қатынас жасауға және орналасырылған ақпаратқа байланысты түсініктемелер жасауға мүмкіндік береді. **Popplet**-бұл топтың бірлескен жұмысының виртуалды беті. Сервис жұмыс барысына қажетті ақпарат формасын құруға және ұжымдық толтыруға арналған, мазмұнда мультимедиялық жазбалардың (мәтін, графика, бейне, фото). болуына қолдау көрсете алады. Жұмысты графикалық файл немесе PDF құжаты форматында тасымалдаушыда сақтауға болады. Бұл құралмен жұмыс істеу ақпаратты түсінуді және есте сақтауды жеңілдетеді. **FlockDraw**-бірлескен сурет салу және виртуалды тақтамен жұмыс істеу құралы. Виртуалды жұмыс бөлмесінде шексіз адамдардың қатысуымен нақты уақыт режимінде сызбаларды жаңартуды қолдайды. Тақтаға орналастырылған мәтін, түстер мен пішіндерді өзгертуге болады.

Интерактивті карталарды кестелер, графиктер салу үшін пайдалануға болады. Көп жағдайда мұндай ресурстар уақыт карталары мен шкалаларын ұйымдастыру үшін пайдаланылады. Уақыт картасында оқу процесінде жүзеге асырылуы тиіс іс-шаралар қажетті хронологияда горизонталь форматта ұсынылады. Нәтижесінде оқушылар орындалуы тіс іс-әрекетерінің шектік мерзімін визуалды көре алады. Ақпаратты барлық білім алушылар үшін қолжетімді болуын ұйымдастыру жеңіл. Уақыт шкаласын әзірлеу үшін қарапайм кестелер пайдаланылады.

Интерактивті карта жасау құралдары: **TimelineJS** құралы интерактивті уақыт шкалаларын жасауға мүмкіндік береді. Жаңадан бастаған пайдаланушылар үшін картаны жасау үшін Google электрондық кестесін пайдалану ұсынылады, озық пайдаланушылар **TimelineJS** қолданбасын пайдалана алады. Ақпаратты әртүрлі көздерден жүктеу мүмкіндігін қолдайды. **Preceden**-кәсіби графика, уақыт шкаласы, жол карталары және жоба жоспарларын құруға арналған интуитивті веб-интерфейс бар құрал. Уақыт шкаласын құруға және нәтижені бөлісуге болады және картаны экспорттау қарастырылған. Жасалған материалды PDF форматында немесе кескін түрінде сақтау, графикті басқалармен бөлісу, оның URL мекенжайын пайдаланып, кез-келген сайтқа графикті енгізу мүмкіндігі бар. **Timetoast**-өткен және болашақ үшін уақыт кестесін құрастыру құралы. Материалды көлденең форматта да, тізім режимінде де ұсыну. Кез келген құрылғыда жұмыс істейді және нақты уақыт режимінде жаңартылады..

Қосымшалар мен мамандандырылған бағдарламалық жасақтама пакеттері орнатуды және мерзімді жаңартып отыруды қажет етеді, Бұл үшін тұтынушылық ресурстардың қосымша шарттары қажет. Осы секілді проблемаларға уақыт жоғалтпаудың бірден-бір жолы білім беру платформаларын, порталдар мен сайттарды қолдану. "Білім беру платформасы "(Learning Platform)," оқытуға арналған онлайн-платформа. "Білім беру порталы " – бұл платформа серверінде орталықтандырылған оқу ресурстарының кешені. Мұғалімдерге, оқушыларға, ата-аналарға білім беру сапасын жақсарту және қолдау үшін ақпарат, құралдар мен ресурстар кешешін ұсынатын интерактивті онлайн қызметтер жиынтығын қамтиды. Бұл Интернет арқылы оқытуды қамтамасыз ететін жан-жақты, қарапайым және интуитивті жүйе.

Білім беру платформалары бірқатар қызметтерді ұсынады:

- оқу материалын құру және модификациялау модулі (мазмұндық бөлік);

мазмұн бойынша іздеу құралдары; (фильтрлер, сұраныстарды өңдеу құралдары)

- мазмұнды және оқытуды басқару; (теория, өзін-өзі тексеру құралдары, қорытынды бақылау жұмыстары)
- қашықтықтан және аралас оқытуды ұйымдастыру бойынша қоғамдастықтарды қолдау ортасы; (форумдар, чаттар)
- есеп беру және оқу процесінің барысын талдау құралдары. (сандық талдау көрсеткіштері)

Нәтижелер және қорытынды

Білім беру үдерісінде цифрлық шешімдерді қолдану оқыту процесін өзгертуге, дербес білім алушыға бағдарланған оқыту моделін іске асыруға, оқушылардың өзін-өзі даярлауын сүйемелдеуге және жетілдіруге мүмкіндік береді. Сондай-ақ оқушылардың танымдық белсенділігін арттыруға, оқуға деген ынтасын және оқу материалын меңгеру деңгейін арттыруға көмектеседі.

Зерттеу барысында білім алушыларға сандық шешімдерді оқу процесінде пайдаланудың кейбір аспектілерін анықтау бойынша сауалнама жүргізілді. Сауалнамаға 512 білім алушы респондент ретінде қатысты. Сауалнама зерттеу жұмыстарына қойылатын талап-ережелерге сәйкес құпиялылық пен еріктілік принциптеріне сай жүргізілді.

Сауалнама нәтижелерін талдай келе келесі мәселелер айқындалды. (Диаграмма 1) Оқу процесінде қандай да бір сандық шешімдерді пайдаланатын білім алушалардың пайыздық үлесі 72%. Респонденттердің 70%-ға жуығы сандық ресурстардың көмегімен өткізілген сабақтардың өздері үшін қызықты екенін корсеткен және 80%-ы сандық ресуртардың өз оқуына оң әсер ететін байқаған. Білім алушылардың 87%-ы үшін сандық ресурстың баяндалу тілінің маңыздылығы басым.

Осы орайда ана тілінде сандық мазмұн және сандық білім беру ортасын қалыптастыру және жітлдіру қажеттілігінің өзектілігі арта түседі. Мақала барысында сипаттталған сандық ресурстардың барлығының дерлік үлкен кемшілігі қазақ тілінде қызмет ұсына алмауы екені айқын. Бұл тұста академиялық білім беру барысында түміндірілетін арнайы терминдердің өзгетілдердегі интерпретациясының өзі білім алушылар үшін күрделі болары хақ.



Диаграмма 1. Респонденттер жауабының графикалық көрінісі

Өз сабақтарында сандық шешімдерді қолданылатын мұғалім оқушылармен орындалатын іс-әеркеттерді ғана жетілдіріп қоймай, өзінің кәсіби шеберлігі мен цифрлық дағдыларын арттырады. Динамикалық өзгеретін әлем жүйесінде біліктілікке қойылатын талаптар күн сайын артып келеді. Дұрыс таңдалған сандық ресурстар мұғалімге білім беру мазмұнынының сапалы болуына қол жеткізуге көмектеседі, Осылайша өз саласында бәсекеге қабілетті болып қалатынына сенімділігі артады.

Математика пәнінің мектепте оқытылуын бақылау барысында анықталған мәселелер:

- оқыту барысында сандық шешімдерді пайдалануға талпыныс бар;
- сандық шешімдердің басым бөлігі орыс немесе ағылшын тілінде қолданылуда;
- мұғалімдер өз тәжірибеленде арнайы маманджандырылған жүйелерлі қолдауға ұмтылады;
- пәнді оқытудың дилдактикалық көрнекілігі назардан тыс қалып жатыр;
- оқытушылар мен оқушылар түрлі сандық шешімдерді пайдалануды өз бетінше үйренуге мәжбүр;
- тілдік дағдылармен қатар, академиялық білімі төмен оқушылар үшін сандық шешімдерді тиімді пайдалануды ұйымдастыруға қажетті педагогикалық іс-шаралар кешенін ойластуры қажет.

Сипатталған сандық ресурстардың кең спектрі оларды сабақ процесінде қолдану қажеттілігін дәлелдейді, Дидактикалық тұрғыдан қандай құралдарды біріктіру керектігін және оларды оқыту мен сабақтың мақсаттарына қалай бейімдеу керектігін ойластыру керек.

Математиканы оқыту барысында сандық шешімдерді қолдану

Андатпа

Жұмыста математика сабақтарында цифрлық ресурстарды қолдану мүмкіндіктері сипатталған. Сондай-ақ математиканы оқытуға арналған арнайы цифрлық ресурстарға шолу жасалады. Сонымен қатар мұғалімге білім беру процесін әртараптандыруға көмектесетін сандық технологиялардың кең ауқымы ұсынылған. Жүргізілген теориялық талдау және бақылау сабақтары цифрлық шешімдерді қолдану математиканы оқытудағы көзқарасты өзгерту, сол арқылы пәнді оқуға деген ынтаны арттыруға мүмкіндік береді деп айтуға мүмкіндік береді. Жаңа ақпараттық-коммуникациялық білім беру жүйелерін қолдану оқушылардың өзін-өзі оқыту және өзін-өзі түзету қабілетін дамытады.

Кілт сөздер: білім беруді цифрландыру, сандық ресуртар, математикалық пакеттер, оқытудың сандық шешімдері.

Использование цифровых решений в обучении математике

Аннотация

В работе описаны возможности применения цифровых ресурсов на уроках математики. Также представлен обзор специфичных цифровых ресурсов для обучения математике. Кроме этого представлен широкий круг цифровых технологий которые помогут учителю разнообразить образовательный процесс. Проведенные теоретический анализ и уроки наблюдения позволяют сказать, что применение цифровых решений изменять подход в обучении математике, тем самым позволять повысить мотивацию к изучению предмета. Применение новых информационно-коммуникационных образовательных систем развивают способность учащихся к самообучению и самокоррекции.

Ключевые слова: цифровизация образования, цифроввые ресурсы, математические пакеты, цифровые решения в обучении.

Using digital solutions in teaching mathematics

Annotation

The paper describes the possibilities of using digital resources in mathematics lessons. An overview of specific digital resources for teaching mathematics also presented. In addition, a wide range of digital technologies presented that will help the teacher diversify the educational process. The conducted theoretical analysis and observation lessons allow us to say that the use of digital solutions will change the approach in teaching mathematics, thereby increasing motivation to study the subject. The use of new information and communication educational systems develops the ability of students to self-study and self-correction

Keywords: digitalization of education, digital resources, mathematical packages, digital solutions in education.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Lawrence Kohlberg & Richard H.Hersh (1977) Moral development: A review of the theory, Theory into Practice, 16:2, 23-59, DOI: 10/1080/004058477-9542675
2. OECD (2021b), 21st-Century Readers:Developing Literacy Skills in a Digital World, PISA. OECD Publiching, Paris, Retrieved from https://doi.org/10/1787/a83d84cb-en.
3. Toscani G (2020). A New Threat to the Digital Age, Functional Illiterates Will Never See the Whole Picture, February 10, 2020. Retrieved from: https://guiliotoscani.medium.com/a-new-threat-to -the-digital-age-functional-illeterates-will-never-see-the-whole-picture-c0ff6d4c6a0c
4. Исмуханова Г., Шарипова Д., Туреханова Б., Ракишева Б., Насимова Г., Ермаханова С., Гуревич Л. (2019) Ценности казахстанского общества в социологическом измерении. Фонд имени Фридриха Эберта, Правительство в Казахстане.
5. ОЭСР (2018). Проект ОЭСР «Будущее образования и навыков: Образование - 2030». Сборник материалов по итогам 6-ой неофициальной встречи.- Астана? АОО «Назарбаев Интеллектуальные школы», 2018

6. Панюкова С.В. Цифровые инструменты и сервисы в работе педагога. Учебно-методическое пособие. – М,: Изд-во «Про-Пресс», 2020. – 33 с.
7. Яндекс.Учебник (2020) Формирование функциональной грамотности с помощью цифровых инструментов: как это делать, 23 июн. 2020 г. Retrievedfrom: https://teacher.yandex/ru/posts/formirovanie-funktsionalnoy-gramotnosti-s-pomoschyu-tsifrovykh-instrumentov-kak-eto-delat

ГРНТИ 14.25.09

ВИРТУАЛДЫ ЛАБОРАТОРИЯНЫ ФИЗИКА ПӘНІНДЕ ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ

КЕНЕСОВА МАЛИКА ЕРБОЛАТОВНА
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті

Белсенді оқыту үдерісінде пайдаланылуы мүмкін мультимедиялық жүйелер соңғы кезде жоғары сұранысқа ие. Осындай оқыту жүйесіне виртуальды зертханалар мысал бола алады. Олар шынайы өмірдегі нысандарды компьютерлік білім беру ортасына моделдеу арқылы физика, химия, биология сынды ғылыми-жаратылыстану пәндерінде жаңа білім мен дағдыны игеруге көмектеседі. Оқушылар виртуалды зертхананың көмегімен шынайы зертханада орындау қауіпті немесе қолжетімсіз болуы мүмкін тәжірибелерді орындай алады.

Физиканы оқытуда эксперименттік әдіс өте маңызды рөл атқарады. Оны пайдаланбай, негізгі білімді толық игеруге қол жеткізу, әсіресе физика саласында пәндік құзіреттіліктерді қалыптастыру мүмкін емес [1].

Қазіргі кезде оқушының сөйлеу, талдау, салыстыру, логикалық ойлауын көтеру, шығармашылық қабілетін дамыту, алған білімін практикада қолдана білуге баулу, әртүрлі ғылыми әдебиеттерді пайдаланып, өзінің білімін тереңдетуге үйрету мәселелеріне айрықша мән берілуде. Себебі мемлекеттік стандартта орта білім беретін мектептерде әрбір шәкіртті жеке тұлға деп санап, оларды өз жас ерекшеліктеріне, мүдделеріне сай оқыту мен тәрбиелеудің әртүрлі әдістерін қолдану керектігі көзделген. Бұл жағдайда жаңа оқыту технологиясын енгізуді, оқушыларды өз бетінше білім алуға, өзін-өзі дамытуға, өз ойын толық айтуға, ұйымдастыруға үйрету мәселелеріне көп көңіл бөлуді талап етеді. Осыған орай оқу-тәрбие үрдісін жетілдірудің қазіргі технологияларын жетілдіріп, мектепте сабақ беруде қолдану арқылы білім сапасын жақсартуға болатындығына басым бағыт берілуде. Осы міндеттерді атқару жолында басқа пәндермен қатар физика пәнінің атқаратын рөлі де зор болмақ. Себебі физика жаратылыстану ғылымдарының тірегі, ал оның зерттеу әдістері қазіргі заманғы ғылыми танымның тұғыры. Дегенмен, қазіргі уақытта орта мектептегі оқушылардың физика пәніне деген қызығушылығын және оны оқыту сапасын қалай арттыруға болады деген сұрақ туады. Менің ойымша, бұл тығырықтан шығудың бірден-бір жолы физиканың оқыту әдістемесінің ең тиімді, ұтымды тәсілдерін таңдап, іріктеу және оны іс-әрекеттік тұрғыда жетілдіру арқылы оқушының білім жетістіктерін арттыруға болады. Мұнда оқушының әрекеті технологияны қабылдауы, ынтасы, құштарлығына көңіл бөлінуі тиіс. Физика сабағында оқушылардың оқу біліктілігімен қатар ойлауы, іс-әрекеті, өзара қарым-қатынасы және өзінің сана-сезімі дамып, қарапайым ойлау операциялары және шығармашылық іс-әрекеті қалыптасады [2].

Жай сауаттылық – адамның оқу, түсіну, қысқа мәтіндерді құру және қарапайым арифметикалық әрекеттерді орындауы. Функционалдық сауаттылық – адамның сыртқы ортамен қарым - қатынасқа түсе алу қабілеті және сол ортаға барынша тез бейімделе алуы мен қарым - қатынас жасай алу деңгейінің көрсеткіші. Олай болса, функционалдық сауаттылық тұлғаның белгілі бір мәдени ортада өмір сүруі үшін қажетті деп саналатын және оның әлеуметтік қарым - қатынас жасауын қамтамасыз ететін білім, білік, дағдылардың жиынтығынан құралады. Ал кең мағынасында ол тек білік пен білімділік әлеміне барудың жолы ғана емес, ол – ұлттың, елдің немесе жеке адамдар тобының мәдени және әлеуметтік дамуының өлшемі. Осындай сапалық сипаты тұрғысынан қарағанда функционалдық сауаттылық жеке адамды дамытудың тетігі ретінде қолданылады. Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығы дегеніміз – оқушының пәнді терең түсіну қабілетін дамыту, алған білімін сыныптан тыс жерде, кез келген жағдайда тиімді пайдалана білуін қамтамасыз ету. Егер осы шарттар бастауыш сыныпта орындалғанда оқушының функционалдық сауаттылығы қалыптасады.

Оқушылардың функционалдық дағдылары мектеп қабырғасында қалыптасады. Қазіргі тез өзгермелі әлемде функционалдық сауаттылық – оқушының әлеуметтік мәдени, саяси және экономикалық қызметтерге белсенді қатысуына, сондай - ақ өмір бойы білім алуына ықпал ететін базалық фактор болып табылады.

Физика пәнінде функционалдық сауаттылықты қалыптастыруда зертханалық жұмыстар мен эксперименттер жасау өте маңызды роль атқарады. Жаңа тақырыпты түсіндіруде демонстрациялық эксперимент көрсету тақырыптың өмірмен байланысын, әлемнің физикалық бейнесін көрсетуде маңызды болып саналады.

Мектеп жағдайында таным үдерісінің алғашқы баспалдақтары көрнекті оқыту арқылы жүзеге асады. Мұғалім оқу үдерісінде оқушылардың таным әрекетін ұйымдастырады, ақпарат көзі рөлін атқарады, оқушы әрекетінің көзге көрінетін нәтижелерін бақылап, бағалайды, оқушыларды тәрбиелей отырып оқытады. Дұрыс ұйымдастырылған білімдік таным барысында мұғалім оқушыларға сабақта өтіліп отырған физикалық құбылысты немесе нысанды сезім арқылы қабылдау мүмкіндігін бере білуге міндетті. Физика оқулығындағы иллюстрациялар өтіліп отырған құбылыстың динамикасын көрсете алмайды, көп жағдайда құбылыстар мен үдерістердің өздерін сыныпта көрсету немесе жасауға мүмкіндігі болмайды.

Мысалы, кейбір құбылыстар мен тәжірибелерді мектеп зертханасының көлемінде түсіндіру мүмкін емес. Оның үстіне құрал-жабдықтар да жетіспейді, ал күрделі эксперимент жасауға қажетті қондырғылар өте қымбат тұрады.

Сондай-ақ қазіргі уақытта мектептердегі құрал-жабдықтардың тізімінен денсаулыққа зиянды әсер ететін, құрамында сынап бар аспаптар алынып тасталды, сол секілді электрондық сәуле шоғырының қасиетін көрсетуге арналған катодтық түтікшелер мен қуатты рентген түтігін және т.б. қолдануға да тыйым салынды.

Сонымен бірге, мектеп физикасында оқушы қабылдауына қиын (немесе түсініксіз) құбылыстар да көптеп кездеседі.

Олардың қатарында:

- ғарыштықжәнемикроәлемдікмасштабтағықұбылыстар;
- өте тез немесеөтебаяужылдамдықтаөтетінүдерістер;

мектепжағдайындатиістіпараметрлерінеқолжеткізумүмкінемесқұбылыстаржатады [3].

Физиканы оқыту үрдісіне демонстрациялық эксперименттерді енгізу теория мен практиканы байланыстырушы элемент ретінде қарастырылады. Оларды орындау оқушылардың эксперименттік және практикалық ебдейліктері мен дағдыларын қалыптастыруға көмектеседі. Сонымен қатар, оқушылардың танымдық қабілеттерін, әрі белсенділігі мен өз бетімен жұмыс істеу дағдысын дамытады. Алайда кез келген сабақты жүргізуде бұл мақсаттар орындала бермейді. Егер оқушылар мұғалімнің толық, нақты түсіндіруінен кейін, тек көрсетілген іс-қимылдарды қайталайтын болса, оларда қарапайым ебдейліктер мен дағдылар қалыптасады. Мысалы, зертханалық жұмысты өткізу барысында оқушылар электршамынан өтетін ток күшін есептейтін электр сызбасын мұғалім демонстрациялық үстелде көрсетіп бергендей жинайды, олар біршама икемдіктер мен дағдылар алады, бірақ жалпылама сипаттағы ебдейліктер қалыптаспайды және өздері әрекет етуге үйренбейді. Мұғалім зертханалық жұмысты өткізу әдістемесін мұқият талқылап, оқушыларға оны өз бетінше және ықыласпен орындауға мүмкіндік беруі керек, тек сонда ғана ол оқушылардың таным қабілеттерінің дамуына мүмкіндік туғыза алады. Сондықтан жоғарыда аталған кемшіліктер орыналмауы үшін, оқушылардың берілген нұсқаумен өз бетінше, дұрыс жұмыс істей алуы, құралдардың төлқұжаты бойынша оның қалыпты жұмыс тәртібін анықтай алуы, өзінің жұмыс орнын дұрыс пайдалануы, оқу тапсырмасы бойынша жұмысты ыңғайлы жоспарлауы, қойылған мәселені тиімді жолмен шешуі, орындалған тәжірибелердің нәтижелерін дұрыс жазуы және оны түсіндіруі, қорытындылауы – жұмыс дұрыс ұйымдастырылғанда мүмкінболады [4].

Виртуалды эксперименттер дәстүрлі эксперименттерді толықтай жоққа шығармайды, тек оны толықтырады.Дәстүрлі зертханалармен салыстырғанда виртуалды зертханалардың бірнеше артықшылығы бар. Біріншіден, қымбат тұратын жабдық пен қауіпті радиоактивті материалдарды сатып алудың қажеті жоқ. Мысалы, кванттық немесе атомдық немесе ядролық физикадағы зертханалық жұмыс үшін арнайы жабдықталған зертханалар қажет. Виртуалды зертханалық жұмыс фотоэлектрлік эффект, Резерфордтың альфа-бөлшектердің шашырау тәжірибесі, кристалдық тор периодын электрон дифракциясы арқылы анықтау, газ заңдарын, ядролық реакторларды зерттеу сияқты құбылыстарды зерттеуге мүмкіндік береді.

Екіншіден, зертханалық жағдайда жасау қиын процестерді имитациялауға болады. Атап айтқанда, молекулалық физика мен термодинамика бойынша классикалық зертханалық жұмыстардың көп бөлігі тұйық жүйелер болып табылады, олардың шығуында электрлік шамалардың белгілі бір жиынтығы өлшенеді, одан электродинамика мен термодинамиканың теңдеулерін қолданып қажетті шамалар есептеледі. Тәжірибеде болып жатқан барлық молекулалық кинетикалық және термодинамикалық процестер бақылау үшін қол жетімсіз болып қалады. Физиканың осы салалары бойынша виртуалды зертханалық жұмыстарды орындау барысында оқушылар анимациялық модельдерді қолдана отырып, зерттелетін физикалық және химиялық құбылыстар мен процестердің нақты экспериментте бақылауға қолайсыз динамикалық иллюстрацияларын байқай алады.

Үшіншіден, виртуалды зертханалық жұмыс дәстүрлі зертханалық жұмыспен салыстырғанда физикалық немесе химиялық процестерді көрнекі түрде бейнелейді. Мысалы, электр тогын жасайтын зарядталған бөлшектердің қозғалысы немесе p-n қосылысының жұмыс істеу принципі сияқты физикалық процестерді толығырақ және визуалды түрде зерттеу мүмкін болады. Сіз сондай-ақ секундтың бір бөлігінде болатын немесе бірнеше жылға созылатын процестерге ене аласыз, мысалы, орталық дененің гравитациялық өрісіндегі планеталардың қозғалысын зерттеу.

Дәстүрлі зертханаларға қарағанда виртуалды зертханалардың тағы бір артықшылығы - қауіпсіздік. Атап айтқанда, виртуалды зертханалық жұмыстарды жоғары кернеулі немесе қауіпті химиялық заттармен жұмыс жасайтын жағдайларда қолдану.

Алайда виртуалды зертханалардың кемшіліктері де бар. Ең бастысы - зерттеу объектісімен, құралдармен, жабдықтармен тікелей байланыстың болмауы.

Техникалық нысанды тек компьютер экранында көрген адам маман болып шығуы мүлдем мүмкін емес. Немесе бұрын тек компьютерде тәжірибе жасайтын хирургқа баруға дайын адамдар болуы мүмкін емес. Сондықтан дәстүрлі және виртуалды зертханалық жұмыстарды олардың артықшылықтары мен кемшіліктерін ескере отырып, оқу үдерісіне енгізуді үйлестіру ең ақылға қонымды шешім болып табылады [5].

Қорытындылай келе айтарым, мұғалімнің балалармен жұмысы күрделі әрі үздіксіз процесс. Сол себепті педагог заман талабына сай барлық салада өзін үнемі жетілдіріп отыруы керек. Әсіресе, АКТ-ны тиімді пайдалану виртуалды эксперименттерді жүргізу кезінде құбылыстың моделін түсіну үшін, процесс кезіндегі кейбір параметрлерді өзгерте отырып, өзара тәуелділіктерді анықтау үшін көп көмегін тигізеді.

Физика пәнінде виртуалды зертханаларды пайдалану, тек тақта мен борға, ескірген, істен шыққан немесе мүлдем жетіспейтін құрал-жабдықтарға сүйенуге қарағанда әлдеқайда тиімдірек. Уақыт үнемдеумен қатар көптеген артықшылықтары жоғарыда айтылған болатын. Астын сызып тұрып айтатын бір факт: «Виртуалды зертхана шынайы тәжірибелердің алмастырушысы емес, оны толықтырушы».

Фунционалдық сауаттылық қай кезде болмасын, заман талабы болып қала бермек. Сол үшін оқушыларға теориялық біліммен қатар алған білімін практика жүзінде қолдана білуді үйрету өте маңызды. Ол үшін педагог қазіргі педагогика жетістіктерінің барлық тиімді әдіс-тәсілдерін өз сабағында пайдалану керек. Қазіргі таңда оқушыларға экспериментті виртуалды түрде жасап көрсету, өздеріне жасату «Жоқтан бар жасау» сынды алмастырушы рөлінде десек те болады. Альфа ұрпақтарға білім берудің салмағы да жеңіл болмағандықтан, біз де өзімізді үнемі жетілдіріп отыруымыз қажет.

Виртуалды лабораторияны физика пәнінде қолдану арқылы оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру

Аңдатпа

Оқушылардың функционалдық сауаттылықтарын қалыптастыру – қазіргі оқу үдерісінің басты талабы болып отыр. Себебі бәсекеге қабілетті оқушы өз тәжірибесінде алған теориялық білімін пайдалануы қажет. Яғни, білім алушыларға өз пәні бойынша жан-жақты, өміршең әрі пайдалы білім беруге ұмтылуы керек. Осы орайда эксперименттік ғылым болып саналатын физика пәнінде виртуалды зертхананы қолданудың маңызы зор.

Кілт сөздер: функционалдық сауаттылық, виртуалды зертхана, виртуалды эксперимент, АКТ, физика мұғалімі.

Повышение функциональной грамотности студентов с использованием виртуальной лаборатории по предмету физика

Аннотация

Формирование функциональной грамотности учащихся – главное требование современного учебного процесса. Потому что конкурентоспособный ученик должен использовать теоретические знания, полученные в его практике. То есть обучающиеся должны стремиться предоставить всесторонние, жизнеспособные и полезные знания по своему предмету. В этом большое значение имеет использование виртуальной лаборатории в физике, которая считается экспериментальной наукой.

Ключевые слова: функциональная грамотность, виртуальная лаборатория, виртуальный эксперимент. ИКТ, учитель физики.

Increasing the functional literacy of students by using a virtual laboratory in the subject of physics

Annotation

The formation of functional literacyofstudents is the main requirement of the modern educational process. Since a competitive student must follow innovations in his practice. That is, it is necessary to strive to give students comprehensive, viable and useful knowledge on their subject. In this regard, it is important to use a virtual laboratory in physics, which is an experimental science.

Keywords: functional literacy, virtual laboratory, virtual experiment, ICT, physics teacher.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Копишев Э. Е., Ниязова Г. Б., Мнанова Г. О. Мектептегі орта білім үшін виртуалды химиялық зертхана әзірлеу

2. Г.М.Ерғалиева, Қ.Н.Жұмаділлаев «Физика есептерін шығару әдістемесі» Алматы, 2007

3. Ә.Б.Түркменбаев «Физиканы оқыту үдерісіне ақпараттық технологияларды қолдану»

4. А.Қ.Ершина, Н.А.Сәндібаева «Оқу экспериментін ұйымдастыру және зертханалық жұмыстар» Алматы, 2010ж.

5. М.Құдайқұлов, Қ.Жаңабергенов «Орта мектепте физиканы оқыту әдістемесі» Алматы, «Рауан», 1998

ГРНТИ 27.01.45

MATHEMATICA ЖҮЙЕСІН ПАЙДАЛАНУ АРҚЫЛЫ МАТЕМАТИКАНЫ ОҚЫТУДА СТУДЕНТТЕРДІҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ДЕРБЕСТІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

КОЖАБЕКОВА АЙГУЛЬ АБДУКАДЫРОВНА
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда Университеті, Жаратылыстану институты, «Физика және математика» кафедрасының магистранты, Қызылорда, Қазақстан
ИБРАЕВ ШЕРАЛЫ ШАПАТАЙҰЛЫ
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда Университетінің қауымдастырылған профессоры, ф.-м.ғ.к., Қызылорда, Қазақстан

1 Кіріспе (Introduction).

Американдық компания Wolfram Research Inc. әзірлеген компьютерлік алгебра жүйесі Mathematica ең кең таралған бағдарламалық құрал болып табылады. Mathematica жүйесі сандық және символдық есептеулерді тиімді орындауға жетілдірілген екіөлшемді және үшөлшемді графикасын жасауға жоғары мүмкіндік береді, сонымен қатар жоғары деңгейдегі бағдарламалау тілі еңгізілген.

Бұл компьютерлік жүйені математиканы принциптерін оқыту процесіне енгізгенде қиын есептеулерде мен түрлендірулермен есептерді шешу уақытын едәуір қысқартады немесе осы есептердің шешімін тексереді. Mathematica жүйесі студенттердің танымдық белсенділігінің дамуына, сыни және аналитикалық ойлаудың қалыптасуына, математикалық білімнің креативтілігі мен интеграциясының дамуына ықпал етеді. Осы мақалада мен Mathematica жүйесін дифференциалдық теңдеулерде қалай қолдануға болатынын көрсетіледі.

Mathematica қолданбалы пакеті дифференциалдық теңдеу немесе теңдеулер жүйесін, символдық және сандық түрде шешім табуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, алынған нәтижелерді визуализация жасауға мүмкіндігі бар.Mathematica барлық стандартты математикалық функциялардың, сондай-ақ арнайы функциялардың туындыларын символдық түрде есептеуге мүмкіндік береді, сонымен қатар дифференциалдық теңдеулерді шешуге арналған кіріктірілген функциялар бар.

Келесі кестеде аталған функциялар көрсетілген.

D[f, x]	x бойынша бірінші туынды
D[f, {x, n}]	x бойынша n-ші туынды
D[f[x,y], {x, n1},{y,n2}]	n-1 ретті x және n-2 y айнымалылары бойынша дербес туынды .
f'[x]	x бойынша бірінші туынды. (2-ші нұсқа)
∂_{xy} f[x,y]	2-ретті дербес туынды.
Dt[f]	Толық дифференциал
DSolve[□==□, y, x]	Дифференциал теңдеулерді шешу.(ДТ)
DSolve[{□==□,□==□}, y, {x1,x2}]	Дифференциал теңдеулер жүйесін шешу
NDSolve[{□==□,begindata} y, {x,xmin,xmax}]	Дифференциал теңдеудің сандық шешімі
NDSolve[{□==□,□==□,begindata}, {y1,y2,}, {x,xmin,xmax}]	Дифференциал теңдеулер жүйесінің сандық шешімі.

1. Ең қарапайым дифференциалдық теңдеулерді шешу.

Дифференциалдық теңдеулер (ДТ) – физикалық және басқа құбылыстар мен процестер математикалық модельдердің негізі. ДТ теориясының негізгі мақсаты –

дифференциалдық теңдеулердің шешімдерін іздеу әдістерін әзірлеу және олардың қасиеттерін зерттеу. Теңдеу дифференциалдық деп аталады, егер оның құрамында қажеттіфункциялардың туындылары немесе шамалардың дифференциалдары арасындағы тәуелділіктерді табу қажет болса.

Кәдімгі ДТ түрі мынадай: $F(x,y,y',\dots,y^{(m)}) = 0$,мұндағы x-тәуелсіз айнымалы, y = y (x) - қажетті функция. Теңдеудің реті теңдеудегі ең үлкен туынды ретімен анықталады. Дифференциал теңдеулерде дербес туындылар ізделетін функция екі немесе одан да көп тәуелсіз айнымалылардан тәуелді.

Дифференциалдық теңдеудің **шешімі** немесе **интегралы** деп теңдеуге қойғанда оны тура теңдікке айналдыратын кез келген $y = f(x)$ функциясын айтады.

Дифференциалдық теңдеулерді аналитикалық түрде шешу үшін Mathematica жүйесі DSolve функциясын пайдаланады, оның шақыру форматы: DSolve[□==□, y[x],x], мұндағы □==□ y(x) функциясына қатысты дифференциалдық теңдеу . y функциясы және оның барлық туындылары тік жақшаға алынған аргументпен жазылуы керек: y[x], y'[x]

Қолдану мысалдарды қарастырайық.

1.1 мысал. Теңдеудің жалпы шешімі табыңызy' (x) $=\frac{y^2(x)-2y(x)}{x}$

Берілген теңдеуді мынадай түрде жазайық: $\frac{dy}{y^2(x)-2y(x)} = \frac{dx}{x}$

Екі жақты интегралдап, табамыз.

$$\int\frac{dy}{y^2-2y} = \int\frac{dy}{2(y-2)} - \int\frac{dy}{2y} = \frac{1}{2}\log\left(\frac{y-2}{y}\right).\ \int\frac{dx}{x} = \log(x);$$

$$\log\left(\frac{y-2}{y}\right) = 2\log(x) + C$$

Сонымен теңдеудің жалпы шешімі: $\frac{y-2}{y} = Cx^2$

Енді бұл теңдеуді Mathematica пакетінде шешеміз. Ол үшін *DSolve* функциясын қолданамыз

In $[1]:= DSolve\ [y'(x)\ ==\frac{y[x]^2-2y[x]}{x}, y[x], x]$

Out $[1]=\{\{y(x)\to-\frac{2}{-1+e^{2c[1]}x^2}$

Қарапайым түрлендірулер арқылы Mathematica пакетінде алынған шешімді есептеу арқылы табылған шешімге әкелу мүмкін.

1.2 мысал. Теңдеуді $y'=\frac{x^2+8}{(x^2-5x+6)y^2\cos y}$. шеш.

DSolve функциясын пайдаланып теңдеуді шешуге тырысайық (1-сурет) [1]



1-сурет.

Алайда бұл жағдайда DSolve функциясы сызықты емес теңдеуді шеше алмайды.

Ол үшін теңдеуді ыңғайлы қылып жазамыз $y^2\cos y dy=\frac{x^2+8}{(x^2-5x+6)}dx$ және екі жағында интегралдап шығарамыз. (2-сурет) [1]



2-сурет.

Теңдеудің жалпы шешімі: $2y\cos y+(y^2-2)\sin y=x+17\log(x-3)-12\log(x-2)+C$.

Сонымен теңдеулерге алдын-ала қарапайым түрлендірулер жасап Mathematica жүйесін қолданып шештік.

2. 1-ретті сызықтық теңдеулер.

Бірінші ретті сызықтық дифференциалдық теңдеу деп $y'+p(x)y=q(x)$ түрдегі теңдеу аталады. Егер $q(x)=0$ болса, онда сызықтық теңдеу біртекті, ал егер $q(x)\neq 0$ болса, онда сызықтық теңдеу біртекті емес деп аталады.

2.1 мысал. Берілген теңдеудің жалпы шешімін табу керек:

$x\frac{dy}{dx}+y=x\sin x.$

Dsolve функциясын қолданып шығарайық. (3-сурет)



3-сурет

Еркітi тұрақты с әртүрлі мәндерінің шешімдерінің графигін құру үшін, біз y функциясын С функциясы ретінде анықтаймыз және y[c]мәндерінің кестесін жасаймызс=-3, -2, -1,0,1,2,3 үшін. Sols шығыс кестесін белгілейміз (4-сурет):



(4-сурет)

Әрі қарай, sols графигін $[x,\ 01,\ 5/2\pi]$. X = 0 нүктесіне шешімі анықталмағандықтан алынып тасталады, бірақ AxesOrigin→{0,0} опциясы координаталық осьтер координаттардың басында қиылысқандықтан шақырылады. Байқайық, С=0 мәніне сәйкес келетін шешім ретінде шектеусіз емес, х=0 нүктесіне жақын басқа шешімдер сияқты. (5-сурет)



5-сурет

Шын мәнінде, y(0)= $\frac{-x\cos x+\sin x}{x}$. теңдеудің шешімі х=0 нүктесінде анықталмаған болсада,

$$\lim_{x\to 0} y(0) == \lim_{x\to 0}\frac{-x\cos x+\sin x+c}{x} = \lim_{x\to 0}\left(-\cos x+\frac{\sin x}{x}\right) = -1+1=0.$$

Сондықтан Mathematica тиісті графиктерді дұрыс сыза алады (6- сурет):



(6-сурет)

Mathematica жүйесін пайдалану арқылы математиканы оқытуда студенттердің шығармашылық дербестігін қалыптастыру

Аңдатпа

Мақалада Mathematica жүйесін пайдалану арқылы қарапайым дифференциалдық теңдеулер шешу мүмкіндіктері қарастырылады. .

Мақаланың мақсаты: Mathematica жүйесін қолданған кезде студенттердің өз өзіне сенімділігі, білімі мен біліктілігін арттыру.

Кілт сөздер: mathematica жүйесі, дифференциал теңдеулер, *DSolve* функциясы.

Методика формирования творческой самостоятельности студентов в обучении математике с использованием системы mathematica

Аннотация

В статье рассматриваются возможности решения простых дифференциальных уравнений с помощью системы Mathematica.

Цель статьи: Повысить уверенность, знания и навыки студентов при использовании системы Mathematica.

Ключевые слова: система mathematica, дифференциальное уравнение, функция *Dsolve.*

Methodology for the formation of students' creative independence in teaching of mathematics using the mathematica system.

Annotation

The article discusses the possibilities of solving simple differential equations using the Mathematica system.

The purpose of the article: To increase students' confidence, knowledge and skills when using the Mathematica system

Keywords: mathematica system, differential equation, *Dsolve* function.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Стехина К.Н. Решение дифференциальных уравнений в пакете Mathematica. Часть 1. Уравнения первого порядка и их приложения: учебное пособие / К.Н. Стехина, Д.Н. Тумаков. – Казань, 2014. – 116 с.

2. Прокопеня А. Н., Чичурин А. В. Применение системы Mathematica к решению обыкновенных дифференциальных уравнений. Минск: БГУ, 1999.
3. Махмеджанов Н.М. Жоғары математика. - Алматы, 2018. - 500 бет.

ГРНТИ 14.25.09

ПӘНАРАЛЫҚ БАЙЛАНЫСТЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДА ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЕСЕПТЕРДІ ШЕШУ ӘДІСТЕРІ

ҚАППАР БӘТЕС ҚАНЖАРБАЙҚЫЗЫ –магистрант;
ЕҢСЕБАЕВА ГҮЛЗАТ МҰРАТБЕКҚЫЗЫ –аға оқытушы.
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда, Қазақстан

Кіріспе

Жалпы басқару есебі деп математикада экономикалық жағдайды жоспарлау, бақылау және басқару іс-әрекетін реттеу үшін, шешім қабылдау процесін басқару жағдайында қарастырылатын есептерді қарастырамыз. Мақсатты әрекеттерді жүйелі талдау және мүмкіндігінше осы әрекеттердің нәтижелерін объективті, сандық бағалау кезінде тиімді басқару есептерінің рөлі маңызды. Тиімді басқару есептерінің сандық әдістері экономикалық математикалық және математикалық - статистикалық пәндер негізінде құрылады.

Басқару есептерінің маңыздылығын ашып көрсетейік. Атақты неміс экономисті Карл Маркс атап өткендей математиканы қолдана алғанда, сонда ғана экономика ғылымы өзінің кемелденген деңгейіне көтеріле алады. Бұл дегеніміз математика және экономика пәндері арасындағы пәнаралық байланыстың маңызы жоғары деген сөз [1].

XX ғасырдың 20-жылдарында макроэкономикалық модельдеудің негіздері қаланды: салааралық тепе-теңдік (В.Леонтьев), экономикалық өсу модельдері (Конюс, Фельдман). Қазіргі уақытта экономикалық құбылыстарды талдау мен болжаудың көптеген экономикалық-математикалық модельдері жасалуда. 1930 жылдары кеңестік математик Л.В. Канторович математикалық есептердің жаңа класын ашты, ол сызықтық бағдарламалау және оларды шешудің әмбебап әдісін ұсынды. Экономикада бұл белгілі бір сызықтық критерий бойынша оңтайлы шешімдерді іздеудің әртүрлі мәселелерін шешуге мүмкіндік берді.

1939 жылы Л. В. Канторович М. К. Гануринмен бірге экономикада тасымалдауды, маршруттарды оңтайландыруға, көлікті пайдалану тиімділігін арттыруға қол жеткізуге мүмкіндік беретін классикалық транспорттық есебін шешті. Осы жұмысы үшін Л.В. Канторович 1950 жылдары Нобель сыйлығына ие болды (Ресейден экономика саласындағы жалғыз лауреат). КСРО-да экономикалық-математикалық әдістерді дамытудың айрықша ерекшелігі олардың экономиканы басқарудың практикалық міндеттерін шешуге тікелей бағытталуы болды. [1]

Атақты американдық ғалым Норберт Винердің пікірінше, математиканың мақсаты-бізді қоршап тұрған хаоста жасырын тәртіпті табу [2]. Математиканың осы миссиясына сүйене отырып, оның зерттеу тақырыбы бізді қоршаған әлемде болуы мүмкін дерексіз байланыстарды сипаттаудың сандық формаларын іздеу болып табылады. Яғни, математика ғылым ретінде байланыстарды зерттеудің және осы негізде бізді қоршаған әлем туралы жаңа ақпарат алудың әмбебап аналитикалық құралдарын жасайды. Бұл математикалық аппаратты білімнің әртүрлі салаларында жұмыс істейтін ғалымдар кездесетін көптеген мәселелерді шешудің әмбебап құралына айналдырады. Сондықтан математиканы ғылым патшайымы деп атайды

Зерттеу әдіснамасы.

Экономикалық бағыттағы әртүрлі есептер бүгінгі күні мектептің бастауыш сыныптарынан бастап жоғары сыныптарына дейін кездеседі, сонымен бірге Ұлттық бірiңғай тестілеуде. Математикалық сауаттылық есептерінде тиімділік, өнімділік турасындағы түрлі есептер бар. Мұндай есептерді шығаруға дайын болу үшін біз екі пән арасындағы байланысты күшейтіп экономикалық есептерді математикалық жолдармен немесе формулалармен шығаруды және оның әдістерін үйренгеніміз жөн.

Тиімді басқару әдістеріне қатысты есептердің негізгі кластарын атап өтейік:

– қорларды басқару тапсырмалары;
– ресурстарды бөлу тапсырмалары;
– транспорттық тапсырмалар;
– жаппай қызмет көрсету тапсырмалары;
– жабдықты ауыстыру тапсырмалары;
– тиімді жолын табу тапсырмалары;
– шешімді нақты анықтайтын ақпаратты алудың ең жақсы әдісін табу тапсырмалары;
– оңтайландырудың көп өлшемді тапсырмалары

Бұл тапсырмаларды орындауда оңтайлы шешімдер қабылдау үшін келесі әдістерді қолдануға болады:

– математикалық бағдарламалау (сызықтық, сызықтық емес, динамикалық);
– жоспарлау мен басқарудың теориялық және графикалық әдістері;
– көп мақсатты жүйелерді модельдеу әдістері;
– кездейсоқ процестерді модельдеу әдістері.

Оларды шығаруда белгілі бір тапсырманы орындаудың көптеген жолдары болған кезде әдістерін қолдану, барлық рұқсат етілген жоспарлардың ішінен ең тиімдісін таңдау міндеті қойылады. Бірнеше оңтайлы шешімдер болуы мүмкін, сондықтан құрылған математикалық әдісте көрсетілген ойларға сүйене отырып біреуін таңдау қажет.



Сурет 1. Транспорттық есептерді MatLAB бағдарламасында шешу

Тиімді басқару есептерін Зайцев М.Г. өзінің “Басқару мен шешім қабылдауды оңтайландыру әдістері” деген оқу құралында MS Excel компьютерлік бағдарламасын қолдану арқылы тиімді басқару есептерін шығаруды көрсеткен. Тиімді басқару есептерін арнайы компьютерлік бағдарламалардың көмегімен шығару біріншіден уақыт үнемдейді және тиімді болып келеді.

Сонымен бірге қиындық тудыратын күрделі, мысалы транспорттық есептерді MatLAB, Mathcad сияқты компьютерлік бағдарламаларда шешуге де болады.

Зерттеу нәтижелері

Мектеп бағдарламасында кездесетін экономиканың тиімді басқару есептерінің түрлерін қарастырайық.

Есеп 1. Айым өзіне acer компьютерін сатып алу мақсатында бірнеше техникалық дүкендерді аралады. Жинаған мәліметтеріне сәйкес кесте құрастырып, соның ішінде ең арзан дүкеннен сатып алғанда, қанша теңге төлегенін анықтаңыз. Барлық дүкендердегі өнім сапасы бірдей.

Дүкендер	Монитор	Жүйелік блок	Пернетақта және тышқан
P	30 000тг	65 000тг	6000тг
Q	31 500тг	63 000тг	5500тг
R	32 000тг	62 500тг	5000тг

Ең арзан дүкенді табу үшін 3 заттың бағаларын бір-бірімен салыстыра отырып,ең арзанын табамыз.

Шешуі: 1. Мониторлардың бағасы

P Q R

30000 < 31500 < 32000

2. Жүйелік блок бағасы

R Q P

62500 < 63000 < 65000

3. Пернетақта мен тышқан бағасы

R Q P

5000 < 5500 < 6000

Салыстырғаннан кейін, ең арзан болған заттардың дүкендерін қараймыз, көп қайталанған дүкенді таңдап, бағаны есептейміз.

R дүкені: 32000+62500+5000=99500тг

Есеп 2. Кәсіпорынға 100 стақан жүктеу тапсырылған және бұл үшін 5000 теңге бөлінген. Бірақ бұл жүктің әр сағаты үшін бұл сомадан 200 теңге алынады. Компания жүк тиеушілер тобымен келісім жасады, оған сәйкес олар -10ν теңге бонус алады, мұндағы ν – стақан/сағатына – жүктеме жылдамдығы. Компания қандай жылдамдықта максималды пайда алады және бұл пайданың мөлшері қанша?

Машиналардың жүктеу жылдамдығы ν тұрақты деп қабылданады: $\frac{100}{\nu}$ машиналар бір сағатта жүктеледі. Демек кәсіпорынның пайдасы P келесідей:

$$P(\nu) = 5000 - \frac{100}{\nu} - 10\nu = 5000 - 10\left(v + \frac{2000}{\nu}\right);$$

$P'^{(\nu)} = -10\left(1 - \frac{2000}{\nu}\right)$; $P'^{(\nu)} = 0$, бұдан

$$10\left(\frac{\nu^2 - 2000}{\nu^2}\right) = 0;\ \nu^2 - 2000 = 0;\ \nu = \pm\sqrt{2000};\ \nu > 0;\ \nu \approx 44\,\textit{стақан/сағатына}.$$

Тапсырманың мағынасынан көрініп тұрғандай $\nu = 44$- $P(\nu)$ функция үшін ең үлкен мәні бар нүкте. Бұл жағдайда

$$P(\text{v}) = P(44) = 5000 - 10 \cdot \frac{2000}{44} — 10 \cdot 44 = 4106 \ \text{\textit{теңге}}$$

Жауабы: 44 стақан/сағатына; 4106 теңге алынады.

Қорытынды

Математика өндірісті ұйымдастыру мәселелерін шешудің, оңтайлы шешімдерді іздеудің құралына айналады және сайып келгенде, еңбек өнімділігін арттыруға және халық шаруашылығының тұрақты прогрессивті дамуына ықпал етеді.

Осы типтегі есептерді шеше отырып, біз бір жағынан математикалық ұғымдардың дерексіз сипатын, ал екінші жағынан олардың өмірлік практикалық есептерді шешуге тиімді қолданылуын байқаймыз. Тиімді басқару тапсырмалары мектептегі математика курсының кейбір идеяларымен және қолданбалы әдістерімен танысуға көмектеседі, олар көбінесе еңбек қызметінде, қоршаған ортаны білуде қолданылады.

Пәнаралық байланысты жүзеге асыруда экономикалық есептерді шешу әдістері

Аңдатпа

Математика сабағында пәнаралық байланысты жүзеге асыру оқушыларды өмірге бейімдеуге, дұрыс шешім қабылдай алуға, тиімді таңдау жасау кезінде маңызды болмақ. Мақалада орта мектеп оқушыларын экономикалық бағытта дайындауда пәнаралық байланысты жүзеге асыратын тапсырмалар қарастырылады. Экономикалық есептерді шығаруды оқушыларға меңгертуде тиімді әдістер мен күрделі тапсырмаларды шығару жолдары көрсетілді.

Кілт сөздер: пәнаралық байланыс, оңтайлы шешім,тиімді басқару есептері.

Методы решения экономических задач при осуществлении межпредметных связей

Аннотация

Реализация межпредметных связей на уроках математики будет важна при адаптации учащихся к жизни, умении принимать правильные решения, делать эффективные выборы. В статье рассматриваются задания, реализующие межпредметные связи при подготовке учащихся средней школы по экономической направленности. Учащимся были продемонстрированы эффективные методы и способы решения сложных задач в освоении решения экономических задач.

Ключевые слова: междисциплинарность, оптимальное решение, оптимальные управленческие задачи.

Methods of solving economic problems in the implementation of interdisciplinary relations

Annotation

Implementation of interdisciplinary connections in mathematics lessons will be important in adapting students to life, the ability to make the right decisions, make effective choices. In the article discusses tasks that implement interdisciplinary connections in the preparation of secondary school students in an economic orientation. The students were shown effective methods and ways of solving complex problems in the development of solving economic problems.

Keywords: interdisciplinarity, optimal solution, effective management tasks.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Сапарбаев А.Д. Экономико-математические методы и модели: Учебник. Алматы: Бастау, 2007. - 228 с.
2. Канторович Л.В. Оптимальные решения в экономике / Л.В. Канторович, А.Б. Горстко. – М.: Наука, 1972.
3. Спанкулова Л.С.Информатика и математическое моделирование в экономике. - Алматы: Қазақ университеті, 2008. - 170 с.
4. Ә.Ж.Сапарбаев, Қ.А.Ахметов, А.Т.Мақұлова Экономикалық-математикалық әдістер мен модельдер (оқулық), 2-басылымы. Алматы: Қазақстан Жоғары оқу орындарының қауымдастығы, 2005. – 400б.

ГРНТИ 14.25.09

ҚАШЫҚТЫҚТАН БІЛІМ БЕРУ ФОРМАТЫНДА ФИЗИКАНЫ ОҚЫТУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ТҮРЛЕРІ

Қарабала Т.М. – п.ғ.м., оқытушы
Әбітаева Ұ.Ә. – п.ғ.м., аға оқытушы
ҚОРҚЫТ АТА АТЫНДАҒЫ ҚЫЗЫЛОРДА УНИВЕРСИТЕТІ

Педагогикалық технологияларды, әдістемелік ұсыныстарды әзірлеу және білім беру мазмұнын электронды түрде ұсыну, цифрлық білім беру ресурстарын дамыту мәселесі және оны білім беру процесінде қолдану мүмкіндігі өзекті болып қала береді. Қашықтықтан білім берудің артықшылықтары барлық адамдардың әлеуметтік мәртебесіне, жасына, тұрғылықты жеріне қарамастан білім алуына, сондай-ақ кез келген ыңғайлы уақытта ақпарат алуға мүмкіндік береді. Бұл аудио, бейне, интернет және спутниктік байланыс арналарын қолданатын оқу құралы. Бүкіл әлемде қашықтықтан білім беру мүмкіндіктерінің қызығушылығы өте парадоксалды болып отыр. Қашықтықтан оқытуды белгілі бір мақсаттармен, функциялармен, принциптермен, білім беру процесінің субъектілерінің өзара әрекеттесу тәсілдерімен сипатталатын оқытудың ерекше түрі ретінде қарастырған жөн. Қашықтықтан оқыту мен сырттай оқытудың айырмашылығы мынада: қашықтықтан оқыту білім алушы мен оқытушы арасындағы интерактивтілікті, сондай-ақ білім алушы мен оқу материалы арасындағы кері байланысты және топтық оқыту мүмкіндігін қамтитын білім беру процесінің максималды интерактивтілігін қамтамасыз етуге арналған. Кері байланыстың болуы білім алушыға білім алу процесінде өзінің ілгерілеуінің дұрыстығы туралы ақпарат алуға, сондай-ақ осы процесте өзін-өзі бақылауды, өзін-өзі бағалауды жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

- Қашықтықтан оқыту оның барлық қатысушылары арасында интерактивті өзара байланыспен оқытуды қамтамасыз етуі;
- Кез келген адам қашықтықтан оқытуға қол жеткізе алуы;
- Оқу процесінің барысы білім алушының жеке ерекшеліктеріне бейімделіп, жеке білім беру траекториясын құрып, ыңғайлы уақытта оқуға мүмкіндік беруі;
- Бұл қашықтықтан оқыту процесін білім алушылардың ерекшеліктеріне бейімдеуге мүмкіндік беретін заманауи ақпараттық және телекоммуникациялық технологияларды қолдану арқылы қамтамасыз етілуі;

- Бұл бүкіл әлем бойынша білім беру мақсатында оқу мәтіндерін, аудио және бейнежазбаларды, теледидарлық және компьютерлік бағдарламаларды беру мүмкіндігінен тұруы;

Қашықтықтан оқытудың келесі нақты принциптерін бөліп көрсетуге болады:

Интерактивтілік принципі
Ашықтық принципі
Икемділік принципі
Бейімделу принципі
Қолжетімділік принципі
Білім алушыға бағдарлау
Негізгі білім принципі
Сәйкестендіру принципі
Даралау принципі
Нормативтік оқыту принципі

- Қашықтықтан оқыту әр түрлі себептермен бетпе-бет білім ала алмайтын адамдар үшін білімге қол жетімділіктің кеңейтілуі;
- Қашықтықтан оқытуды бастау үшін пайдаланушы кейбір негізгі білімге ие болып, ол үшін әр түрлі қашықтықтан оқыту дәрістерін меңгеруі;
- Оқушыларды сәйкестендіру жалпы қауіпсіздік шараларының бөлігі болып табылады. Қашықтықтан оқыту курсының әрбір пайдаланушысының курста оқуға қол жеткізу үшін өзінің пайдаланушы аты мен құпия сөзі болуы;
- Қашықтықтан оқыту барысында жеке білім беру траекториясына сәйкес оқи алуы;
- Қашықтықтан оқыту белгілі бір уақыт кестелеріне бағынуы. Мысалы, білім алушылардың тест, бақылау тапсырмаларын тапсыру мерзімі және т. б.

Қашықтықтан оқу ақпаратын алу тәсілін синхронды және асинхронды жүйелер арқылы ұйымдастыруға болады. Синхронды жүйелер білім алушылар мен оқытушылардың оқу процесіне бір уақытта қатысуын қамтиды. Асинхронды жүйелер білім алушылар мен оқытушының бір уақытта қатысуын қажет етпейді. Оқушының өзі сабақ уақыты мен жоспарын таңдайды. Көптеген онлайн платформалар оқушылардың оқу процесіне қатысуы мен нәтижелерін бақылау үшін оқытуды басқару жүйелерін біріктіреді. Мұғалімдерге осындай функционалдылықты игеру үшін арнайы дағдылар, сондай-ақ платформадан тәуелсіз оқыту стратегияларын әзірлеу және оқу қызметінің тиімділігін бағалау мүмкіндігі қажет. Синхронды онлайн оқытуды қолдану үшін Tencent Meeting платформасын қолдануға болады. Қытайда бұл платформа COVID-19 пандемиясы кезінде онлайн оқытуды қолдау үшін нақты уақыттағы сөйлесу алаңы ретінде қолданылған. Осы платформаға ұқсас DingTalk платформасы екеуі бүкіл әлемде қол жетімді. Оқу процесін ұйымдастыру және бақылау үшін Edmodo білім беру әлеуметтік желісін қолдана аламыз. Edmodo - мұғалімдер виртуалды сынып қ ра алатын және оқу әрекеттерін ұйымдастыра алатын онлайн білім беру платформасы. Виртуалды сыныпта мұғалімдер өз оқушылары үшін синхронды және асинхронды типтегі онлайн оқытуды жүзеге асыра алады. Атап айтқанда, платформа келесі бес қызмет түрін ұйымдастыруға мүмкіндік береді:

- сыныпта хабарландырулармен, бағдарламалармен, материалдармен және талқылаулармен жазбалар орналастыру;
- сыныпта оқушылардың әл-ауқатын жылдам тексеру үшін сауалнама жүргізу;
- түсінуді тексеру үшін тест өткізу;
- сабақтың мазмұнын, оқытудың күтілетін нәтижелерін және оқу процесін тіркеуді түсіндіретін тапсырмаға нұсқаулықтарды орналастыру;
- жаңа тақырыпты немесе бірлескен жұмысты түсіндіру үшін шағын топтарды ұйымдастыру.

Осы мүмкіндіктердің көмегімен мұғалімдер оқу процесін бақылау және оқушылардың оқу нәтижелері туралы дереу кері байланысын қамтамасыз ету үшін әртүрлі әрекеттерді жасай алады. Бейнематериалдарды қолдана отырып, асинхронды инверттелген оқыту - бір уақытта тікелей эфирде сабаққа көптеген оқушылар қатысқан кезде мұғалімдерге оңай болмауы мүмкін. Мұндай жағдайларда мұғалімдер бейнені алдын-ала жазып, оқушылардан оларды оқу кестесі шеңберінде онлайн режимінде көруді немесе кейінірек көру үшін өз құрылғыларына жүктеуді сұрай алады. Мұғалімдер өз сабақтарын тікелей эфирде оқу бейне ресурстары ретінде жаза алады. Егер дұрыс қолданылса, бейне сабақтар оқушылардың оқу процесінің икемділігіне деген қажеттілігін қанағаттандыра алады және қашықтықтан оқытудың пайдалы тәсілі бола алады. Электронды құралдар арқылы дәріс сабақтарын жазғанда төрт негізгі аспектілерді ескерген жөн: дауыс ырғағы, құрылғының дауысты жазу тазылығы, материалдың анық, түсінікті дайындалуы. Білім алушылар дәрістің бейнежазбасын көргенде, олардың визуалды және дыбыстық сезімдері оқу тиімділігіне қатты әсер етеді. Демек, оқушылардың шоғырлануына ықпал ететін ыңғайлы оқу ортасын қамтамасыз ету үшін мұғалімдердің әрекеттері мен дәрістің жақсы сапалы бейнежазбасы маңызды. Сабақтарды жазуға арналған көптеген ақысыз онлайн бағдарламалар бар. Олардың арасында *edpuzzle*, оқытушы мен білім алушыларға арналған тегін бейне жасау бағдарламалық құралы. Edpuzzle оқушылардың оқу тиімділігін қамтамасыз ету үшін бейнені көрудің келесі мүмкіндіктерін ұсынады:

- оқушылар бейнені жылдам алға жылжыта алмайды;
- экранда мұғалім қойған сұрақтар пайда болған кезде бейне автоматты түрде тоқтатылады;
- оқушылар бейнені кез келген негізгі нүктеден бірнеше рет көре алады.



ISpring қашықтықтан оқыту жүйесі перспективті орталардың бірі болып табылады. Бұл оқу порталының браузері бар және интернетке қосылған кез-келген компьютерде жұмыс істеу мүмкіндігі бар. ISpring қашықтықтан білім беру жүйесі - бұл 24/7 режимінде жұмыс істейтін қашықтықтан оқытуды басқарудың бірыңғай орталығы. Яғни, білім алушылар білім алуға немесе игеруге, курстарды оқуға, күніне 24 сағат және күн сайын демалыс күндерінсіз тест тапсыруға мүмкіндік алады. Білім кеңістікпен шектелмейді. Оқу нәтижелері бақылауда қалады.

Мысалы, физикадан механика тарауындағы тербелістер тақырыбын виртуалды зертхананың көмегімен оқытуда VirtuLab, LamXchange,EduWebLabs,phET және т.б. программаларын қашықтықтан оқыту жүйесі арқылы жоспарлау да оң нәтиже көрсетеді.

Біз әдетте қашықтықтан оқыту соңғы 10 жыл ішінде әзірленді және осы уақытқа дейін қашықтықтан оқытуды практикалық қолданудың бірқатар мәселелері шешілмеген күйінде қалып отыр. «Қашықтықтан білім беру» термині кез-келген нақты технологиядан басталмайды, керісінше, ол басқа мамандықтардың білім алушылары мен оқушыларына сыныптағы оқытудың тар шеңберінен шығуға мүмкіндік беретін оқыту әдісін сипаттайды. Қашықтықтан білім беру тұжырымдамасын, сондай-ақ оның мүмкіндіктерінің ауқымын егжей-тегжейлі қарастырайық. Мұғалімдер технологияны оқыту және білім алушылардың оқу нәтижелерін тиімді бағалау үшін пайдалана алады. Ақпаратты жіберу, тапсырмаларды тағайындау және бірлесіп жұмыс істеуге мүмкіндік беру үшін қолдануға болатын көптеген құралдар бар. Қашықтықтан оқытудың сапасы мен тиімділігі оның заманауи түрінде үлкен сынға ұшырайды. Әрине, белгілі бір коммуникациялық ортаның технологиялық ерекшеліктері оқытушы мен білім алушы арасындағы қарым-қатынасқа, оқыту стратегиясы мен тактикасына, оқыту әдістеріне белгілі бір із қалдырады. Нақты пәндерді оқыту әдістеріне дәл осы әсер көптеген шетелдік әдеби көздер мен мерзімді басылымдардағы басылымдардың тақырыбы болып табылады.

Бүгінгі таңда қашықтықтан оқытудың негізгі мақсаттары:

1. Кәсіптік даярлау және қайта даярлау;
2. Әр түрлі мамандықтар бойынша персоналдың біліктілігін арттыру;
3. Жеке пәндер бойынша студенттерді сырттай емтихандарға дайындау;
4. Оқушыларды белгілі бір бейіндегі оқу орындарына түсуге дайындау;
5. Зерттелетін пәндердің тақырыптарын, бөлімдерін терең зерттеу;
6. Белгілі бір пәндер бойынша тыңдаушылардың білімі, іскерлігі мен дағдыларындағы олқылықтардың орнын толтыру;
7. Әр түрлі себептермен күндізгі бөлімде сабақ ала алмайтын студенттерге арналған оқу бағдарламасының негізгі курсы;
8. Қызығушылықтары бойынша үздіксіз білім беру.

Қашықтықтан оқытудың жоспарланған нәтижелері мен мазмұны күндізгі бөлімнің нәтижелері мен мазмұнымен сәйкес келеді, айырмашылық оқытудың кейбір принциптерінде, сондай-ақ, оқу материалын беру формаларында және оқытушының оқушылармен және білім алушылармен өзара әрекеттесу формаларында. Әрине, қашықтықтан оқыту қазіргі педагогикада орын алатын барлық дидактикалық принциптерге сәйкес құрылуы керек: объективтілік, ғылыми; теорияның практикамен байланысы; жүйелілік; қажетті күрделілік дәрежесімен қол жетімділік; әдістердің көрнекілігі мен әртүрлілігі; оқушылардың санасы мен белсенділігі; білімді, дағдыларды игеру.

Қашықтықтан білім беру форматында физиканы оқытуды ұйымдастыру түрлері

Аңдатпа

Бұл мақалада қашықтықтан оқытуды ұйымдастыру формалары көрсетілген. Қашықтықтан оқыту әдісін жоспарлау барысындағы платформалардың тиімділігі, кез келген адам қашықтықтан оқытуға қол жеткізе алуы, нақты принциптері жазылған.

Кілт сөздер: оқыту платформасы, виртуалды зертхана, жаңа технологиялар,синхронды,асинхронды.

Виды организации обучения физике в формате дистанционного образования

Аннотация

В данной статье представлены формы организации дистанционного обучения. Изложены конкретные принципы эффективности платформ при планировании метода дистанционного обучения, чтобы любой мог получить доступ к дистанционному обучению.

Ключевые слова: обучающая платформа, виртуальная лаборатория,новые технологии, синхронная и асинхронная система.

Types of organization of teaching physics in the format of distance education

Annotation

This article presents the forms of distance learning organization. The specific principles of the effectiveness of platforms in planning the method of distance learning are outlined so that anyone can get access to distance learning.

Keywords: learning platform, virtual laboratory, new technologies, synchronous and asynchronous system.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Андреев А.А., Солдаткин В.И., Қашықтықтан оқыту: мәні, технологиясы, ұйымы. - М .: Мэси баспасы, 2000. - 196 р.
2. Зайченко Т.П. Қашықтықтан оқыту негіздері.Теориялық және практикалық негіздер. Оқу құралы.- Петербург. А.И.Герцен атындағы Ресей мемлекеттік педагогикалық университетінің баспасы, 2004 .- 167 р.

ГРНТИ 14.25.09

ЖОҒАРЫ СЫНЫПТАРДА ГЕОМЕТРИЯ КУРСЫНДА «АЙНАЛУ ДЕНЕЛЕРІ» ТАҚЫРЫБЫ БОЙЫНША ЕСЕПТЕРДІ ШЕШУДІ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ

ҚОЖАКОВА НУРАЙ АБАТҚЫЗЫ
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда Университеті, Жаратылыстану институты, «Физика және математика» кафедрасының магистранты, Қызылорда, Қазақстан
ҚАСКАТАЕВА БАҚЫТКҮЛ РАХЫМЖАНҚЫЗЫ
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің доценті, п. ғ. д., Қызылорда, Қазақстан

1. Кіріспе (Introduction)

Жоғары сыныптарды геометрия курсында практикалық мазмұны бар тапсырмаларды қолдану мәселесінің өзектілігі өте жоғары, өйткені оқыту барысында оқушының логикалық дамуы толық жүзеге асады. Сондықтан мен өз тәжірибемде алгебра және геометрия сабақтарында тәжірибеге бағытталған оқытуды жүйелі және мақсатты түрде қолданамын. Тәжірибеге бағытталған оқытудың бір саласы – өндірістік мазмұндағы есептерді шешу. Тапсырмалар оқушыларға алгебралық және геометриялық білімнің маңыздылығын көрсетеді, сонымен қатар, оларды математиканы оқытудың жаңа, жоғары деңгейіне бағыттайды. Оқушыларды есептерді шешу жолдарын іздеу үрдісінің өзі баурап алады десек те болады. Оқыту барысында топтық жұмыс ұйымдастырылады, мәселе қойылады. Оқушылар топтың бір бөлігі ретінде бір-бірімен әрекеттесе отырып, белгілі бір жағдайды (тапсырманы) үлгілейді, мәселенің шешімін табу барысында жаңа материалды меңгереді. Геометрия курсында кәсіптік тапсырмаларды жүйелі түрде қолдану теория мен практиканы байланыстыруға мүмкіндік береді, мәселені тереңірек меңгеруге ықпал етеді, математикаға ғылым ретінде және кәсіби маңызды пән ретінде қызығушылықты дамытуға ықпал етеді. Геометрияны оқытуда тәжірибелік-бағдарлы тапсырмаларды қолдану және оларды жинақтау әдістері жеткілікті түрде әзірленбеген.

Сондықтан, мұндай тапсырмаларды құрастырып, олардың геометрия курсында оқытудың жолын қарастыру қажет. Себебі, практикалық мазмұндағы есептерді шешу математиканы жүйелі оқытуды жүзеге асырудың бір түрі болып табылады.

Әр түрлі сабақтарды модельдеу үшін заманауи ақпараттық технологиялардың барлық спектрін сыни тұрғыдан талдау және шығармашылық тұста қолдану, оқытудың оңтайлы ұйымдастырушылық формаларын, математикалық білім берудің әдістері мен құралдарын оқытудың мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес таңдауды жүзеге асыру.

Заманауи ақпараттық технологияларды игеру болашақ мұғалімге білім беру мақсаттарын жүзеге асыруға, математиканы оқытудың тиімді жаңа модельдерін енгізуге мүмкіндік береді.

Жоғары сыныптарда геометрия курсында «Айналу денелері» тақырыбы бойынша есептерді шешуді оқыту әдістемесі

Заманауи техникалық жаңалықтардың, соның ішінде жаңа 3D технологиялардың күнделікті өмірге қарқынды енуі жағдайында оқушылардың кеңістіктік объектілер туралы дұрыс түсініктерін қалыптастырудың және олардың кеңістіктік қиялын дамытудың маңыздылығы артып келеді. Онсыз бүгінде кәсіби білімді қалыптастыру мүмкін емес.

Стереометрияда да, жалпы геометрияда да ең негізгі тақырыптардың бірі болып табылатын айналу денелері және дөңгелек денелердің көлемдерін есептеуге арналған есептерді шешу әдістері жоғары мектеп оқушыларының кеңістіктік формалар туралы түсініктерін қалыптастыруда өте маңызды рөл атқарады. Кеңістіктікте бейнелерді қалыптастыру математика, геометрия және стереометрияның оқу курстарында дүниені және накты объектілерді геометриялық өрнектерінде көре білу қабілетін дамытады.

Айналу денелерді зерттеу кеңістіктікте ойлауды дамыту құралы ретінде де, жалпы заңдылықтарға бағынатын геометриялық денелердің формаларын терең зерттеу пәні ретінде де өте маңызды.

Жоғары сыныптарда геометрия курсында «Айналу денелері» тақырыбы бойынша есептерді шешуді толыққанды қарастыру оқушылардың деңгейін көтеру болып табылады, осы мақсатта стереометрия мәселелерін зерттеуді талдау арқылы оқушыларға есептерді шешуде төмендегі мәселелерді қолдану ұсынылады:

1. Тапсырмаға сәйкес суретті мүмкіндігінше бейнелеу. Күрделі фигуралар үшін деректер қолданылған проекция немесе секция кескінімен шектеліп, белгісіз параметрлерді көрсетіңіз.

2. Тапсырманың мазмұнын қайта ойластырып, өз бетінше есептің шартын қайталап айтыңыз және дененің көлемін және басқа да белгісіз шамаларды есептеуге көмектесетін негізгі параметрлерді бейнелеңіз.

3. Бастапқы мәліметтерді қайтадан көрсетіп, шешу схемасын, құрылыстың негізгі кезеңдерін анықтаңыз, сәйкес алгоритмді бояңыз.

4. Қажет болған жағдайда тапсырманы қайта қарау нәтижелері бойынша қажетті түзетулер енгізіңіз.

5. Тапсырманың бастапқы деректері мен соңғы мақсатты байланыстырып, олардың байланысын анықтауға тырысыңыз.

6. Айналым денелерінің қасиеттерін пайдалана отырып, тұрақты түрде қажетті нәтижеге әкелетін логикалық тізбекті анықтаңыз.

7. Бастапқы деректерден бастап нәтижеге қарай немесе керісінше, нені табу керектен бастап берілгенге қарай жылжып шешу алгоритмін құру.

8. Құрылған тізбекті пайдалана отырып, дөңгелек денелердің негізгі қасиеттеріне негізделген есеп шешуінің элементтерін және есептің тұжырымдалуынан туындайтын белгілі элементтерге сүйене отырып есептеуге болатын элементтерді таңдаңыз. стереометрияның теоремалары мен аксиомалары.

9. Анықталған заңдылықтарды есептің бастапқы параметрлері арасындағы теңдеулер, формулалар және басқа да қажетті байланыстар түрінде немесе сәйкес көмекші геометриялық конструкциялар түрінде жазыңыз.

10. Теңдеулерді шешіңіз, қажетті параметрлерді табыңыз және қажетті дәлелдеулерді орындаңыз.

11. Табылған деректерге сүйене отырып, белгісіз параметрлер немесе дәлелденген қасиеттер мен жүргізілген конструкциялар үшін нақты мәндер түрінде есептің жауабын жазыңыз.

Жоғары сыныптарда геометрия курсында «айналу денелері» тақырыбы бойынша есептерді шешуді оқыту әдістемесі

Аңдатпа

Негізгі мақсат оқушылардың геометрия курсында «Айналу денелері» тақырыбы бойынша алған білімдерін жүйелеп, практикалық бағыттағы есептерді шешуге қолдану болып табылады. Сабақты дамытудағы негізгі мәселе: тәжірибеге бағытталған әдіс тәсілдерді қолдану. оқушылардың оқу-танымдық белсенділігін арттыру. Сонымен қатар, танымдық қажеттіліктерді дамыту, жаңа білімді іздеуді ұйымдастыру, оқу үдерісінің тиімділігі мен пәнге деген қызығушылықты арттыру, тақырып бойынша жеке және ұжымдық әрекеттерді жүзеге асыру. Бұл тақырыпты таңдау жоғары сынып оқушыларының болашақ кәсіби қызметінде математика сабағында алған білімдерін оңтайлы пайдалануын қамтамассыз ету болып табылады.

Кілт сөздер: дөңгелек денелер, айналу денелері, көлем, стереометрия, конус, цилиндр, шар сегменті.

Методики обучения решению задач по теме «тела вращения» курса геометрии в старших классах

Аннотация

Основная цель – систематизировать знания, полученные учащимися в курсе геометрии по теме «Тела вращения», и применить их для решения практических задач. Основная проблема в разработке урока: использование практико-ориентированных методов. повысить учебно-познавательную активность учащихся. Кроме того, развитие познавательных потребностей, организация поиска новых знаний, повышение эффективности учебного процесса и интереса к предмету, проведение индивидуальных и коллективных действий по теме. Выбор данной темы заключается в обеспечении оптимального использования знаний, полученных на уроке математики, учащимися старших классов в своей будущей профессиональной деятельности.

Ключевые слова: круглые тела, тела вращения, объем, стереометрия, конус, цилиндр, сегмент шара.

Methods of teaching problem solving on the topic «bodies of rotation» of the geometry course in high school

Annotation

The main goal is to systematize the knowledge acquired by the students in the geometry course on the topic "Bodies of rotation" and apply it to solve practical problems. The main problem in the development of the lesson: the use of practice-oriented methods. increase the educational and cognitive activity of students. In addition, developing cognitive needs, organizing the search for new knowledge, increasing the effectiveness of the educational process and interest in the subject, carrying out individual and collective actions on the topic. The choice of this topic is to ensure the optimal use of the knowledge acquired in the mathematics class by high school students in their future professional activities.

Keywords: round bodies, bodies of revolution, volume, stereometry, cone, cylinder, sphere segment.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Құсайынова Л. Жаңа сабақ технологиясы. Қазақстан мектебі, 2003 жыл №3.
2. Құдайбергенева К. С. Инновациялық тәжірибе орталығы-педагогикалық технология көзі. Алматы қ., 2001 ж. - 75 б.
3. В. Гусев, Ж. Қайдасов, Ә. Қағазбаева. Геометрия. Жалпы білім беретін мектептің жаратылыстану–математика бағытындағы 11-сынып арналған оқулық. Алматы қ., «Мектеп» баспасы, 2007 ж. - 96 б.
4. Погорелов А. В. Геометрия. Орта мектептің 7-11 сыныптарына арналған оқулық, 4-басылым. Алматы қ., «Мектеп» баспасы, 2001 ж. - 384 б.
5. Александров А. Д. Геометрия для 10-11 классов: Учеб. пособие для уч-ся шк и кл с глубл. Изучением мат./Александров А. Д., Вернер А. П., Рыжик В. И. – М.: Просвещение 1992 ж. - 504 б.
6. Қ. Жұбаев. Геометрия пәнін оқыту әдістемесі оқу құралы, Алматы Республикалық баспа кабинеті, 1997 ж., - 185 б.
7. Геометрия: Жалпы білім беретін мектептің 10-11 сыныптарына арналған оқулық / Л.С.Атанасян және басқлар. Орыс тіліндегі түпнұсқасын шығаруда ғылыми басшылық еткен А.Н.Тихинов. – 5-басылым. – Алматы қ.: «Мектеп» баспасы ЖАҚ, 2002 ж. -208 б.

ГРНТИ 14.35.09

ЗЕРТТЕУ ҚЫЗМЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ҚҰРЫЛЫМДЫҚ-МАЗМҰНДЫҚ МОДЕЛІ

ҚОЖАТАЙ БАЛДЫРҒАН
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің магистранты. Қызылорда. Қазақстан
СЕЙТМҰРАТОВ АҢҒЫСЫН
физика-математика ғылымдарының докторы, профессор, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті. Қызылорда. Қазақстан

Оқытушылардың берген жауаптарын талдай отырып, олардың шығармашылық жұмыс жасауға деген ұмтылысы жоғары болғанымен, студенттерде жиі кездесетін қиыншылықтар анықталды. Оқытушылардың берген жауаптарына сәйкес, олар - 60,2% зерттеу тапсырмаларын орындай алады, алайда олар оны орындау барысында көп уақыт жұмысап, қиыналатындықтарын, ал - 39,8% - да зерттеушілік іс-әрекеттің қалыптасу деңгейінің төмендігі анықталды. Сауалнама жауаптарын талдау нәтижесінде, оқушылырдың көпшілігі зерттеу тапсырмаларын оқытушылардың көмегімен ғана орындай алады деген қорытындыға тоқталдық. Оқытушылардың пікірінше, оқу үдерісіндегі зерттеушілік іс- әрекетті дамыту барысындағы қиындықтардың туындауына әсер етуші себептер: оқушылырдың меңгеруге тиісті ақпаратты талдай алмауы (40,1%), материалдарды жүйелеу (20,3%), экспериментті жоспарлау және жүргізу, зерттеу жұмысы нәтижесі бойынша есеп дайындау және қорғау қабілетінің қажетті деңгейде емес екендігін көрсетті (90,0%).

Біздің байқағанымыз, оқушылырдың зерттеушілік іс-әрекетті қалыптастыруға бағытталған тапсырмаларды орындауға арналған оқытушылар тарапынан ұсыныстардың жетіспеушілігі ол оқу үдерісін ұйымдастырудағы уақыттың тапшылығы. Осы мәселені анықтау үшін оқытушыларға төмендегідей сұрақтар ұсынылды:

1. Оқу үдерісінде төмендегі ұсынылған тапсырмалардың қай типін жиі қолданасыз?

а) репродуктивті тапсырмалар; ә) продуктивті тапсырмалар; б) зерттеушілік тапсырмалар.

2. Оқу үдерісінде зерттеушілік тапсырмаларды қандай жиілікте қолданасыз?

3. Қандай себептерге байланысты сіз оқу үдерісін ұйымдастыруда зерттеушілік іс-әрекетті пайдаланбайсыз? Оқытушылардың сауалнама нәтижесін талдау бойынша оқу үдерісінде негізінен репродуктивті типтегі тапсырмалар (63,8%) қолданылатындығын анықтадық.

Оқушылырдың сауалнамаға берген жауаптарын талдау нәтижесінде олардың қалыптасқан зерттеушілік іс-әрекет деңгейінің орташа есеппен алғанда, біз белгілеген көрсеткішке сәйкес жеткіліксіз деңгейде екендігін көрсетті және оны дамыту қажеттігі анықталды. Сонымен қатар, болашақ инженер мұғалімдерді даярлауда, жұмыс оқу жоспарындағы пәндердің мазмұнында инженериялық, экологиялық, тіршілік ерекшеліктері туралы материалды оқыту жеткіліксіздігі байқалды, оларды қосымша, мақсатты түрде жоспарланған пәндермен толықтыруға назар аудару қажет екендігі анықталды.

Анықтау экспериментінің бастапқы кезеңінде алынған сауалнамалар нәтижесін талдау бізге болашақ инженер мамандықтарының зерттеушілік іс - әрекетін қалыптастыру мүмкіндіктерінің бастапқы деңгейін анықтауға және зерттеу жұмысымыздың проблемаларын шешудің нақты жолдарын жоспарлай отырып, құрылымдық - мазмұндық моделін құруға мүмкіндік берді.

Анықтау эксперименті кезеңінде алынған сауалнамалардың нәтижелерін талдау нәтижесі бізге болашақ мамандықтарының зерттеушілік іс - әрекетін қалыптастыру әдістемесінің бастапқы деңгейін анықтауға және зерттеу жұмысымыздың проблемаларын шешудің нақты жолдарын жоспарлауға, мазмұнын құруға мүмкіндік берді.

Тәжірибелік-эксперименттің келесі яғни, екінші кезеңі – қалыптастыру эксперименті барысында болашақ мамандықтарының зерттеушілік іс - әрекетін қалыптастыру әдістемесінің (физика бағытында ғылыми –зерттеу зерттеу мысалында) мазмұнын ұсыну және оның тиімділігін тексеру болды. Қалыптастыру экспериментінің болжамына сәйкес, болашақ инженер мұғалімдер зерттеу тапсырмаларын орындауды, өздерінің білім деңгейін анықтауды, зерттеушілік біліктерін қалыптастыруды, өздігінен ізденуді, шығармашылық, креативтілік қабілеттерін заман талабына сай жетілдіруді тиімді меңгереді.

Зерттеу жұмыстарын жоспарлап, қорытынды есеп материалдарын әзірлеп, зерттеу нәтижелерін қорғай алатын болды. Өздері дайындаған зерттеу нәтижелерін болашақ мамандығында пайдалана білу нәтижесі байқалды. Болашақ инженер мамандықтарының зерттеушілік іс - әрекетін қалыптастыру үдерісінде кәсіптік біліктілік құрушы элемент деп қарастырылды. Оған зерттеушілік іс-әрекетті қалыптастыруға байланысты «Физика» пәнін оқытумен ықпалдастырылу керектігін қалыптастыру эксперименті негізінде дәлелденді. Болашақ инженер мамандықтарының зерттеушілік іс - әрекетін қалыптастыру әдістемесінің мазмұнын құруда біз қазіргі кезеңдегі білім берудің мақсаты - жеке тұлғаның өзіне және қоғамға қажетті қабілеттерін дамыту, өзін - өзі тану және өздігінен білім алуды тиімді қамтамасыз ететін әлеуметтік құндылықтардың белсенділігін қалыптастыру болып табылады деген ұстанымды негізге алдық. Қазіргі кездегі жоғары оқу орындарының білім беру мазмұнын айқындауды және оқу - әдістемелік үдерісті ұйымдастыруды қамтамасыз ететін кешенді материалдары:

- Қазақстан Республикасы мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты. Жоғары білім.;
- үлгілік оқу бағдарламасы;
- модульдік білім бағдарламасы;
- болашақ инженер мамандарды дайындауда зерттеушілік іс – әрекетті дамыту әдістемесі;
- пәннің оқу-әдістемелік кешені.

Жоғарыда көрсетілген барлық кешенді материалдар толықтай қамтамасыз етілуі шарт. Олар бір - бірімен тығыз байланысты болып, бір - бірін толықтырып тұрады. ЖОО, кафедраларының шешіміне байланысты оқу-әдістемелік кешен өзгеруі мүмкін.

Қазіргі қоғам дамуының алға қойылып отырған міндеттеріне жауап беретін оқыту мазмұнын анықтау, жоғары оқу орындары алдында: оқу үдерісін ұйымдастыру, оқыту формасын, әдісін анықтау және заман талабына сай болашақ мұғалімдерді дайындау мәселелері әсіресе өзекті болып отыр. Жоғары оқу орындарының оқыту мазмұнына қойылатын талаптары білімді дамыту мемлекеттік стратегиясымен анықталады, яғни жоғары кәсіби білім берудің мемлекеттік стандарттарында нақтыланған.

Мемлекеттік стандартты қолданудағы мақсаттарды орындау төмендегідей жіктеледі:

- білім беру жүйесін басқаруда демократиялық принциптерді жүзеге асыру, жоғары оқу орындарының мүмкіндіктерін кеңейту және академиялық бостандығы;
- қоғам дамуы мен ғылымдағы жаңалықтарға байланысты ғылыми зерттеулер мен мамандықтар бойынша жоғары оқу орындарының оқыту үдерісінің бейімделуін қамтамасыз ету;
- еңбек нарығының өзгермелі жағдайларында болашақ маманнның бейімделушілігін қамтамасыз ету

Қазақстан Республикасының білім беру жүйесінің стратегиялық мақсаты – мемлекеттің әлеуметтік және кәсіптік мәселелерін өз бетінше тұжырымдай отырып, іс жүзінде шеше алатын, жоғары білімді әрі бәсекеге түсуге қабілетті шығармашылық тұлғаны қалыптастыруға неғұрлым қолайлы жағдай жасау болып табылады.

Жоба бойынша жұмысты әзірлеудің әртүрлі кезеңдері бар. Жобалау қызметі кезеңінің әр кезеңіндегі оқытушы мен білім алушының іс-әрекетін сипаттау маңызды болып табылады.Физика пәнін оқыту процесінде мектеп білім алушыларының жобалық қызметті әзірлеу кезеңіне толығырақ тоқталайық.

Әр кезеңнің негіздері оқытушы мен білім алушының іс-әрекеті соңғысының тәуелсіздік дәрежесіне байланысты өзгеріп отырады

Жоба идеясын егжей-тегжейлі қарастырайық.Жоба тұжырымдамасы білім алушылардың қабілеттері мен қызығушылықтарын ескере отырып анықталады.Жоба тұжырымдамасының идеясы жобаның тақырыбымен және мақсатымен байланысты.

Жоба тақырыбын білім алушылар да,оқытушы да ұсына алады,сонымен бірге білім алушылардың кәсіби мүдделерін,қызығушылықтарын және шығармашылық қабілеттерін басшылыққа алу керек,сонымен қатар бекітілген бағдарламалар аясында оқу орнының маманы тақырыпты ұсына алады.

Жобаның тақырыбы мектеп бағдарламасының нақты проблемасымен байланысты болуы мүмкін, сондықтан жобаның мақсаты физика пәні бойынша әр білім алушының білімін тереңдету болады.Ең нәтижелі жобаларда білім алушылардың практикалық өміріне қатысты тақырыптар бар, сонымен бірге білім алушылардан әртүрлі мектеп пәндері бойынша теориялық білімді тартуды талап етеді.

Жобаның мақсатын анықтау да осы кезеңдегі маңызды сәт.Мақсат білім алушының іс-әрекетін бүкіл жоба құрылымы арқылы басқарады. Білім алушылардың жобадағы белсенділігінің соңғы оң нәтижесі жобаның мақсаты орындалғанын көрсетеді.Жобаның нәтижесі білім алушы үшін ең күтпеген болуы мүмкін,сондықтан жобаның мақсаты тек түпкілікті өнімді құруға ғана емес,сонымен қатар осы іс-әрекет кезінде білім алушының дамуындағы саналы өзгерістерге бағытталуы керек.

Бұл кезеңде оқытушы маңызды рөл атқарады. Ол білім алушылардың білімі мен қабілеті негізінде өзіндік іс-әрекетін алдын-ала болжап отыруы керек. Егер оқытушы білім алушы жобаны жүзеге асыру немесе аяқтау үшін жағдайы жоқ деп санаса,онда ол білім алушының іс-әрекеттегі ниетін жобаның жоспары орындалуы үшін оның кемшіліктерін көрсетпеуі үшін өзгертуі керек.

Оқытушы мына сөз тіркестерін пайдаланбауы керек:сіз жеңе алмайсыз»,жетістікке жете алмайсыз» және т.б,өйткені білім алушының бастамасы жоғалып кетуі мүмкін, бұл жобалық іс-әрекеттің білім беру аспектісінің жоғалуына әкеледі.

Сондай-ақ,осы кезеңде білім алушыларға өз іс-әрекетінің кезеңдерін белгілеу үшін жұмыс дәптерін бастау ұсынылады,олар жалпы жұмыс жоспарын және белгілі бір уақыт кезеңіне арналған жоспарды,жобалық жұмыс процесінде туындайтын мәселелерді және оларды шешу жолдарын белгілейді.Бұл жұмыс дәптері ыңғайлы және пайдалы,өйткені білім алушы жұмысты аяқтағаннан кейін жобадағы әрекетін оңай талдап,оны бағалай алады,ал оқытушы жұмыс дәптеріне сүйене отырып,білім алушының жобадағы кезең-кезеңмен өтуін,туындаған проблемалар мен олардың шешімдерін бақылай алады.

Зерттеу қызметін қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі

Аңдатпа

Тәжірибелік - эксперименттік зерттеу жұмысы үш кезеңде жүргізілді: анықтау, қалыптастыру және бақылау эксперименттері. Бұл кезеңдердің әр қайсысының алдына қойылған мақсаты мен міндеттері бойынша теориялық қортындылары тәжірибелік тұрғыдан тексеріліп, дұрыстығы үздіксіз дәлелденіп тұрды және алынған нәтижелерді салыстыру, талдау және қорытындылау мәліметтері болашақ инженер мамандықтарының зерттеушілік іс - әрекетін қалыптастыру деңгейінің көрсеткіштерін анықтауға мүмкіндік берді.

Кілт сөздер: эксперимент, зерттеу, сауалнама, тәжірибе, жоба.

Структурно-содержательная модель формирования научно-исследовательской деятельности

Аннотация

Практико-экспериментальная исследовательская работа проводилась в три этапа: идентификационный, формирующий и контрольный опыты. В соответствии с целями и задачами каждого из этих этапов проводилась проверка теоретических выводов с экспериментальной точки зрения и непрерывно доказывалась их правильность, а данные полученных результатов, анализ и обобщение позволяли определить показатели уровень сформированности исследовательской деятельности будущих инженерных специальностей.

Ключевые слова: эксперимент, исследование, опрос, эксперимент, проект.

Structural-content model of research activity formation

Annotation

Practical - experimental research work was carried out in three stages: identification, formation and control experiments. According to the goals and objectives of each of these stages, the theoretical conclusions were verified from an experimental point of view, and their correctness was continuously proven, and the data of the obtained results, analysis and summarization made it possible to determine the indicators of the level of formation of research activities of future engineering professions.

Key words: experiment, research, survey, experiment, project.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Сейтмуратов А.Ж., Кадырова П. «Установление связи между вязкостью и растворенных веществ» //XI Международная научно-практическая конференция «Высшая школа: опыт,проблемы,перспективы» РУДН, Москва,Россия 29-30 марта 2018 г.
2. Сейтмуратов А.Ж., Кадырова П. «Ғылыми жобалар нәтижесін *Maple* бағдарламасының көмегімен өңдеу» 330-335 б.б.2017ж. ISBN 978-601-7091-39-2//«Современная математика: Проблемы и приложения» Сборник трудов Вторых международных научных Таймановских Чтений, посвященных 100-летию академика А.Д.Тайманова
3. Паболков И.В. Комплексное применение компьютерного моделирования в школьном астрономическом образовании: дис канд.пед. наук. - М.: МПГУ, 2001
4. Первышин Г.М. Естественно-научная направленность обучения математике на факультетах педагогики начального образования педагогических колледжей: дис. ...канд.пед. наук. - Архангельск: Поморский ГУ, (МПГУ), 2000.
5. Aleksandr Y. Lipovtcev. Педагогическая статистика version 1.0.0 программа для анализа данных, полученных в результате педагогических исследований с использованием статистических критериев Крамера-Уэлча, Вилкоксона-Манна-Уитни, Хи-квадрат и Фишера. – 2004.
6. Новиков Д.А. Статистические методы в педагогических исследованиях (Типовые случаи). - М.: МЗ-Пресс, 2004. – 67 с.

ГРНТИ: 14.35.09

МАТЕМАТИКАНЫ ОҚУ ПРОЦЕСІНДЕ МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ШАРТТАРЫ

МАМАЙҰЛЫ ДІНИМАН
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Жаратылыстану институты, «Физика және математика» кафедрасының магистранты, Қызылорда, Қазақстан
ҚАСҚАТАЕВА БАҚЫТКҮЛ РАХЫМЖАНҚЫЗЫ
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің доценті, п.ғ.д., Қызылорда, Қазақстан

Саяси және азаматтық өмірдің күрделенуі, өз кезегінде, адамның қажетті ақпаратты тауып, түсініп, өз пікірін қалыптастырып, өз елінің өмірінің әртүрлі аспектілеріне толық қатысуы үшін халықтың сауаттылығы мен білімін үздіксіз арттыруды талап етеді [47, 15-бет].

Жұмыстың өзектілігі, функционалдық сауаттылық қазіргі тез өзгеретін әлемде үздіксіз білім беруді, оның деңгейін үнемі арттыруды және білімді жаңартуды қамтамасыз етеді. Жұмыстың мақсаты: математиканы оқу барысында мектеп оқушыларына функционалдық сауаттылықты қалыптастыруға ықпал ететін педагогикалық шарттарды анықтау

С.А. Тангян компьютерлік дәуірдегі сауаттылық тек функционалдық сауаттылық болуы керек екенін айтады. Функционалдық сауаттылық адам мен қоғамның қажеттіліктері мен басымдықтарына жауап беретін компьютерлік сауаттылықтың қандай да бір нысанын қамтуы тиіс, ал компьютерлік сауаттылық функционалдық сауаттылықтың құрамдас бөлігі ретінде ғана пайымдалады [1, 20-б.].

Педагогикалық энциклопедияда сауаттылық ұғымын адамның ана тілінің грамматикалық нормаларына сәйкес оқу және жазу дағдыларын белгілі бір дәрежеде игеруі деп келтіреді. Адамға қатысты «сауаттылық оның әлеуметтік-мәдени дамуының негізгі көрсеткіштерінің бірі» болып табылады [2]. Сауаттылық тұжырымдамасының нақты мазмұны тарихи түрде өзгерді, адамның дамуына қойылатын әлеуметтік талаптардың өсуімен - оқудың, жазудың, санаудың қарапайым дағдыларынан бастап әлеуметтік қажетті білім мен дағдыларға ие болды.

Г. М. Кожаспирова сауаттылық ұғымын сипаттай отырып, «сауаттылықтың белгілі бір салада білім алудың белгілі бір дәрежесі және оларды қолдану қабілеті», - деп атап өтті [3].

Педагогикалық энциклопедиялық сөздікте функционалдық сауаттылық ұғымы кеңейіп, адамның әлеуметтік процестерге саналы түрде қатысуына мүмкіндік беретін әртүрлі әлеуметтік қажетті білім мен дағдылардың кейбір кешенін игеру ретінде түсініледі [4].

Жалпыланған, әлеуметтік-философиялық мағынада Г.Ключарев пен Е.И. Огаревтің пікірінше, сауаттылық - табиғи және жасанды тілдердің символдық жүйесін белсенді игеруде, сондай-ақ осы жүйені қоршаған шындықты білу және практикалық қызмет барысында туындайтын мәселелерді шешу үшін пайдалану қабілетінде көрінетін жүйеленген оқу іс-әрекетінің нәтижесі. Бұл анықтаманы негізгі деп санауға болады, өйткені ол сауаттылықтың барлық түрлерінің, соның ішінде функционалдық сауаттылықтың жалпы белгілерін көрсетеді, өйткені осы тұрғыдан алғанда, оқу мен жазуды білетіндердің бәрі бірдей сауатты емес. Функционалды сауаттылық - бұл құзыретті және тиімді әрекет ету қабілеті. Бұл адамның өмірлік мүдделерін іске асыру шарасы, сондай-ақ оның қоғаммен қарым-қатынасының сипаты тікелей байланысты болатын әлеуметтік құбылыс [4].

Біз білім алушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру мен дамыту бағдарламаларын білім берудің оқу үдерісіне енгізу, сондай-ақ қолданыстағы бағдарламаларды жетілдіру және функционалдық сауаттылық деңгейін көтерудің жаңа әдістерін әзірлеу деп санайтын Т.И.Акатованың пікіріне қосыламыз. [7, 21 б.].

Функционалдық сауаттылықтың әрбір элементі - бұл күрделі, көп қырлы білім беру [6, 57 б.]. Оған мыналар кіреді:

- белгілі бір ережелер, нормалар мен нұсқаулықтарды түсінуді және жүзеге асыруды қамтамасыз ететін пәндік, пәнаралық, интегративті білім, білік және дағдылардың органикалық бірлігі болып табылатын танымдық база;
- функционалды мәселелердің мәні және оларды шешу жолдары туралы оқушылар игерген ақпарат көздерінің жиынтығын ұсынатын білім беру кеңістігі;
- іс-әрекет барысында білім алушыларға қажет функционалдық мәселелерді шешу әдістері.

Функционалдық сауаттылықты қалыптастыру процесінде оқушының өзінің шешілетін мәселенің қажеттігін түсінгені аса маңызды.

«Функционалдық сауаттылық» тұжырымдамасының әр түрлі тәсілдерін қарастыра отырып, осы жұмыста «функционалдық сауаттылық» тұжырымдамасының ұсынылған түсіндірмелеріне сүйеніп, функционалдық сауаттылық туралы жалпы түсінік алу үшін маңызды функционалдық сауаттылық туралы көзқарастарды біріктірдік.

С.А.Тангянның [1], А.В.Хуторский [7], А.М.Новиков [8], Г.П.Зинченко [9] еңбектеріне сүйеніп, біз мынандай қорытындыға келдік:

1. Функционалдық сауаттылықты қазіргі заманғы оқушының білім деңгейінің бірі ретінде қарастыруға болады;

2. Функционалдық сауаттылық қазіргі заманғы білімнің қажетті компоненті болып табылады және құзыреттілік тұжырымдамасымен тікелей байланысты;

3. Функционалдық сауаттылық – оқушылардың құзыреттілігін дамытудың негізі;

4. Құзыреттілік тәсіл - оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастырудың әдіснамалық негізі;

5. функционалдық сауаттылық дегеніміз - ақпаратты қабылдау, түрлендіру, өмірге әр түрлі салалардағы типтік есептерді басым практикалық-бағдарланған білім негізінде шешуге қабілеттілікпен байланысты білім, білік, дағды, дербес әрекет әдістерінің жиынтығы.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде біз функционалдық сауаттылықтың және оқушылардың функционалдық сауаттылығының анықтамаларын тұжырымдай аламыз.

Функционалдық сауаттылық адамның қоғаммен өзара әрекеттесу міндеттерін шешуде, ақпаратты қабылдау, түрлендіру процесіпде қолданылатын қазіргі қоғамға қажетті пәндік, пәнаралық, интегративті білім, білік, дағдылар мен функционалды есептерді шешу әдістерінен тұратын білімділік деңгейі.

Оқушының функционалдық сауаттылығы дегеніміз - қазіргі орта білімнің қажетті құрамдас бөлігі болып табылатын «пәндік, пәнаралық, интегративті білім, білік, дағдылар мен функционалды есептерді шеше білу» кешенінен тұратын білімділік деңгейі.

Оқушының **функционалдық сауаттылығы - қолданбалы білім негізінде өмірдің әр түрлі саласындағы практикалық есептерді шешу қабілеті.**

Функционалдық сауатты адам - бұл әлемдегі құбылыстарды түсінетін және әлеуметтік құндылықтарға, үміттер мен мүдделерге сәйкес әрекет ететін адам.

Функционалдық сауатты тұлғаның негізгі белгілері: танымпаз, адамдар арасында өмір сүре білетін, белгілі бір қасиеттерге ие тәуелсіз тұлға.

Функционалдық сауаттылықтың мазмұны:

– тілдік сауаттылық;
– компьютерлік және ақпараттық сауаттылық,
– құқықтық сауаттылық,
– азаматтық сауаттылық,
– қаржылық сауаттылық,
– экологиялық хабардарлық,
– функционалдық сауаттылықтың кәсіби және арнайы аспектілері (менеджмент, бизнес-жоспарлау, жаңа технологиялар және т.б.).

Енді функционалдық сауаттылықты қалыптастырудың педагогикалық мәселесін қарастыруға қатысты «шарттар» мен «факторлар» ұғымдарын қарастырайық.

«Шарт» объектінің айналасындағы құбылыстарға қатынасын білдіретін философиялық категория. Шарт дегеніміз - заттың, процестің болуына мүмкіндік беретін басқа нәрсеге байланысты нәрсе [10, 469 б.]. «Шарт - бұл құбылыс пайда болатын және дамитын орта» [11, 474 б.].

Бұл педагогикалық зерттеуде «жағдайлар» ұғымы педагогикалық аспектіде, яғни оқу процесінде оқушылар арасында функционалдық сауаттылықты қалыптастырудың педагогикалық процесінің негізінде жатқан өзара байланысты компоненттер ретінде қарастырылады.

Факторлар негізгі қозғаушы күштерді, функционалдық сауаттылықтың табиғаты мен ерекше белгілерін анықтайтын оны қалыптастыру процесінің себептерін білдіреді [85, 86]. Демек, факторлар функционалдық сауаттылықты қалыптастыру процесінің ішкі объективті жағы.

Шарттарды жеке адам немесе педагогикалық ұжым факторлардың әсерін күшейте отырып немесе әлсірете отырып жасауы мүмкін. Демек, шарттар (жағдайлар) функционалдық сауаттылықты қалыптастыру процесіне сыртқы әсер етуші рөлін атқарады.

Математиканы оқу барысында мектеп оқушыларында функционалдық сауаттылықты қалыптастыруға ықпал ететін педагогикалық жағдайларды анықтау барысында біз келесі факторлардың әсерін ескердік:

1) білім алушылардың функционалдық сауаттылық деңгейі; мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын қалыптастырудың зерттелген мәселесі тұрғысынан қоғамның қазіргі білім беру жүйесіне қойылатын талаптары;

2) білім алушылардың жасының психологиялық-педагогикалық ерекшеліктері;

3) мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын қалыптастыру процесіндегі математика пәнінің ерекшеліктері мен мүмкіндіктері;

4) мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын қалыптастырудың іргелі компоненті ретінде құзыреттілікке негізделген әдістеменің принциптері.

Жоғарыда аталған факторлардың әрқайсысын толығырақ қарастырайық.

Қазіргі заманғы білім беру жүйесінің алдында өзін-өзі жетілдіруге және өз білімін жүзеге асыруға деген ұмтылысы бар, дүниетанымы кең, үздіксіз танымдық іс-әрекетке бағдарланған жаңа типтегі маман даярлау міндеті тұр. Бұл жағдайда білім алушы оқу процесінің белсенді қатысушысына айналады. Білім алушы өзінің оқуын тек формасы бойынша ғана емес, мазмұны бойынша анықтайтын және «бағыттайтын» субъектіге айналуы керек [12, С. 90-109].

Н.С. Козлов пен В.Л. Крайник бірінші курстың студенттерінің білім деңгейін анықтау бойынша жүргізген зерттеуінде жалпы білім беретін мектеп өзінің түлектерін университетте үздіксіз білім алуға жеткілікті дәрежеде дайындамайтынын, талапкерлердің жалпы дайындық деңгейінің төмен екенін көрсетті. [13, 76 б.].

Бұл тенденцияны білім беру сапасының халықаралық көрсеткіштері аясында функционалдық сауаттылық деңгейін анықтауға арналған халықаралық зерттеулер нәтижелері де растайды.

Зерттеу нәтижелері бойынша қазақстандық оқушылар проблемаларды анықтау және тұжырымдау, модельдеу және оларды шешу жолдарын ұсыну мақсатында өмірлік жағдайларды талдау қабілеттерінің төмен екендігін көрсетіп отыр.

Тапсырмаларды «оқу» үшін күрделіліктің бірінші деңгейі мәтінде тақырыпты тану, екіншісі - оқылғаннан қорытынды шығара білу, үшіншісі - ақпараттың күнделікті біліммен байланысы, төртіншісі – мәтінді сыни талдау, бесінші жоғары деңгейде – қажет емес немесе шындыққа жатпайтын ақпараттарды бөліп көрсету, болжамдар мен қорытындыларды еркін тұжырымдау.

Сонымен, «оқудағы» сауаттылық дегеніміз, ең алдымен, оқылған материалды түсіну және түсіндіру, қорытынды жасай білу, пайымдау, оқылған материалға деген көзқарасты тұжырымдау.

Математикада ең төменгі бірінші деңгейі үшін сызбада немесе кестеде берілгендерді «оқу», валюта айырбастау кезінде айырбастау курсын қолдану, ортаңғы - 3 және 4 деңгейлерде қашықтықты табу үшін картаның масштабын қолдану, қозғалыс жылдамдығын есептеу, ең жоғарғы деңгейге - таныс емес сызбаны не диаграмманы сұрыптап бөлу яғни түсіну.

Жаратылыстануда қарапайым тапсырмалар – формулаларды қайта құруға, күрделіліктің орташа тапсырмалары – жекелеген құбылыстарды түсіндіруге арналды, ең күрделіде – құбылыстарды олардың моделдері негізінде түсіндіру қажет болды.

Мәселелерді шешу қабілетін бағалау кезінде төменгі деңгей үшін сұрақтың мәнін түсіну және оны шешу үшін ақпарат табу жеткілікті болды, орташа - ақылға салып талдай білу, шешім қабылдай білу, жоғары деңгей - көптеген шарттарды есепке ала отырып, өз пікірін негіздей білу болды.

Мектептің алдында ертеден қойылған мақсат - түлектерді күнделікті өмірде білімді еркін пайдалануға даярлау - мектепте білім беру мазмұнының практикалық құрамдас бөлігіне тиісті көңіл бөлінбегендіктен көп жағдайда орындалмайды. Бұл қазақстандық оқушылар арасында тәжірибеге бағытталған білім мен дағдылардың жетіспеушілігіне әкеледі.

Осындай мәселелер оқу сауаттылығын, жаратылыстану саласында мәселелерді шешуге қатысты тапсырмаларды орындау барысында туындады. Іс жүзінде біз бұл жерде мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығының төмен деңгейі қоғамның қазіргі білім беру жүйесіне қойылатын талаптарына сәйкес келмейтіні туралы айтып отырмыз.

Г.Ф.Красноженова [12, 134 б.] Оқу процесінде білім алушылардың өзін-өзі дамытуға, кәсіби және жалпы мәдени өзін-өзі жетілдіруге деген ынтасын қалыптастыру қажет деп санайды;

Оқу іс-әрекетіндегі мотивациялық сфераны қалыптастыру қажет, өйткені оның қалыптасуы оқушының қоғамда қабылданған құндылықтар жүйесін дамытуды, қоғамдық пайдалы іс-әрекеттің қажеттілігін және жаңаны игеруге ынталандырады. Мотивация білімнің, оқудың мағынасын ашуға, сол білімнің оған өмірдегі өз орнын анықтауға қалай көмектесетінін түсінуге ықпал жасайды [14, 30 б.].

Мотивация сыртқы және ішкі мотивтер болып ажыратылады. Оқу іс-әрекетінің сыртқы мотивтері қоғамның оқушыға, мұғалімдерге қойылатын талаптарымен, оқытуды жүргізу шарттарымен анықталады. (мысалы дамыған материалдық базаның, Интернеттің болуы). Ішкі мотивтер оқушының өзінің қажеттіліктерімен, оның қызығушылықтарымен, сенімдерімен, өзінің болашағы туралы идеяларымен және т.б. анықталады.

Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын қалыптастыру үшін құзыреттілік тәсілінің бастапқы ережелерін қолданудың өзектілігі:

- құзыреттілікке негізделген тәсіл белсенділікке негізделген, өйткені құзыреттілік белгілі бір қызметте ғана көрінеді;
- құзыреттілік жеке біліммен, қабілеттермен, дағдылармен шектелмейді, оларды қамтиды;
- құзыреттілікті анықтау үшін мәнмәтіннің маңызы өте зор, өйткені қызметтің бір түріне құзыретті адам басқа қызмет түріне қабілетсіз болуы мүмкін;
- құзыреттіліктің көрінісінде белгілі бір нақты жағдай маңызды рөл атқарады. Бір қызмет саласында, бірақ әр түрлі жағдайда адам өзінің құзырлығын көрсете алады (немесе көрсетпеуі мүмкін);
- жеке тұлғаның құзырлылығы көрінуі үшін қойылған міндеттердің маңыздылығы, оның мәселені шешуге қызығушылығы маңызды;
- құзырлылықтың дамуының маңызды факторы оқыту болып табылады [15].

Жоғарыда айтылғандарды талдай келе, біз негізгі қорытынды жасаймыз: жоғарыда айтылған құзыреттілік тәсілдің барлық ережелері білім деңгейі ретінде функционалдық сауаттылыққа тікелей қатысты.

Функционалдық сауаттылық - бұл дамып келе жатқан құзыреттіліктің білімдік негізін, демек, қазіргі білім берудің қажетті бөлігін анықтайтын оқу-танымдық құзыреттіліктің негізгі компоненті.

Зерттеуші ғалымдардың идеяларын қорыта келе, жалпы білім беретін орта мектеп оқушыларының білімді меңгеруінің негізгі оқу іс-әрекетінің тізімін анықтайық, онсыз «оқуға үйрену» мүмкін емес:

1. Мәтіннің бастапқы мазмұнын оқу және түсіну. Мәтін ақпаратты ұсынуға, беруге арналған тілдік белгілер (графикалық, акустикалық) арқылы ретімен түсініледі. Іс-әрекет процесі келесі жұмыстарды қамтиды: мәтін элементтерінің маңызды ақпаратын қабылдау, тілдік кодтардың мәндерін жаңарту, мәлімдеменің мазмұнын қалпына келтіру. Ұсынылған мәтіндегі фактілерге, теорияларға, бағалауға және сынға қатысты мәтіннің негізгі ережелерін бөліп көрсету. Конспект; мәтіннің негізгі ережелерін сипаттау тезисі. Мәтін мазмұнын өз бетінше таңдау: жалпы ережелерді бөлектеу, нақтылау, тұжырымдамаға келтіру, салдарын бөліп көрсету, дәлелдеу және т. б.

2. Мәселені көре білу және мәселеге қатысты ақпаратты таңдау. Қосымша әдебиеттерді қолдана білу және мәселені шешу үшін жаңа ақпарат таба білу.

3. Талдау және синтездеу қабілеті. Ұғымдарды, терминдерді, анықтамаларды жалпылау және білім жүйесін құру.

4. Жаттығуларда, сұрақтарға жауаптарда, есептерді шешу кезінде мазмұнды белгілермен, схемалармен, графиктермен, кестелермен және бейнелі түрде ұсыну арқылы мазмұнды ттүсіну арқылы материалды өңдей білу және оны игеру.

5.Бірнеше тақырыпты немесе барлық өткен материалдарды қамтитын тапсырмаларды шеше білу

6. Өз көзқарасын орынды негіздей білу

7. Өзіндік жұмыста өзін-өзі бақылауды жүзеге асыра білу, білім алу процесінде өзін-өзі бағалау және түзетуді жүзеге асыру. Оқушы мақсатын, оның ағымдағы және болашақтағы іс-әрекетінің міндеттерін жеке тұлға үшін маңыздылығы тұрғысынан жоспарлау (яғни мотивтер мен мақсаттардың сәйкес келуі). Жұмысының перспективасын болжай отырып, мақсатқа жетудің құралдары туралы идеяларды қалыптастыру.

Келтірілген дағдылар танымдық салаға жатады және оқу-танымдық құзыреттілікті дамытудың негізі ретінде функционалдық сауаттылықты қалыптастыруға ықпал етеді.

Бөлінген педагогикалық жағдайларды шартты түрде келесі топтар түрінде ұсынуға болады: ұйымдастырушылық, техникалық және технологиялық шарттар (жағдайлар).

Оқу-танымдық құзыреттілікті дамытудың негізі ретінде функционалдық сауаттылықты қалыптастырудың *мазмұндық шарттары* өзін-өзі тануға бағытталған, тұлғаның өзін-өзі дамытуын ескере отырып, жүйелілік және құзыреттілік тәсілдер арқылы математика пәнінің мазмұнын құруды қамтамасыз етіп, оларды іске асыруға бағытталған. Ол типтік және қолданбалы есептерді және практикалық қоғаммен өзара қарым қатынас жасау есептерін (ғылыми ұғымдар, нұсқаулықтар, кестелермен, графиктермен жұмыс істеу дағдылары, ақпаратты түсіну және жинақтау) шешу қабілетін дамытуға бағытталған оқу пәнінің негізгі мазмұндық компоненті – есеп арқылы жүзеге асырылады.

Функционалдық сауаттылықты қалыптастырудың *технологиялық шарттары* оқушылардың оқу-танымдық құзыреттілігін дамытудың негізі ретінде функционалдық сауаттылықты қалыптастырудың технологиялық компонентін қалыптастыру, мұғалімнің осы процесте өз іс-әрекеттерін іске асыруда (жобалық оқыту технологиясы, сыни ойлауды дамыту технологиясы) дербестік танытатын оқушылардың өзіндік жұмысын ұйымдастырудың қазіргі заманғы педагогикалық технологияларын қолдануды көздейді.

Функционалдық сауаттылықты қалыптастырудың *ұйымдастырушылық шарттары* оқу-танымдық құзыреттілікті дамытудың негізі ретінде мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын қалыптастыруды қамтамасыз етуге, оқытушы мен білім алушылардың субъектілік-субъектілік қатынастарын орнату негізінде оқушыларды ынтымақтастықты ұйымдастыру, оқу жетістіктерін бағалаудың жаңа нысандарын қолдану (ситуациялық тапсырмалар, жобаларды таныстыру, дебаттарды ұйымдастыру, портфолио орындау арқылы функционалдық сауаттылықты бағалау) іс-әрекеттеріне қосу.

Сонымен, психологиялық-педагогикалық әдебиеттерді теориялық талдау негізінде жоғарыда егжей-тегжейлі талданған факторларға сүйене отырып, математиканы оқу процесінде мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын қалыптастыруға ықпал ететін педагогикалық шарттарды (жағдайларды) анықтадық.

Математиканы оқу процесінде мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын қалыптастырудың педагогикалық шарттары

Аңдатпа

Мақалада функционалдық сауаттылықты қалыптастыруға арналған педагогикалық және әдістемелік әдебиеттер зерделеніп, «функционалдық сауаттылық» ұғымы және оның мазмұны нақтыланған. Жұмыстың өзектілігі - функционалдық сауаттылық қазіргі тез өзгеретін әлемде үздіксіз білім беруді, оның деңгейін үнемі арттыруды және білімді жаңартуды қамтамасыз етеді. Жұмыстың мақсаты: математиканы оқу барысында мектеп оқушыларына функционалдық сауаттылықты қалыптастыруға ықпал ететін педагогикалық шарттарды анықтау

Кілт сөздер: функционалдық сауаттылық, педагогикалық шарттар, жалпы білім беретін орта мектеп.

Педагогические условия формирования функциональной грамотности школьников в процессе изучения математики

Аннотация

В статье анализирована педагогическая и методическая литература по формированию функциональной грамотности, уточнено понятие «функциональная грамотность» и ее содержание. Актуальность работы заключается в том, что функциональная грамотность обеспечивает непрерывное образование в современном быстро меняющемся мире, постоянное повышение его уровня и обновление знаний. Цель работы: выявить педагогические условия, способствующие формированию функциональной грамотности школьников в процессе изучения математики.

Ключевые слова: функциональная грамотность, педагогические условия, общеобразовательная средняя школа

Pedagogical conditions for the formation of functional literacy of schoolchildren in the process of studying mathematics

Annotation

The article analyzes the pedagogical and methodological literature on the formation of functional literacy, clarifies the concept of "functional literacy" and its content. The relevance of the work lies in the fact that functional literacy provides continuous education in today's rapidly changing world, constant improvement of its level and updating of knowledge. The purpose of the work: to identify pedagogical conditions that contribute to the formation of functional literacy of schoolchildren in the process of studying mathematics

Keywords*:* functional literacy, pedagogical conditions, general education school.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Тангян, С. А. Грамотность в компьютерный век [Текст] / С. А. Тангян // Педагогика. - 1995. - № 1.

2. Российская педагогическая энциклопедия [Текст]. В 2-х т. Т.1. / гл. ред. В. В. Давыдов. - М. : Большая Российская энциклопедия, - 1993. - С. 227.
3. Коджаспирова, Г. М. Педагогический словарь [Текст] / Г. М. Коджаспирова, А. Ю. Коджаспиров. - М. : «Академия», 2001. - 176 с. 50
4. Ключарев, Г. Непрерывное образование в трансформирующемся российском обществе [Текст] / Г. Ключарев, Е. И. Огарев. - М. : РОССПЭН, 2002.- 191 с. 54
5. Акатова, Т. И. Языковая функциональная грамотность и языковая культура студентов: Психо лого-педагогический аспект [Текст] : монография / Т. И. Акатова. - М. : ИТК «Дашков и К», 2006. - 237 с.
6. Боровик, В. С. Занятость населения [Текст] / В. С. Боровик, Е. Е. Ермакова, В. А. Похвощев. - Ростов-н/Д., 2001. - С.112.
7. Хуторской, А. В. Дидактическая эвристика. Теория и технология креативного обучения [Текст]/ А. В. Хуторской-М.: Изд-во МГУ, 2003.- 416 с.
8. Новиков, А. М. Интеграция базового профессионального образования [Текст] / А. М. Новиков // Педагогика. - 1996. - № 3. 61
9. Зинченко, Г. П. Универсальный способ деятельности [Текст] / Г. П. Зинченко // Советская педагогика. - 1990. - № 4.
10. Философский словарь [Текст] / под ред. И. Т. Фролова. - 6-е изд., перераб. и доп. - М. : Политиздат, 1991. - 560 с.
11. Философский энциклопедический словарь [Текст]. - М. : ИНФРА - М, 1999.- 576 с
12. Красноженова, Г.Ф. Высшая школа России. Проблема сохранения интеллектуального потенциала [Текст] / Г. Ф. Красноженова. - М. : Мысль, 1998.-216 с.
13. Козлов, Н. С. Учебная деятельность студентов первого курса: теория и экспериментальная практика формирования [Текст] / Н. С. Козлов, В. Л. Крайник // Педагог. - 1998. - № 2.
14. Атанов, Г. А. Деятельностный подход в обучении [Текст] / Г. А. Атанов. - Донецк : «ЕАИ-пресс», 2001. - 160 с.
Компетентностный подход и проблемы модернизации системы высшего профессионального образования в России [Текст] / авт.- сост. И. П. Черная. - Владивосток : Изд-во ВГУЭС, 2006. - 66 с.

ГРНТИ 14.35.09

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ПРОЕКТНОГО ОБУЧЕНИЯ НА УРОКАХ МАТЕМАТИКИ

З.С. МАХМҰТ, А.Ж.СӘДІ
Назарбаев Интеллектуальная школа химико-биологического направления города Кызылорда
Назарбаев Интеллектуальная школа физико-математического направления города Алматы

О проектном обучении

Проектное обучение – это метод обучения, при котором учащиеся приобретают знания и навыки, работая в течение длительного периода времени над исследованием и реагированием на подлинный, увлекательный и сложный вопрос, проблему или задачу.

Последняя обновленная программа образования включает активное обучение, смешанное обучение и обучение на основе проектов. Проекты помогают учащимся персонализировать свое обучение и идеально подходят для получения ключевых знаний и понимания содержания, а также для ответа на вопрос: «Где я когда-либо собираюсь это использовать?» Когда в классах внедряется проектное обучение, «учителя и школы могут использовать разработанные извне учебные программы проектного обучения, они могут разрабатывать свои собственные подходы проектного обучения или проектное обучение может стать частью общешкольной реформы»[1]. Понятие «учебная программа» знакомо большинству педагогов, и это может быть особенно сложно, когда учитываются потребности разных учащихся, в том числе с ограниченными возможностями. Проектное обучение позволяет преподавателям охватить несколько предметных областей или направлений учебной программы в рамках одного проекта.Еще одним ключевым преимуществом использования проектного обучения является простота, с которой преподаватели могут различать обучение и оценивание для учащихся, которым требуются приспособления или модификации. Проектное обучение позволяет проводить дифференциацию на каждом этапе задания: учителя могут дифференцировать содержание, процесс и результат задания в соответствии с готовностью, интересами и профилем обучения учащегося.

Тем не менее реализация проектного обучения имеет некоторые проблемы. Проектное обучение требует от учителей изменить свои роли (фасилитаторов) и чтобы терпели не только двусмысленность, но и больше шума и движения в классе. Учителя должны освоить новые навыки управления классом и узнать, как лучше всего поддерживать своих учеников в обучении, используя технологии, когда это уместно. И они должны верить, что их ученики полностью способны к обучению при таком подходе. Учитывая эти проблемы, профессиональное развитие – как начальное обучение, так и постоянная поддержка – вероятно, будет иметь важное значение для успешного внедрения проектного обучения».

Как организовать проектное обучение

Обогащение обучения в классе проектами, безусловно, является самой сложной, но в то же время самой полезной формой самостоятельного обучения. Это сложно, потому что требует от учеников навыков высокого уровня, например, навыков применения методов, самоуправления и социальной компетентности. Таким образом, проектное обучение никогда не должно вырождаться в учебный курс, ориентированный на учителя, где, в конечном счете, учитель по-прежнему выполняет все планирование, структурирование и организацию, подготавливает и закупает все материалы или даже производит и представляет результаты.

Каждый хороший проект должен быть привязан к стандартам, чтобы учащиеся получали ключевые знания и понимание. Четыре ключевые области служат индикаторами того, что проектное обучение основывается на стандартах:

1. Учебное содержание
2. Навыки 21 века
3. Возможности формативного и суммативного обучения
4. Преднамеренная, согласованная, разнообразная и постоянная оценка [2].

Учащиеся должны воспринимать работу как значимую для них. Четкая связь с входным событием, добавляющим это значение, может быть через что угодно: «видео, оживленную дискуссию, приглашенного оратора, экскурсию или часть фиктивной переписки, которая устанавливает сценарий» [3]. Учащиеся нуждаются в праве голоса и выборе при выполнении требований проекта, помня о том, что следует учитывать ограниченный выбор и что учителя должны разрабатывать проекты с той степенью выбора учащихся, которая соответствует их собственному стилю и ученикам. Проекты должны давать учащимся возможность развивать навыки 21 века и использовать технологии, которые будут им полезны в жизни и на работе. Проекты должны позволять учащимся проводить реальные исследования. Это связано с аутентичностью или реалистичностью проекта. С «настоящим исследованием приходит инновация — новый ответ на главный вопрос, новый продукт или индивидуально созданное решение проблемы».

Учащиеся должны получать обратную связь для использования при пересмотре, поскольку они узнают, что реальная работа часто требует пересмотра. Внешние эксперты или наставники также могут внести свой вклад. Учителя не должны быть единственными, кто предоставляет такую обратную связь. Сеансы взаимного редактирования с помощью соответствующих рубрик или контрольных списков могут быть полезны для учеников, чтобы представить друг другу свои черновики.

Учащиеся должны публично представлять свою работу, так как они будут более заинтересованы в создании качественного продукта, если будут знать, что его увидит реальная аудитория [4]. Как отметила Лариса Пахомова: «Почему ученики должны прикладывать столько усилий к продукту, который будет смотреть только один человек?».

Если проекты предполагают командную работу, преподавателям необходимо будет подчеркнуть приверженность команде как важному компоненту успеха групповой работы. Лармер отметил, что это может не возникнуть автоматически, но «чувство ответственности перед своими сверстниками может быть одним из самых мощных мотивирующих факторов для учащихся, работающих над проектом в команде». Чтобы помочь поддерживать командную работу, учителя могут подумать о том, чтобы «создать список норм или рубрик с учениками; попросить учеников поделить роли о том, как они будут работать вместе; предоставить им такие инструменты, как планировщики задач и онлайн-платформы для совместной работы; и научить их, как решать проблемы, конфликты и принимать решения. Во время проекта пусть члены команды и учителя часто проверяют друг друга чтобы убедиться, что все идет гладко».

Наконец, проекты должны включать элемент рефлексии. Согласно Лармеру и Мергендоллеру, «учащиеся должны размышлять о том, что они изучают, как они изучают и чего они достигли в проекте».

Таким образом, проекты должны быть результатом попыток учеников ответить на основные вопросы. Они могут соответствовать любой из трех структур: межличностные отношения, обмен информацией или решение проблем. При выборе существующего проекта или создании собственного математического проекта учитывайте следующее:

1. Посвящен ли проект только математике или есть связь с другими учебными областями?

2. Связан ли проект с учебной программой данного учебного заведения?

3. Поставляется ли проект с учебными материалами для занятий в классе?

4. Все ли ученики вашего класса могут участвовать? Проекты не должны быть зарезервированы для ваших талантливых и одаренных учащихся, так как все ученики должны иметь возможность извлечь из этого пользу.

5. Каково общее время завершения проекта?

6. Является ли проект совместным? Совместный проект, особенно с участием учащихся за пределами вашей школы, потребует больше времени и контроля, чтобы помочь учащимся научиться быть частью команды и правильно общаться с другими.

7. Какую пользу учащиеся получат от участия в проекте как в академическом, так и в личном плане? Учтите, что когда учащиеся взаимодействуют с другими учащимися и экспертами по всей стране или за рубежом, они получают более широкое представление о разнообразии.

Пример проектного обучения на уроке математики.

Есть бесконечные возможности для реализации проектного обучения в классе. В следующем примере представлено лишь несколько идей проектов и вариантов дифференциации, которые можно интегрировать для поддержки учащихся с ограниченными возможностями.

Проект: «Супер каникулы».

Длительность проекта 1 неделя – 1 месяц.

Сроки зависят от того, какие направления вы решите включить в свой проект, и от того, насколько глубоко вы планируете работать. Если у вас есть класс, которому нужны короткие, быстрые проекты, вы можете опустить некоторые математические направления и снизить требования к грамотности. Самое замечательное в этом то, что ученики могут работать над математикой вне «математического класса». В течение определенного периода учащиеся могут выбирать, над каким компонентом проекта работать. Например, после мини-урока по прошедшему времени они могут выбрать работу над этим компонентом проекта.

Обзор. Вы только что выиграли 2000000 тенге, которые можно использовать для планирования отпуска своей мечты! В этом проекте вы изучите и спланируете свой отпуск, а затем представите свой маршрут и бюджет классу.

Этот проект можно сделать более или менее сложным, в зависимости от того, какую учебную программу вы пытаетесь реализовать.

Шаг 1:

- Выберите пункт назначения.
- Решите, как долго вы останетесь.
- Выберите вид транспорта.
- Изучите стоимость и время в пути, чтобы добраться до пункта назначения, а также вернуться домой.
- Подсчитайте, сколько денег осталось, чтобы спланировать остаток отпуска.

Шаг 2:

- Спланируйте, где вы остановитесь, и определите стоимость пребывания там на время вашей поездки.
- Выберите не менее двух экскурсий и определите стоимость этих мероприятий.
- Спланируйте, как вы будете добираться от вашего жилья до экскурсий, и стоимость этого транспорта.
- Во сколько вы покинете свой отель? Сколько времени потребуется, чтобы добраться до вашей экскурсии? Во сколько вы приедете?
- Какое расстояние от вашего отеля до вашей экскурсии? Выразите это расстояние в километрах, а также в метрах.
- Подсчитайте, сколько денег осталось на оставшиеся расходы.

Шаг 3:

- Планируйте, что вы будете есть, и сколько вам нужно в бюджете на еду.
- Вам нужно что-нибудь еще, чтобы насладиться отдыхом?
- У вас остались деньги на сувениры? Сколько?

Шаг 4:

- Пересмотрите свой бюджет и внесите необходимые изменения, чтобы не тратить больше 2000000 тенге.
- Создайте привлекательную презентацию, чтобы продемонстрировать свои знания. Некоторые варианты представляют собой слайд-шоу; Prezi; реклама на радио или телевидении; разыгранное или записанное туристическое шоу; блог о путешествиях; Заметки или если у вас есть другой метод, обсудите его со своим учителем.

Шаг 5:

Дополнительные вопросы

- Если бы вам пришлось ходить на все экскурсии и в рестораны пешком, сколько километров вы бы прошли в общей сложности? Сколько километров вы бы проходили в среднем в день?
- В пункте назначения используется другая валюта? Переведите свой бюджет в размере 2000000 тенге в местную валюту.
- Напишите убедительный абзац о том, почему вам следует разрешить взять перерыв в школе, чтобы отправиться в эту поездку.
- Напишите описательный абзац об известном здании, достопримечательности, произведении искусства или еде из пункта назначения.
- Создайте произведение искусства, вдохновленное пунктом назначения. Возможно, он вдохновлен известным художником из этого места или известным произведением искусства в здешнем музее.
- Изучите правительственные структуры вашего пункта назначения и создайте диаграмму Венна для сравнения с вашими местнымиорганами власти.

Предложения по дифференциации:

Для учащихся с проблемами исполнительной функции разделите инструкции на части, предоставляя по одному шагу за раз. Установите крайний срок для каждого шага и совместно создайте график, чтобы завершить его к крайнему сроку. Предоставляйте учащимся описательную обратную связь на каждом этапе.

Для учащихся, которым они нужны, предоставьте манипуляторы или виртуальные манипуляторы, чтобы помочь им с вычислениями.

Рассмотрите возможность сокращения общего бюджета для некоторых учащихся. Подумайте о том, чтобы составить список цен, с которыми легче работать, чтобы уменьшить когнитивную нагрузку при исследовании и записи цен, а также упростить вычисления с десятичными числами.

Рассмотрите возможность предоставления ссылок на видеоролики о некоторых направлениях, чтобы уменьшить объем чтения, необходимый в процессе исследования.

Предоставьте четкие инструкции по навыкам, необходимым для выполнения каждого шага (например, как использовать Mindomo или другие графические органайзеры, как использовать Excel или Google Sheets, как использовать Google Maps для определения времени и расстояния между пунктами назначения, как конвертировать единицы измерения и т. д.). Рассмотрите возможность создания видеозаписей уроков, чтобы учащиеся могли просматривать их в любое время на своих личных устройствах.

Предоставьте учащимся выбор конечного продукта (например, устная презентация, письменный отчет, видео, подкаст и т. д.)

Связи с учебными планами: математика.

Раздел: «Числа».

«Десятичные дроби».

- продемонстрировать понимание разрядности целых чисел и десятичных чисел от 0,01 до 100 000, используя различные инструменты и стратегии
- округлять десятичные числа до десятых в задачах, возникающих из реальной ситуации;
- решать задачи, возникающие из реальных жизненных ситуаций и относящиеся к величине целых чисел до 100 000

«Сложение и вычитание десятичных дробей»

- решать задачи на сложение, вычитание и умножение целых чисел, используя различные умственные стратегии

- складывать и вычитать десятичные числа до сотых, в том числе денежные суммы, используя конкретные материалы, оценки и алгоритмы

«Переводить от одной единицы измерения к другой»

- оценивать, измерять и представлять временные интервалы с точностью до секунды

- оценить и определить прошедшее время с использованием временной шкалы и без нее, учитывая продолжительность событий, выраженную в минутах, часах, днях, неделях, месяцах или годах.

- решать задачи, требующие перевода из метров в сантиметры и из километров в метры

«Пространственное мышление».

- определить местонахождение объекта, используя стороны света (т. е. север, юг, восток, запад) и систему координат

Функциональная грамотность.

Решение проблем: разрабатывайте, выбирайте и применяйте стратегии решения проблем по мере того, как учащиеся ставят и решают проблемы и проводят исследования, чтобы помочь углубить их математическое понимание.

Схема оценивания.

-70% самостоятельная работа, включая подготовительные и итоговые задания

-15% итоговый групповой проект

-10% групповые отчеты о проделанной работе/промежуточные этапы работы

-5% оценка/оценка членов их группы и класса.

Использование проектного обучения на уроках математики

Аннотация

Доклад рассматривает моменты применения технологии проектного обучения в среднем образовании. В статье указаны требования, предъявляемые к проектному обучению. Групповая проектная деятельность отмечена как наиболее эффективная и продуктивная. Предложены рекомендации к организации такого вида работы. Предложен вариант планирования одного урока по математике с использованием проектного обучения.

Ключевые слова: исследование, проект, обучение, дифференциация, развитие.

Математика сабақтарында жобалық оқытуды қолдану

Аңдатпа

Мақалада жобалық оқыту технологиясын орта білім беруде қолдану тұстары қарастырылған. Мақалада жобалық оқытуға қойылатын талаптар көрсетілген. Топтық жобалық іс-шаралар ең тиімді және нәтижелі болып табылады. Осы жұмыс түрін ұйымдастыру бойынша ұсыныстар берілген. Жобалық оқытуды пайдалана отырып, математикадан бір сабақты жоспарлау нұсқасы ұсынылады.

Кілт сөздер:зерттеу, жоба, оқыту, саралау, дамыту.

Using project-based learning in mathematics lessons

Annotation

The article considers the moments of application of project-based learning technology in secondary education. The article specifies the requirements for project-based learning. Group project activities are noted as the most effective and productive. Suggested recommendations for the organization of this type of work. A variant of planning one lesson in mathematics using project-based learning is proposed.

Key words: research, project, training, differentiation, development.

Список использованной литературы:

1. Кондлифф, Квинт, Вишер, Бангсер, Дрогоевска, Сако и Нельсон, 2017 г., стр. 3.
2. Горман, 2019 г., параграф 1.
3. Larmer & Mergendoller, 2010). , стр. 35
4. Larmer & Mergendoller, 2015, 2010

ГРНТИ 14.35.05

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЭКСПЕРИМЕНТ НӘТИЖЕЛЕРІН МАТЕМАТИКАЛЫҚ ӨҢДЕУДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

МӘТЖАНОВА ЖАНАР ОНҒАРҚЫЗЫ
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда Университеті, Жаратылыстану институты, «Физика және математика» кафедрасының магистранты, Қызылорда, Қазақстан
СЕЙТМУРАТОВ АНГЫСЫН ЖАСАРАЛОВИЧ
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда Университетінің қауымдастырылған профессоры, ф.-м.ғ.д., Қызылорда, Қазақстан

1 Кіріспе (Introduction)

Педагогикалық зерттеу зерттеудің маңыздылығын бағалау, мақсатқа жету үшін өңдеуді қажет ететін белгілі бір нәтижені алумен аяқталады. Мұндай өңдеу математикалық әдістерді қолдануды қажет етеді.

Математикалық әдістердің мағынасын тұрмыстық және ғылыми психологияны салыстыру барысында түсінуге болады.

Математикалық статистика — математиканың бір саласы, бақылау немесе өлшеу арқылы анықталып, сандар түрінде тізілген деректерді жүйеге келтіру, өңдеу және солар бойынша тиісті ғылыми және практикалық қорытындылар шығару жайындағы ғылым.

Педагогикалық эксперимент нәтижелерін өңдеу үшін математикалық статистиканы қолдану төмендегі шарттарға негізделген:

- зерттеу қорытындыларын сандық нысанға келтіру және есептеулер жүргізу;
- зерттеу қорытындысын жүйеге келтіру;
- әр түрлі педагогикалық процестердің, объектілердің, құбылыстардың жұмыс істеу заңдылықтарын анықтау,
- педагогикалық процестер мен объектілер арасындағы сапалы тәуелділікті орнату;
-әртүрлі технологиялар мен әдістерді пайдалана отырып, білім беру қызметін іске асыру қорытындылары арасындағы айрықша белгілердің дұрыстығын анықтау;
-әр түрлі педагогикалық объектілер, процестер мен құбылыстар арасындағы байланыс пен тәуелділікті орнату;

Математикалық статистика зерттеу барысында алынатын кездейсоқ шамаларды зерттейді. Бұл қандай да бір обьект немесе процесс динамикасының дамуы туралы болжам жасауға, зерттелуші обьект немесе процесс жөнінде нақты мәлімет ұсынуға мүмкіндік береді.

Осылайша, математикалық статистика педагогикалық эксперимент нәтижесі бойынша статистикалық мәліметті жинақтауға мүмкіндік береді. Математикалық статистиканың әртүрлі әдістерін педагогикалық зерттеу нәтижелерін өңдеуде қолдануды қарастырайық.

Масштабтау әдісі - бұл әдіс бірқатар сандық көрсеткіштерді құруға негізделген, соның негізінде педагогикалық объектілер немесе құбылыстар белгілі бір ретпен құрылады. Масштабтау өлшеуді білдіреді. Яғни бұл әдіс педагогикалық эксперимент нәтижелерін өлшеуге негізделген. Масштабтау педагогикалық немесе әлеуметтік бағыттағы сауалнамаға қатысатын адамдарға сұрақтар қою немесе сауалнамаларды толтыру үшін ұсыну арқылы жүзеге асырылады. Әдетте, сауалнамалар қоғамның әлеуметтік қажеттіліктерін, білім беру саласына қоятын талаптарын, сондай-ақ оларды бағалауды, білім беру жүйесінің ағымдағы жай-күйін, нақты оқу орнындағы білім беру қызметтерін ұсыну дәрежесін анықтау үшін және т.с.с. құрылады. Масштабтауда балдық бағалау жүйесі қолданылады. Әрбір жауапқа балл беріледі. Содан кейін ұпайлардың жалпы саны есептеледі. Белгілі бір ұпай саны педагогикалық объектіні немесе процесті оң, теріс немесе бейтарап аспект ретінде сипаттайды

Рейтинг әдісі - рейтинг әдісі алынған қорытынды көрсеткіштердің рет ретімен орналасуына және олардың қатарда белгіленуіне негізделген. Бұл көрсеткіштер нормативтік мәндермен салыстырылады және нормалардан ауытқуымен анықталады. Рейтинг өсу бойынша қорытынды көрсеткіштерді бөлуді қамтиды. Көрсеткіштер тізбегі вариация қатар болып табылады. Бұл қатар белгілі бір педагогикалық объектінің немесе процестің өзгеру жиілігі, оның динамикасы нақты уақыт кезеңіндегі дамуын көрсетеді. Рейтинг әр түрлі педагогикалық процестер немесе объектілерді зерттеу нәтижелеріндегі өзгерістерін көрнекі түрде көрсету үшін графиктер мен диаграммаларын құруға мүмкіндік береді. Бұл әдіс ауқымды педагогикалық зерттеулерді, яғни нәтижелері үлкен көлемдегі ақпаратқа ие зерттеулер өңдеу үшін қолданылады.

Тіркеу әдісі - педагогикалық зерттеу нәтижелерін сапалы бағалауға бағытталған. Берілген әдіс белгілі бір объектінің немесе процестің сапасын және объектілер санын санауды және осы сапамен процестер. тіркеу әдісі педагогикалық зерттеу нәтижелерін сапалы бағалауға бағытталған. Берілген әдіс белгілі бір объектінің немесе процестің сапасын және объектілер мен процестер санын анықтаумен сипатталады.

Модельдеу әдісі - зерттеудің нақты жағдайларын жасауға және оны қорытындылауға негізделген. Аталған әдіс педагогикалық зерттеу нәтижелерін өңдеуде, көрсеткіштердің сандық есептеулерін жүргізу және олардың сапасын бағалау қиынболған жағдайда қолданылады. Ол үшін тәжірибеге жақын және зерттеудің қорытынды параметрлеріне сандық және сапалық түрі беретін үлгіні жасау қажет. Модельдеу педагогикалық зерттеу нәтижелеріне объективті баға беруге мүмкіндік береді. Бұл қорытынды көрсеткіштердің ықтималдық моделін құру арқылы жүзеге асырылады. Содан кейін, әр түрлі әдістерді қолдану арқылы қорытынды деректердің шынайылық ықтималдығы анықталады. Мысалы, статистикалық гипотеза техникасы қолданылуы мүмкін, яғни қандай да бір педагогикалық объект, процес немесе құбылыстың даму ықтималдығы туралы болжам жасалады. Осылайша белгілі бір педагогикалық объектінің, процестің немесе құбылыстың даму ықтималдығын нақты әдістер мен құралдарды қолдану арқылы бағалауға болады.

Педагогикалық эксперимент нәтижелерін математикалық өңдеудің теориялық негіздері

Аңдатпа

Мақала қазіргі заман талабына сай ізденушілердің, мұғалімдердің, педагогикалық ғылыми жұмыстарының нәтижелерін математикалық өңдеудің өзектілігіне негізделген. Мақаланың мақсаты - қазіргі заманғы ақпараттық технологиялар саласында тәжірибе нәтижелерін өңдеудегі білімді арттыру.

Кілт сөздер: педагогикалық эксперимент, зерттеу, математикалық өңдеу, теория.

Теоретические основы математической обработки результатов педагогического эксперимента

Аннотация

В статье обоснована актуальность математической обработки результатов современных соискателей, учителей, педагогических научных работ. Цель статьи – повышение знаний в обработке результатов практики в области современных информационных технологий.

Ключевые слова: педагогический эксперимент, исследование, математическая обработка, теория.

Theoretical foundations of mathematical processing of the results of a pedagogical experiment

Annotation

The article substantiates the relevance of mathematical processing of the results of modern applicants, teachers, pedagogical scientific works. The purpose of the article is to increase knowledge in processing the results of practice in the field of modern information technologies.

Key words: pedagogical experiment, study, mathematical processing, theory.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Бектаев К.Б., Математические методы в языкознании, т. 1 — 2, А.-А., 1973 —74 (соавт.);
2. П.К.Петров «Математическо –статическая обработка и графическое представление результатов педагогических исследований с использованием информационных технологий», Ижевск 2016г.

ГРНТИ 27.01.45

ЖАРАТЫЛЫСТАНУ БАҒЫТЫНДАҒЫ ПӘНДЕРДІ ОҚЫТУДА МАТЕМАТИКАНЫ КІРІКТІРУДІҢ МАҢЫЗЫ

МЕҢЛІҚОЖАЕВА СӘУЛЕШ ҚОЙЛЫБАЙҚЫЗЫ
Педагогика ғылымдарының кандидаты
КУТЫШОВА БАЛЗИЯ БАКЫТЖАНҚЫЗЫ
(М-19-1 оқу тобы студенті)
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті

ҚР Оқу ағарту министрі А.Аймағамбетов математиктердің сьезінде «Елбасы білім мен ғылымды дамыту бойынша өте маңызды міндеттер қойды. Техникалық мамандықтарды дамыту маңызды мәселелердің бірі болып табылады. Ал, бұл ең алдымен математика. Сондықтан біз оқуға деген басқа көзқарас туралы айтуымыз керек.

Шағымдар көп. Бір жағынан, сарапшылар мен тәжірибелі оқытушылар арасындағы қоғамдағы ескертулер әділетті. Біздің алдымызда математика пәні бойынша мектеп бағдарламасын бекітуге, қайталауға, сабақтастыққа уақыт болу үшін.жаңарту міндеті тұр.

Күрделі мәселе: бұл мектеп бағдарламасы, кадрлар даярлау, біліктілікті арттыру және мектеп оқулықтары», - деп атап өтті [1].

Осы міндеттер тұрғысынан алғанда пәндерді кіріктіре оқыту маңызды болып табылады.

Математика жаратылыстану ғылымдарына жатпайды, бірақ олардың мазмұнын нақты тұжырымдау үшін де, жаңа нәтижелер алу үшін де оларда кеңінен қолданылады. Математика – басқа ғылымдарды тілдік құралдармен қамтамасыз ететін іргелі ғылым. Жаратылыстану ғылымдарының көзқарасы – қоршаған дүниедегі объективті байланыстарды көрсететін белгілі бір мәселеге көзқарас болып табылады. Жаратылыстану-табиғатты жан жақты,әрі біртұтас зерттейтін жаратылыстану ғылымдарының жиынтығы. Кіріктірілген оқыту:

1) оқушылардың ғылыми ойлау стилінің дамуына ықпал етеді;

2) білім алушылардың кеңінен қолдануына мүмкіндік туғызады;

3) біртұтас оқу пәндеріне кешенді көзқарасты қалыптастырады;

4) оқушылардың жаратылыстану-математикалық цикл пәндеріне деген қызығушылығын арттырады және дамытады;

5) білім алушыларда ғылым негіздері туралы жалпы түсініктерді қалыптастырады;

6) оқушыларда оқулықта ұсынылғанмен салыстырғанда күрделірек нәрселерді түсініп оқи алатындығына сенім артады;

7) білім алушыларға жеке компьютерлік бағдарламаларын (интеграция негізінде жасалған) одан әрі оқу процесінде пайдалануға мүмкіндік береді;

Жалпы кез келген сатыдағы білім алушылардың ой-өрісін кеңейтеді, шығармашылық қабілеттерінің дамуына ықпал етеді, математика мен жаратылыстану пәндерінің негізгі курсының бағдарламалық материалын жаңа жағдайда білім, дағдыны қолдану деңгейінде жақсы түсінуге және меңгеруге көмектеседі.

Математиканы жаратылыстану бағытындағы пәндермен кіріктре оқыту математиканы оқытудың қолданбалы бағытына жетудің маңызды құралы болып табылады. Сонымен қатар, аттас ұғымдардың (векторлар, координаталар, графиктер мен функциялар, теңдеулер және т.б.) математикада және сабақтас пәндерде де зерттелетініне және шамалар арасындағы тәуелділікті өрнектейтін математикалық белгілеулердің (формулалар, графиктер, кестелер, теңдеулер, теңсіздіктер) қолданылуына мүмкіндік береді. Білім мен әдістердің әртүрлі оқу пәндеріне осылайша өзара енуі қолданбалы мәнге ие болып қана қоймай, ғылыми дүниетанымның қалыптасуына қолайлы жағдай туғызады.

Химиялық және химиялық-технологиялық мәселелерді шешуде математика әдістерін қолдану ең құнды нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді, оған басқа жолдармен қол жеткізу мүмкін емес. Математика мен химияның бір қатар салалары өзара байланыста болады. Әр түрлі химиялық реакцияларға түсетін элементтердің байланысы тәуелділік арқылы өрнектелетіні белгілі. Мысалы: тура пропорционалдық тәуелділік у=кх заттың мөлшері мен химиялық реакция кезінде бөлінетін немесе жұтылатын жылу энергиясының арасындағы байланысты есептеуге пайдаланады. Негізгі буында процент,пропорция ұғымының анықтамасы беріледі. Осы ұғымды пайдаланып оқушылар әртүрлі химиялық есептер шығарады.

Математика мен химияны кіріктіре оқыту барысында оқушыға білімі мен біліктілігіне қойылатын негізгі талаптар:

1. Екі айнымалысы бар сызықтық теңдеулер жүйесі, теңдеулер жүйесінің шешімі, теңдеулер жүйесін шешу, теңдеулер жүйесін шешудің негізгі тәсілдерін білу дағдыларын қалыптастыру;

2.Ерітіндіге, қоспаға, құймаларға берілген есептерді шешуге және т.с.с. есептеулерге теңдеулер жүйесін қолдану біліктіліктерін дамыту.

Математикалық әдістердің қаншалықты деңгейде қолданыс табатындығы, әрине, химия пәні мұғалімінің математикалық сауаттылығына тікелей тәуелді. Сондықтан, математикалық білімі мен логикалық ойламы жеткізілікті жоғары болатын химиялық байқау-жарыстарға, олимпиадаларға қатысушылар жүлдегерлер қатарынан табылып жатады. Ғылыми танымдағы эксперименттің рөлі және ғылыми эксперимент нәтижелерін өңдеудің математикалық әдістерін химияда зертханалық жұмыстар жүргізуде қолдану туралы әдістемелік еңбектер болашақ химия мұғалімінің математикалық сауаттылығына жоғары талап қоюды қуаттайды[2].

Химия пәнін оқытуда көпдеңгейлі тапсырмалар негізінде кіріктіре оқыту жүзеге асырылады.Жеке және деңгейлік тепсырмаларды қолдану технологиясын математиканы оқыту процесіне енгізу әрбір оқушының білім алудағы кемшіліктері мен артықшылықтарын есепке алатын математиканы орта және жоғары мектепке тұлғаға бағыттап оқытуды жүзеге асыратын болады.

Химиктерге жылдамдық, нақтылық, ойлаудың ерекшелігі, кең ауқымда елестету және өзіне сенімділік сияқты тұлғалық мінездемелері тән. Бұл қасиеттерге ие болу үшін өз тәжірибелерінде математика заңдарына сүйенеді.

Заттар мен тәжірибелерді сипаттау үшін қолданылатын теорияда математиканың маңыздылығы соншалықты, тіптен кейде химия қайда, математика қайда екенін түсіну қиын. Яғни, химия математикасыз мағынасыз болар еді.

Біріншіден, химиктер үшін математика көптеген химиялық есептерді шешуде тиімді құрал. Химияда қолданылмайтын математика саласын табу қиын.

Нақтырақ тоқталсақ: функциональдық анализ және группалар теориясы кванттық химияда кеңінен қолданылады, ықтималдықтар теориясы статистикалық термодинамика негізін құрайды, графтар теориясы органикалық химияда күрделі органикалық молекулалар қасиеттерін көрсету үшін қолданылса, дифференциалдық теңдеулер - химиялық кинетиканың негізгі құралы, ал топология әдістері мен дифференциалдық геометрия химиялық термодинамикада қолданылады. «Математикалық химия» тіркесі химиктердің сөз қорына нық енді деп айта аламыз. Тіпті, атаулы химиялық журналдардағы мақалаларда бірде-бір химиялық формула болмаса да математикалық теңдеулер кездеседі.

Математиканың химиядағы қолданыстары өте ауқымды әрі әралуан. Мұны төмендегі мысалдармен көрсетуге болады.

Мысал–1. $12x + y = 16$ қарапайым теңдеуі жазықтықта түзу сызықты бейнелейді және бүтін шексіз көп шешімдері бар.

Ал химиктер үшін $12x + y$ өрнегі C_xH_y көмірсутектің молекулалық массасын береді (12 – көміртектің атомдық массасы, 1 – сутектігі). 16 молекулалық массаны жалғыз ғана көмірсутегі иеленеді, ол CH_4 - метан. Сондықтан, теңдеудің бір ғана шешімінің химиялық мәні бар: x=1, y=4.

Мысал–2. Химиялық реакция жылдамдығы – бұл уақыт бірлігінде зат мөлшерінің өзгеруі: гомогендік процестер үшін – көлем бірлігінде, гетерогендік процестер үшін – фаза бөлімі бетінің бірлігі алынады. Бұл анықтаманың математикалық жазылуы мына түрде болады:

$v_\mathrm{r} = \pm\frac{\mathrm{dN}}{\mathrm{Vdt}}$ немесе $v_\mathrm{r} = \pm\frac{\mathrm{dN}}{\mathrm{Sdt}}$

Мұндағы, N – зат мөлшері; t – уақыт; V – көлемі; S– фаза бөлімінің беті.

Мысал–3. Радиотолқындық құлауда дифференциалдық теңдеулерді қолдануға болады. Егер N(t) – құлаған бөлщектер саны болса, онда радиоактивті құлау заңы бойынша құлау жылдамдығы құламаған бөлшектер санына пропорционал және сәйкесті жартылай құлау жиілігін ($\tau_{1/2}$), яғни заттың жартысы құлау уақытын дифференциалдық теңдеу көмегімен табамыз.

$$\frac{dN}{dt} = -\beta N(\beta > 0) \Rightarrow \frac{dN}{V} = -\beta dt \Rightarrow lnN = -\beta t + C_1 \Rightarrow N = Ce^{-\beta} ;$$

$$N(0) = C = N_0 \Rightarrow N = N_0 e^{-\beta t}.$$

$$\frac{N_0}{2} = N_0 e^{-\beta t_{1/2}} \Rightarrow \tau_{1/2} = \frac{1}{\beta} ln2.$$

Міне, бірнеше мысалдар арқылы химиядағы математиканың көпқырлылығын көреміз. Симметрия – қазіргі ғылымның негізгі ұғымдарының бірі. Ол табиғаттың фундаментальді заңдарының бірі энергияның сақталу заңының негізінде де жатыр. Химиядағы кең тараған құбылыс: барлық белгілі молекулалар симметрияның қандай да бір түрін иеленеді, немесе симметриялық үзінділерін қамтиды. Химияда симметриялық емес молекулаларды табу қиынырақ. Симметрияны қолдану, олардың туындылары санын немесе реакция өнімінің мөлшерін талдап, молекулалар құрылымын құруға көмектеседі. Молекулалар геометриясын құрудың қазіргі методтары туралы әлдеде зерттеу жүргізуге болады.

Математика тек химиямен шектеліп қалған емес. Биологиялық заңдылықтарды зерттеудегі қолданыстарыда жетерлік. Физика математикамен үзіліссіз байланысқан. Математика физикаға эксперимент және теориялық зерттеулер нәтижесінде алынған физикалық шамалар арасындағы тәуелділікті дәл бейнелеуді және жалпы тәсілдері мен құралдарын береді. Сондықтан да физиканы оқытудың әдістері мен мазмұны окушылардың математикалық дайындығы деңгейімен тікелей байланысты. Физиканың бағдарламасы оқушылардың математикадан білімдерін ескеретіндей құрылған деп айта аламыз.

Теориялық физиканың салаларымен бөлімдерін, оның түбегейлі ғылыми тұжырымдарын математикасыз елестету мүмкін емес. Мысалы, статистикалық физиканы математикадан бөліп қарауға болмайды. Термодинамиканың, болмаса электродинамиканың жеке бөлімдері, тараулары оның түбегейлі түсініктері физикаға әлде математикаға негізделгенін ажырату қиын. Шынында, Максвелл теңдеулерін, оның мән-мағынасын, бүкіл мазмұнын математикалық формулалар деп түсініп қалуымыз мүмкін. Бұл жерде формулалар физикалық терең теорияның, түбегейлі түсініктердің математика тіліндегі көрінісі екенін білеміз. Максвелдің әрбір жеке теңдеуі өз алдына математика тілінде жазылған физикалық заңдар емес пе? Жалпы алғанда физика мен математикада қолданылатын екеуіне ортақ ғылыми ұғымдар бірін-бірі үйлестіретіндей, түсініктерді өзара толықтыратындай болып берілуі керек. Мұны жүзеге асырудың бір жолы кіріктірілген сабақтарды тиімді ұйымдастыруға байланысты.

Кіріктірілген сабақтар оқушылардың өзіндік әлеуетін дамытады,қоршаған ортаны белсенді тануға,себеп-салдар байланыстарын түсінуге және табуға,коммуникативті дағдыларды дамытуға ықпал етеді.Әртүрлі жұмыс түрлерін қолдану оқушылардың назарын жоғары деңгейге ұстайды,бұл осындай сабақтардың дамытушылық тиімділігі туралы айтуға мүмкіндік береді.

Тәуелсіз ел тірегі-білімді ұрпақ десек, жаңа дәуірдің күн тәртібінде тұрған мәселе – білім беру,ғылымды дамыту. Өркениет біткеннің өзегі,тағылым,тәрбие екендігіне ешкімнің таласы жоқ. Осы орайда білім ордасы-мектеп,ал мектептің жаны-мұғалім, ал мұғалімдердің басты міндеті- білімді тұлға тәрбиелеу. Осы арада мектептің оқу-тәрбие процесін пәндерді кіріктіре оқыту негізінде ұйымдастыруы, ғылымдар жүйесінің бір арнаға тоғысу, оқушылардың интеллектуалдық өрісін байытумен бірге, бүкіл адамзаттық құндылықтар көзінің де бірлігі, жалпы ақиқат дүниенің біртұтас жүйе екендігі туралы ғылыми көзқарастың қалыпты қалыптасуына мүмкіндік береді. Бұдан шығатын қорытынды пән мазмұнын іріктеу және оқу түрі мен әдісін таңдау. Мазмұнын өзгертудің мұндай түрі оқыту әдісінің білім беру мәселесін шешудің жаңа сапалы деңгейі болмақ.

Жаратылыстану бағытындағы пәндерді оқытуда математиканы кіріктірудің маңызы

Андатпа

Қазіргі кезде ғылымның барлық дерлік салаларында математикалық әдістерді қолдану қажетті шартқа айналды. Ол өмір талабынан, ғылыми-техникалық прогрестік дамуынан туындайды. Кез келген ғылымдағы обьектіні зерттеу үшін математикалық модельдеу әдісін қолданады. Қазіргі заман талабы-ізденісті қажет етеді. Сонымен қатар математиканы құрылымдық-жүйелік жағымен жаратылыстану пәндерімен кіріктіре оқыту білім сапасын арттырады.

Кілт сөздер: Кіріктірілген сабақтар, жаратылыстану, математикалық әдістер, математикалық химия,молекулалар геометриясы.

Значимость интеграции математики в обучении предметов естественного направления

Аннотация

В настоящее время использование математических методов во всех областях науки стало необходимым условием. Оно выявляется из требований жизни, развития научно-технического прогресса. Для изучения любого научного объекта используется метод математического моделирования. Условие жизни в нынешнее время требует исследований. В то же время интегрированное преподавание математики со структурно-системными аспектами естественнонаучных предметов повышает качество образования.

Ключевые слова: Интегрированные уроки, естествознание, математические методы, математическая химия, геометрия молекулы.

The importance of inclusion of mathematics in the teaching of natural subjects

Annotation

Nowadays, the use of mathematical methods has become a necessary condition in almost all fields of science. It arises from the demands of life, developing scientific and technical progresses. Mathematical modeling method is used to study any scientific object. Any modern demand requires research. At the same time, integrated teaching of mathematics with structural and systematic aspects of natural science subjects increases the quality of education

Keywords: Integrated lessons, natural science, mathematical methods, mathematical chemistry, molecular geometry.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Республикалық математиктер съезді-17 ақпан,2022ж. https://baldauren.kz/news/matematikter-s-yezdi.html
2. Кузьмин. С.Ю., Креативность как личностная характеристика студента//Качество. Инновация, Образования-2012.- №5,-с 20-26.
3. Еремин В.В. Математика в химии. М.,2016.

ГРНТИ 29.29.01

ФИЗИКАНЫ ОҚЫТУДА CASE-STUDY ӘДІСІН ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ПРАКТИКАЛЫҚ ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

МУХАМЕДОВА ДИЛНУРА ЭЛЬМУРАТҚЫЗЫ
САРЫБАЕВА ӘЛИЯ ХОЖАНҚЫЗЫ
Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

Физиканы оқытуда білім алушылардың case-study әдісі бойынша практикалық дағдыларын қалыптастыру – кейсте берілген проблеманың өмірдегімен салыстырғанда деңгейінің күрделі емес болуы, теорияның, әдістің және қағидалардың іс жүзінде қолданылуына мүмкіндік береді.

Caseәдісі шет елдерде экономикаға және бизнескеоқытуда кеңінен қолданылады. Бұл әдісXX ғасырдаАҚШ-тағы Гарвард университетінің Бизнес мектебінде, сол кездегі заңгерлерді даярлау технологиясынан алынып қолданыла бастады. Мұндаерекше көңіл аударылатын нәрсебілім алушылардың практикалық материалды өз беттеріншезерттеу жұмысына берілді. 1910 жылы профессор Копленд бизнес өмірінен алынған жағдайларды зерттеуде пікірталасты қолданды. Ал 1921 жылы нақты жағдайлардыңбірінші жинағы жарыққа шықты. Мінесол кезден бастап Гарвард бизнес мектебі нақты жағдайлар әдісінің негізінқалаушысы болып табылады [1].

Шетел ғалымдары сандық технологиялар мен мобильді білім беру қосымшаларының ерекшеліктеріне негізделген жаратылыстану ғылымдары үшін оқыту тәжірибесінде case-study әдісінің маңыздылығын көрсетті [2].

Орыс зерттеушілері өз еңбектерінде кейс-стади технологиясының білім беру әлеуетін феноменологиялық және типологиялық талдау нәтижелерінкөрсеткен. «Кейс-стади технологиясының білім беру әлеуеті» анықтамасы берілген, оның негізгі сипаттамалары қарым-қатынас пен бірлескен іс-әрекет сапасы, білім беру бастамаларының сыртқы түрі, оқу үдерісіндегі қатысушылардың бағытының өзгеруі, ынтымақтастықта «ұжымдық субъектінің» қалыптасуында өзгереді. Кейс-стади технологиясын қолдану мен оқу үдерісіне қатысушылардың бірлескен іс-әрекетке қатысу сапасы мен білім беру (пәндік) нәтижелердің сапасына тәуелділікті көрсетті [3].

Ресей ғалымдары еңбектерінде кейс технологиясы кәсіби маңызды есептерді құруды көздейтіндігі және пәннің жеке тақырыптарын зерттеуде қолданылатындығы туралы қарастырылған. Кейс технологиясының мәні мен құрылымы, ондағы ситуациялық тапсырманың орны, ситуациялық тапсырманы құрастыру әдістері жан-жақты қарастырылады. Дегенмен, кейс технологиясының кәсіби бағдарына қарамастан, бұл еңбектер физика бөлімдерін зерделеу кезінде студенттердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудағы кейс технологиясының рөлі жүзеге асу мүмкіндігін ашпайды [4-6].

Кейс-стадиді пайдалану кезінде оқу процесінде белгілі бір қиындықтар туындайды деп айту қажет. Ең алдымен, олар оқытушылардың әдістің әдіснамалық негізінде беттік қарым-қатынасымен байланысты. Кейс-стади әдісін қолдану арқылы оқу процесіне «өмірдің мысалдары» деп аталатын «жалған» жағдайларды енгізу, ал білім беру пікірталасы «өмір туралы» әңгімемен алмастырылады. Сонымен қатар, кейс-стади әдісі оқытушының кәсіби құзыреттілігін арттырудың нақты құралы бола алады. Осыған байланысты сабақтарда кейс-стади әдісін пайдаланатын оқытушы кейстер қалай құрастырылатынын және оларға қандай талаптар қойылатынын білу қажет.

Қазақстанда білім беру тәжірибесіне case-study әдісін енгізу қазіргі уақытта өте өзекті. Ол екі мәселені шешумен айналысады және басқа әдістерден ерекшеленеді:

- кейс әдісін қолдану нақты білім алуға ғана емес, сонымен қатар құзыреттіліктерін, ақыл-ой әрекетінің дағдыларын, практикалық дағдыларын қалыптастыруға, тұлғаның қабілеттерін дамытуға бағытталған;
- кейс әдісін қолдану болашақ маманның әртүрлі жағдайларда өзін оңтайлы ұстау қабілетін дамытуға ықпал етеді, қоғамдық, кәсіби және өмірдің басқа салаларындағы үздіксіз өзгерістер жағдайында іс-әрекеттердің жүйелілігі мен тиімділігімен ерекшеленеді.

Зерттеу жұмысының негізгі мақсаты - мектеп физикасының «Молекула-кинетикалық теорияның негіздері» тарауын оқытуда case-study әдісін қолдану арқылы оқушылардың практикалық дағдыларын қалыптастыруды теориялық негіздеу және құрастырылған кейстерді әдістемелік нұсқау ретінде ұсыну.

Мақсатқа қол жеткізу үшін келесі міндеттер қойылған:

- физиканы оқытудаcase-study әдісін қолданудың теориялық негіздерін айқындау;
- мектеп физикасының «Молекула-кинетикалық теорияның негіздері» тарауыноқытуда оқушылардың case-study әдісі арқылы практикалық дағдыларын қалыптастыру ерекшеліктерін көрсету;
- case-study әдісін қолданып, оқытудың тиімділігін тәжірибелік-эксперимент жүзінде тексеру.

Мектеп физика курсын оқытуда жаңа технологиялардың ішінде case-study әдісін қолданудың теориялық негіздері нақтыланды. Мектеп физикасының «Молекула-кинетикалық теорияның негіздері» тақырыбыноқытуда оқушылардың case-study әдісі арқылы практикалық дағдыларын қалыптастыруерекшеліктері көрсетілді. Зерттеу нәтижелерін мектепте мұғалімдердің физиканы оқытуда және осы бағытта жүргізілетін ғылыми ізденіс жұмыстарына әдістемелік нұсқау ретінде қолдануға болады. Физиканы case-study әдісін қолдану арқылы оқытудың тиімділігінің артуы тәжірибелік-эксперимент жүзінде дәлелденді.

Зерттеу базасы ретінде Түркістан облысы Түркістан қаласының Н.Оңдасынов атындағы дарынды балаларға арналған мамандандырылған мектеп-интернатының 10-сынып оқушылары таңдалынып алынды. Тәжірибелік-эксперимент жасалынған әдістемелік жүйе негізінде оқытудың тиімділігіне бақылау жүргізілді. Тәжірибе қорытындысында эксперименттік топтардың «Молекула-кинетикалық теорияның негіздері» тарауы бойынша оқушылардың практикалық дағдыларының бастапқы және соңғы деңгейлерін салыстыру арқылы сандық және сапалық талдау нәтижелеріне қорытынды жасау жұмыстары орындалды.

«Молекула-кинетикалық теорияның негіздері» тарауын оқытуда АКТпайдаланылды Оның ішінде «Молекула-кинетикалық теорияның негіздері» тарауына арналған« Открытая физика» және «Thermodinamica» қолданбалы бағдарламалары қолданылды. Экспериментті өткізуге негізге алған тарау «Молекула-кинетикалық теорияның негіздері» болғандықтан АКТ-ны қолдану молекулалардыңкомпьютерлік модельдерін және онда өтетін процесстерді демонстрация түрінде көруге мүмкіндік береді.

Қазіргі кезде физиканы оқытуда қолданылып жүрген озық әдістің бірicase-study әдісі. Кейс әдісі- бұл оқушының сабақта алған білімдерін қайталап айтып беру немесе мұғалімнің тақырып бойынша сұрағына жауап беру емес, бұл алған теориялық білімдерін іс жүзінде қолдануға мәжбүр ететін жағдайды талдау. Жалпы, кейс әдісі оқушыларды проблемалық жағдайдың дұрыс шешімін табуға үйрету, алған теориялық білімдерін практикалық түрде шешу, яғни практикалық дағдыларын қалыптастыруға арналған әдіс.

Н. Павельеваның пікірінше [7], бүгінгі күні кейс-стади әдісі білім беру процессінде жетекші орынды жеңіп алды, оқушыларды типтік мәселелерді шешу дағдыларына оқытудың ең тиімді тәсілдерінің бірі болып саналады. Сол үшінде физика сабағын оқытуда case-study әдістері пайдаланылды.

Оқушылардың жалпы сабаққа дайындығын, практикалық дағды деңгейлерін білу үшін сауалнама әдісі пайдаланылды. Сауалнама әдісі үшін әр параграф бойынша орта деңгейдегі сұрақтар дайындалды. Бұл сұрақтар арқылы оқушылардың деңгейін біліп, келесі зерттеу жұмыстары жасалды.

Тәжірибелік-экспериментті жүргізу үшін Экспериментті (ЭТ) және бақылау (БТ) топтары анықталды. Эксперимент жүргізілгенге дейінгі сауалнама әдісі бойынша бақылау тобының кейбір оқушыларының үлгерімі эксперимент топтағы оқушылардан жоғары болғандығы аныталды. Экспериментке қатысқан оқушылар саны – 38, БТ – 18 және ЭТ – 20.

Бақылау және эксперименттік топтардың біреуінде дәстүрлі оқыту негізінде, ал келесі топта case-study әдісі қолданылып, жасалынған модульдер бойынша сабақтар өткізілді.

This scientific article discusses the didactic requirements for project activities. The success of the implementation of the above principles of organizing project activities depends, first of all, on the nature of the interaction between the teacher and schoolchildren. The most important thing for a teacher is to control the cognitive activity of children. Accompanies the work of the child in the project, acting as an educator, coordinator, facilitator, consultant; encourages the child to search, think, make independent decisions, be active, put forward ideas and achieve the intended result; creates conditions for success and responsibility for each child.

Key words: didactic requirements, scientific project, presenter, information, leader.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Майер,В.В.Образовательные ресурсы проектной деятельности школьников по физике/В.В.Майер.-Москва,2015.-957с.
2. Матяш,Н.В.Инновационные педагогические технологии проектное обучение:учебное пособие для студентов учреждений ВПО/Н.В.Матяш-Москва:Академия ,2016.-221 с.
3. Махмутов,М.И.Организация проблемного обучения в школе/М.И.Махмутов. - Москва: Педагогика, 2015.-286 с.
4. Пахомова,Н.Ю.Метод учебного проекта в образовательном учреждении: учебное пособие / Н. Ю. Пахомова. – Москва : АРКТИ, 2015. – 92 с.
5. Моисеева, А. М. Внутришкольное управление. Словарь справочник / А. М. Моисеева, 2015. – 286 с.
6. Пахомова, Н. Ю. Учебные проекты, методология поиска / Н. Ю. Пахомова // Учитель. -2012. - №1. –С. 18-12.

ГРНТИ 14.15.07

КРИТЕРИАЛДЫ БАҒАЛАУ ЖҮЙЕСІНІҢ ТИІМДІЛІГІ

МАНАТ ЖАҚСЫЛЫҚҚЫЗЫ ПАРМЕНОВА, ӘЛИЯ ҒАНИУЛЛАҚЫЗЫ ҒАНИУЛЛА
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті

Критериалды бағалау-бұл оқушылардың оқу жетістіктерін оқушылардың оқу-танымдық құзыреттілігін қалыптастыруға ықпал ететін, білім беру процесінің барлық қатысушыларына нақты анықталған, ұжымдық түрде әзірленген, алдын ала белгілі критерийлермен салыстыруға негізделген процесс. Критериалды бағалау жүйесі бағалау рәсімдерінің жоғары сапасына қол жеткізуге, олардың халықаралық стандарттарға және әрбір оқушының оқу қажеттіліктеріне сәйкестігіне бағытталған. Бағалау латынның "assessio" сөзінен шыққан, ол «бірге отыру» дегенді білдіреді. Бағалау кезінде мұғалім оқушымен «отырады», оны оқушымен бірге жүргізеді. Сондықтан, критериалды бағалау жүйесінің негізгі басымдықтары оқушының дамуы, оның оқуға деген қызығушылығы мен ынтасын арттыру, бағалау процедураларын түсіну және тарту арқылы бағалау алдындағы алаңдаушылық пен қорқынышты жеңілдету болып табылады. Бұған әр оқушы мен олардың ата-аналары түсінетін нақты және өлшемді бағалау критерийлерін белгілеу арқылы қол жеткізуге болады. Білім беру сапасын арттыру үшін ынталандырушы орта құратын тиімді бағалау жүйесін құру үшінмынадай негізгі шарттар қамтамасыз етілді:

Б.Блумның таксономиялық тәсіліне сәйкес – білім деңгейінен бағалау деңгейіне дейін және оқыту мақсаттарының жүйесін іске асыратын нақты күтілетін нәтижелерге бағдарланған стандарт пен оқу бағдарламалары әзірленді (білім деңгейлерінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын, пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламалары бойынша).

Білім беру ұйымдарында оқушылардың оқу жетістіктеріне критериалды бағалау жүргізу тәртібін айқындайтын нормативтік-құқықтық қамтамасыз ету.Бұл бірыңғай стандарттарды әзірлеуге, неғұрлым нақты ресімделген тетіктерді жасауға, барлық рәсімдерді үйлестіруді және іске асыруды ұйымдастыруға мүмкіндік берді.(бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, аралық және қорытынды аттестаттауды жүргізудің үлгілік қағидаларын қараңыз: 3-тарау. Орта білім берудің жаңартылған мазмұны бойынша білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылау жүргізу тәртібі)

Бағалау жүйесін енгізу және үйлестіру кезінде басқару мен есеп берудің ұйымдық құрылымын айқындайтын ұйым қамтамасыз етілді. Бағалау процесіне тұрақты мониторинг жүргізіліп, бағалау жүйесінің тиімділігін зерттеу, бағалау процесіне қатысушылардың пікірлерін зерделеу мәселелері қарастырылды.Көптеген ұйымдастырушылық және басқарушылық функцияларды жүзеге асыру аймақтық және мектептегі критериалды бағалау үйлестірушілеріне жүктелді (аймақтық және мектеп үйлестірушілеріне арналған критериалды бағалау нұсқаулығы бойынша). Өңірлік үйлестірушілер аудандық немесе қалалық білім бөлімдерінің әдіскерлерінен, мектеп үйлестірушілері – жалпы білім беретін мектептер директорларының орынбасарларынан айқындалады.

Бағалау бойынша үйлестірушілердің міндеттерінің бірі озық тәжірибені зерделеуге, талдауға және енгізуге бағдарланатын педагогтердің кәсіби қоғамдастығын дамыту болып табылады.

Ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету: критериалды бағалау бойынша оқу-әдістемелік құралдар мен ұсынымдарды әзірлеу, мұғалімдерді бағалау практикасын стандарттау және дамыту мақсатында бағалау құралдарының үлгілері бар жинақтарды мұғалімдерге ұсыну (формативті бағалау тапсырмаларының жинақтарын, пәндер бойынша жиынтық бағалау бойынша әдістемелік ұсынымдары бойынша).

Ақпараттық қамтамасыз ету: білім беру процесінің барлық қатысушыларының рәсімдері мен онлайн өзара іс-қимылын цифрландыру үшін автоматтандырылған ортаны әзірлеу бойынша IT-шешімдер: электрондық журнал және күнделік, тапсырмалар банкі, пікірталас алаңдары, Орталық мұрағат және т. б.Бұл әр оқушының жеке траекториясын құру арқылы бағалауды жекелендіруге мүмкіндік береді.

Кадрлық қамтамасыз ету: бағалау жүйесін іске асыру мәселелері бойынша педагог қызметкерлердің біліктілігін жүйелі түрде арттыру.

Психологиялық-педагогикалық кеңес беру: оқушылардың белсенділігін, қатысуын және оқу нәтижелері үшін жауапкершілігін арттыру, сондай-ақ мектептердің ата-аналар қауымдастығымен ынтымақтастығы үшін қолайлы орта құру.

Критериалды бағалау жүйесі осы шарттар негізінде үздіксіз, ашық және қолжетімді жүргізіліп жатыр.

Біздің мақсатымыз студенттерді критериалды бағалау жүйесіне дайындау. 3 курста «Білім берудегі бағалаудың өлшемдік технологиялары» пәні жүргізіледі. Оған 5 кредит бөлінген. Білім алушылар критериалды бағалау жүйесінің құрылымы мен мазмұнын оқып үйренеді. Қалыптастырушы бағалау мен жиынтық бағалаудың мақсаттары мен міндеттерін білді.

Қалыптастырушы бағалау теориясы аясында оқушыларды қолдау үдерісінің негізі төмендегідей үш сұрақтан тұратының: «оқушылар оқудың қай сатысында тұр?», «өз оқуында олар қайда ұмтылады?» және «соған жету үшін оларға қандай көмек көрсету қажет?» және бұл сұрақтар оқудағы үш қатысушымен тікелей байланысатының мұғалім, сыныптас және оқушыекенін түсінді.(Уильям және Томсон, 2007).

Оқушылардың оқу нәтижелерін тиімді және стандартталған бағалау үшін оқу мақсаттары мен күтілетін нәтижелерге сәйкес критерийлер мен сараланған тапсырмалар әзірленеді.

Тиімді оқыту үшін технологияларды пайдаланып оқытудың әдіс – тәсілдерін меңгерді. Соған сәйкес оқу мақсаттарын, бағалау критерийлерін және оларды оқушыларға ұсыну керектігін, мұғалім мен оқушылар арасындағы кері байланыс жасау оқу жетістігінің дамуына, өсуінесептігін тигізетінін білді. Топтық жұмысты ұйымдастыру, оны бағалау, топтық жұмыс барысында өзін – өзі бағалауды, портфолионы бағалау және түрлерін практикалық сабақта өздері жасап орындады.Бұл тәжірибелер студенттер практикаға барғанда және оқуды бітіріп мектепке мұғалім болып барғанда үлкен септігін тигізеді.

Критериалды бағалау жүйесінің әдістемесі педагогикалық өлшемдер саласындағы қолданыстағы трендтермен ғана емес, сонымен қатар еліміздің әлеуметтік-мәдени дамуының ерекшеліктерін ескеретін бағалаудың жаңа стандарттары мен тетіктерін жасауға мүмкіндік береді.Мұндай бағалау құралдары білім деңгейін ғана емес, сонымен қатар оқушылардың жоғары деңгейдегі білім мен ойлау дағдыларын қолдану қабілетін анықтауға: талдау, синтез, бағалауға мүмкіндік береді.

Жабық және ашық типтегі тапсырмалардың жаңа форматы оқу мақсаттары мен оқушылардың жас ерекшеліктеріне байланысты қарапайымнан күрделіге дейін қиындатып оларды сабақтарда қолдануға мүмкіндік береді.Критерийлерді ойлау дағдыларының үш тобына бөлу (оқу материалын білу және түсіну; білік және оқушылардың білімді қолдану дағдылары; оқушылардың білімі мен тәжірибесіне қарай талдау, синтездеу және бағалау дағдылары) оқуды саралауға, сыныптағы оқушылардың оқу материалын меңгеру деңгейін тиімді бақылауға және басқаруға негіз болады.

Бөлім бойынша жиынтық бағалау кезіндегі барлық тапсырмалар дескрипторларға (тапсырманың орындалу барысының қадамдық сипаттамасына) сәйкес немесе тоқсанға жиынтық бағалау кезінде – балл қою схемасына сәйкес тексеріледі.Бұл жағдайда дескрипторлар немесе балл қою схемалары мұғалімге әр оқушыға қатысты объективті шешім қабылдауға көмектеседі.

Пән бойынша әдістемелік бірлестік жиынтық бағалаудың барлық түрлері бойынша кезеңдерді, әдістерді, бақылау тапсырмаларын көрсете отырып, оқу жылына арналған жиынтық бағалау жоспарын жасайды.Бұл кестені анықтауға және оқушыларға жүктемені ұтымды бөлуге мүмкіндік береді.

Критериалды бағалау оқушылардың оқу нәтижелері туралы объективті ақпарат беруге мүмкіндік береді.Ол оқушыларды ынталандыруға және олардың ілгерілеуі үшін оқу процесіне үнемі көмектесуге бағытталған.Бағалаудың сараланған критерийлері мен стандарттарын, сенімділікті, жарамдылықты, объективтілік пен ашықтықты қамтамасыз ету тетіктерін жасау бағалау рәсімдерінің сапасын арттырады, халықаралық стандарттар мен әрбір оқушының оқу қажеттіліктеріне сәйкестігін қамтамасыз етеді.

Критериалды бағалаудың жаңа жүйесі үздік қазақстандық және халықаралық тәжірибені біріктіріп, білім беру сапасын арттыруда нақты артықшылықтарға қол жеткізуге мүмкіндік береді. Атап айтқанда, дұрыс орналастырылған басымдықтар мен критериалды бағалау жүйесінің нақты әдістемесі мыналарға мүмкіндік берді:

•оқушылардың оқу жетістіктерін объективті және сенімді бағалауға қол жеткізу;

•оқуды, оқытуды және бағалауды интеграциялауға және жетілдіруге бағытталған бағалау жүйесін іске асырудың дәйекті тетіктерін қалыптастыру;

•бағалау құралдарын әзірлеу, оның ішінде жоғары дәрежелі дағдылардың қалыптасу деңгейлерін тексеру;

•оқытудың жеке траекториясын қадағалау арқылы оқушылардың жеке дамуына (оқуға деген ынтаны, өзін-өзі реттеуді, жауапкершілікті, қатысуды арттыру) оң әсер ету;

•тиімді басқару шешімдерін қабылдау үшін ақпараттық негіз ұсыну (білім беру оқу бағдарламаларын жетілдіру, мұғалімдердің біліктілігін арттыру).

Критериалды бағалау жүйесінің тиімділігі

Аңдатпа

Оқушылардың оқу жетістіктерін критералды бағалау жүйесінің тиімділігі, бағалау критерийлері негізінде оқушыларды оқыту нәтижелері туралы объективті ақпарат алу және оны оқу процесін одан әрі жетілдіру үшін барлық мүдделі қатысушыларға ұсыну.

Кілт сөздер: Критериалды бағалау, технология, стандарт, жүйе.

Эффективность системы оценки, основанной на критериях

Аннотация

Получение объективной информации об эффективности системы критериального оценивания учебных достижений учащихся, результатах обучения учащихся на основе критериев оценивания и представление ее всем заинтересованным участникам для дальнейшего совершенствования учебного процесса.

Ключевые слова: Критериальное оценивание, технология, стандарт, система.

Effectiveness of the criterion-based assessment system

Annotation

The effectiveness of the system of criterion-based assessment of students ' educational achievements, obtaining objective information on the results of teaching students based on assessment criteria and presenting it to all interested participants for further improvement of the educational process.

Keywords: Criteria assessment, technology, standard, system.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1.Методология системы критериального оценивания учебных достижений учащихся. Учебно-методическое пособие. Автономная организация образования «Назарбаев интеллектуальные школы, филиал «центр педагогических измерений», Астана 2017г

2.Руководство по организации центрального архива работ учащихся, сайт «Системнометодический комплекс» (http://smk.edu.kz/).

3.Система критериального оценивания учебных достижений учащихся.Методическое пособие. -Астана:Национальная академия оброзаванияим.И.Алтынсарина,2013.-80 с.

4.АйтпукешевА.Т.,Кусаинов Г.М.,Сагинов К.М.Оценование результатов обучения:Метод.Пособие,-Астана:Центр педагогического мастерства,2014.-108с.

5.Матвеева Е.И., Панькова О.Б., Патрикеева И.Е. Критериальное оценивание в начальный школе. – М.: Вита-Пресс, 2012. – 168с.

ГРНТИ 14.25.09

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ДАМЫТУ

РУСТЕМОВА САПУРА АКЫЛБЕКОВНА
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің магистранты
ЕШМҰРАТ ГҮЛНҰР ҚУАНЫШҚЫЗЫ
педагогика ғылымдарының магистрі, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің аға оқытушы

Қазақстан Республикасының тұңғыш президенті Н. Ә. Назарбаев 2012 жылғы 27 қаңтардағы «Әлеуметтік - экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» атты Қазақстан халқына кезекті Жолдауында білім беру ұйымдары жастарға жалаң білім беріп қана қоймай алған білімдерін өмірдің түрлі жағдайларында пайдалана алуды үйретуі керек екендігін баса айтып, үкіметке оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытудың бес жылға арналған Ұлттық шаралар жоспарын дайындау жөнінде нақты тапсырма берген болатын.

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы негізінде Үкіметтің 25 маусым 2012 жылы №832 қаулысымен бекітілген «Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012 - 2016 жылдарға арналған ұлттық іс - қимыл жоспары» қабылданды. Ұлттық жоспардың мақсаты – Қазақстан Республикасындағы мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту үшін жағдай жасау болып белгіленген.

– Тұңғыш президенттің ұлттық жоспарды қабылдауға қойған міндеті:
– Қазақстанның елу елдің қатарына кіруі;
– Тұлғаның ең басты функционалдық сапаларының қалыптасуы;
– Белсенділік, шығармашылық тұрғыда ойлауы;
– Шешім қабылдай алуы;
– Кәсіби жолын таңдай алуға қабілеттілік;
– Өмір бойы білім алуға дайын тұруы.

Ұлттық жоспардың мақсаты:

– Қазақстан Республикасындағы мектпе оқушыларының функционалдық сауаттылықтарын дамытуға жағдай жасау.

– Ұлттық жоспардың міндеттері:

– Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамытудың отандық және халықаралық практикасын зерделеу;

– Функционалдық сауаттылықты дамыту бойынша шаралар жүйесін іске асырудың тетіктерін анықтау;

– Білім мазмұнын жаңғыртуды қамтамассыз ету: стандарттар, оқу жоспарлары мен оқу бағдарламалары;

– Білім беру процесін оқу әдістемелік қамтамассыз етуді әзірлеу;

– Мектеп оқушыларының білім сапасын бағалау және мониторинг жүргізу жүйесін дамыту;

– Мектептің және қосымша білім беру жүйесі ұйымдарының материалдық техникалық базасын нығайту.

Мектептік білім беру жүйесін жаңа уақыт талабына орай жетілдіру білім беру жүйесін өзіміздің ұлттық болмысымызға, негізге алынған ұстанымдарымызға сай құруды қажет етеді. Осыған орай мектептегі берілетін білімді шынайы өмірмен ұштастырып, мектепті бітіруші түлектерді үлкен өмірге дайындау қажеттігі туындайды.

Функционалдық сауаттылығы дегеніміз - адамдардың әлеуметтік, мәдени, саяси және экономикалық қызметтерге белсене араласуы, яғни бүгінгі жаһандану дәуіріндегі заман ағымына, жасына қарамай ілесіп отыруы, адамның мамандығына, жасына қарамай үнемі білімін жетілдіріп отыруы. Ондағы басты мақсат жалпы білім беретін мектептерде Қазақстан Республикасының зияткерлік, дене және рухани тұрғысынан дамыған азаматын қалыптастыру, оның әлемде әлеуметтік бейімделуі болып табылады. Қоғамның дамуына байланысты сауаттылық ұғымының мәні тарихи тұрғыдан өзгергенін, тұлғаға қойылатын талаптарда оқу, жазу, санай білу қабілеттерінен гөрі белгілі бір қоғамда өмір сүруге қажетті білім мен біліктердің жиынтығын игеру, яғни функционалдық сауаттылыққа жету, қалыптастыру, меңгерту. Қазіргі әлемдегі, еліміздегі өріс алып отырған түрлі бағыттағы дамулардың әсерінен қоғамның адамға қоятын талаптарының өзгеруі нәтижесінде функционалдық сауаттылық ұғымы кең тарала бастады.

Қазіргі әлемдік білім кеңістігіндегі халықаралық стандарт талаптарына сай оқыту үдерісінің орталық тұлғасы білім алушы субъект, ал ол субъектінің алған білімінің түпкі нәтижесі құзыреттіліктер болып белгіленуі білім беру жүйесінде «функционалдық сауаттылықты» қалыптастыру мақсаты негізге алынып отыр.

Жай сауаттылық - адамның оқу, түсіну, қысқа мәтіндерді құру және қарапайым арифметикалық әрекеттерді орындауы. Функционалдық сауаттылық – адамның сыртқы ортамен қарым - қатынасқа түсе алу қабілеті және сол ортаға барынша тез бейімделе алуы мен қарым - қатынас жасай алу деңгейінің көрсеткіші. Олай болса, функционалдық сауаттылық тұлғаның белгілі бір мәдени ортада өмір сүруі үшін қажетті деп саналатын және оның әлеуметтік қарым - қатынас жасауын қамтамасыз ететін білім, білік, дағдылардың жиынтығынан құралады. Ал кең мағынасында ол тек білік пен білімділік әлеміне барудың жолы ғана емес, ол – ұлттың, елдің немесе жеке адамдар тобының мәдени және әлеуметтік дамуының өлшемі. Осындай сапалық сипаты тұрғысынан қарағанда функционалдық сауаттылық жеке адамды дамытудың тетігі ретінде қолданылады. Оқушылардың функционалдық дағдылары мектеп қабырғасында қалыптасады. Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығы дегеніміз – оқушының пәнді терең түсіну қабілетін дамыту, алған білімін сыныптан тыс жерде, кез келген жағдайда тиімді пайдалана білуін қамтамасыз ету. Егер осы шарттар бастауыш сыныпта орындалғанда оқушының функционалдық сауаттылығы қалыптасады.

«Функционалдық сауаттылық» ұғымы өткен ғасырдың 60 - жылдары ЮНЕСКО құжаттарында пайда болды және кейіннен қолданысқа енді. Функционалдық сауаттылық – білім берудің жеке тұлғаны қалыптастырудағы әлеуметтік бағдарлануы. Қазіргі тез өзгермелі әлемге функционалдық сауаттылық – оқушының әлеуметтік, мәдени, саяси және экономикалық қызметтерге белсенді қатысуына, сондай - ақ өмір бойы білім алуына ықпал ететін базалық фактор. Ресми дерек бойынша, мектеп жасындағы балалардың 40 пайызы әдеби мәтінді түсінуге қиналатындығы дәлелденген.

Бүгінгі күнде функционалдық сауаттылық туралы көп айтылады. Бұл орынды: әлем жыл сайын жаңа ақпаратқа толы болады, ал балаларды оны үйрету керек. Егер бұрын бастауыш сынып оқушысының жетістігінің негізгі көрсеткіштерінің бірі оның оқу жылдамдығы болса, қазір мұғалімдер оқу сапасы, оның мағынасы сияқты параметрлерді басшылыққа алады. Мұның бәрі функционалдық сауаттылыққа тікелей байланысты.

Бүгінде мемлекетте оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыруға сұраныс бар: Қазақстан PISA немесе PIRLS сияқты мектептегі білім берудің халықаралық рейтингтеріне түсуге ұмтылуда. Алайда, мектеп оқушыларын функционалдық сауаттылыққа жүйелі оқытудың тетігі жоқ - тек мұғалімге тапсырмаларды өзі ойлап табуға шақырылатын баспа құралдары бар.

Функционалдық сауаттылық - бұл мектепте алған білімдерін күнделікті тапсырмаларды орындау үшін қолдану мүмкіндігі. Оқуда сәтті болу үшін бала ең алдымен ақпаратпен жұмыс істей білуі керек: оны табу, қажеттіден қажетсізді ажырату, фактілерді тексеру, талдау, жалпылау және – ең маңыздысы – өз тәжірибесіне көшу. Мұндай дағды тек бір пәнді ғана оқу аясында емес, барлық пәндерде қалыптасады. Ақпаратты түсіну және болашақта не үшін қажет екенін түсіну мектеп пәндерінің әрқайсысында маңызды: математика, қоршаған әлем және т.б.

Қазіргі таңдағы еліміздегі өзгерістер, тұрақты дамудың жаңа стратегиялық бағыттары және қоғамның ашықтығы, оның жедел ақпараттануы, қарқындылығы білім беруге қойылатын талаптарды түбегейлі өзгертті. Білім берудің жаңа үлгісін ендіру тұлғаны дамыту үдерісі ретінде тәрбиеге басты назар аударылуда. Әлем тәжірибесіне сүйене отырып PISA халықаралық зерттеу бағдарламасы құрылды. Ең алғашқы PISA (Programme for International Student Assessment) халықаралық зерттеулері 2000 жылы өткізілді, оған 32 мемлекет қатысты.

2003 жылы - 43 мемлекет;

2006 жылы - 57 мемлекет;

2009 жылы - 65 мемлекет;

2012 жылы - 65 мемлекет зерттеуге қатысты.

Ал 2015 жылы 70 - ке жуық мемлекет осы халықаралық зерттеулеріне қатысуға шешім қабылдады.

PISA бағдарламасының мақсаты:

15 жастағы оқушылардың ғылыми жаратылыстану және оқу сауаттылық деңгейін бағалау.

Оқушылардың мектепте алған білімдері мен тәжірибелерін өмірде қолдана ала ма?- деген сұраққа жауап іздеу. Оқушылардың білім жетістіктерін зерттеу негізгі үш бағыт бойынша жүзеге асырылады: математикалық сауаттылық, жаратылыстану сауаттылығы, оқу сауаттылығы.

2009 жылы PISA (Programme for International Student Assessment) халықаралық бағдарламасы зерттеулердің нәтижесі бойынша бағдарламаға қатысқан 65елдің ішінен біздің оқушылар математикалық функционалдық сауаттылғынан 53-орын, жаратылыстану ғылыми сауаттылығына 58-орын, оқу сауаттылығынан 59-і орын алды.

Бұдан, Қазақстанның PISA қатысуының нәтижелері еліміздегі жалпы білім беру мектептерінің педагогтары жоғары деңгейде пәндік білім береді, бірақ өмірлік жағдайларда оларды қолдануға жеткілікті түрде үйретпейтіндері көрсетті.

Қазақстан Республикасының зияткерлік, дене және рухани тұрғысынан дамыған азаматын қалыптастыру, оның әлемде әлеуметтік бейімделуі болып табылады. Мұндағы басшылыққа алынатын сапалар:

-белсенділік

-шығармашылық тұрғыда ойлау

-шешім қабылдай алу

-өз кәсібін дұрыс таңдай алу

-өмір бойы білім алуға дайын тұруы болып табылады.

Бүгінгі күн талабына сай жан-жақты дамыған, белсенді, өмірге талпынысы, қызығушылығы бар адамды мектеп табалдырығынан дайындап шығарудың ең бір тиімді тәсілі ол – оқытудағы математикалық сауаттылық.

Математикалық сауаттылық

- математиканың әлемдегі рөлін анықтау және түсіну;
- әртүрлі формада берілген сандық ақпараттарды оқу, талдау, түсіндіріп беру;
- дұрыс негізделген математикалық пайымдаулар айту;
- есептерді шығарудың тиімді тәсілдерін табу, орындау, өзін-өзі тексеру, өмірмен байланыстыру;

- математикалық білімді өмірлік жағдаяттарда кездесетін түрлі мәселелерді шешуде еркін қолдану.

Оқушылардың математикалық сауаттылығының қалыптасуы «математикалық құзыреттіліктің» даму деңгейлерімен (танымдық салалармен) сипатталады:

- *білу (еске түсіру);*
- *қолдану (байланыстарды орнату);*
- *ойлау (пайымдау).*

Математикалық құзыреттілік – нәтижелерді түсіндіру, талдау және түрлендіру, математикалық модель құрастыру, қатынастарды анықтау, шынайы өмірде пайда болған мәселелерді шешу үшін математиканы дәлме-дәл қолдану қабілеттілігі.

Оқушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар: «Алған білімдері мен біліктерін практикалық қызметтерінде және күнделікті өмірлерінде:

- қажеттілігіне қарай анықтамалық материалдарды және қарапайым есептеуіш құралдарды пайдаланып, формулалар бойынша тәжірибелік есептеулер жүргізу;
- ең қарапайым математикалық моделдерді құрастыру және зерттеу;
- нақты байланыстарды функцияның көмегімен суреттеу және зерттеу, оларды график түрінде беру; нақты үдерістердің графиктерін түсіндіру;
- геометриялық, физикалық, экономикалық және т.б. мазмұнды қолданбалы есептерді шешу;
- диаграмма, графиктер, статистикалық сипаттағы ақпараттарды, сандық мәліметтерді танып білу, талдау;
- оқып игерілген формулалар мен фигуралардың қасиеттері негізінде қарапайым тәжірибелік жағдайларды зерттеу (моделдеу);
- шынайы объектілердің ұзындықтарын, аудандарын және көлемдерін есептеу».

Математикалық құзыреттіліктің деңгейлері (танымдық салалар):

Білу (еске түсіру):

Терминдерді, сандарды қасиеттері бойынша суреттеу және есептеу; график пен кестеден мәліметтерді алу; құралдарды қолдану; классификациалау, математикалық объектілерді танып білу.

Қолдану (байланыстарды орнату):

Нәтижелі шешу тәсілін таңдау; математикалық ақпаратты талдау және көрсету; модельдеу; тізбекке байланысты тапсырмаларды орындау; стандартты есептерді шешу.

Ойлау (пайымдау, тұжырымдау):

Объектілердің арасындағы тәуелділікке талдау жасау; қорытындылау, әртүрлі шешу жолдарын синтездеу; дұрыс/бұрыс айтылғандарды дәлелдеу; стандартты емес есептерді шешу.

Зерттеу тұжырымдамасына сәйкес әрбір тапсырма математиканың мазмұнды бөлімдерінің біріне сәйкес келеді:

- сандар;
- кеңістік және форма;
- өзгерістер мен қатынастар;
- белгісіздік

Оқушылардың математикалық сауаттылығын арттыруда PISA есептерін қолданудың тиімділігі:

PISA зерттеуіндегі математикалық тапсырмалар нақты өмірлік мәселелерге жақын, қоршаған өмірдің түрлі аспектілерімен байланысты және өз шешімдері үшін математикалық талдауды талап ететін, мектептің өмірі, қоғам, оқушының жеке өмірі, кәсіби қызметі, спорт және тағы басқалар туралы мәлімет ұсынады.

Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту

Аңдатпа

Мақалада мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту, мектептегі берілетін білімді шынайы өмірмен ұштастырып, мектепті бітіруші түлектерді үлкен өмірге икемділігін қалыптастыруда оқытудағы математикалық сауаттылық тәсілін қарастырылған.

Кілт сөздер: математикалық сауаттылық, математикалық құзыреттіліктің деңгейлері, белсенділік, шығармашылық тұрғыда ойлау, шешім қабылдай алу, өз кәсібін дұрыс таңдай алу.

Развитие функциональной грамотности учащихся

Аннотация

В статье речь идет о развитии функциональной грамотности школьников, совмещении полученных в школе знаний с реальной жизнью, и методе математической грамотности в обучении.

Ключевые слова: математическая грамотность, уровни математической компетентности, активность, творческое мышление, умение принимать решения, умение правильно выбрать профессию.

Development of students' functional literacy

Annotation

The article deals with the development of functional literacy of schoolchildren, the combination of knowledge gained at school with real life, and the method of mathematical literacy in teaching.

Keywords: mathematical literacy, levels of mathematical competence, activity, creative thinking, ability to make decisions, ability to choose the right profession.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Н.Ә. Назарбаев «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту– Қазақстан дамуының басты бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы, 27 қаңтар 2012 жыл
2. Мектеп оқушыларының функционалық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012-2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспары.
3. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 25 маусымдағы №832 қаулысы.
4. PISA халықаралық зерттеуі. Әдістемелік құрал - Астана,ҰББСБО, 2013

ГРНТИ: 14.35.09

ЖАРАТЫЛЫСТАНУ-МАТЕМАТИКАЛЫҚ БАҒЫТТАҒЫ СЫНЫПТАРДА «КОМПЛЕКС САНДАР» ТАҚЫРЫБЫНЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

РУСТЕМБЕКОВ НҰРАСЫЛ ҚАЙРОЛЛАҰЛЫ
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Жаратылыстану институты, «Физика және математика» кафедрасының магистранты, Қызылорда, Қазақстан
ҚАСҚАТАЕВА БАҚЫТКҮЛ РАХЫМЖАНҚЫЗЫ
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің доценті, п.ғ.д., Қызылорда, Қазақстан

Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңында «Білім беру жүйесі міндеттерінің бірі: ұлттық және жалпы азаматтық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіптік шыңдауға бағытталған сапалы білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау және белсенді азаматтық ұстанымы бар жеке адамды тәрбиелеу», - деп көрсетілді [1].

Осыған орай қазіргі қоғам мектеп бітірушілерге жоғары талап қойып отыр. Біздің жағдайда оқушылардың математикалық мәдениетін, дәлірек айтсақ алгебралық мәдениетін қалыптастыру болып отыр. Бірінші сыныптан бастап мектепті бітіргенше алгебраның басты ұғымы - сан ұғымы.

Сандарды оқып үйрену натурал сандардан басталып, біртіндеп бөлшектер, бүтін сандар, иррационал сандар, нақты сандар оқытылады. Осымен жалпы білім беру бағдарламасы оқушылардың біліміне елеулі кемістік жасап комплекс сандар ұғымын енгізбей нүкте қояды. Бұрын «Комплекс сандар» тақырыбын жалпы білім беретін орта мектепте жоғары сыныптарда факультативтік курс түрінде өткізіліп келді.

Қазіргі кезде білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында «Комплекс сандар» тақырыбы жаратылыстану-математикалық бағыттағы 11сынып «Алгебра және анализ бастамалары» курсына енгізілді. Комплекс сандар ұғымын мектеп қабырғасында қарастырған бұл шешім барлық жағынан дұрыс болды. Мектеп қабырғасында оқушылар комплекс сандарды оқымағандықтан қарапайым $x^2+1=0$ квадраттық теңдеудің шешімін де таба алмайтын.

Жұмыстың өзектілігі – «Комплекс сандар» тақырыбы білім алушылардың алгебра мен тригонометриядан алған білімдері қолданылатын тақырыптың бірі және мектеп математика курсында нақты сандардан комплекс сандарға көшу оқушылардың сандар жүйесін толық меңгерулеріне ықпал етеді.

Жұмыстың мақсаты: жаратылыстану-математикалық бағыттағы 11-сыныпта оқылатын «Комплекс сандар» тақырыбының теориялық негіздерін баяндау

Мектеп математика курсында комплекс сандарды оқыту сандар ұғымын толық оқытудың соңғы қадамы. Математикалық білімді қолданудың екі жағы бар:

- практикалық (адамға қажет болғанда математикалық білімді қолданылған кезде);
- интеллектуалды (адам математикалық білімді игеріп, ойлауды дамытады).

Математиканы білмей қазіргі заманғы технологияның құрылымын түсіну мүмкін емес, информатика, кибернетика және т.б. сияқты ғылымдарды дамыту мүмкін емес. Қазіргі заманғы тұлға математикасыз дами алмайды, өйткені ол физика, химия, информатика сияқты пәндерді байланыстырады, бірақ басқа пәндер де оған қажет. Қазіргі қоғамның өзекті қажеттілігі математикалық ойлауды қалыптастыру болып табылады, яғни оқушылар талдау және синтездеу, жалпылау және нақтылау, жіктеу және жүйелеу, абстракциялау және аналогия жүргізуді меңгерулері керек [2].

Аталған тақырыптың теориялық мазмұнын келтірейік.

Жорымал сандар. Комплекс санның анықтамасы

*Анықтама 1:*Егер a және b нақты сандар болса, онда $a+bi$ өрнегін комплекс (жорамал) сан деп атаймыз [3].

Мұнда, a -комплекс санның нақты бөлігі, b -жорамал бөлік деп аталады.

Комплекс санның анықтамасы берілген және $z_1=a+bi,\ z_2=c+di$ комплекс сандарының теңдігі қарастырылады.

Анықтама 2: $z_1=a+bi,\ z_2=c+di$ комплекс сандары тек $a=c,\ b=d$ болған жағдайда ғана *өзара тең* деп аталады.

Комплекс сандар жиыны С әрпімен белгіленеді;

Комплекс сандардың қосындысы мен көбейтіндісі екімүшелікті екімүшелікке қосу және көбейту арқылы анықталады. Онда i^2, -1 мен ауыстырылады:

$$(a+bi)+(c+di)=(a+c)+(b+d)i, \quad (5)$$

$$(a+bi)(c+di)=ac+adi+bci+bdi^2 =(ac-bd)+(ad+bc)i. \quad (6)$$

Бірінші дәрежелі екі көпмүшеліктің бөліндісі көпмүшелік түрінде өрнектелмейді. Комплекс сандар үшін бөліндісі де комплекс сан болады.

$$\frac{a+bi}{c+di}=\frac{(a+bi)(c-di)}{(c+di)(c-di)}=\frac{(ac+bd)+(bc-ad)i}{c^2-d^2i^2}=$$

$$=\frac{(ac+bd)+(bc-ad)}{c^2+d^2}=\frac{ac+bd}{c^2+d^2}+\frac{bc-ad}{c^2+d^2}i \quad (7)$$

(2) формуладан:

$i^2=-1, \quad i^3=i^2\cdot i=-i \quad i^4=1 \quad i^5=i^4\cdot i=i$, осыдан $i^{4n+k}=(i^4)^n\cdot i^k=1^n\cdot i^k=i^n$

Мысалы:

$$i^{67}=i^{64+3}=i^{416+3}=i^3=-i.$$

Алгебралық түрде берілген комплекс сандарға амалдар қолдану

Анықтама 3: $z_1=a+bi,\ z_2=c+di$ комплекс сандарының *қосындысы* деп $(a+c)+(b+d)i$ комплекс саны аталады, яғни

$$z_1+z_2=(a+c)+(b+d)i \quad (8)$$

Комплекс сандарының қосындысының келесі қасиеттері бар:

1) Коммутативтік: $z_1+z_2=z_2+z_1$ немесе $(a+b)_i+(c+d_i)=(c+d_i)+(a+b_i)$

2) Ассоциативтік: $(z_1+z_2)+z_3=z_1+(z_2+z_3)$ немесе $((a+bi)+(c+di))+(e+f\ i)=(a+bi)+(c+di)+(e+fi))$

Анықтама 4: $z_1=a+bi,\ z_2=c+di$ комплекс сандарының *көбейтіндісі* деп $(ac-bd)+(ad+bc)_i$ санын атайды, яғни

$$z_1\cdot z_2=(ac-bd)+(ad+bc)i \quad (9)$$

Комплекс сандарының көбейтіндісінің келесі қасиеттері бар:

1) Коммутативтік: $z_1\cdot z_2=z_2\cdot z_1$немесе $(a+bi)+(c+d\ i)=(a+di)+(a+bi)$

2) Ассоциативтік: $(z_1\cdot z_2)\cdot z_3=z_1\cdot(z_2\cdot z_3)$ немесе $((a+bi)(c+di))(e+fi)=(a+bi)(c+di)(e+fi))$

3) Дистрибутивтік: $z_1\cdot(z_2+z_3)=z_1\cdot z_2+z_1\cdot z_3$ немесе $(a+bi)((c+d\ i)+(ef\ i))=(a+bi)(c+di)+(a+bi)(e+fi)$

Анықтама 5: $z_1=a+b_i,\ z_2=c+d_i$ комплекс сандарының *айырмасы* деп $z_2+z=z_1$ немесе $(c+di)+(x+yi)=a+bi$ (3) теңдігін қанағаттандыратын $z=x+yi$ комплекс саны аталады.

Комплекс сандарының айырмасының бар болуын және жалғыздығын көрсетейік. (3) формуладан:

$$(c+x)+(d+y)i=a+bi$$

(1) анықтаманы ескере отырып, келесі теңдеулер жүйесіне келеміз:

$$\begin{cases} c + x = a \\ d + y = b \end{cases} \Rightarrow \begin{cases} x = a - c \\ y = b - d \end{cases}$$

Яғни, $x + yi = (a - c) + (b - d)i$ (4)

Осыдан айырманың бар болуымен жалғыздығы шығады.

z_1, z_2 сандарының z айырмасы $z = z_1 - z_2 = (a + bi) - (c + di)$ деп белгіленеді.

(2) формуланы келесі түрде жазуға болады:

$$(a + bi) - (c + di) = (a - c) = (b - d)i \qquad (10)$$

$z_1 = a + bi$, комплекс саны берілген болсын. Онда –z деп белгіленген және $(-a - bi)$-ға тең болатын сан $z_1 = a + bi$ санына *қарама-қарсы* деп аталады.

Сонымен, z_2 комплекс санын z_1 санынан алу үшін z_2 -ні қарама-қарсы - z_2 санына қосу керек.

Анықтама 6: $z_1 = a + bi$, $z_2 = c + di \neq 0$ комплекс сандарының *бөліндісі* деп $z_2 z = z_1$ немесе $(c + di)(x + yi) = a + bi$ теңдігін қанағаттандыратын $z = x + yi$ санын атайды.

Комплекс сандарының бөліндісінің бар болуының және жалғыздығын көрсетейік: (6) формуладан $(cx - dy) + (dx + cy)i = a + bi$ теңдігіне келеміз.

2 анықтама бойынша

$$\begin{cases} cx - dy = a \\ dx + cy = b \end{cases}$$

жүйесіне келеміз. Жүйені шешіп x және y үшін жалғыз мәндерін табамыз:

$$x = \frac{ac + bd}{c^2 + d^2};\ y = \frac{bc - ad}{c^2 + d^2}$$

Шыққан өрнектің мағынасы бар, себебі, $z_2 = c + di \neq 0$ -ден $c^2 + d^2 \neq 0$ екені шығады.

Сонымен,

$$z = x + yi = \frac{ac + bd}{c^2 + d^2} + \frac{bc - ad}{c^2 + d^2}i \qquad (11)$$

Осыдан z_1, z_2 комплекс сандарының бөліндісінің бар болуы және жалғыздығы шығады, бірақ, мұнда $z_2 \neq 0$ болу керек.

z_1 және $z_2 \neq 0$ комплекс сандарының бөліндісі

$$z = \frac{z_1}{z_2}$$ деп белгіленеді [3].

5 *Мысал:* $z_1 = 2 - 3i$, $z_2 = 1 + 2i$ комплекс сандарының z бөліндісін табу керек.

Δ $z_2 z = z_1$. Айталық, $z = x + yi$ болсын. Онда

$$(1 + 2i)(x + yi) = 2 - 3i$$

немесе $(x - 2y) + (2x + y) = 2 - 3i$

Осыдан келесі жүйеге келеміз

$$\begin{cases} x - 2y = 2 \\ 2x + y = -3 \end{cases}$$

Шыққан жүйені шешіп $x = 0{,}8;\ y = -1{,}4$ екенін табамыз, яғни

$$z = x + yi = -0{,}8 - 1{,}4i$$

Егер $z = a + bi$ болса, онда $\bar{z} = a - bi$ саны z санына *түйіндес* деп аталады.

6 Мысал: $z_1 = 2+3i$ болса, онда $\overline{z_1} = 2 - 3i$ болады.

$$z + \overline{z} = (a+bi) + (a-bi) = 2a$$

$$z_1 z_2 = (a+bi)(a-bi) = a^2 + b^2$$ екенің ескере кетейік.

Енді $\frac{z_1}{z_2}$ бөлшегі үшін $\frac{z_1}{z_2} = \frac{z_1 \lambda}{z_2 \lambda}$ қасиеті орындалатынын көрсетейік. Мұндағы, z_1, z_2-комплекс сандар, $\lambda \neq 0$ кез келген комплекс сан.

Айталық, $z = \frac{z_1}{z_2}$ болсын. (7) формула бойынша $z_2 z = z_1$. Сонда

$(z_2 z)\lambda = z_1 \lambda \Rightarrow z_2(z\lambda) = (z_1\lambda) \Rightarrow (z_2\lambda) z = z_1\lambda$

$$z = \frac{z_1\lambda}{z_2\lambda} \Rightarrow \frac{z_1}{z_2} = \frac{z_1\lambda}{z_2\lambda}$$ кезкелген $\lambda \neq 0$ үшін.

Осы қасиеті бойынша практикалық есептеулерде, екі комплекс санның бөліндісін табу үшін алымы мен бөлімін бірдей бөліміне түйіндес санға көбейту керек.

Комплекс сандардың геометриялық интерпретациясы

Комплекстік жазықтық. Комплекс сандарды бейнелейтін нүктелер мен векторлар. Комплекс санның модулі мен аргументі.

Комплекс сандардың геометриялық мағынасы және тригонометриялық түрі.

Комплекс сандарды координат жазықтығының көмегімен жазықтықтың нүктелері ретінде өрнектеуге болады. Ox - осінің бойына комплекс санның нақты бөлігін $(a = a + 0 \cdot i)$, ал Oy осінің бойына оның жорамал бөлігін орналастырсақ $(bi = 0 + bi)$ жазықтықта әрбір комплекс сан $z(a,b)$ (2-сурет) нүктесі түрінде анықталады.



1-сурет. Комплекс сандардың геометриялық мағынасы

$\triangle OAB$ тік бұрышты

$OA = a,\ OB = b,\ |z| = AB = r\ \ r = |z| = \sqrt{a^2 + b^2}$.

$$\frac{OA}{AB} = \frac{a}{r} = \cos\varphi \Rightarrow a = r\cos\varphi$$

$$\frac{OB}{AB} = \frac{b}{r} = \sin\varphi \Rightarrow r\sin\varphi$$

$z = a + bi = r(\cos\varphi + i\sin\varphi)$ - комплекс санның тригонометриялық түрі.

$|z| = r$ - комплекс санның модулі $(r \geq 0)$ [17].

$\arg z =$ -комплекс санның аргументі.

Тригонометриялық түрдегі комплекс сандарға амалдар қолдану өте жеңіл.

Айталық,

$z_1 = r_1(\cos\varphi_1 + i\sin\varphi_1)$,

$z_2 = r_2(\cos\varphi_2 + i\sin\varphi_2)$ болсын.

Онда $z_1 \cdot z_2 = r_1 \cdot r_2\left(\cos(\varphi_1 + \varphi_2) + i\sin(\varphi_1 + \varphi_2)\right)$

$|z_1 \cdot z_2| = r_1 \cdot r_2$

$\arg(z_1 \cdot z_2) = \arg z_1 + \arg z_2 = \varphi_1 + \varphi_2$

Егер $z = r(\cos\varphi + i\sin\varphi)$ болса, онда

$z^n = r^n(\cos n\varphi + i\sin n\varphi)$

$|z^n| = r^n; \arg z^n = n\arg z = n\varphi,$

Муавр формуласы $(\cos\varphi + i\sin\varphi)^n = \cos n\varphi + i\sin n\varphi$

Айталық, $a = r(\cos\varphi + i\sin\varphi)$ комплекс саны берілсін. Онда жоғарыда қарастырылған көбейту амалының негізінде n- натурал саны үшін

$$a^n = [r(\cos\varphi + i\sin\varphi)]^n = r^n(\cos n\varphi + i\sin n\varphi),$$

яғни комплекс санды дәрежелегенде оның модулі сол дәрежеге шығарылады, ал аргументі сол дәреже көрсеткішіне көбейтіледі. $a^{-n} = (a^{-1})^n$ теңдігін пайдаланып, Муавр формуласын бүтін теріс сандар үшін де пайдалануға болады.

Сонымен, бұл жұмыста білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында жаратылыстану-математикалық бағыттағы 11-сыныпта оқылатын «Комплекс сандар» тақырыбының теориялық негіздері баяндалды.

Жаратылыстану-математикалық бағыттағы сыныптарда «комплекс сандар» тақырыбының теориялық негіздері

Аңдатпа

Мақалада «Комплекс сандар» тақырыбын оқытудың өзектілігі айқындалған және білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында жаратылыстану-математикалық бағыттағы 11-сыныпта оқылатын «Комплекс сандар» тақырыбының теориялық негіздері баяндалған. «Комплекс сандар» тақырыбын оқып үйренгенде білім алушылар алгебра мен тригонометриядан алған білімдерін қолданады. Мектеп математика курсында комплекс сандарды оқыту оқушылардың сандар ұғымын толық меңгерулеріне ықпал етеді.

Кілт сөздер: комплекс сандар, теориялық негіздері, жалпы білім беретін орта мектеп.

Теоретические основы темы “комплексные числа” в классах естественно-математического направления

Аннотация

В статье определена актуальность изучения темы «Комплексные числа» и изложены теоретические основы данной темы, изучаемой в 11 классе естественно-математического направления в условиях обновления содержания образования. При изучении темы «Комплексные числа» обучающиеся применяют знания, полученные по алгебре и тригонометрии. Обучение комплексным числам в школьном курсе математики способствует полному усвоению учащимися понятия чисел.

Ключевые слова: комплексные числа, теоретические основы, общеобразовательная средняя школа.

The role of applied problems in teaching mathematics

Annotation

The article defines the relevance of the study of the topic "Complex numbers" and outlines the theoretical foundations of this topic, studied in the 11th grade of the natural-mathematical direction in the conditions of updating the content of education. When studying the topic "Complex numbers", students apply the knowledge gained in algebra and trigonometry. Teaching complex numbers in a school mathematics course contributes to the full assimilation of the concept of numbers by students.

Keywords: complex numbers, theoretical foundations, general education school.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңы.https://bilimger.kz/wp-content/uploads/2021/08/Әдістемелік-Нұсқау-хат-2021-2022-оқу-жылы.pdf
2. Деменева, Н. В. Комплексные числа : учебное пособие / Н. В. Деменева; М-во с.-х. РФ, федеральное гос. бюджетное образов. учреждение высшего образования «Пермская гос. с.-х. акад. им. акад. Д. Н. Прянишникова». – Пермь : ИПЦ «Прокростъ», 2017. – 112 с.
3. Әбілқасымова А.Е. , Корчевский В.Е., Абдиев А, Жұмағұлова З.Ә. Алгебра және анализ бастамалары». Жалпы білім беретін мектептің жаратылыстану математика бағытындағы 11-сыныпқа арналған оқулық. Алматы: "Мектеп"216 б. 2020

ГРНТИ 14.35.09

ФИЗИКАНЫ ОҚЫТУДА ЦИФРЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ РЕСУРСТАРЫН ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ БОЛАШАҚ МҰҒАЛІМДЕРДІҢ ӘДІСТЕМЕЛІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ДАМЫТУ

САРЫБАЕВА ӘЛИЯ ХОЖАНҚЫЗЫ,
БАТЫРБЕКОВА АҚНҰР ЖАРҚЫНБЕКҚЫЗЫ
АХАНОВА ӘСЕМ ҚАЙРАТҚЫЗЫ
Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

Жаңа технологиялар жалпы білім беретін мектептің оқу процесіне біртіндеп енгізілуде. Бұл жұмыстың маңызды бағыты цифрлық білім беру ресурстарын (ЦБР) әзірлеу және оларды базалық деңгейде пайдалану мүмкіндіктерін анықтау болып табылады. ЦБР оқытушының оқу құралдары мен әдістерін таңдаудағы мүмкіндіктерін барынша кеңейтеді, бұл білім алушыға зерттелетін материалды тиімді игеруге және шығармашылық ойлауын қалыптастыруға мүмкіндікбереді.

Мультимедиялық құраушылардың жиынтығы, өзара әрекеттесудің интербелсенді формалары және компьютерлік модельдеу ақпаратты визуалды, есту және эмоционалды деңгейде қабылдауға мүмкіндік береді. Бұл негізінен материалдың берік сіңуіне ықпал етеді. Оқу орындарында оларды дәстүрлі модульдерге қосымша ретінде пайдалана отырып, динамикалық, қызықты, ұмытылмас, заманауи сабақтар өткізуге болады. Өйткені цифрлық білім беру ресурстары дәстүрлі әдістемелік мақсатқа сай оқу құралдарын алмастырмайды, тек олардың мүмкіндіктерін толықтырады. Бұл өз кезегінде оқытудың тиімділігі мен сапасын арттырады [1-5].

Алайда, жалпы білім беретін мекемелердің мұғалімдері оқу процесінде ЦБР-ын әрдайым тиімді пайдалана алмайды. Сондықтан университетте әдістемелік дайындық барысында болашақ мұғалімдерді цифрлық білім беру ресурстарының заманауи жинақтарымен жұмыс істеуге үйрету және оларды оқу процесінде қолдану бойынша арнайы білім мен дағдыларды қалыптастыру қажет. Оқу барысында студенттер:

- электрондық бағдарламалармен жұмыс жасай білуді;
- сабақтарды презентация түрінде рәсімдей білуді;
- мәтіндік және мультимедиялық материалдарды дайындай алуды;
- оқушыларды аттестаттаудан өткізуді;
- демонстрациялық экспериментке қосымша ретінде фронтальды зертханалық жұмыстарды жүргізу үшін ЦБР қолдануды үйренуі керек [6].

ЦБР арқылы болашақ мұғалімдердің әдістемелік құзыреттілігін дамытуды қарастыру үшін әдістемелік құзыреттілік ұғымына тоқталайық.

Мұғалімнің әдістемелік құзыреттілігі – бұл әдістемелік, пәндік және технологиялық білімдердің, дағдылардың, құндылық қатынастардың, шығармашылық тәжірибенің жиынтығы, сонымен қатар оқу процесінде ғылыми-әдістемелік және оқу-әдістемелік қызметтің тиімді орындалуын қамтамасыз ететін жеке тұлғаның кәсіби маңызды қасиеттерінің жиынтығы. Әдістемелік құзыреттіліктің құраушылары: мотивациялық - құндылық, танымдық, іс-әрекеттік және рефлексивтік.

ЖОО-да болашақ мұғалімдердің әдістемелік құзыреттілігін дамытуда цифрлық білім беру ресурстарының маңызы зор. Бүгінгі таңда ЦБР – компьютерлік бағдарламалар мен оқыту жүйелері – электронды оқулықтар, оқу-әдістемелік құралдар, виртуалды зертханалық жұмыстар, білімді тексеру жүйелері, мультимедиялық технологиялар негізіндегі жүйелер және т.б.[7].

Оларға тоқталатын болсақ: https://phet.colorado.edu/, https://nearpod.com/, https://www.amrita.edu/ahead/,https://jamboard.google.com/, https://quizizz.com/).

Аталған оқыту платформаларын оқыту процесінде қолдану мысалдарын келтірейік. Ең алдымен «Физикадағы инновациялық педагогикалық технологиялар» элективті курсында электронды оқыту құралдарын пайдаландық.

Сурет 1 - «Физикадағы инновациялық педагогикалық технологиялар» электронды оқу құралындағы дәріс сабақ үлгісі



Сурет 2 - «Физикадағы инновациялық педагогикалық технологиялар» электронды оқу құралындағы практикалық сабақ үлгісі

Сурет 3 - «Физикадағы инновациялық педагогикалық технологиялар» электронды оқу құралындағы зертханалық сабақ үлгісі

Екіншіден, «https://learningapps.org/» платформасынан кез келген пән бойынша, көрнекті тапсырмалар жасауға мүмкіндік бар. Білім алушыларға тапсырманың жасалу жолын үйрету арқылы кәсіби дағдыларын дамытамыз.



Сурет 4 - «https://learningapps.org/» платформасында жасалған тапсырма үлгісі



Сурет 5 - «https://learningapps.org/» платформасында жасалған тапсырма үлгісі

Үшіншіден, https://phet.colorado.edu/ платформасын дәріс сабақтарда демонстарциялық құрал ретінде пайдалануға, сонымен қатар зертханалық сабақтарда пайдалануға мүмкіндік бар.



Сурет 6-«https://phet.colorado.edu/» платформасындағы «Газдардың қасиеттері» зертханалық сабағының көрінісі



Сурет 7 -«https://phet.colorado.edu/» платформасындағы «Газдардың қасиеттері» зертханалық сабағының көрінісі

Теориялық материалды бекіту үшін ұсынылған цифрлық білім беру ресурстары әртүрлі форматтағы бақылау және тест тапсырмаларын алуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, цифрлық білім беру ресурсы бұған қосымша оқу материалын игеруді бақылау мен өзін-өзі бақылауды қамтамасыз ете алатындығы көрсетілген. Әзірленген цифрлық білім беру ресурстарының көмегімен мұғалім мен білім алушылар үшін қызықты, тартымды сабақ өткізуге болады.

ЖОО –да цифрлық білім беру ресурстарын қолдануды меңгерген білім алушылар болашақта кәсіби маман, әдіскер мұғалім ретінде көзге түседі. Инновациялық технологияларды меңгерген маман өз кәсібін сүйеді, физикалық білімдерін түрлі әдіс – тәсілдермен үйрете отырып, тиімді бағалай алады. Мұнда айтылған бағыттардың барлығы болашақ мұғалімнің әдістемелік құзыреттілігін қамтиды. Яғни, цифрлық білім беру ресурстарын базалық деңгейде пайдалануға ЖОО-да үйрету арқылы болашақ мұғалімдердің әдістемелік құзыреттілігін арттыруға болады.

Физиканы оқытуда цифрлық білім беру ресурстарын қолдану арқылы болашақ мұғалімдердің әдістемелік құзыреттілігін дамыту

Аңдатпа

Бұл мақалада физиканы оқытуда цифрлық білім беру ресурстарын пайдаланудың болашақ мұғалімдердің әдістемелік құзыреттілігін дамытуға әсері қарастырылған. Цифрлық білім беру ресурстары физика мұғалімінің кәсіби өсуіне мүмкіндік береді. Мұғалім өз қызметінде көбірек ақпарат, түрлі әдістер мен құралдарды қолданса, соғұрлым оның жұмысы нәтижелі болады. Сабақтарды тиімді ұйымдастыра білетін, шебер мұғалімнің әдістемелік құзыреттілігі жоғары деуге болады. ЖОО-да физиканы оқытуда цифрлық білім беру ресурстарын қолдану физика курсының «эксперименттік» бөлігін толықтыруға және сабақтың тиімділігін едәуір арттыруға мүмкіндік береді.

Кілт сөздер: Цифрлық білім беру ресурстары, әдістемелік құзыреттілік, физиканы оқыту, инновациялық педагогикалық технологиялар.

Развитие методической компетенции будущих учителей с использованием цифровых образовательных ресурсов в преподавании физики

Аннотация

В этой статье рассматривается влияние использования цифровых образовательных ресурсов в обучении физике на развитие методической компетентности будущих учителей. Цифровые образовательные ресурсы позволяют учителю физики расти профессионально. Чем больше информации, различных методов и средств использует учитель в своей деятельности, тем продуктивнее его работа. Методическая компетентность умелого учителя, умеющего эффективно организовывать занятия, высока. Использование цифровых образовательных ресурсов при обучении физике в вузе позволяет дополнить «экспериментальную» часть курса физики и значительно повысить эффективность занятий.

Ключевые слова: Цифровые образовательные ресурсы, методическая компетентность, обучение физике, инновационные педагогические технологии.

Development of methodological competence of future teachers using digital educational resources in teaching physics

Annotation

This article examines the impact of the use of digital educational resources in teaching physics on the development of methodological competence of future teachers. Digital educational resources allow a physics teacher to grow professionally. The more information, different methods and means a teacher uses in his activities, the more productive his work is. The methodical competence of a skilled teacher who is able to organize classes effectively is high. The use of digital educational resources in teaching physics at the university allows you to supplement the «experimental» part of the physics course and significantly increase the effectiveness of classes.

Keywords: Digital educational resources, methodological competence, teaching physics, innovative pedagogical technologies.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1.Жунисбекова Ж.А., Абдраманова Н.Ш., Акимбаев А.А., Керимбеков М.А., Сыдыхов Б.Д., Койшибаева Н.И. Использование активных методов обучения в образовательном процессе вуза // Международный журнал экспериментальногообразования. – 2015. – №3-3. – С. 279-282

2. Мынбаева А.К., Садвакасова З.М. Инновационные методы обучения, или как интересно преподавать: Учебное пособие. – Алматы, 2009. – 344 с.

3.Захарова И.Г. Информационные технологии в образовании: учеб. пособие для студ. высш.учеб. заведений. – М.: ИЦ «Академия», 2005. – 192 с.

4.Сыдыхов Б.Д., Момбиева Г.А. Особенности профессиональной подготовки будущих специалистов на основеэлектронной образовательной среды в условиях информатизации образования// InternationalJournal ofappliedandfundamentalresearch. – 2016. – № 2. – P.93-96

5. Чиганов С.Л., Девяткин Е.М. Технологии разработки электронно-образовательных ресурсов // Современные наукоемкие технологии. – 2016. – №10-1. – С. 108-113

6.Агибова И.М., Крахоткина В.К., Боброва О.В. Использование цифровых образовательных ресурсов в курсе методики преподавания физики // Наука и школа. 2008. №6. URL: https://cyberleninka.ru/article/n/ispolzovanie-tsifrovyh-obrazovatelnyh-resursov-v-kurse-metodiki-prepodavaniya-fiziki (дата обращения: 09.11.2022).

7. GABDULLINA, G.L.; GABDULLINA, A.T.; MEDETBEKOVA, A.A..Использование цифровых образовательных ресурсов в преподавании физики. **Вестник. Серия Физическая (ВКФ)**, [S.l.], v. 63, n. 4, p. 53-60, dec. 2017. ISSN 2663-2276. Доступно на: <https://bph.kaznu.kz/index.php/zhuzhu/article/view/562>. Дата доступа: 09 nov. 2022

ГРНТИ 14.25.09

ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША СТАНДАРТТЫ ЕМЕС ЕСЕПТЕРДІ ШЫҒАРУ ӘДІСТЕРІ

СЕГІЗБАЙ АЙБАЛА АЛМАСҚЫЗЫ
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің магистранты
ЕҢСЕБАЕВА ГҮЛЗАТ МҰРАТБЕКҚЫЗЫ, PhD,
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеттің аға оқытушысы

Жаңартылған білім бағдарламасы бойынша әлемдік білім беру жүйесі баланы бәсекеге қабілеттілікке баулуға, қоғамнан өз орнын таба білуге, сапалы маман болуына мүмкіндік бере аламыз. Орта білім беру мазмұнын жаңарту аясында әзірленген оқу бағдарламалары, әдіс-тәсілдер, ақпараттық технологияларды тиімді пайдалану сабақтың тиімді өтуіне, оқушы бойында қажетті дағдыларды қалыптастыруға ықпал ететіні сөзсіз.

Әріптесіміз оқушылардың үй жағдайында өз бетінше жасаған жұмысының нәтижесін жетілдіру үшін топтық жұмыс жасатуды ұсынды. Нәтижесінде, бірлескен зерттеу тобымен онлайн сабақтың бастапқы кезеңінде жұмыс формасын топтық жұмыс ретінде алуға шешім қабылданды, себебі топтық жұмыста зерттеушілікпен айналысуға, өзара диалог құруға мүмкіндік туады. Оқушылардың қолдану дағдысын жоғарылату мақсатында «Топтас, ойлан, зертте» топтық әдісі арқылы құрылымдық тапсырмаларды conceptboard платформасында орындату жоспарланды. Әріптестермен ақылдаса келе, бұл тапсырмалар стандартты тапсырмаларға қарағанда жеңілден күрделіге қарай ауыса отырып, зерттеу жүргізуге мүмкіндік беретіні болжанды. Топ мүшелерін сайлау және әрбір мүшесінің белсенділігін арттыру үшін қызметтерді бөліп беру тиімді болады деп шешілді. С деңгейлі оқушының есептің сызбасын сызып, есептеулер жүргізе алатыны, В деңгейлі оқушының есепті шығарылу жолын толықтай ашып жаза алатындығы, ал А деңгейлі оқушының есепті шешудің бірнеше жолын келтіре отырып, тиімді тәсілін таңдайтындығы күтілді.

Топтық жұмысты тиімді бағалау үшін зерттеу тобындағы А. әріптесіміз топтардың өзін-өзі бағалауы өз кемшіліктерін анықтауда мүмкіндік беретіні маңызды екенін алға тартты. Бұдан гөрі, топ ішінде басқа топтардың жұмыстарын бағалау үшін сарапшы қызметін тағайындау тиімді болатындығы болжанды. Әріптестермен кеңесе келе,
«Сыншыл дос» стратегиясы ұсынылды. Бұл оқушылардың жоғары дағдыларының дамытудағы жұмысын қаншылықты дұрыс орындағандығын, сарапшының басқа топ жұмыстарын бағалауда тиімді тәсіл бола алады деп күтілді.

Оқушыларды бағалау үшін төмендегідей дескрипторлар құрылды:

- есептің шартына сәйкес трапецияның қажетті элементтерін табады;
- трапецияның ауданының формуласын біледі және қолданады;
- есепке талдау жасау арқылы трапецияның ауданын есептей алады;
- жұмысты түсіндіру барысында бейне үзіндідегі материалды меңгергенін танытады.

Сабақ соңында оқушылардың оқу мақсатына қаншалықты жете алғандығын анықтау үшін Google Forms платформасында жетістік диаграммасын оқушылармен бірге құру жоспарланды. Ол үшін бірнеше критерийлер белгіленіп алынды:

- трапецияның ауданының формуласын қорытып шығаруды толық меңгердім /жартылай меңгердім /жетілдіруім керек;
- есептер шығаруда трапецияның ауданын формуланы қолдана аламын/есептеуде қателіктер жіберемін/қиналамын.

Оқушылардың жетістігін бағалау үшін әріптестермен бірге оқушыларды мадақтап, жетілдіретін тұстарына байланысты бағыт-бағдар беру, сабақтын этаптарында білімін жетілдіру үшін кері байланыс жасау, соңында корытынды рефлексия жоспарланды.

Сабақ барысына келсем, үйге оқушыларға өз бетінше жұмыс ретінде берілген Edpuzzle платформасында интерактивті ресурстармен жасалған жұмыс сәтті шықты. Себебі бұған бірден бір дәлел оқушылардың жетістігінің жоспарлағаннан да жоғары болуы, яғни А деңгейлі оқушы жұмысты толықтай орындап, барлық 10 сұраққа жауап берді, В деңгейлі оқушы формуланы қорытып қана қоймай, 10 сұрақтың 8-іне дұрыс жауап берді. Ал С деңгейлі оқушы формуланы қорытып шығару үшін бейнематериалды бірнеше рет көру арқылы 6 сұраққа жауап берді. Сонымен қатар, сабақ жоспарына өзгеріс ретінде Дж. Раддоктың «Оқушы үнінің» белгілі жақтаушысы ретінде «Оқушылармен пікірлесудің мақсаты – оқушының көзқарасы тұрғысынан оқытудың не екендігі түсіну, жекелеген оқушылар мен топтар үшін оқуды қалай жақсарту» екендігін басшылыққа алып, оқушылардың үніне құлақ түре отырып, жоспарланған бағыттардың шешімін өз бетінше табуға жетелеу жүрді[3]. В деңгейлі оқушы егер трапецияның табандары мен биіктігінің ұзындықтары берілсе, трапецияның орта сызығы мен биіктігінің көбейтіндісі ауданын беретіндігі туралы идеясын жеткізіп, өзінің ұтқыр шешімін айтты. А деңгейлі оқушы қабырғаларының ұзындықтары берілген теңбүйірлі трапецияның ауданын табу үшін қосымша сызбалар арқылы тікбұрышты үшбұрыш алып, Пифагор теоремасы арқылы трапецияның биіктігін тауып, оны қолданып, трапецияның ауданын тауып, жоғары қабілеттілігін көрсетті. С деңгейлі оқушы тікбұрышты трапецияның бір қабырғасы оның биіктігі болатындығын айтып, формула бойынша оңай есептеуге болатындығын жеткізді. Бұдан төңкерілген оқыту оқушылардың белсенділігін оятып, жауапкершілігін арттырып, ресурстарды қолдану арқылы өз бетінше жұмыс жасау дағдысын дамытуда тиімді екендігіне көз жеткізілді.

Оқушылар деңгейлері бірдей дәрежеде болатындай етіп Microsoft Teams платформасында каналдарға үш топқа бөлінді. Топ мүшелері ішінде көшбасшысы, уақыт сақшысы, орындаушы, сарапшы болып қызметтер бөлініп алынды. Бұл әрекет оқушылардың барлығының жұмысқа жұмылдыруға септігін тигізді және топ көшбасшылары жұмыстың уақытылы, сапалы жүргізілуіне ықпал жасай білді. Бірінші топ бойынша фокустағы А деңгейлі оқушы тапсырманың шешімін табудың оңтайлы әдісін тез тауып, тобындағы С деңгейлі оқушыға достық көмегін тигізе білгені топтың жұмыстың сәтті тұсы болды. Себебі С деңгейлі оқушы тапсырманың мазмұнына сәйкес сызбасын сызу мен қай формуланы қолдану керектігін ажырата алмады. Осы сәтте А деңгейлі оқушы скаффолдинг жасау арқылы қателіктерін түсіндіріп, оның білімін алға жылжытуға септігін тигізіп отырды. Екінші топта В деңгейлі оқушының қызметі сарапшы болғанымен, тапсырманы орындауда трапецияның ішкі бір бұрышы арқылы биіктігін анықтауда Пифагор теоремасымен табуды ұсынды, бұл шешім осы тапсырманың негізгі түйіні болатын. Бір өкініштісі, үшінші топ мүшелері тапсырманы орындауға көп уақыттарын жоғалтып алды, себебі трапецияның қосымша элементтерін дұрыс анықтамағандықтан, есептің шешу жолы қате болды. Бұл тұста оқушылардың ілгері жылжуына жағдай жасап, трапецияның теңбүйірлі бола алмайтындығына және оны диагоналін анықтау арқылы шешімін табуына жетелеуші сұрақтар арқылы көмек берілді. Бұдан байқағаным, топтық тапсырманы орындауда қадамдар бойынша нақты нұсқаулықтар беріліп, қосымша көмек ретінде жетелеуші сұрақтарды да дайындау керек екен.

Топтар жұмыстарын аяқтаған соң, жалпы каналға қайта кіріп, өз жұмыстарын баяндап шықты. Бірінші топ мүшелерінің өз жұмыстарын қорғауда үйде орындап келген жұмыстарының көмегі тигені көрініс тапты, бұған баяндаушының тапсырманың орындалуының қадамдарына нақты дәлел келтіргенін айтуға болады. Сәйкесінше, бағалаушы қарсы топ мүшелері жұмыстың сапалы болғанын атап жеткізді. Екінші топ мүшелерінің жұмысының орындалуы сапалы болғанымен, түсіндіру барысында математикалық терминдерді орынды қолдануы жетіспеді, алайда таныстырылымы өз деңгейінде жүрді. Сондықтан да бағалаушылар жұмыстың артықшылығын атап, математикалық терминдерді орынды қолдану қажеттілігін ұсынды. Үшінші топ жұмысын таныстыру кезінде дәлелдемелер келтіруінде қиындықтар байқалды. Бағалаушы қарсы топ жұмысты таныстыруда төңкерілген оқыту технологиясын меңгеру үшін берілген ресурстардың тиімділігін қатыстыру қажет екендігі ұсынды.

Джонатан Бергман және Аарон Сэмс айтқандай, төңкерілген оқыту оқушыға алдын-ала материалды үйге өз бетінше жұмыс жасау дағдысын дамыту үшін беріп, сыныпта, сабақ барысында үйде өз бетінше алған білімін әрі қарай дамытуға, бекітуге септігін тигізеді.[4] Атап айтар болсақ, А деңгейлі оқушы үйге берілген Edpuzzle платформасындағы бейнеүзіндіден алған білімін қолдану арқылы есепті шешудің бірнеше жолын келтіре отырып, солардың арасынан тиімді тәсілін таңдай және түсіндіре білді, демек осы стратегиямыз оның дарындылық қабілетінің алға жылжуына септігін тигізді деп ойлаймын. В деңгейлі оқушының бейнеүзіндіден жаңа материалды толық түсініп, есептің шығарылу жолын толықтай ашып жазып, қолдану дағдысы артқанын байқадым. Бір өкініштісі жоспарда болжағанымыз орындалмай, керісінше С деңгейлі оқушы есептің сызбасын сызып, есептеулер жүргізуден қиналды. Мәселені шешу үшін оқушыға қосымша алгоритмдік тапсырма берілді. Оқушының мүмкіндігін ескере отырып, есеп шығаруға септігін тигізетін дайын сызбалар ұсынылды. Нәтижесінде С деңгейіндегі оқушы дайын сызбаның көмегімен трапецияның ауданы формуласын қолданып, дұрыс есептеулер жүргізді.

Бұдан шығатын қорытынды, төңкерілген оқыту технологиясы арқылы үй жағдайында өз бетінше алған білімі сабақ барысында барлық оқушыларға бірдей көмегі тиеді деп айта алмағанмен, С деңгейіндегі оқушыларға сабақ барысында мұғалімнің жетелеуі қажет болады, бірақ жаңа сабақты игеруге қабілеті жоғары оқушыларға ол тиімді болды.

Сабақ соңында оқушылардың оқу мақсатына қаншалықты жете алғандығын анықтау үшін жоспарланған Google Forms платформасында құрылған жетістік диаграммасын оқушылардың тақырыпты қаншалықты меңгергенін анықтауда сәтті шықты. Себебі, көпшілік оқушылардың қолдану дағдылары туралы нақты ақпарат алынып, әрі қарай мұғалімге жұмыс жасауға негіз болды. Диаграмма нәтижесі бойынша сыныптағы 12 оқушының 10-ы трапецияның ауданының формуласын қорытып шығаруды толық меңгергені, 2-еуі жартылай меңгергені көрінді. Ал есептер шығаруда трапецияның ауданын формуланы қолдана алатын 8 оқушы болса, 2-еуі есептеулерде қателіктер жіберетіндігі және 2-еуі қиналатындығы көрініс тапты. Трапецияның ауданын табуда қиналатын оқушыларға трапецияның қажетті элементтерін анықтап алып, қажет болған жағдайда қосымша сызбалар жүргізу керектігі ұсынылды.

Оқытуды қорытындылай келе, таңдап алынған ресурстардың барлық оқушылардың қабылдау деңгейіне лайықты етіп таңдауға назар аудару керек. Төңкерілген оқыту технологиясы бойынша үйде орындалатын тапсырмаларды қате орындаған кезінде түсіндірме парақшасы ашылатындай жағдай жасау қажет. Бұл сабақ барысында туындайтын кедергілерді жоюға және уақытты тиімді пайдалануға септігін тигізеді.

Төңкерілген оқыту технологиясы арқылы оқушылардың өздігінен жұмыс жасау дағдысын дамыту мақсатында үйге берілген тапсырмалар көмегімен оқушылардың білім жетістігін бағалау үшін qazmath.net сайты қолданылды. Бұл бағалау құралының артықшылығы – жабық типті сұрақтардан бөлек ашық типті сұрақтар да, сонымен қатар, сәйкестендіру тесті, топтастыру, ретін ауыстыру, белсенді аймақ түрінде ұсынуға мүмкіндік береді. Бұл арқылы оқушылардың есеп шығару, қолдану және талдау, жинақтау дағдыларының қандай деңгейде екенін көруге мүмкіндік алғаным таңдалған бағалау жүйесінің сәтті тұсы болды. Оған дәлел – оқушылардың алған білімі туралы сандық ақпаратты алынғаны. Мәселен, сыныптағы 12 оқушының 6-уы 8 ұпайдан жоғары, 4-еуі 6 ұпайдан жоғары нәтиже көрсеткен. Дегенмен бағалаудың барлық түрлеріне тән жалпы сипаттамаларына сүйенетін болсақ, мұнда мұғалім тарапынан қадағалау жүрмейді. Сондықтан алдағы уақытта оқушылардың нені білетіндігін және не істей алатындығын, қандай қиындықтармен кездесуі мүмкін екендігін анықтауға септігін тигізетін бағалау жүйесі қажет болады деген шешімге келдім.

Топтық жұмысты бағалау үшін қолданылған «Сыншыл дос» өзара бағалау стратегиясы ұтымды болды. Оқушылар критерийлер арқылы бағалау барысында бір-біріне қолдау көрсетуге, сын айтуына және қателерін мойындауға көмек берді. Сонымен қоса, бағалау кезінде тек таныстырушы ғана емес, сарапшы да осы тақырыпты толық түсінгендігі байқалды. Әсіресе, сарапшылардың трапецияның қажетті элементтерін табудың басқа да жолдарын ұсынғандығы сыншыл дос ретінде айтылған ерекше пікірі ғана емес, өзінің де өздігінен білім алу дағдысының жетілгендігінің көрінісі болды. Әсіресе, 2-топтың сарапшысының трапеция ауданын табуда тікбұрышты үшбұрыштармен ғана емес, оны параллелограмм және үшбұрышқа бөлу арқылы анықтауға да болатындығын ұсынғаны «Сыншыл дос» бағалау стратегиясының сарапшының бойында талдау, жинақтау, бағалау дағдыларының дамытатындығының айқын көрінісі болды.

Бағалауды қорытындылайтын болсам, топтық жұмысты бағалау кезіндегі «Сыншыл дос» стратегиясы тиімді болды, ал Google Forms платформасындағы бағалау тек сандық көрсеткіштермен ғана шектелді. Оны жетілдіру үшін оқушылардың жауабынан тапсырманың толық шешу жолын көре алатындай тапсырмалар дайындау керек екендігін ұқтым.

Жоспарлау барысында төңкерілген оқыту технологиясы аясында оқушының өз бетінше жұмыс жасау дағдысын дамыту үшін қолданылатын әдіс-тәсілдер оқушылардың жаңа тақырыпты жан-жақты меңгеріп, терең талдау, жинақтау тіптен бағалау жасауына мүмкіндік береді. Оқыту барысында таңдап алынған ресурстардың барлық оқушылардың қабылдау деңгейіне лайықты етіп таңдалуы жұмыстың сапалы орындалуына жол ашады. Топтық жұмысты бағалау кезіндегі «Сыншыл дос» стратегиясы сыни ойлай отырып, сындарлы кері байланыс беруге үйретеді.

Сабақты зерттеу табысты болды деп айта аламын. Lesson Study әрбір оқушының қажеттілігін ескеріп отыруға мүмкіндік береді.[2] Осы пікірді басшылыққа ала отырып, сабақ барысында көптеген оқушылардың қажеттіліктері назарға алынып, зерттеу жүргізуде таңдалған әдіс-тәсілдердің тиімділігі байқалды. Сабақты зерттеу барысында онлайн оқыту кезінде төңкерілген оқыту арқылы оқушылардың өз бетінше жұмыс жасау дағдысын арттырып, жаңа сабақты терең меңгертуде уақытты тиімді пайдаланып, қолдану дағдыларын дамытуда алдын ала дайындық үшін берілген ресурстарын жаңа сабақта тереңдетіп меңгеруге мүмкіндік туғызып, күрделі есептерді шығаруда жоғары дағдыларының дамуына септігін тигізетіне көз жеткіздім.

Зерттеу нәтижесінің сапасын бағалауда өзіме келешекте кәсіби дамуымды жетілдіру үшін ұсынарым:

- Lesson Study оқытудағы тиімді зерттеу тәсілі -оны әрі қарай жалғастыру;
- оқушылардың өз бетінше жұмыс жасау дағдысын дамыту үшін төңкерілген оқыту технологиясын үздіксіз түрде сабақта қолдануды іске асыру;
- тиімді сындарлы кері байланыс беру дағдысын дамыту үшін «Сыншыл дос» бағалау стратегиясын сабақта жүйелі түрде қолдануды іске асыру.

Зерттеу нәтижесінің сапасын бағалау негізінде әріптестеріме ұсынарым:

- Lesson Study оқытудағы тиімді зерттеу тәсілі мұғалімдердің әдістемелік шеберханасын байытуға үлесін қосады-оны үнемі пайдаланған тиімді;
- Жаңа сабақты меңгертуде уақытты тиімді қолдану үшін және оқушы дарындылығын онлайн оқытуда дамыту үшін қашықтан оқыту технологиясын ұтымды қолдану;
- Топтық жұмысты онлайн форматында жасағанда Microsoft Teams платформасының каналдарын және Edpuzzle платформасының мүмкіндіктерін пайдаланған тиімді.
- «Сыншыл дос» бағалау стратегиясын сабақта қолданудың тиімділігі бар, себебі ол сындарлы кері байланыс беруге мүмкіндік береді.
- Google Forms платформасында жетістік диаграммасын оқушылармен бірге құру тиімді.

Қашықтан оқыту технологиясы арқылы оқушылардың өздігінен білім алу қабілеттерін жетілдіру тәжірибесі

Аңдатпа

Мақалада қашықтықтан оқыту технологиялары арқылы оқушылардың өздігінен білім алу қабілеттерін жетілдіру тәжірибесі мен кездескен мәселелерді шешу жолдары қарастырылған. Мақаланың мақсаты – мұғалімдердің бірлескен жұмысының маңыздылығы мен жаңа оқыту технологияларға оқытуға бейімделу маңыздылығын көрсетпек.

Кілт сөздер: Қашықтан оқыту технологиясы, Лессон стади, цифрлық дағдылар, рефлексия, бірлескен жоспарлау.

Опыт повышения навыков самообучения школьников с помощью технологий дистанционного образования

Аннотация

В статье рассматривается опыт повышения самообучаемых способностей студентов с помощью технологий дистанционного обучения и пути решения возникших проблем. Цель статьи показать важность совместной работы учителей и важность адаптации к новым технологиям обучения.

Ключевые слова: Технология дистанционного обучения, Лессон стади, цифровые навыки, рефлексия, совместное планирование.

Experience in improving students' self-study skills through distance education technology

Annotation

The article deals with the experience of improving self-learning abilities of students through distance learning technologies and ways to solve the encountered problems. The purpose of the article is to show the importance of the joint work of teachers and the importance of adapting to new teaching technologies.

Key words: Distance learning technology, Lesson study, digital skills, reflection, collaborative planning.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Ибрагимов И.М. Информационные технологии и средства дистанци- онного обучения. – 2-е изд., перераб. и доп. – М.: Academia, 2012. – 336 с.
2. Полат Е.С. Современные педагогические и информационные техно- логии в системе образования: учеб. пособие для студентов высш. учеб. заве- дений / Е.С. Полат, М.Ю. Бухаркина. - М.: Издательский центр "Академия", 2007.
3. Минаева Е.Г. Преимущества и недостатки дистанционного образования. http://nsportal.ru/shkola/obshchepedagogicheskie-tekhnologii/library/preimushchestva- i-nedostatki-distantsionnogo-obraz.
4. Создание среды электронного обучения «1 ученик: 1 компьютер» для 21 века. ИнформационноеруководствоIntel World Ahead Education// Copyright 2008 Intel Corporation.-29 p.-URL: http://www.intel.ru /content/dam/www/public/emea/ ru/ru/pdf/ education/creating-elearning-environment-21-centary.pdf.
5. Bitnami. – URL:https://en.wikipedia.org/wiki/Bitnami.
6. Moodle. – URL: https://bitnami.com/stack/moodle.
7. Шаталов В. Ф. Эксперимент продолжается. – М. Педагогика, 1989. – 336 с.
8. Стариков П. А. Пиковые переживания и технологии творчества: учебное пособие. – Красноярск: филиал НОУ ВПО «Санкт-Петербургский институт внешнеэкономических связей, экономики и права» в г. Красноярске, 2011. – 92 с.

ГРНТИ 14.25.09

ТОПТЫҚ ЖҰМЫС БАРЫСЫНДА БІР ЕСЕПТІ БІРНЕШЕ ӘДІСПЕН ШЫҒАРУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ БАҒАЛАУ ДАҒДЫСЫН ДАМЫТУ

СУЛЕЙМЕНОВ С.К., УАҚБАЕВ Н.З., САМЕНОВ К.А.
Қызылорда қаласындағы химия-биологиялық бағыттағы Назарбаев Зияткерлік мектебі

Зерттеу мақсаты:

✓ Топтық жұмыста оқушылардың бағалау дағдысын дамытуға бір есепті бірнеше әдіспен шығарудың ықпалы қандай?

✓ Әдісті одан әрі жетілдірудің мәселелерін қарастыру.

Зерттеудің әдіс-тәсілдері: Оқушылардан сауалнама алу. Сабақтарды және оқушылар жұмыстарын фотоға түсіру. Оқушылардан жазбаша сұхбат алу.

Зерттеудің өзектілігі:Кіріктірілген білім беру бағдарламасы бойынша 11-сыныпта «Көпмүшелер» тарауын өту барысында көпмүшелерді көбейткіштерге жіктеудің бірнеше әдіс-тәсілдері қарастырылады. Атап айтқанда, «Көпмүшелерді бұрыштап бөлу», «Анықталмаған коэффициенттер әдісі», «Безу теоремасы», «Горнер схемасы» және «Виет теоремасы» тақырыптары әртүрлі оқу мақсаты ретінде оқытылады. Бұл тақырыптардың өзара интеграциясына оқушылармен бірлескен талдау жүргізе отырып, әр мақсатқа сайәр түрлі есептер шығарады. Әр мақсат бойынша оқушылар есептер шығару кезінде тек сол өтілген әдісті біледі, шығару жолын түсінеді және есеп шығару барысында таладау жасай алады, яғни оқушыларда осы әдіс бойынша белгілі бір дағдылар жетіледі. Ал келесі мақсатты меңгеру барысында жаңа әдісті үйренеді, есептер шығару барысында қолданады, есепке анализ жүргізеді, бірақ сол есепті өтілген басқа әдістер арқылы шығаруға болатынын А деңгейіндегі оқушылар білсе, В және С деңгейіндегі оқушылар аңғармай қалатыны белгілі, сондықтан ішкі және сыртқы жиынтық бағалау тапсырмаларында берілген есептерді шығаруға қандай әдісті қолданатынын В және С деңгейіндегі оқушылар ажырата алмай, қиындыққа тап болады. Бұл түрлі деңгей оқушыларының қай әдісті қандай жағдайда қолдану керектігін білмейтіндігін,олардың әдістерді бағалай алу дағдысының жоқтығын көрсетеді.

Біз бірнеше есепті бір тәсілмен шығарғанша, бір есепті бірнеше тәсілмен шығару оқушылардың ойлау қабілетін жетілдіретінін білеміз. Сол себепті «Топтық жұмыс барысында бір есепті бірнеше әдіспен шығару арқылы оқушылардың бағалау дағдысын қаншалықты дамытуға болады?» деген тақырып аясында іс-әрекеттегі зерттеу жұмысын жүргізуді ұйғардық. Зерттеу жұмысын қалай жүргізетініміз туралы ақылдаса келе, келесідей қадамдарды жоспарладық:

1. Жоғарыда айтылған бірнеше әдіспен шығарылатын есепті таңдау немесе құрастыру;
2. Есепті шығармас бұрын оқушылардан сауалнама алу;
3. Есепті шығару үшін оқушыларға әр түрлі әдістерді үлестіру;
4. Есептің шығарылу әдістерін топта талқылату;
5. Әр топтан әдістердің тиімді және тиімсіз жақтары жайлы жазбаша сұхбат алу;
6. Осы есепті шығаруда қай әдістің тиімді екенін бағалату;
7. Жиналған мәліметтерді талдау;
8. Жетілдіруге ұсыныстар.

Өтілген сабақтар туралы

Оқушыларды үш топқа бөліп, есепті бермес бұрын сауалнама жүргіздік. Сауалнамада әр оқушы өзіне тиімді деген әдістерін құс қанаты белгісімен белгілеп, тиімділігіне қарай нөмірлеуі керек болатын.

Оқушылардан алынған сауалнамалар нәтижесін кесте түрінде көрсетуге болады (Кесте 1).

Әдіс	**Таңдау жасаған оқушылар саны**	
Бұрыштап бөлу	18	
Безу теоремасы	31	
Горнер схемасы	21	
Анықталмаған коэффициенттер әдісі	22	
Виет теоремасы	14	

Әдіс	Тиімді	
Бұрыштап бөлу	☐	4
Безу теоремасы	☑	1
Горнер схемасы	☑	3
Анықталмаған коэффициенттер әдісі	☑	2
Виет теоремасы	☐	5

Кесте 1

Кестеде және төмендегі гистограммадан (Сурет 1) байқағандай, оқушылардың көпшілігі Безу теоремасының көпмүшелікті көбейткіштерге жіктеуде тиімді тәсіл санайтындығын және Виет теоремасының тиімсіздігін байқай аламыз. Бірақ әр оқушы өз пікірлерінің дұрыстығын өзара әңгімелесу арқылы олардың өздері үшін ең жеңіл тәсілдер екендігін алға тартты.



Сурет 1

Барлық оқушылардың ішінен бес әдісті де тиімді деп таңдаған 5 оқушы болды.

Сауалнама жүргізіп болғаннан кейін парақшаларды жинап алып, оларға есепті ұсындық.

Есептің берілуі төмендегіше:

$P(x) = x^4 - 2x^2 + ax + b$ көпмүшелігі $x^2 + x - 2$ үшмүшелігіне қалдықсыз бөлінсе, a мен b мәнін табыңыз. Осы есепті топта аталған 5 әдіспен шығарыңыз.

Оқушылар алдымен берілген есепті топта талдап, есептің мазмұнында белгілі бір әдісті қолдануы туралы жазылмағандықтан, олардың әрқайсысы өзіне үлестірілген әдістерімен жеке-жеке шығарды. Есепті шығарып болған соң, әр оқушы өз әдісін топ мүшелеріне түсіндіріп өтті. Ендігі мәселеде оқушылар осы шығарған әдістерінің ішіндегі қай әдістің тиімді екенін анықтау болатын.

Тапсырманы орындап болғаннан кейін оқушылар әр тәсіл бойынша өз пікірлерін қағазға түсірген болатын. Тапсырманы орындау барысында бір шешімге келмес бұрын оқушылар арасында қызу пікірталас, яғни зерттеушілік әңгіме болғандығын байқадық.

Әрбір топ мүшесі өз ұсыныстарын айтып, бір-бірін сендіру үшін түрлі дәлелдемелер мен контрмысалдар айтты. Осының нәтижесінде сараптама жүргізе отырып, біршама пікірлердің өзгергендігін байқай алдық. Осы тұста оқушылардың өз пікірлерін аргументтеу арқылы негіздей алуы көрініс тапты.

Оқушылар жазған әрбір пікірдің маңызды екендігін басшылыққа ала отырып, оларға талдау жұмыстарын жүргізе келе, келесі пікірлердің әрбіріне тоқтала кеткенді жөн көрдік.

Бұрыштап бөлу әдісі

Оқушылардың көпшілігі бөлгішті көбейткіштерге жіктемей-ақ, яғни түбірлерін анықтамай-ақ есепті аз уақытта шығарып үлгеруге болатындығын атап көрсетсе, тиімсіз жақтарына таңбадан қателіктер жіберу ықтималдығы басым екендігін және логикалық ойлауды талап етеді деген пікір жазған. Сонымен қоса, оқушылардың пікірлерінше, бұл тәсілде соңғы қорытынды жасауға қиналған оқушылар да кездесті (Сурет 2).

Әдіс	Тиімді жақтары	Тиімсіз жақтары
Бұрыштап бөлу	Бұрыштап бөлу арқылы есепті аз уақытта шығаруға болады.	Қателіктер ықтималдығы көп.



Сурет 2

Безу теоремасы

Берілген есепті Безу теоремасы бойынша шығару өте ыңғайлы және уақыт үнемдеуге болатындығын жазса, тиімсіз жағына бөлгішті сызықтық түрге келтіру қажет, квадрат түбірдің дискриминанты теріс болғанда немесе радикал түбірмен анықталғанда қиындықтар тудырады деп жазған. Өзге әдістермен салыстыра отырып оқушылардың көпшілігі осы әдіске айтарлықтай басымдық беретінін байқадық (Сурет 3).



Безу теоремасы	Жалпы сұрақ түрлерінің бірі шығару тез, әрі оңтайлы.	[illegible]



Безу

$x^4 + 0\cdot x^3 - 2x^2 + ax + b \qquad x_1 = -2 \quad x_2 = 1$

$P(-2) = 16 - 8 - 2a + b = 0$

$P(1) = 1 - 2 + a + b = 0$

$\begin{cases} -2a + b = -8 \\ a + b = 1 \end{cases} \; /-1 \qquad \begin{cases} -2a + b = -8 \\ -a - b = -1 \end{cases}$

$-3a = -9$

$a = 3$

$-6 + b = 8$

$b = -2.$

в

(Сурет 3)

Горнер схемасы

Көпшілік оқушылар Горнер схемасы кесте түрінде болғандықтан есептеуге жеңіл, басқа әдістерге қарағанда есептеу барысында қателіктер аз кетеді деп есептейді. Егер бөлгіш сызықтық көбейткіштерге жіктелмейтін болса немесе түбірлері иррационал сан болса, бұл әдісті қолдану қиынырақ екендігін жазған (Сурет 4).



Горнер схемасы	Жалдың болғанда есептеуге жеңіл	Бас мүшенің коэффициенті 1-ге тең болмаса, иррационал сандармен есептеу тиісіз.



$P(x) = x^4 - 2x^2 + ax + b$

$x^4 - 0\cdot x^3 - 2x^3 + ax + b = (x^2 - x - 2)(x^2 + \ldots$

Горнер

$x^4 - 2x^2 - ax + b \qquad x^2 + x - 2$

$x^4 + 0\cdot x^3 - 2x^2 - ax + b$

−2	1	0	−2	+a	+b
	0	−2	4	−4	−2a+8
	1	−2	2	+a−4	$\boxed{-2a+b+8}$

1	1	0	−2	+a	b
	0	1	1	−1	+a−1
	1	1	−1	+a−1	b+a−1

$\begin{cases} -2a + b = -8 \\ +a + b = 1 \end{cases} \; /-1 \qquad \begin{cases} -2a + b = -8 \\ -a - b = -1 \end{cases}$

$-3a = -9$

$a = +3$

$+6 + b = -8$

$b = -2$

Сурет 4

Анықталмаған коэффициенттер әдісі

Бұл әдісті көпшілік оқушылар универсал әдіс екендігін атап көрсеткен. Көпмүшенің бөлгіші сызықты немесе квадраттық болса да өзге көбейткішін болжамды түрде анықтап, белгісіз коэффициентерін өрнектеп, оларды берілген көпмүшенің коэффициенттерімен теңестіру арқылы оңай табуға болатындығын жазған (Сурет 5). Бұл әдістің тиімсіз тұсы есептеу барысында белгісіздердің көптігі кедергі келтіруі және есепті толығымен жазып отыруға ұзақтау уақыт жіберуі мүмкін.



Сурет 5

Виет теоремасы

Көпмүшені көбейткіштерге жіктеуде Виет теоремасын қолдануда бөлінгіш түбірлерін анықтамай-ақ көпмүшенің белгісіз коэффициенттерін анықтауға болады деп атап көрсеткен, бірақ шығарылу жолы ұзақ, қалдық болған жағдайда бұл әдісті қолдану тиімсіз (Сурет 6).





Сурет 6

Нәтижелерді талдау

Оқушылардыңжазған пікірлеріне сүйеніп, аталған бес тәсілдің тиімді және тиімсіз тұстарын саралай келе, оқушыларда өзіндік пікірлер қалыптасқандығын көруге болады. Топтық талқылау нәтижесінде, оқушылар әр тәсілді бағалай отырып, олардың бұрын мән бермеген тұстарына енді тереңірек қарап, олардың ерекшеліктеріне үңіліп, әдістерді өзара салыстыра келе, өздері үшін тиімдірек тәсілді бағалауын ұсындық. Нәтижесінде оқушылар өз пікірлерін өзгерткендігіне көз жеткіздік (Кесте 2).

Әдіс	Таңдау жасаған оқушылар саны
Бұрыштап бөлу	14
Безу теоремасы	16
Горнер схемасы	22
Анықталмаған коэффициенттер әдісі	30
Виет теоремасы	10

Кесте 2

Келесі сабақта оқушылардан қалыптастырушы бағалау жұмысы алынды. Оның нәтижесін талдағанда В және С деңгейіндегі оқушылардың әр есепті тиімді тәсілдермен шығарғандығын көре алдық. Бұдан оқушылардың алдын ала талдау жүргізіп, алдыңғы сабақтан түйгендерін қорытып, әрбір тәсілдерді бағалай алғандығын байқадық (Кесте 3).

Сынып	**1 сабақ**	**2 сабақ**	**3 сабақ**	**Қалыптастырушы бағалау жұмысы нәтижесі**
11 А	55%	68%	82%	90%
11 В	60%	69%	80%	93%
11 С	58%	73%	82%	96%

Кесте 3

Қорытынды

Топтағы А деңгейіндегі оқушы В және С деңгейіндегі оқушыларға көмек бере отырып, оқушылар бірін-бірі оқыту арқылы бір есепті бес әдіспен шығара білді.

Есепті әртүрлі әдіспен шығарса да жауабы бірдей шығатындығы оқушылардың өзін-өзі тексеруіне септігін тигізді.

Әр әдістің тиімді және тиімсіз жақтарын жазу барысында оқушылар арасында өзара диалог жүріп, әр әдістің өзіндік құндылығын аша білді және кемшіліктерін нақты жаза алды, яғни топта зерттеушілік әңгіме болды.

Топта оқушылар әдістердің тиімді және тиімсіз жақтарын салыстырып, талдау жасау арқылы бір әдісті тиімді деп танып, өзара ортақ шешімге келуі бағалау дағдысының жүргізілгенін көрсетті.

Жетілдіруге ұсыныстар

Топтық тапсырманы бір ғана тәсілмен емес, бірнеше тәсілдердің комбинациясын қолданып шығаруға бағыттау. Мысалға, x^3+3x^2+ax+b көпмүшелігін $x+1$ екімүшесіне бөлгенде қалдығы 3, ал $x-2$ екімүшелігіне бөлгенде қалдығы 15 болса, онда осы көпмүшелікті $(x-2)(x+1)$ -ке бөлгендегі қалдықты анықтауға арналған тапсырмада алдымен анықталмаған коэффициенттер әдісін, сонан соң безу теоремасын қолданып шығарады. Не болмаса, бірінші Безу теоремасын немесе Горнер схемасын қолданып, сосын бұрыштап бөлу арқылы қалдықты табады.

Топтық жұмыс барысында бір есепті бірнеше әдіспен шығару арқылы оқушылардың бағалау дағдысын дамыту

Аңдатпа

Бұл іс-әрекетті зерттеу жұмысы жоғары сынып оқушыларының бағалау дағдысын есепті шешудің әртүрлі әдістерін салыстыру арқылы дамытуға бағытталған. Жұмыста оқушылар топта зерттеушілік әңгіме жүргізу арқылы бір есепті бірнеше әдіспен шығару жолдарына талдау жүргізеді және оның нәтижесінде әр әдістің тиімділігін бағалайды.

Кілт сөздер: бағалау дағдысы, әдістер, аргументтеу, салыстыру, талдау.

Развитие навыков оценивания учащихся путем постановки одной задачи несколькими способами во время групповой работы

Аннотация

Эта исследовательская работа направлена на развитие навыков оценивания у старшеклассников путем сравнения различных методов решения задач. В работе студенты анализируют способы решения одной и той же задачи несколькими методами путем проведения исследовательской беседы в группе и в результате оценивают эффективность каждого метода.

Ключевые слова: навыки оценки,методы, аргументация, сравнение, анализ.

Development of students' assessment skills by producing one problem in several ways during group work

Annotation

This research work aims to develop the assessment skills of high school students by comparing different problem solving methods. In the work, students analyze ways to solve the same problem with several methods by conducting a research conversation in a group and, as a result, evaluate the effectiveness of each method.

Key words: assessment skills, methods, argumentation, comparison, analysis.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Мұғалімге арналған нұсқаулық. ІІ деңгей тыңдаушыларына арналған. 2015.
2. Кіріктірілген білім беру бағдарламасы. Астана-2015 жыл
3. Бидосов Ә. Математиканы оқыту методикасы. Алматы:Мектеп. – 2007.
4. Колягин Ю.М. и др. Методика преподования математики в средней школе. М., - Просвещение, 1995.
5. www.maxpapers.com/MATHEMATICS 9709/23 / Paper 2 Pure Mathematics 2.
6. Somekh, B. (2005) Action Research: A Methodology for Change and Development [Іс-әрекеттегі зерттеу: өзгерістер мен дамудың әдістемесі]. Maidenhead McGraw-Hill.
7. Элейн Уилсон,(2015) «ІС-ӘРЕКЕТТЕГІ ЗЕРТТЕУ ЖҮРГІЗУ ЖОЛДАРЫ».

ГРНТИ 14.25.09

МАТЕМАТИКА САБАҒЫНДА ОЙЫНДАР ТҮРЛЕРІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

СҮЛЕЙМЕНҚЫЗЫ АРУЖАН - МИ-20-1у тобының студенті,
ЕҢСЕБАЕВА ГҮЛЗАТ МҰРАТБЕКҚЫЗЫ – PhD, аға оқытушы
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті (Қызылорда, Қазақстан)

Кіріспе. Оқу – адамның кез келген жетістігіне жетуге мүмкіндік беретін ең бағалы нәрсе. Сол жетістікке жету жолында көмектесіп, алдыға жетейлейтін ол мұғалім.Әр оқушының қызығушылығы мен қабылдауы әртүрлі болғандықтан математика пәнін барлығы жақсы меңгерді деп айта алмаймыз. Константин Ушинский: «Балаға күштеп білім беруден гөрі, баланың білімге деген құштарлығын ояту ең маңызды қасиет»деген сөзін ескеріп, оқушылардың қызығушылығын ояту үшін мұғалім бірқатар әдістерді қолдана отырып, жеңіл түрде барлығына түсінікті етіп көрсетуі керек.

Қ.Т.Ыбыраимжановтың оқу-әдістемелік құралында «Ойынмен ұйымдастырылған сабақ балаларға көңілді жеңіл келеді. Баланың ойын жетілдіріп, сабаққа қызығушылығы арта түседі. Демек, ойын деген аты ғана, ал шындығында ол-сабақтың, еңбектің жиынтығы» деп атап өткен[1].Ф.Б.Бөрібекова, Н.Ж.Жанатбекова ойын арқылы оқушы нені меңгеретіндігі жайлы атап көрсетті [2]. Б.П.Никитин өз кітаптарында дамытатын ойындар технологиясы жайында және кубиктер мен кірпіштерден тұратын тапсырмалар жиынтығын көрсетті [3]. Оқытудың ойын технологиясын А.А.Вербицкий іскерлік ойынның принциптерін анықтап көрсетті [4]. Педагогика саласында ойынды алғаш негіздеп көрсеткен Квинтилиан болды.

Ойын технологиясы дегеніміз педагогикалық жұмысты ойын түрінде ұйымдастырудың әдістері мен тәсілдерінің жиыны.

Ойын дегеніміз ұшқын, білімге құштарлық пен еліктеудің маздап жанған оты. (В.М.Сухомлинский) [5].

Ойын – оқу үрдісіндегі оқытудың әр формасы, әрі әдісі ретінде дербес дидактикалық категория (Н.Крупская) [6]

Қазіргі таңда оқытудың көптеген әдістері бар. Соның ішінде оқушылардың қызығушылығын ашатын, тақырыпты жеңіл түрде қабылдауына септігін тигізетін әдістердің бірі ойын. Себебі, сабақ барысында оқушылар бір-бірімен ашық түрде қарым – қатынас жасай отырып, жарысып тапсырмалар орындап, жетістікке жетуге ұмтылады. Ойын әдісі кезінде деңгейлік тапсырмаларды орындата отырып, барлық үлгірімі төмен оқушылардың сол тақырыпты түсініп кетуіне ықпалын тигізеді.

Зерттеу әдіснамасы. Зерттеу жұмыстары барысында оқушыларды бақылау, тест, сауалнама және педагогикалық эксперимент әдістері қолданылды. Қызылорда қаласы, 43 мектептің 6 сынып оқушыларына бақылау жүргізілді.Ойын әдістерін пайдаланылған сабақтарда оқушылар қарқынды жұмыс жасап, жарысып, тақырыпты түсінуге тырысты. Сабақтың соңында оқушылардан сауалнама алынды. Нәтижесінде оқушылардың тақырыпты меңгергендігі анықталды.

Зерттеу нәтижелері. Математикадан ойын түрінде 6-сынып оқушыларына жүргізілгенсабақтардың ішінен «Рационал сандардың периодты ондық бөлшек түрінде жазылуы» тақырыбындағы практикалық сабағын алатын болсақ. Оқушыларға тақырыпты әрі қарайтүсіндіруде бірнеше ойындар жүргізілді. Олар жылдам тап ойыны, топтық жұмыс ретінде алынған сәйкестікті тап, жұптық тапсырмалар, пазл ойындары. Ойындар ақпараттық технологияны қолдану көмегімен жүргізілді.

*Сабақ барысы.*Сыныпта 24 оқушы болғандықтан, алдымен оқушыларды https://qazmath.net/ сайтының «Іріктеу» командасы көмегімен төрт топқа бөлу жүргізілді.Топқа бөлінген оқушыларды табысқа жеткізу үшін, сабақ барысында қазыналы карта қолданылды. Онда аралдарға жету үшін топтарға тапсырмалар беріліп отырылды. Капитан басшысы сайланылды.

Сәйкестікті тап ойыны. Мұғалім сандықшаны ұсынып, әр топтың капитанынан тапсырманы алуды сұрайды. Тапсырма барлық топқа бірдей беріледі, олармен өзара топпен бірге орындалады. Сәйкестендіруді орындай отырып, оқушылар математикадан өткен сабақты еске түсіреді.

Сурет 1. Сәйкестікті тап ойын тапсырмасы.

Бірінші болып тапсырманы орындаған топ «Шапалақ» әдісі арқылы өздерінің тапсырманы орындап болғандығын білдіріп, дұрыс жауабын оқиды. Сонымен саяхат картасының кемесі алдыға жылжиды.

Жұптық тапсырма ойыны.



Сурет 2. Периодты ондық бөлшектерге берілген тапсырмалар

Сандықтың ішіндегі кезекті тапсырма ретінде периодты ондық бөлшектердің периодтарын жақшаға алу мен аралас периодты ондық бөлшектерді ажыратып жазу тапсырмалары «Бөлшек» аралында орындалуға жұптарға таратылып беріледі.

1-тапсырма

Периодты ондық бөлшектердің периодтарын жақшаға алып жазыңдар.

1) 0, 82323...; 3) 0, 917777...; 5) -0, 0101...;

2) 2, 333...; 4) -6, 666...; 6) – 4, 037037...;

2-тапсырма

Периодты ондық бөлшектердің ішінен таза периодты ондық бөлшектерді бір жолға, аралас периодты бөлшектерді екінші жолға теріп жазыңдар.

1) -3, 333...; 3) 0,2727...; 5) 12, 3232...;

2) -0, 21333...; 4) 9, 42828...; 6) -2, 0303...;

Оқушылар берілген тапсырмаларды шығарып қана коймай, дәптерлеріне толық жазып алады. Дұрыс жауаптарын тақтаға жазу үшін «Жеребе» әдісі арқылы бір оқушы таңдап алынады.

Сергіту сәті ойыны. <u>https://wordwall.net/</u> сайты арқылы жүргізіледі. Бір минуттың ішінде ең көп дұрыс жауабын топқан топ «Шапалақ» әдісі арқылы мадақталады.



Сурет 3. «Суслики» ойын тапсырмасы

«Көршіңді тексер» ойыны. Жеке жұмыс ретінде «Жанартау» аралының тапсырмасы пайдаланылды. Берілген тапсырманы оқушылар өз бетімен орындайды.



Сурет 4. «Жанартау» аралы ойын тапсырмасы.

3-тапсырма

1, 3, 7, 16, 49, 60, 100 натурал сандарын периодына тек 0 цифры болатын таза периодты ондық бөлшек түрінде жазыңдар.

Үлгі: 4=4,000…=4,(0); 4=4(0)

4-тапсырма

Периодты ондық бөлшек түрінде жазып және оны оқу.

$$\frac{2}{3}; -\frac{3}{22}; \frac{1}{15}; \frac{4}{9}; -\frac{5}{11}; \frac{7}{36}; -\frac{1}{60}$$

Тапсырманы тексеру үшін тақтадан дұрыс жауаптары көрсетіліп, «Көршіңді тексер» әдісі арқылы бірін-бірі бағаланады.

«Пазл» ойыны. «Пазл» ойыны негізінде оқушылардың тақырыпты толық түсінгені немесе түсінбегенін анықтауға болады. таза периодты ондық бөлшек пен аралас периодты бөлшектер жазылған қызанақ, шұжық, сыр түріндегі қима қағаздар оқушылардың алдына жайылып беріледі. Соның ішінен тек таза периодты бөлшектерді жинап, пиццаны безендіру жүргізіледі.

«Қазыналы» аралына жеткен топтарға сандықша беріледі. Сандықтың ішінен «Достық – бұл өмірдегі ешнәрсемен бағаланбайтын құндылық» деген асыл сөзі шығады.

Қорытындылай келе, сабақта ойын әдістерін қолданып, сабаққа қызығушылығы төмен оқушылардың қызығушылығын оятуға болады.

Ойындар оқушыларға бірлесіп жұмыс жасауға, жылдам ойлануға, шапшаң қимылдауға мүмкіндік береді. Көптеген оқушылар қарым-қатынас жасай отырып, бірлесіп алдыға жылжып, жетістікке жетуге ұмтылатыны байқалады.

Математика сабағында ойындар түрлері және оларды қолданудың тиімділігі

Аңдатпа

Мақалада математика сабағында ақпараттық технологияларды қолдана отырып, ойындар әдісінжүргізудің тиімділігі жайында деректер келтірілді. Ойындар стратегиясы туралы теориялар мен анықтамалар берілді. «Оқушы ойын арқылы нені үйренеді?» - деген сауалға жауап іздей отырып, эксперименттер, сауалнамалар жүргізілді.

Кілт сөздер: ойын технологиясы, саяхат сабақ.

Виды игр и эффективность их использования на уроках математики

Аннотация

В статье представлены данные об эффективности проведения игр с использованием информационных технологий на уроках математики. Даны теории и определения стратегии игры. В поисках ответа на вопрос «Что ученик узнает через игру?» были проведены эксперименты и опросы.

Ключевые слова: игровые технологии, уроки путешествий.

Types of games and the effectiveness of their use in mathematics lessons

Annotation

The article presents data on the effectiveness of games with the use of information technology in mathematics lessons. Theories and definitions of the strategy of the game are given. In search of an answer to the question "What does the student learn through the game?" experiments and interviews were carried out.

Keywords: game technology, travel lessons.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

[1] Қ.Т.Ыбыраимжанов «Ойын технологиясын бастауыш сыныптардың педагогикалық үдерісінде пайдалану» оқу–әдістемелік құрал. Алматы – 2016ж. 232 бет.

[2] Ф.Б.Бөрібекова, Н.Ж.Жанатбекова «Қазіргі заманғы педагогикалық технологиялар» Алматы, 2014ж. -359 б.

[3] Н62 Ступеньки творчества, или Развивающие игры. - 3-е изд., доп. - М.: Просвещение, 1990. – С. 160.

[4] Вербицкий А.А. Деловая учебная игра.-В кн.: Основы педагогики и психологии высшей школы./ Под ред. ПетровскогоА.В.. - Изд-во МГУ, 1986. - 208- С. 217.

[5] https://emirsaba.org/a-s-makarenko-ojin-degenimiz-shin-bilimge-shtarli-pen- elikteud.html

[6] https://kznews.kz/qazaqsha-referattar/ojyn-zhan-zhaqty-damytushylyq-qasieti/

ГРНТИ 14.35.09

ЖОҒАРЫ СЫНЫПҚА АРНАЛҒАН ОҚУЛЫҚТАРДАҒЫ КОМБИНАТОРИКАЛЫҚ ЕСЕПТЕРДІҢ МАЗМҰНЫ ЖӘНЕ КӨЛЕМІ

ТОҚМҰРЗАЕВ АСЫЛХАН АБДРАХМАНҰЛЫ
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда Университеті, Жаратылыстану институты, «Физика және математика» кафедрасының магистранты, Қызылорда, Қазақстан
ИБРАЕВ ШЕРАЛЫ ШАПАТАЙҰЛЫ
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда Университетінің қауымдастырылған профессоры, физика-математика ғылымдарының кандидаты, Қызылорда, Қазақстан

Комбинаторика – берілген жиынға жататын элементтерден белгілі бір шарттарды сақтай отырып, қанша түрлі комбинациялар жасауға болатыны туралы сұрақтар зерттелетін математиканың бөлімі. Комбинаторлық әдістерді физика, химия, биология, экономика, тағы басқа ғылымда қолдануға болады.Саны шектеулі элементтерден әртүрлі комбинациялар құрастыруға және белгілі бір ереже бойынша құрастырылған барлық мүмкін комбинациялар санын есептеуге тура келетін жағдайлар жиі кездесіп отырады. Мұндай есептер комбинаторлық есептер, ал оларды шешумен шұғылданатын математика бөлімі комбинаторика деп аталады. Көптеген комбинаторлық есептерді шешу үшін қосынды және көбейтінді ережелерін қолданады. Комбинаторика есептерін шешуде қолданатын өзіндік заңдылықтар мен формулалар бар. Комбинаториканы қолданбай, ықтималдыққа берілген көптеген тапсырмалардың элемантар оқиғаларын толық сипаттау қиынға соғады. Сол себепті оқушыға комбинаториканың принциптері қолданылатын тапсырмаларды нақты, жинақы, есте қалатындай етіп түсіндіру өте маңызды.

Қазіргі уақытта комбинаторика тақырыбы мектепте қандай деңгейде оқытылып жатқандағын анықтау мақсатында мұғалімдер мен жоғары сынып оқушылары арасында сауалнама жұмысын жүргіздік. Бұл сауалнамаға 25 мұғалім және 153 оқушы қатысты. Сауалнама нәтижесінде көп мәселелердің бар екені анықталды

1) Оқулықтардағы комбинаторикалық тапсырмалардың аздығы
2) 9-10 сынып оқушылары комбинаторикаға берілген тапсырмаларды ажырата алмайды
3) Комбинаторика тақырыбына берілген есептерді шешуге мұғалімдердің аз уақыт бөлуі

Жоғарыда аталған мәселелердің алғагқысы оқулықтардағы комбинаторикалық тапсырмалардың жетіспеушілігі. Келесі оқулықтарға талдаулар жасадым.

- Ә.Н. Шыныбеков, Д.Ә. Шыныбеков, Р.Н. Жұмабаев Алгебра 9-сынып. «Комбинаторика элементтері » бөлімінде қосу және көбейтуге бар болғаны 6 тапсырма, алмастыруға-9, орналастыруға-17, теруге-18, Ньютон биномына-4 тапсырма
- Г.Н. Солтан, А.Е. Солтан, А.Ж. Жумадилова Алгебра 9-сынып. Қосу және көбейтуге-14, алмастыруға-17, орналастыруға-16, теруге-21, Ньютон биномына-21 тапсырма және бөлім соңында қайталауға арналған-20 тапсырма
- А.Е. Әбілқасымова, Т.П. Кучер, В.Е. Корчевский, З.Ә. Жұмағұлова Алгебра 9-сынып. Қосу және көбейтуге-14, алмастыруға-4, орналастыруға-6, теруге-8, Ньютон биномына-11 тапсырма және қосымша-13 тапсырма
- Ә.Н. Шыныбеков, Д.Ә. Шыныбеков, Р.Н. Жұмабаев Алгебра және анализ бастамалары 10-сынып. Қосу және көбейтуге тапсырма, алмастыруға-13, орналастыруға-8, теруге-9, Ньютон биномына-16 тапсырма

- А.Е. Әбілқасымова, Т.П. Кучер, В.Е. Корчевский, З.Ә. Жұмағұлова Алгебра және анализ бастамалары 10-сынып. Қосу және көбейтуг ережелеріне-14, алмастыруға-10, орналастыруға-6, теруге-11, Ньютон биномына-9 тапсырма

Оқулықтарды талдау нәтижесінде комбинаторика тақырыбына берілген есептердің жеткілікті деңгейде еместігін көруге болады. Осы оқулықтардағы көп оқушыларға қиындық тудыратын есептердің түрлерін анықтадық. Оған мысал ретінде төмендегі тапсырмаларды.

1-мысал. 1, 2, 3, 4, 5 цифрлар арқылы цифрлары қайталанбайтын қанша а) екі таңбалы, б) үш таңбалы, төрт таңбалы, с) бес таңбалы сандар құрастыруға болады?

Шешуі: а) екі таңбалы сандар саны – *5* элементтен *2*-ден алынған қайталанбайтын орналастырулар болады, онда (1) формула бойынша $A_5^2 = \frac{5!}{3!} = 20$

б) үш таңбалы сандар саны - *5* элементтен *3*-тен алынған қайталанбайтын орналастырулар болады, яғни (1) формуласы бойынша $A_5^3 = \frac{5!}{2!} = 60$ үш таңбалы сан алуға болады.

в) төрт таңбалы сандар саны – *5* элементтен *4*-тен алынған қайталанбайтын орналастырулар $A_5^4 = \frac{5!}{1!} = 120$ сан алуға болады.

г) бес таңбалы сандар саны да $A_5^5 = \frac{5!}{0!} = 120$ тең болады.

2-мысал. 25 орынға *4* адамды неше тәсілмен орналастыруға болады?

Шешуі: (1) формуласы бойынша *n=25, m=4,* онда $A_{25}^4 = \frac{25!}{21!} = 22 \cdot 23 \cdot 24 \cdot 25 = 303600$ тәсілмен орналастыруға болады.

3-мысал.1, 2, 3, 4, 5 цифрларынан цифрлар қайталанбайтын үш таңбалы сан құрастыру керек. Сол сандардың ішінде а) *2*-ге еселі, б) *3*-ке еселі қанша сан бар?

Шешуі. а) Осы цифрлардан құрылған сан екіге еселі болу үшінол *2*-ге немесе *4*-ке аяқталуы керек. *2*-ге аяқталады делік. Онда алғашқы екі цифрды қалған *4* цифрдан $A_4^2 = \frac{4!}{2!} = 12$ тәсілімен табуға болады. Дәл осылай, егер үш таңбалы сан *4*-ке аяқталатын болса, онда алдыңғы екі цифр $A_4^2 = \frac{4!}{2!} = 12$ тәсілмен алынады. Енді комбинаториканың қосу ережесі бойынша *2*-ге еселі сандар $A_4^2 + A_4^2 = 24$ тең болады.

4-мысал:1, 2, 3, 4, 5 цифрлар арқылы цифрлары қайталанатын неше екі таңбалы, үш таңбалы, төрт таңбалы, бес таңбалы сандар құрастыруға болады.

Шешуі: а) Санның цифрлары қайталанатын болғандықтан, екі таңбалы санның бірінші, екінші цифрын да бес әдіспен алуға болады. Онда көбейту ережесі бойынша цифрлары қайталанатын екі таңбалы санды *5×5=25* әдіспен құрастыруға болады. Сондықтан (2) формуласы бойынша:

$\overline{A}_5^2 = 5^2 = 25$

б) Дәл осылай үш таңбалы санды

$\overline{A}_5^3 = 5^3 = 5 \cdot 5 \cdot 5 = 125$ әдіспен алуға болады.

в) төрт таңбалы санды $\overline{A}_5^4$ $=5\cdot5\cdot5\cdot5=5^4=625$әдіспен алуға болады..

г) бес таңбалы санды $\overline{A}_5^5$ $=5\cdot5\cdot5\cdot5\cdot5=5^5=3125$әдіспен алуға болады.

5-мысал. Жәшікте*10* деталь бар. Оның алтауы стандартты деталь. Жәшіктен құрамында екі стандартты деталь болатындай бес детальды неше әдіспен алуға болады?

Шешуі. Есептің шартынан N=10, n=6, $к$=2, m=5. n=6 стандарттық детальдан $к$=2 стандарттық детальды $C_n^k = C_6^2$ әдіспен алуға болады, ал қалған үш деталь стандартты болмау керек. N-n=10-6=4 стандартты емес детальдан m-k=3 стандартты емес детальды $C_{N-r}^{m-k} = C_4^3$ әдіспен алуға болады. Сонымен, жәшіктен *5* детальды алу және оның ішінде **3** стандартты емес деталь болатынын көбейту ережесі бойынша табамыз. $C_n^k C_{N-n}^{m-k} = C_6^2 C_4^3 = \frac{6!}{2!4!} \cdot \frac{4!}{3!1!} = \frac{5\cdot6}{1\cdot2}\cdot\frac{4}{1} = 60$ әдіс болады.

6-мысал. Кеште *12*қыз бала және*15*ұл бала болды. Осылардан биге неше әдіспен *4* жұп алуға болады.

Шешуі. 4 қыз баланы $C_{12}^4 = \frac{12!}{4!8!} = 495$ әдіспен таңдап алуға болады. Ал ұл балалар $A_{15}^4 = \frac{15!}{11!} = 32760$ әдіспен таңдаалады (мұнда таңдалу реті де ескеріледі). Сонымен биге $C_{12}^4 \cdot A_{15}^4$ =495×32750 = 16216200 әдіспен алуға болады.

Соңғы жылдары жаңартылған білім беру мазмұны бойынша ұлттық бірыңғай тест тапсырмаларына комбинаторика тақырыбына қатысты есептер енгізілуде. Осы орайда мектептегі математика курсында комбинаториканы оқыту өте маңызды. Математикадағы комбинаторика көптеген логикалық есептерді оңай жолдармен шығаруға, есептерді шешуде және олардың шағару жолдарын адам есіне лезде сақтап қалу үшін де көмектеседі.

Жоғары сыныпқа арналған оқулықтардағы комбинаторикалық есептердің мазмұны және көлемі

Аңдатпа

Мақалада қазіргі таңдағы жоғыры сынып оқушылары үшін "Комбинаторика элементтері" курсын оқудағы оқулықтардағы мәселелермен есептердің кең көлемде болуының өзектілігі негізделген. Мақаланың мақсаты –жоғары сыныпқа арналған оқулықтардағы комбинаторикалық есептердің мазмұны мен көлемін анықтау.

Кілт сөздер: комбинаторика,оқушы, сауалнама, оқулық, комбинаторикалық тапсырма.

Содержание и объем комбинаторных задач в учебниках для старших классов

Аннотация

В статье обоснована современная актуальность широкого круга проблем и задач в учебниках по изучению курса «Элементы комбинаторики» для старшеклассников . Цель статьи - определить содержание и объем комбинаторных задач в учебниках для старших классов.

Ключевые слова:комбинатоика, ученик, опрос, учебник, комбинаторные задачи.

The content and scope of combinatorial problems in high school textbooks

Annotation

The article substantiates the modern relevance of a wide range of problems and tasks in textbooks for the study of the course "Elements of combinatorics" for high school students. The purpose of the article is to determine the content and scope of combinatorial problems in high school textbooks.

Key words:combinatorics, student, interview,textbook, combinatorial problems.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Ә.Н. Шыныбеков, Д.Ә. Шыныбеков, Р.Н. Жұмабаев Алгебра 9-сынып
2. Г.Н. Солтан, А.Е. Солтан, А.Ж. Жумадилова Алгебра 9-сынып.
3. А.Е. Әбілқасымова, Т.П. Кучер, В.Е. Корчевский, З.Ә. Жұмағұлова Алгебра 9-сынып.

ГРНТИ 14.35.05

МАТЕМАТИКА САБАҚТАРЫНДА СЫНИ ТҰРҒЫДАН ОЙЛАУ ӘДІСТЕРІН ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУ ЖОЛДАРЫ

УМАРОВ ЖАСУЛАН ЖИГЕРОВИЧ
М.Мәметова атындағы ЖОББМ

Оқушылардың мектеп қабырғасында қалыптасатын функционалдық дағдылары - белсенділік, шығармашыл тұрғыда ойлауға және шешім қабылдай алуға, кәсіби жолын таңдай алуға қабілеттілік, өмір бойы білім алуға дайын тұруы болып табылады. Білім алуда жақсы көрсеткіш көрсететін оқушы сабаққа белсенді қатысып, жақсы баға алады, алайда, кейбір балаларымыз мектептен алған білімдерінің қорытындысын өз мүмкіндіктерінде көрсете алмайды. Алған білімдері шешімдер мен іс-әрекет таңдауда тұлғаның дамыту қажеттеліктеріне сәйкес келмей де жатады. Осы іспеттес мәселелерді шешу барысында оқушыларға нені оқыту емес, қалай оқыту керектігі маңыздырақ болып отыр [1].

Сабақ барысында оқушының ізденуі мен зерттеу дағдыларын қалыптастыра отырып, пәнге деген қызығушылықтарын арттыру мақсатында қолданылатын технологиялар баршылық. Солардың бірі «Сын тұрғысынан ойлау технологиясы» [2]. Сын тұрғысынан ойлау деңгейіндегі ойлау тек ересек адамдарға, жоғары сынып оқушыларына ғана тән деп ойлау аса дұрыс түсінік емес. Жас балалардың да бұл жұмысты дұрыс ұйымдастырған жағдайда өз даму деңгейіне сәйкес ойы шыңдалып, белгілі бір жетістіктерге жетері сөзсіз. Осыған дәлел ретінде «Функция туралы ұғым. Функцияның берілу тәсілдері» атты тақырыпта қолданған эксперимент жайында айтқым келіп отыр.

Эксперимент. Сабақ басталған уақытта төрт топтың алдына шамшырақ қойылып, жағылды. Оқушыларға әрбір он минут сайын шамшырақ ұзындығын өлшеп, оның ұзындығының өзгеруін тақтада ілінген 1-кестеге толтырып отыру ұсынылды. Оқушылардың алдында сабақ соңында осы шамшырақтың жану құбылысының формуласын беру мәселесі тұрды.

Шамшырақ ұзындығы – l (бастапқы ұзындығы – 20 см)				
Уақыт - t	10 мин	20 мин	30 мин	40 мин

1-кесте. Шамшырақтың жану құбылысын зерттеу кестесі

Оқушылар әрбір он минут сайын шамшырақтың 1 см-ге қысқарып отыратынына көздері жетіп, кестені толтырды.

Шамшырақ ұзындығы – l (бастапқы ұзындығы – 20 см)	19 см	18 см	17 см	16 см
Уақыт - t	10 мин	20 мин	30 мин	40 мин

2-кесте. Толтырылған кесте

Олардың әрбір он минут сайын кестеге мәліметтерді енгізуі мен үшін таймер рөлін атқарып тұрды. Сабақ соңында, бір оқушым шамшырақ 200 минутта жанып бітетінін мәлімдесе, екінші оқушымның пікірінше, шамшырақ 10 минутта 1см-ге қысқарса, 1 сағатта 6 см-ге қысқарып отырады, демек оның формуласы: $l = 20 - 6t$. Әрине, бұл берілген жауап дұрыс жауап ретінде қабылданды.

Сыни тұрғыдан ойлау технологиясын қолдануымен жүргізілген сабақтың жоғары деңгейде өтуінің алғы шарты оның қағидаларында, яғни, стратегияларында демекші сабағымда қолданған стратегияларға тоқталып өтейін.

Есеп құрастыру. Оқушыларда математикалық сауаттылық жайында түсінік қалыптастыру мақсатымен оқушыларға алдарына таратылған мәліметтер бойынша есеп құрастыру ұсынылады. Мысалы, бірінші топқа Бепантен сықпа майының инструкциясы, екінші топқа қалалық автобус билетін, үшінші топқа айлық жалақының түсуі жайында анықтама берілді.

Геометриядағы оқушыларға шешуі қиынға түсетін есептер – «салу есептері» болып табылады. Ең қарапайым салу есептері өте ерте заманда жер өлшеу және әр түрлі құрылыстарды салу жұмыстарын орындағанда пайда болған. Алғашқы мұндай есептер тобына мынадай есептер жатады: берілген кесіндіге тең кесінді салу, кесінділерді және бұрыштарды тең екі бөлікке бөлу, берілген нүкте арқылы берілген түзуге перпендикуляр жүргізу. Бұл есептердің шешуі гректерден бұрынғы дәуірдің өзінде-ақ белгілі болатын.

Біздің эрамызға дейінгі VII ғасырдан VIII ғасырға дейінгі уақыт аралығында грек ғалымдары геометрия саласында, жекелеп айтқанда салу есептері жөнінде аса көп материал жинап, оларды өңдеді. Бұл жерде бір жағдайды атап ескерту қажет: салу жұмысын орындағанда тек сызғыш пен циркуль пайдаланып, басқа аспаптар қолданылмағанда ғана мұндай салуды ежелгі грек ғалымдары геометриялық салу деп есептеген. Ал егер салу жұмысын орындағанда басқа аспаптар, мысалы сызбалық үшбұрыш, бөліктері бар сызғыш қолданылса, онда мұндай шешуді геометрилық салу есебін шешу деп есептемеген.

Ерте заманнан бізге келіп жеткен деректерге қарағанда, б.э. дейінгі VI ғасырда өмір сүрген Пифагордың өзі дұрыс бесбұрышты және онбұрышты салу тәсілдерін және кейбір күрделірек салу есептерін тапқан. Салу есептерін шешу әдістеріне Платон (б.э. дейінгі V ғасыр) және оның шәкірттері үлкен үлес қосқан. Платон заманынан бері салу есептерін шешудің мынандай төрт кезеңі ажыратылып қарастырылатын болды:

1) анализ (талдау);
2) салуды орындау;
3) дәлелдеу;
4) зерттеу.

Кесіндіні қақ бөлудің біздің оқулықтарда көрсетілген тәсілі Прокл (410-485ж.) комментариінде баяндалған, оның пікірінше, бұл тәсілді атақты грек математигі Аполлоний тапқан [3].

Евклидтің атақты «Бастамаларында» салу есептерін қарастыруға үлкен орын берілген. Евклид қандай да бір фигураның бар болатындығын дәлелдей отырып, ол фигураны тек сызғыш пен циркульді қолданып қалай салуға болатындығын көрсетіп отырған. Оның 13 кітабында көптеген салу есептері қарастырылған, олардың бірсыпырасы орта мектепте қазір де қарастырылады.

Евклид «Бастамаларының» бірінші кітабында үшбұрыштарды салу тақырыбы енгізілген. Оның төртінші кітабында басқа мәселелермен бірге, дұрыс төртбұрышты, бесбұрышты, алтыбұрышты және онбесбұрышты салу мәселелері қарастырылған. Әсіресе бұрышты тең үш бөлікке бөлу (бұрыш трисекциясы) туралы есепке көп еңбек еткен. Алайда бұл есепті шешуге арналған барлық еңбек зая кетті. Бұл есепті тек сызғыш пен циркульді қолданып шешуге болмайтындығы қазіргі уақытта дәлелденді [4].

Геометриялық салу есептері – геометрияның міндетті тарауларының бірі болып саналады. Геометриялық салулар әртүрлі геометриялық құралдар көмегімен шешілетін кейбір геометриялық есептердің шешімі. Құралды таңдауға байланысты осы құралдармен шешілетін есеп циклі анықталады. Циркуль және сызғыш - адам қолданған алғашқы сызбалық құралдар. Циркуль және сызғыш геометриялық салулар үшін негізгі құралдар жиынтығы болып табылады. Егер ізделінетін нүкте координаттары берілген нүктелер координаттарына қолданатын қосу, көбейту, бөлу және квадрат түбірден арылу амалдарының шекті саны бар өрнектер түрінде жазылуы мүмкін болса, салу есебі циркуль және сызғыш көмегімен шешіледі.

Геометриялық фигураларды сызғыш және циркуль көмегімен салу шеберлігі Ежелгі Грецияда жоғары дәрежеде дамыған. Сол кезде орындалған, үш берілген шеңберді жанайтын шеңберді салу есебі салу есептерінің ең қиын есептерінің бірі болып табылады. Бұл есеп Пергадағы (б.э.д. 280-170ғ.) әйгілі грек геометрі Апполоний атымен «Апполоний есебі» деп аталады.

Циркуль мен сызғышты пайдаланып салуға болмайтын есептерді шешуге геометриялық алгебра жарамсыз болды. Көп ұзамай осындай есептердің көп екендігі анықталды. Солардың ішінен математиканың тарихи жолында сарапқа салынып, математиканың дамуына үлкен ықпал жасаған үш есепке тоқталайық.

1) Кубты екі еселеу есебі. «Көлемі берілген кубтың көлемінен екі есе үлкен куб салу керек». Бұл есеп ежелгі Грецияда кеңінен мәлім болғаны сонша, ол туралы ел аузында мынадай аңыз тараған: «Делос аралында оба ауруы бұрқ ете қалады. Жұрт жиналып індетке құрбан шалады, соның ішінде куб пішіндес алтынды да «тасаттыққа» береді. Бірақ та індет тоқталмайды. Бұл пәледен құтылу жолын сұрағанда көріпкел-абыз «тасаттықтың» пішінін өзгертпестен екі есе үлкейтіңдер деп бұйырыпты». Содан бері бұл есеп «Делос есебі» деп аталып кетіпті.

Кубты екі еселеу есебінің шешуін циркуль мен сызғыш арқылы салуға болмайтынын тұңғыш рет 1837 жылы математик Ванцель дәлелдеді.

2) Бұрышты трисекциялау есебі. Берілген бұрышты тең үшке бөлу мәселесі –грек геометрлерін көп толғатқан мәселе. Біздің заманымызға дейінгі V ғ. математигі Элидтік Гипий бұрышты үш бөлімге бөлу (трисекциялау) есебін шешу үшін айрықша бір қисық сызық - квадратрисаны қолданады. Квадратриса –математика тарихында кездескен тұңғыш трансцендетті қисық. Мұндай қисықтарды қарастыру да болашақ математикада маңызды орын алды. Бұрышты тең үшке бөлудің басқа бір әдісін кейіннен Архимед ұсынды.

Бұрышты трисекциялау мәселесінің де тарихы өте ұзақ. Біздің заманымыздың IX-X ғасырларында Орта Азия математиктері ол есепті $\cos\alpha = 4\cos^3\frac{\alpha}{3} - 3\cos\frac{\alpha}{3}$ немесе $a = 4x^3 - 3x$ теңдеуіне келтіреді. Ал мұндай үшінші дәрежелі теңдеулері циркуль мен сызғыш арқылы, геометриялық алгебра әдістерімен шешуге болмайтыны тек XIX ғасырда дәлелденді.

3) Дөңгелекті квадраттау есебі (Берілген дөңгелекке ауданы тең квадрат салу). Бұл есепті шешуді грек математиктері екі тұрғыда қарастырады. Біріншіден, олар мұны жуықтап шешуге көп әрекет жасаған. Мұнда дөңгелекті іштей және сырттай сызылған көп бұрыштар арқылы жуықтатып, шеңбер ұзындығының диаметрге қатынасын көрсететін санының жуық мәнін табу мақсаты көзделеді [5].

Екінші жағынан, математиктер дөңгелекті дәл квадраттауға тырысады. Бұл саладағы ізденістер ешбір нәтиже бермеді. Себебі, егер дөңгелек радиусын r деп алсақ, есеп $x = 2\sqrt{\square}$ кесіндісін салуға тіреледі. Сөйтіп, бұл кесіндіні салу санының табиғатына тікелей байланысты болады. Бұл санның рационал бола алмайтыны XVIII ғасырдың аяғында ғана анықталды. Анығын айтқанда, бұл санның ешбір бүтін коэффициентті алгебралық теңдеудің түбірі бола алмайтынын, яғни транцендентті сан екенін 1882 жылы Линдеман дәлелдеді. Бұл дәлелдемесінде ол мұндай сандарды циркуль мен сызғыш арқылы салуға еш болмайтынын айтты.

Сөйтіп, осы санның төңірегінде екі жарым мың жылға жуық жасалған әрекеттер бос әуре болып шықты. Алайда бұл ізденістер математика үшін босқа кеткен жоқ, ғалымдар оны шешу әрекеті негізінде көптеген математикалық жаңа фактілер, әдістер ашты. Мәселен, қазіргі математикалық анализдегі шектер теориясының бастамасы болып табылатынын «сарқу әдісі» деп аталатын әдіс те осы дөңгелекті квадраттау есебіне байланысты табылған. «Сарқу әдісінің» бастамасы б.з.д. V ғасырда өмір сүрген философ-софист Антифоннан басталады. Ол: «Дөңгелекке іштей квадрат салып, оның қабырғасын екі еселеп, одан шыққан көпбұрыштың қабырғасын тағы да екі еселеп, осы әрекетті біртіндеп жүргізе берсек, дөңгелекке іштей сызылған дұрыс төртбөрыштар тізбегі табылады. Бұлардың кейінгісі алдыңғысына қарағанда дөңгелекке жақын келеді де бір кезде онымен дәлме – дәл болады» деп пайымдаған. Бұл ұйғару бойынша дөңгелекті көпбұрыштар арқылы сарқуға болады, яғни көпбұрыш пен дөңгелек теңбе-тең болады. Антифон бұл ұйғаруын жоғарыдағы дөңгелекті квадраттау есебін шешуге қолданбақшы да болған.

Грек философтары әрі математиктері Антифонның бұл пайымдауын сынап ешбір көпбұрыштың дөңгелекке тең болмайтынын, бірақ дөңгелекті көпбұрыштар арқылы кез келген дәлдікпен жуықтауға болатынын дәлелдеп берді. Осы сияқты пайымдаулар мен қорытындылар негізінде дәл де қатаң әдіс –«сарқу әдісі» шықты.

Сонымен циркуль және сызғыш көмегімен орындалатын салу есептері XIX ғасырдың соңында дамыған және бүгінде математиканың ең қызықты бөлімі, сонымен қатар жүз жыл бойы мектептегі геометрия курсының дәстүрлі материалы болып есептеледі. Салу есептері логикалық ойлауды, геометриялық интуицияны дамытады. Кез-келген салу есебін шешу жоспары – мақсатқа жетелейтін негізгі салулар тізбегін – белгілі бір алгоритм ретінде қарастыруға болады, сондықтан оларды жоғары сыныптарда информатика және есептеу техникасы курсының мазмұнды материалы ретінде пайдалануға болады. Салу есептерін шешу барысында мұғалім оқушылардан салу жұмысын жүргізуін жүйелі нақты түрде дәйекті талап етіп отырғанда, олардың алгоритмдік мәдениетінің элементтерін тиімді түрде қалыптастыра алады. Салу есептері практикалық мәселелерді шешудің жолын іздеу дағдыларын дамытады, өздігімен зерттеу жұмысына дағдыландырады, бұл ақыл-ой жұмысын қалыптастыруда өте маңызды.

Салу есептері, тіпті ең қарапайым салу есептері негізгі геометриялық фигуралар туралы теориялық ақпаратты терең түсіндіреді, өйткені осы есептерді шешу барысында оқушы зерттелетін қасиеттер мен қатынастардың көрнекі моделін жасайды және осы модельмен жұмыс істейді. Салу есептерін шешу тұлғаның зейіні, табандылығы мен мақсаттылығы, бастамашылдығы, тапқырлығы, тәртіптілігі, еңбекқорлығы сияқты қасиеттерін дамытады.

Планиметриядағы салу есебі - жазықтықта берілген геометриялық фигураларға сүйене отырып, алдын-ала белгіленген құралдарды қолдана отырып, осы фигуралармен белгілі бір қатынаста болатын жаңа геометриялық фигураны салудан тұрады. Салу құралдары көбінесе классикалық құралдар – циркуль мен сызғыш болып табылады. Ресейлік және шетелдік әдіскер математиктер салу есептеріне көп көңіл бөледі. Атап айтқанда, Д. Пойаның “Математикалық жаңалық” кітабының бірінші тарауы толығымен геометриялық салуға берілген есептерге арналған және бұл кездейсоқ емес. Пойа «оқу бағдарламасына «Геометриялық салу есептері» тақырыбы орынды енгізілген, себебі олар кезкелген есепті шешу жолдарын игеру үшін өте қолайлы», деп санайды [6].

Негізгі мектепте оқытылатын салу есептерін шешудің негізгі әдістеріне мыналар жатады [7]:

1. Геометриялық орындар әдісі;
2. Геометриялық түрлендіру әдісі:;
3. Алгебралық әдіс.

Салу есептерін шешуде қолданылатын қарапайым салуларды келтірейік:

1. Берілген екі нүкте арқылы түзу сызық жүргізу.
2. Берілген сәуледе берілген кесіндіге тең кесінді салу
3. Берілген кесіндіні қақ бөлу
4. Берілген екі түзудің қиылысу нүктесін анықтау.
5. Берілген сәуледен берілген жартылай жазықтыққа берілген бұрышқа тең бұрыш салу.
6. Берілген бұрышты қақ бөлу (Берілген бұрыштың биссектрисасын жүргізу).
7. Берілген бұрышқа тең бұрыш салу
8. Берілген нүкте арқылы өтетін, берілген түзуге параллель түзу салу.
9. Берілген нүкте арқылы өтетін, берілген түзуге перпендикуляр түзу салу.
10. Берілген қатынаста кесіндіні бөлу.
11. Үш қабырғасы бойынша үшбұрыш салу.
12. Бір қабырғасы және іргелес жатқан екі бұрышы бойынша үшбұрыш салу.
13. Екі қабырғасы және олар арасындағы бұрыш бойынша үшбұрыш салу керек.
14. Гипотенуза және катеті бойынша тікбұрышты үшбұрыш салу.
15. Центрі және радиусы берілген шеңберді жүргізу.
16. Берілген түзу мен берілген шеңбердің қиылысу нүктелерін анықтау.
17. Шеңберге оның бойында жататын берілген нүктеден өтетін жанама жүргізу.
18. Берілген екі шеңбердің қиылысу нүктелерін анықтау.

Геометриялық салуда есептің жауабы графиктік жолмен алынады. Есептің шешімінің дұрыстығы салу жұмысының сызба инструменттерімен максималды дәл және ұқыпты орындалғанына байланысты. Геометрияның салу есептері енген тарауы конструктивтік геометрия деп аталады. Конструктивтік геометрияның негізгі ұғымы геометриялық фигура салу. Бұл ұғым анықтамасыз алынады, оның нақты мағынасы практикадан белгілі. Ол: суретін салу, сызық жүргізу, нүктені белгілеу.

Салу есебі - алдын ала берілген бөтен фигура мен ізделініп отырған фигураның элементтері арасында кейбір қатынастар берілгенде, инструменттер көмегімен ізделініп отырған фигураны салу қажеттігі.

Есептің шартын қанағаттандыратын әрбір фигура есептің шешімі деп аталады. Салу есебінің шешімін табу дегеніміз негізгі салулардың ақырлы тізбегін көрсету. Негізгі салулар жүргізілгеннен кейін конструктивті геометрияның аксиомалары бойынша фигура салынды деп есептелінеді.

Есепті шешу барысы және негізгі салулар саны қолданылатын инструменттер жиынтығына байланысты. Шешімнің жолын табудың бұл жолы рационалды емес. Кейбір жағдайда шешу адымдарын ірілендірген дұрыс. Салу адымы ретінде негізгі салулардың біртұтас блогі қарастырылады. Бұл блогтар элементарлы салу есептерінің шешімін көрсетеді. Олар элементарлы салулар деп аталады. Онда төмендегідей анықтама беруге болады.

Салу есебін шешу дегеніміз негізгі және элементарлы салулардың ақырлы тізбегін құрып алып салу жұмысын жүргізу, одан кейін конструктивті геометрияның жалпы аксиомалары бойынша ізделініп отырған фигура салынды деп есептелінеді. Кейбір жағдайда салу есебінің шартын бірнеше фигура қанағаттандырады. *Салу есебін шешу* – оның барлық шешімін табу.

Сонымен, салу есептерінің негізгі мектепте геометрия курсында алатын орны зор.

Салу есептері оқушылардың геометриялық қабілеттерін толығымен қалыптастырудың маңызды құралы болып табылады. Геометриялық салуларды орындау процесі кезінде оқушылар геометриялық фигуралар және олардың арасындағы қатынастар қасиеттерімен танысады, сызбалық құралдарды қолдануды үйренеді, графикалық дағдыларды қалыптастырады. Көптеген математикалық тұжырымдардың дұрыстығына оқушылар көптеген жағдайда геометриялық салулар процесінде көз жеткізеді.

Көптеген ғасырлар бойы математиктер салу есептеріне қызығушылық танытты. Бұл есептерге деген қызығушылық олардың әдемілігінде және шешім әдістерінің өзіндік ерекшелігінде ғана емес, сонымен бірге оның практикалық құндылығында. Себебі, бізді қоршаған әлемде құрылысты жобалау, сәулет, әр түрлі техниканы жобалау - барлығы геометриялық салуларға негізделген.

Салу есептері және олардың негізгі мектеп геометрия курсында алатын орны

Аңдатпа

Мақалада салу есептерінің тарихына және шешу әдістемесіне арналған педагогикалық және әдістемелік әдебиеттер зерделенген. Жұмыстың маңыздылығы және өзектілігі негізделген. Салу есептерін шеше білу білім алушының даму деңгейінің, оқу материалын игеру тереңдігінің негізгі көрсеткіштерінің бірі болып табылады және геометрияны оқытуды жетілдіруге ықпал етеді.

Кілт сөздер: геометрияны оқыту, геометриядағы салу есептері, негізгі мектеп.

Задачи на построение и их место в курсе геометрии основной школы

Аннотация

В статье анализирована педагогическая и методическая литература, посвященная истории и методике решения задач на построение. Обоснована значимость и актуальность работы. Умение решать задач на построения является одним из основных показателей уровня развития обучающегося, глубины усвоения учебного материала и способствует совершенствованию преподавания геометрии.

Ключевые слова: обучение геометрии, геометрические задачи на построение, основная школа.

Tasks of construction and their place in the geometry course of the main school

Abstract

The article analyzes the pedagogical and methodological literature devoted to the history and methodology of solving construction tasks. The significance and relevance of the work is substantiated. The ability to solve problems on the construction is one of the main indicators of the level of development of the student, the depth of assimilation of educational material and contributes to the improvement of teaching geometry.

Keywords: teaching geometry, geometry tasks of construction , main school.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қасқатаева Б.Р. Математиканы оқытудың теориясы мен әдістемесі. Оқу құралы. – Алматы.-2018. – 136 б

2. Рогановский Н.М. Методика преподавания математики в средней школе. – Минск: Высшая школа, 2006. – 267 с.

3. Повышение эффективности обучения математике в школе / Сост. Г.Д. Глейзер. – М.: Просвещение, 2007. – 237 с. 33.

4. История математики в школе. VII-VIII кл. Глейзер Г.И.М.: Просвещение, 1982. - 240 с.

5. Стройк Д.Я. Краткий очерк истории математики. Краткий очерк истории математики. Пер. с нем. - 5-изд., испр. - М.: Наука. Гл. ред. физ.мат. лит., 1990. - 256 с.

https://studizba.com/files/show/pdf/64145-1-kratkiy-ocherk-istorii-matematiki-stroyk.html

6. Пойа Д. Математические открытие. – М.: Наука, 1970. – 452 с.

7. Планирование обязательных результатов обучения математике / Сост. В.В. Фирсов. – М.: Просвещение, 2009. – 237 с.

ГРНТИ 27.01.05

АЛГЕБРА КУРСЫНДАҒЫ «БҮТІН КӨРСЕТКІШТІ ДӘРЕЖЕ» ТАҚЫРЫБЫН ЭЛЕКТРОНДЫҚ ОҚУЛЫҚ ФОРМАТЫНДА ҚҰРАСТЫРУ

А.Б. ЕЛЕМЕСОВ
Астана халықаралық университеті, Астана, Қазақстан

E-Book (ағылш. электронды кітап) термині мен оның негізгі тұжырымдамасы қазіргі кезде жаңалық емес. Себебі 1971 жылы Иллинойс университетінде Гутенберг жобасы [1] жарыққа шығарған болатын. Ол уақытта интернеттің тез таралуын анықтайтын технологиялар қол жетімсіз болған. Айтып отырған технологиялар: 1989-90 жылдары Винтон Серф пен Боб Канэвен TCP/IP (Transmission Control Protocol / Internet Protocol) жасап шығаруы және Тим Бернерс-Лидің CERN (European Center for Nuclear Research/Еуропаның Ядролық Зерттеу Орталығы) ұйымында жаһандық интернет желісін ойлап табуы және 1993 жылы шығарылған ең алғашқы Мозаик браузері арқасында сол технологиялардың дамып кетуі [2].

Электрондық оқулықтардың ерте пайда болуына қарамастан олардықолданужағы бірқатар шектеуге ұшырады. Негізінен,бұл шектеулер цифрлық медианы сақтау сыйымдылығына, деректерді жіберу мен ұсынудың тиісті мүмкіндіктеріне байланысты болды.

Жоғарыда айтылғандарды негізге ала отырып, электрондық оқулықтардың даму кезеңдерін былайша жіктеуге болады [2]:

– 1970-1971: Иллинойс университетіндегі Гутенберг жобасының басталуы, ең алғашқы электронды кітапхананың пайда болуы.

– 1993: Карнеги Мэллон Университетінің студенті Джон Марк Окерблумның Online Books Page – Онлайн Оқулықтар Бетін ойлап табуы.

– 1994: Алғаш рет АҚШ Баспа Үйлері авторлардың келісімімен кей оқулықтардың толық мәтінін жариялай бастады. Ұлттық Баспасөз Академиясы (National Academy Press) 1994 жылы алғашқы болса, Массачусетс Технологиялық Институты (MIT) баспасы 1995 жылы екінші болды.

– 1995: Amazon.com Интернетте жүздеген мың оқулық бар алғашқы онлайн дүкеннің ашылғанын хабарлады.

– 1998: Кітапханалар өздерінің атаулары мен каталогтарын онлайн қолжетімді ете бастады.

– 2003-2004: Электрондық оқулықтар әлем бойынша қолжетімді және көптеген авторлар баспа үйлеріне тәуелді болмай-ақ, осы салада белсенді бола бастады.

– 2005-2006: Google және Microsoft сынды технология алпауыттары электрондық оқулықтарға қызығушылық танытып, осы салаға ауқымды инвестициялар құя бастады.

– 2007: Жарнамадағы төңкеріс. Біз электрондық оқулықтарды Amazon Kindle хабарландыруы арқылы оқи бастадық.

– 2010: Алғашқы айпад (iPad) құрылғысының таныстырылуы. Оның жарыққа шығуы, технологиялық және бизнес моделі электрондық оқулықтардың шығуы, дамуы, қолданысы мен пайдаға асуына үлкен қозғаушы күш болды.

– 2010 – бүгінге дейін: электрондық оқулықтар интерактивті-мультимедиялық элементтермен байытылған. Ал түрлі авторлық құралдардың пайда болуы олардың жасалу және таратылу процесін халыққа қолжетімді етті. Жоғарыдағы айтылған дүниелердің нәтижесінде электрондық оқулық атауларының аса көптеп шығарылуы мен таратылуы байқалады. Сәйкесінше қазір оларды сараптаудың бірізді, келісілген критерилерін, пайдалану саласына байланысты дамыту қажеттілігі туындап отыр.

Жоғарыда атап өткеніміздей электрондық оқулық идеясы ертеректе пайда болды, бірақ электрондық оқулық дегеніміздің не екенін анықтауға қатысты әлі де көптеген шатасулар бар [3]. Электрондық оқулықтың жалпыға ортақ танымал анықтамасы жоқ және әдебиетте бұл термин екіжақты қолданылып келеді.

Әдебиеттегі түрлі анықтамалар электрондық оқулықтардың әртүрлі сипаттамаларына қатысты. Өйткені түрлі жағдайларда олар құрал-жабдықпен, бағдарламалық жасақтамамен немесе мазмұнмен байланысты болуы мүмкін [4].

Электрондық оқулықтар үшін ұсынылған анықтамаларға талдау жасай отырып, Василиоу мен Роули төмендегі қорытындыларға келген [5]:

- Олардың басым көпшілігі электрондық оқулықтардың цифрлық және электронды табиғатына басымдық береді. Жалпылай айтқанда, электронды және цифрлық терминдері формат, форма және электрондық оқулық мәтіндеріне келгенде өзара алмасып қолданылады;
- Электрондық оқулық негізінен баспа кітабының тиісті жабдық пен электрондық оқулық оқуға арналған бағдарламалық жасақтамасы арқылы қол жеткізуге болатын электронды/цифрлық нұсқасы ретінде қабылданады;
- Түрлі терминдер мен тұжырымдамалар электрондық оқулық мазмұнын суреттейді;
- Олардың көпшілігі электрондық оқулық технологияларына қатысты негізгі терминдерді пайдаланады;
- Қалай болғанда да олар электрондық оқулықтардың пайдасы пен артықшылықтарын жиі айтады.

Жоғарыда айтылғандарды негізге ала отырып айтсақ, электрондық оқулықтардың анықтамасы пайдаланушылардың пікірлері мен құрметіне, оған қоса оларды пайдалану жолдарына тікелей байланысты екені анық.

Соңғы он жылдың көлемінде білім беру саласына түрлі технологиялар енгізілді, оның ішінде цифрлық технологиялар да бар. Олардың барлығының өз мүмкіндіктері болды және барлығы үйрену және оқытуда төңкеріс жасайды деп күтілді. Алайда білім беруде осы аралықта айтарлықтай өзгерістер болмағаны барлығымызға белгілі [8].

Уақыт өте келе мұғалімдер сыныпта және оқыту барысында қолдануға болатын және түрлі технологиялармен, стратегиялармен таныс бола бастады. Олардың ішіндегі пайдалы құралдар қабылданып, ал өзгелері қолданыссыз қала берді.

Осы тұрғыдан келгенде технологияны пайдаланудың саны (қанша технология қолданылды және не үшін) мен сапасын (технология қалай және не үшін қолданылды) ажыратып алу маңызды. [9].

Білім беру саласына келгенде технологиялар – оқытудың басты назары оқушыда болатын сан түрлі тамаша мүмкіндіктерге бай орта жасауға көмектесуі тиіс. [10]. Электрондық оқулықтарды оқыту барысында қолдануға қатысты жоғарыда айтылғандар, электрондық оқулықтарды цифрлық, қолданылуы мен басқарылуы жеңіл және баспа кітабының тартымды түрі ретінде қарастырады.

Электрондық оқулықтар арқылы оқу нәтижелері, сонымен қатар оларға қатысты оқушылар мен мұғалімдердің түсініктері, қалаулары және көзқарастары он жылдан астам уақыттан бері танымал зерттеу тақырыбына айналды. Өз кезегінде бұл олардың электрондық оқулықтарды жобалау, сұрыптау, икемдеу, тасымалдау және сараптау үдерістеріне айтарлықтай ықпал етуімен байланысты.

Оқулықтар, электронды немесе баспа түрінде болсын, қоғамның білімін деңгейі мен білім беру жүйесінің мәдениетінен хабар береді [11].

Оқулықтарды әзірлеу – айтарлықтай күрделі процесс. Әзірлеу барысында оқытудың жаңа түрлері мен техникалары, адамдардың ақпаратты қабылдап оны білімге айналдыру үдерісі, қалыптасқан әлеуметтік жағдайлар, мәдени және этикалық мәселелер, оқу бағдарламасы және өзге де осы сынды факторлар ескерілуі тиіс.

Цифрлық оқулықтарға, олардың интерактивті табиғаты мен мультимедиалық контентін ескере отырып, қарайтын болсақ, жоғарыда айтылғандардан бөлек, оларды әзірлеу – жалпы цифрлық оқу ресурстарына қатысты прициптер мен әдіснамалық тәсілдерге икемделуі тиіс.

Цифрлық білім беру медиасы, мазмұн байлығы немесе олардың құрамында бар түрлі қарым-қатынас пен коммуникациялық мүмкіндіктердің болуына байланысты ғана құнды оқу ресурсы деп қарастырылмауы керек. Күнделікті оқу барысына араласып кетуі, сабақ уақытының ішінен өз сәтін және оқушының жұмыс үстелі мен сөмкесінен орын табуы үшін, қолданушылардың қажеттіліктеріне сай құрылымдық әзірлеу үдерісі болуы керек. [12].

Егер электрондық оқулықтарды оқу процесінен оқшаулауға тырыссақ, оларды әдемі өнім болып аяқталатын және айқын мақсаттылықты білдіретін жобалау үдерісінің нәтижесі ретінде қарастырсақ, электрондық оқулықтарды жобалау процесіне пайдаланушы тәжірибесі/User Experience (UX) тұжырымдамасын енгізуіміз керек.

Пайдаланушы тәжірибесінің бірнеше анықтамасы бар. Ангер және Чандлер [13] бойынша: “Пайдаланушы тәжірибесінің дизайны дегеніміз белгілі бір тауарға байланысты пайдаланушылардың тәжірибесіне әсер ететін элементтерді, олардың қабылдаулары мен мінез-құлықтарына әсер ету мақсатымен жасап шығару және синхрондау”.

Негізінде, ПТ эмоция, психология және жалпы реакция сынды сапалық ұғымдарды біріктіреді. Электрондық оқулықтар әлемінде ПТ дизайнына деген көзқарас мына сияқты сұрақтарға дұрыс жауап беруі тиіс:

- Электрондық оқулықтағы анимациялар есте қалатындай әсер сыйлайды ма?
- Сенсорлы экранның «ыстық нүктелерін» түсіну оңай ма?
- Пайдаланушылар дизайнер ойластырған өнімді пайдалану үдерісін көрсете ала ма?

Электрондық оқулықтарға мобильді құрылғылар (планшеттер, смартфондар, ноутбуктар мен оқуға арналған құрылғылар) немесе дербес компьютерлер арқылы қол жеткізу мүмкін болғандықтан, тиімді дизайн процесі, ПТ бөлек, адам мен компьютердің өзара әрекеттесуі (human computer interaction (HCI)) ережелерін есепке алуы тиіс. Адам мен компьютердің өзара әрекеттесу ұғымын, осы саланың Гуруы Бэн Шнайдермен ұсынған [14].

• Реттілік. Ұқсас жағдайларда әрекеттердің реттілігін талап ету керек.

• Жылдам батырмалар. Тұрақты пайдаланушылар функционалды пернелер, командалар, макростар сияқты пернелерді қолдану мүмкіндігіне ие болуы керек.

• Кері байланыс. Әрбір пайдаланушының әрекетіне сай жүйенің кері байланысын қамтамасыз етіңіз.

• Жабу. Жабу кезінде кері байланысты қамтамасыз ете отырып, әрекеттердің басы, ортасы және соңы болуы тиіс.

• Қателер. Қателердің алдын алыңыз, ал егер болған жағдайда оларды игеріп алу механизмдерін ұсыныңыз.

• Айналым. Пайдаланушыға қатені болдырмау мүмкіндігін беріңіз. Permit user to undone errors

• Бақылау. Пайдаланушыны бақылау мүмкіндігімен қамтамасыз етіңіз.

• Қарапайымдылық. Пайдаланушыға қарапайым және түсінікті болыңыз.

Нақты оқу уақытында пайдалануға арналған және электрондық оқулық ретінде жұмыс істейтін электрондық оқулықты жобалау процесі өте күрделі болып көрінеді. Себебі ол түрлі рөлдер мен мамандықтардың (педагогтар, оқытушылар, оқу материалдарының дизайнерлері, медиа-сарапшылар, IT сарапшылар, ПТ/UX / UI сарапшылары, сапа жөніндегі мамандар, графикалық дизайнерлер) ынтымақтастығы мен өзара әрекеттесуін талап етеді.

Үйренушілердің қажеттіліктерін қанағаттандыратын өнім шығару бағытында ерекше және алуан мамандықта жүрген, түрлі мәдени және тәжірибелік деңгейдегі адамдардың тиімді жұмыс істеуі үшін, оқу құралы дизайнын жасаудың дұрыс ойлап табылған моделі бар болуы және қолданылуы керек.



1-сурет: «Properties of the Natural Exponents» («Натурал көрсеткішті дәреженің қасиеттері») тақырыбына берілген тапсырма

Егер электрондық оқулықтар әлемнің басқа бөліктеріндегідей «технологияға негізделген білім беруді реформалаудың негізгі құрамдас бөлігі» болса [15], олар баспа оқулықтарынан дизайн, пайдалану ыңғайлылығы, мазмұны, дидактикалық тұжырымдамалар және оқытуды қолдайтын функциялар тұрғысынан айқын ерекшеленуі керек. Баспа оқулықтарымен салыстырғанда айқын артықшылықтарға ие цифрлық оқыту қосымшалары кеңінен қолданылады, олар қазіргі пайдаланушылардың қажеттіліктері мен оқу мақсаттарын қанағаттандыруы керек, сонымен қатар пайдаланушылардың мүмкіндіктері мен уәждемелік факторларын ескере отырып жасалуы керек [16].

Осыған орай дайындалған сабақ тақырыбымда жүргізілген зерттеу негізіндегі электрондық оқулықтарға арналған ерекшеліктер мен талаптарды ескерілді:

• Электрондық оқулықтың мазмұны декларативті және рәсімдік жадының дамуына, түсінуге, оқушының назарын аударуға ықпал етуі керек. [17].

Төменде осы талапты қанағаттандыратын «Properties of the Natural Exponents» («Натурал көрсеткішті дәреженің қасиеттері») тақырыбына тапсырма құрастырдым (1-сурет). Бұл тапсырмада оқушы өткен білімін қолданып есепті шығару үшін математикалық моделді дұрыс жасайды және теңдеу арқылы тапсырма жауабын табады. Егер қате кеткен жағдайда оқушыны бағыттаушы кері байланыс беріледі (2-сурет).



2-сурет: Тапсырмаға арналған кері байланыстың бір түрі

• Интерактивтілік кіріктірілген және толық функционалды болуы керек [18].

Жазылған кітаптың барлық дерлік сабақтарының тапсырмалары өмірмен байланысты болғандықтан төменде құрастырылған тапсырмада оқушылардың өздік ізденуін дамытуға арналған Қазақстанның статистикалық сайты «stat.gov.kz»тапсырмаға кіріктірілген. Бұл жерде оқушы тапсырма барысынан ешқайда ауытқымай өз білімін іздену арқылы тексере алады (3-сурет).

• Электрондық оқулықтың ақпараттық-білім беру ортасында оқыту үдерісінің барлық компоненттерін дәйекті іске асыру (мысалы, мотивациялық-мақсатты, мазмұнды, жедел-әрекетті, бағалау-нәтижелі).

Барлық сабақтың тапсырмалары мен жаттығуларында оқушыға кері байланыс пен тапсырманықаншалықты дұрыс орындағанына бағалаулар беріледі. Бір мысалы ретінде төмендегі суреттен көре аласыздар (4-сурет).



3- *сурет: Оқушыға арналған өмірмен байланысты интерактивті тапсырма*



4- *сурет: «The natural exponents» тақырыбының тапсырмаларынан бір мысал*

• Электрондық оқулық мазмұнының мұғалімдердің сабақ жоспарларымен сәйкестігін, сондай-ақ сабақтың жалпы педагогикалық құндылығын қамтамасыз ету қажет [18].

• Электрондық оқулық мәтіннің түсініктілігі тұрғысынан сапалы болуы керек [19].Дизайн визуалды тартымдылық тұрғысынан да, мінез-құлық интерактивтілігі тұрғысынан да мұқият ойластырылуы керек [20].

• Пайдаланушының (яғни оқушының) техникалық және функционалдық қанағаттанушылығына қатысты пікірлер оқулықты жобалау сатысында ескерілуі керек. Оларға бағдарлау мен навигацияның қарапайымдылығы мен дәйектілігі, интерфейстің түсініктілігі, маңызды ақпаратқа оңай қол жеткізу, жазбалар жасау мен бетбелгілерді орнатудың ыңғайлы үдерісі, мәтіндерді, бейнелер мен анимацияларды қолдану арқылы мультимодальдылық, ерекше қажеттіліктері бар және мүмкіндігі шектеулі оқушыларға бейімделу, көмекші құралдардың болуы (сөздіктер), педагогикалық және коммуникациялық құралдар кіреді [18].

•Мұғалімдер электрондық оқулықтың барлық мүмкіндіктерін/құралдарын қолдануға және оқушыларға арналған құралдарды модельдеуге тиісінше дайын болуы керек [21].

Қорытындылай келе айтытын болсақ, қазіргі таңда туындап жатқан баспа кітаптардың салмағының ауырлығы мiселесіне, дамып келе жатқан технологиямен қатарласа өсіп келе жатқан оқушылардың қызығушылықтарына орай ерте ме кешпе біз қолданушыларға кітаптарымыздың электронды форматтарын ұсынатынымыз айдан анық. Сондықтан қазіргі уақытта электрондық оқулықтарды әзірлеу барысында келесі ерекшеліктері ескерілуде:

- танымдық және әлеуметтік дағдыларды дамытуды қолдауда нақты анықталған білім құрылымы;
- ақпаратты ұсыну (мысалы, бағдарлау және навигация құралдары, іздеу құралдары, мазмұны, мәтін мен мультимедиалық ақпарат арасындағы теңгерім, күрделілік деңгейіне автоматты түрде бейімделетін сызықтық емес жолдар және т. б.);
- мультимодальдылық;
- бейімделу (қолжетімділік және сараланушылық);
- көмекші құралдар;
- оқу бағдарламасына және қабылданған педагогикалық әдіснамалық тәсілдерге сәйкестігі (мысалы, оқыту теориясы, мұғалімнің педагогикалық көзқарасы, әр пән саласы үшін мемлекеттік стандарттар және т. б.);
- Интернеттегі мәтінмен жұмыс істеуге арналған арнайы құралдар (мысалы, аннотациялар мен бетбелгілерге арналған құралдар, автоматты тесттер және т. б.)
- оқушылардың кері байланысы, интернеттегі мазмұнды редакциялау, басқа мұғалімдермен сандық оқу материалдарымен алмасу және т .б. үшін мұғалімнің құралдары;
- байланыс және ынтымақтастық құралдары [18].

Алгебра курсындағы «бүтін көрсеткішті дәреже» тақырыбын электрондық оқулық форматында құрастыру

Аннотация

Қазіргі цифрлық ортада туып-өсіп келе жатқан оқушылардың өмірі алғашқы қадамдарынан бастап электронды құралдарменжәне гаджеттермен байланысты болғанын байқаймыз. Сондықтан, қазіргі цифрлық оқулық қолданушыларының қызығушылықтарына сай «Астана-Кітап» баспасының Algebra 7 электронды оқулығының «Integer exponents» («Бүтін көрсеткішті дәреже») тақырыбын электрондық оқулық форматында құрастыру қарастырылды.

Түйін сөздер: цифрлық оқулық, электрондық оқулық, алгебра оқулығы, интерактивті оқыту.

Составление темы «степень с целым показателем » из курса алгебры в формате электронного учебника

Ключевые слова: цифровой учебник, электронный учебник, учебник алгебры, интерактивное обучение.

Constructing "integer exponents" topic fromthe course of algebra in the format of an e-textbook

Keywords: digital textbook, e-textbook, algebra textbook, interactive learning.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Project Gutenberg, 2006, https://www.gutenberg.org

2. Lebert, M. (2009). A short history of EBooks. Project Gutenberg Ebook.

3. Tedd, L. (2005), E-books in academic libraries: an international overview, New Review of Academic Librarianship, 11(1), 57-59.

4. Wilson, R. and Landoni, M. (2001). “Evaluating electronic textbooks: a methodology”, in Constantopoulos, P. and Solvberg, I.T. (Eds), Research and Advanced Technology for Digital Libraries: 5th Paper Presented at European Conference, ECDL 2001, Darmstadt, Germany, September 4-9, 2001: Proceedings, Springer, Berlin.

5. Vassiliou M. and Rowley J. (2008). “Progressing the definition of “e-book”. Library Hi Tech 26 (3): 355-368.

6. Cuban, L. (1986). Teachers and Machines: The Classroom Use of Technology since 1920, New York, Teachers College Press.

7. Selwyn, N. (2011). Education and technology: Key issues and debates. New York Continuum International Pub. Group.

8. Howard, S. K. Mozejko, A. (2015). Teachers: technology, change and resistance. In M. Henderson & G. Romeo (Eds.), Teaching and Digital Technologies: Big Issues and Critical Questions (pp. 307-317). Port Melbourne, Australia: Cambridge University Press.

9. Firmin, M.W. Genesi, D.J. (2013). History and Implementation of Classroom Technology. 3rd World Conference on Learning, Teaching and Educational Leadership (WCLTA-2012) Proceedings - Social and Behavioral Sciences, 93,1603-1617.

10. DenBeste, M. (2003). Power point, technology and the web: More than just an overhead projector for the new century? History Teacher, 36, 491-504.

11. Behnkec, Y. (2016). How textbook design may influence learning with geography textbooks Nordidactica - Journal of Humanities and Social Science Education 1, 38-62.

12. Joo, Y. J., Joung, S., Choi, S., Lim, E., Go, K. Y. (2014). Structural Relationships between Variables of Elementary School Students’ Intention of Accepting Digital Textbooks. In: M. B. Nunes and M. McPherson (Eds.), Proceedings of the International Conference on e-Learning 2014, pp. 95–102.

13. Unger, R. Chandler, C. (2012). A Project Guide to UX Design, Second Edition. Berkeley, CA. New Riders.

14. Shneiderman, B. (2016). The New ABCs of Research: Achieving Breakthrough Collaborations. Oxford University Press, Oxford.

15. Kim, P., Yu, J. S. (2019). A study on online delivery of digital textbooks in Korea. Universal Journal of Educational Research, 7(5A), 92-102.

16. Schulmeister, R. (2013). On the Myth of the Digital Natives and the Net Generation. BIBB News BWP Special Edition, 2013, pp. 31–35.

17. Flores, P., Ramos, A., Escola, J. (2015). The Digital textbook: Methodological and didactic challenges for primary school. In J. Rodríguez, E Bruillard, & M. Horsley, Digital textbooks, What’s new? pp. 847-866.

18. Grönlund, A., Wiklund, M., Böö, R. (2018). No name, no game: Challenges to use of collaborative digital textbooks. Education and Information Technologies, 23(3), 1359-1375.

19. Elesini, U. S., Tomažin, G. (2018). Analysis of e-textbooks: development, use and availability on the slovenian Market. Journal of Graphic Engineering and Design, 9(1), 11.

20. Shangguan, C., Wang, Z., Gong, S., Guo, Y., Xu, S. (2020). More attractive or more interactive? The effects of multi-leveled emotional design on middle school students’ multimedia learning. Frontiers in Psychology, 10, 3065.

21. Clinton-Lisell, V., Kelly, A.E., Clark, T. (in-press). Modeling e-textbook tools or encouraging reading from paper: What are the effects on medium choice and textbook Use? College Teaching.

ГРНТИ 30.19.15

ҚАТТЫ ДЕНЕЛЕРДЕГІ ФИЗИКАЛЫҚ ПРОЦЕСТЕРДІ МАТЕМАТИКАЛЫҚ МОДЕЛЬДЕУ

КЕНЖЕБАЙ АРУЖАН ҒАЗИЗҚЫЗЫ
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің магистранты
ЕНСЕБАЕВА ГУЛЬЗАТ МУРАТБЕКОВНА
PhD, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің аға оқытушысы
Қызылорда, Қазақстан

Қатты денелердің жоғары жылдамдықты соққы жүктемесі техникада, өнеркәсіпте және әскери істерде кеңінен қолданылады. Осы процесті қарастыру кезінде негізгі міндет кернеулі-деформацияланған күйді есептеу және талдау негізінде өзара әрекеттесетін қатты денелердің бұзылу және фрагментация дәрежесін зерттеу болып табылады [1, 2].

Қатты денелерді динамикалық жүктеу міндеттері адам қызметінің көптеген салаларында кездеседі. Бұл күн батареяларын ғарыштық қоқыстар мен астероидтардан қорғаудың, қозғалатын ұшақтардың жоғары жылдамдықты соқтығысуының және материалдық элементтер айтарлықтай деформациялар мен ішкі қайта құруларға ұшыраған кезде сынғыш материалдардың бұзылуының міндеттері. Наноқұрылымды объектілердегі қатты заттардың динамикалық өзара әрекеттесу процестері ерекше маңызды. Осы материалдарда,дәстүрлі композициялық материалдардан айырмашылығы, нанокомпозит компоненттерінің дисперсиясының немесе құрамының шамалы жергілікті өзгеруі макроскопиялық физика-механикалық сипаттамалардың айтарлықтай өзгеруіне әкеледі. Наноматериалдарда болатын процестер, әдетте, сызықты емес және өте күрделі, бұл оларды зерттеу үшін математикалық аппаратты қолдануды перспективалық бағытқа айналдырады.

Зерттеудің негізгі қолданбалы міндеттері: кедергіні бұзу және фрагментациялау, бұзылу түрі, сыну процестері, шамадан тыс жүктеме мөлшері, ендіруге қарсылықтың интегралды күштері, енудің соңғы тереңдігі, қатты заттардың жойылуы кезіндегі жылдамдық, бұзылу процестеріне арматураның әсерін зерттеу, соққылардың өзара әрекеттесу аймағының конфигурациясы, қатты дененің қозғалысы. 2009 жылғы мәліметтер бойынша тұрғындарының саны 114 адамды құрады. Эксперименттік деректерді талдау соққы денесінің параметрлері мен кедергінің қасиеттерінің өзгеруімен жойылу механизмдері айтарлықтай өзгеретінін көрсетеді. Сондықтан бұл процестерді модельдеу өте маңызды міндет болып табылады. Ену және бұзылу процестерін модельдеу, әдетте, олардың күрделілігі мен өзара байланысты болуына байланысты сандық әдістермен, ақырлы элементтер әдісімен [5-7] және тегіс (тегістелген) бөлшектер әдісімен анықталады [8, 9].

Бұл жұмыста үш өлшемді қойылымда қатты қозғалатын дененің динамикалық өзара әрекеті және оларды бұзу мәселесі қарастырылады. Мәселенің қойылымы ұсынылды және кедергіні тесу кезінде болатын физикалық процестерді модельдеу туралы сандық зерттеу жүргізілді.

Денелердің динамикалық өзара әрекеттесуін модельдеудің теориялық негіздері

Қатты заттардың соқтығысу процесін сипаттау үшін, әдетте, сығылатын серпімді пластикалық дененің модельдері қолданылады. Сығылатын серпімді-пластикалық ортаның қозғалысын сипаттайтын негізгі қатынастар массаның, импульстің және энергияның сақталу заңдарына негізделген және Мизестің аққыштығы жағдайында

Прандтл – рейс коэффициенттерімен жабылады. Бұзылу шарттары температураға, жүктеме жылдамдығына және материалдардың беріктік қасиеттеріне байланысты.

Қатты денелердің динамикалық өзара әрекеттесу мәселесін тұжырымдау 1-суретте келтірілген. 1. Соқтығысу денелерінің геометриясы әртүрлі болуы мүмкін. Цилиндрлік сфералық және күрделі геометрияның басқа денелері өзара әрекеттесу объектілері бола алады.



Сурет 1. Қатты заттардың динамикалық өзара әрекеттесу схемасы

Қатты денелердің өзара әрекеттесу процесін сипаттайтын масса, Импульс және энергияның сақталу заңдары.

Қатты денені созылу және сығылу кезіндегі беріктікті есептеу

Керілген немесе сығылған өзекшедегі кернеудің шамасы әдетте құрылымның беріктігін бағалаудың негізгі критерийі ретінде қабылданады, оның элементі ретінде осы өзек болады. Сондықтан пішінді есептеу, мысалы, барлық элементтердегі күштерді анықтауға және көлденең қима аудандарын біле отырып, формуланы пайдаланып кернеулерді табуға болады:

$$\sigma = \frac{N}{F}$$

Қолданыстағы кернеудің мәні рұқсат етілген кернеумен салыстырылады, ол әдетте тік жақшалардағы σ әрпімен белгіленеді; беріктікті қамтамасыз ету шарты болады

$$|\sigma| \leq [\sigma]$$

Рұқсат етілген кернеу осы құрылымның материалы мен қызмет ету жағдайларына байланысты таңдалады. Егер біз болат сияқты пластикалық материал туралы айтатын болсақ, рұқсат етілетін кернеу аққыштық шегінен аспауы тиіс. Бұл ретте рұқсат етілген кернеуді аққыштық шегіне тең қабылдауға болмайды, жұмыс кезінде шамадан тыс жүктемелер, өзекшенің дәл жасалмауы, қолданылатын материалдың қасиеттерінің олардан ауытқуы кезінде белгілі бір қауіпсіздік шегі болуы керек, үлгіні сынау кезінде анықталған қасиеттер және т.б. Сондықтан пластикалық материалдар үшін:

$$[\sigma] = \frac{\sigma_с}{n_с}$$

Мұнда n_τ – аққыштық шегіне қатысты қауіпсіздік коэффициенті; бұл коэффициент әрқашан бірден үлкен. Металл конструкцияларын салуда, мысалы, әдетте n_τ=1,5.

Шойын, бетон, табиғи және жасанды тастар және басқалар сияқты сынғыш материалдар Елеулі қалдық деформацияларды анықтамайды, олар бірден жойылады, тек кернеу күш шегі немесе $\sigma_в$ уақытша кедергісі деп аталатын шамаға жетеді. Мұндай материалдар үшін:

$$[\sigma] = \frac{\sigma_в}{n_в}$$

Мұндағы, $n_в$ - уақытша кедергіге қатысты беріктік қоры.

Тұтастай алғанда, бұйымның құрылымдық функциясын орындау мүмкін болмайтын кернеуді шартты түрде сыну кернеуіне алсақ, онда екі есе рұқсат етілген кернеу бұзылу кернеуін қауіпсіздік коэффициентіне бөлу нәтижесі болып табылады.

Қауіпсіздік коэффициентін ұтымды таңдау мәселесіне өте көп әдебиеттер арналған.Оның маңыздылығы өте зор, өйткені қор коэффициентінің төмендеуі материалды үнемдеуді және техникалық мүмкіндіктердің кеңеюін білдіреді. Құрылыс конструкциялары үшін рұқсат етілген кернеулердің нормалары заңдастырылған және кез-келген құрылыс дизайнында міндетті болып табылады.

Машина жасауда қолданылатын материалдардың алуан түрлілігіне және жүктеме түрлеріне байланысты заңды түрде міндетті стандарттар жоқ, дегенмен жекелеген бөлімшелер, ірі зауыттар мен жобалау ұйымдарында әдетте өндірістік тәжірибені ескере отырып әзірленетін өздерінің рұқсат етілген кернеу стандарттары болады. .

Егер рұқсат етілген кернеу [σ] белгілі болса, онда беріктік есебі теңсіздіктердің орындалуын қамтамасыз ету үшін төмендейді:

$$\frac{P}{F} \le [\sigma]^{p} \quad \text{(созылу кезінде),}$$

$$\frac{P}{F} \le [\sigma]_{сж} \quad \text{(сығылу кезінде).}$$

Берілген формула бойынша қысу кезіндегі беріктікті есептеу тек қысқа өзекше үшін жарамды екенін ескеріңіз; осы формула бойынша ұзын өзекше есептегіңіз келсе, рұқсат етілген кернеудің мөлшерін едәуір азайту керек.

Қорытынды

Қатты денелердің динамикалық өзара әрекеттесу проблемасының тұжырымы ұсынылған, негізгі айнымалылар мен объектілердің өзара әрекеттесу принциптері сипатталған. Өзара әрекеттің негізгі заңдарына масса, Импульс және энергияның сақталу теңдеулері жатады. Сыну және икемділік модельдері қарастырылады, онда кірістілік шегі деформацияға, деформация жылдамдығына және температураға байланысты өзгереді.

Әр түрлі материалдар мен денелер пішіні үшін тосқауыл мен қатты дененің өзара әрекеттесуін модельдеу нәтижелері қарастырылады. Қатты заттардың пішіні сфералық, цилиндрден композитке дейін өзгерді.

Қатты денелер мен кедергілердің өзара әрекеттесуінің төрт түрі көрсетілген: тұрып қалу, отскок, тесілу және жарылу. Кептелу қатты дененің төмен жылдамдығымен немесе үлкен кедергі қалыңдығымен сипатталады. Көтерілу қатты дененің нормальға қатысты үлкен бұрыштары кезінде байқалады. Тесілу жағдайы қатты дененің кинетикалық энергиясы маңызды деңгейіне сәйкес келеді. Бөліну құбылыстары кедергілердің үлкен қалыңдығымен және қатты дененің жеткілікті жылдамдығымен жүреді және кептелу мен тесудің аралық нұсқалары болып табылады.

Кедергі мен енетін дененің өзара әрекеттесу түрінің ену бұрышына, энергияға және жылдамдыққа тәуелділігі құрылады. Кинетикалық энергия-бұл пластина мен қатты дененің соқтығысу түрін бағалаудың ыңғайлы құралы, өйткені ол оның құрамында жылдамдық пен масса параметрлерін ескереді.

Аңдатпа

Қатты денелердің жоғары жылдамдықты соққы жүктемесі техникада, өнеркәсіпте, әскери істерде кеңінен қолданылады. Бұл процесті қарастыру кезінде негізгі міндет - кернеулі-деформацияланған күйді есептеу және талдау негізінде өзара әрекеттесетін қатты денелердің бұзылу және фрагментация дәрежесін зерттеу. Сондықтан осы процестерді модельдеу өте өзекті мәселе болып табылады.

Жұмыста снарядтың бұршақпен өзара әрекеттесу процестерінің әдістемесі сипатталған. Өзара әрекеттесудің математикалық моделіне массаның, импульстің және энергияның сақталу заңдары, зат күйінің теңдеулері, материалдардың кернеулі -

деформацияланған күйлерінің модельдері кіреді. Сандық модель Эйлердің айқын теңдеулерімен сақтаудың негізгі заңдылықтарын жақындатуға негізделген.

Кілт сөздер: Деформацияланатын қатты дене теориясы; модельдеу; тегістелген бөлшектер әдісі; SPH; динамикалық жүктеме.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Афанасьева, С.А. Жоғары беріктігі бар соқтығысу кезінде металл-керамикалық материалдардың деформациясы мен бұзылуының ерекшеліктері / С.А. Афанасьева, Н. Н. Белов, А. А. Коняев және т. б. / / композициялық материалдар мен құрылымдардың механикасы. – 2002. – Т.8, № 3. – Б.323-334.

2. Вахрушев, А.В. күш әсерінен ұнтақ материалдарының жойылуын сандық талдау / А. В. Вахрушев, А. М. Липанов // Компьютерлер мен құрылымдар. – 1992. – Т. 44, № 1/2. – Б.481-486.

3. Джонсон Г.Р. Үлкен деформацияға, жоғары деформация жылдамдығына және жоғары температураға ұшыраған металдар үшін анықтайтын модель және деректер / Г. Р. Джонсон, У. Х. Кук //7–ші баллистика симпозиумының материалдары, Гаага, Нидерланды. – 1983. - Б.541-547.

4. Потапов, А.П. тегіс бөлшектер (СФ) әдісімен толқындық процестерді модельдеу / А. П. Потапов, С. И. Ройз, И. Б. Петров // математикалық модельдеу. – 2009. – № 7. – Б.20-28.

5. Шеффлер, Д. Р. Динамикалық оқиғаларды сандық модельдеудің практикалық аспектілері: материалдар интерфейстері /д.р. Шеффлер, Дж. А. Зукас / / Int. J. Impact Engng. – 2000. – Т. 24, № 8. – Б.821-842.

ГРНТИ 30.19.15

ТҰТҚЫРЛЫСЕРПІМДІ МАТЕРИАЛДАРДЫҢ ЖЫЛЖЫМАЛЫЛЫҚ ПРОЦЕСІН МАТЕМАТИКАЛЫҚ МОДЕЛЬДЕУ

ЕҢСЕБАЕВА ГҮЛЗАТ МҰРАТБЕКҚЫЗЫ – PhD,
МЫРЗАМУРАТОВА АИДА АСКЕРБЕКОВНА–педагогика ғылымдарының магистрі,
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда, Қазақстан

Кіріспе

Табиғаттағы көптеген материалдар (топырақ, тау жыныстары, ағаш, табиғи асфальт) және жасанды материалдар (металдар, олардың қорытпалары, полимерлер, бетон, композиттер) температура мен жүктеу деңгейіне байланысты қандайда болсын тұтқырлысерпімді қасиетін көрсетеді.

Деформацияланатын қатты дене механикасының негізгі есебінің бірі, тұтқырлысерпімді материалдардың деформациялану процестерін модельдеу болып табылады. Деформацияланатын қатты дене механикасының қарапайым реономдық физикалық сызықты моделі, ол жылжымалылық және релаксация (бәсеңдеу) қасиеттерін сипаттайтын тұтқырлысерпімді дене моделі екені белгілі. Мұндағы, жылжымалылық деп жүктеме тұрақты кезіндегі деформацияның уақыт t бойынша өсу құбылысын айтамыз. Деформацияның өзгеру заңдылығының диаграммасы - жылжымалылық қисығы (сурет 1). Релаксация – деформация тұрақты кезіндегі кернеуінің кему құбылысы (сурет 2) [1-2].



Сурет 1 - Жылжымалылық қисығы



Сурет 2 - Релаксация қисығы

Материалдардың тұтқырлысерпімді қасиетін анықтауға және сипаттауға болатын жетілдірілген тұтқырлысерпімділік теориясы мен әдістері бар [3-4]. Онда серпімділік теориясында болатын [5-6] сызықты және сызықты емес тұтқырлысерпімділік ажыратылады. Сызықты тұтқырлысерпімділік теориясы мен әдістері жақсы дамыған. 1913 жылы В. Вольтерра [7] сызықты емес тұтқырлысерпімділікті екі мүшелі интегралдық теңдеумен сипаттауды ұсынғанымен, сызықты емес тұтқырлысерпімділік теориясы мен әдістері әлі де даму сатысында.

Алдымен деформацияланатын тұтқырлысерпімді дененің қарапайым бір буынды модельдерін қарастырайық. Олардың көмегімен тұтқырлысерпімділіктің физикалық табиғатын және жалпылама сипатын түсіндіру оңай.

Тұтқырлысерпімді модель екі элементтерден тұрады [1- 3]. Оның біреуі гук элементі – серпімді элемент. Екінші элемент, ньютон элементі – тұтқыр элемент.

Гук (1) және Ньютон (2) заңдарын интегралды түрде жазуға болады, яғни кернеулер мен деформациялар арасындағы байланысты интегралдық операторлар арқылы анықтауға болады [2, 8-9]:

$$\varepsilon(t)=\int_0^t \Pi(t-\tau)\,d\sigma(\tau);$$

$$\sigma(t)=\int_0^t R(t-\tau)\,d\varepsilon(\tau),$$

мұндағы $\Pi(t)$ – жылжымалылық функциясы, $R(t)$ – релаксация функциясы.

Сызықты және сызықтық емес тұтқырлысерпімділік теориясында бұл есеп жылжымалылық және релаксация ядросын іздеуге келеді. Жылжымалылық және релаксация ядросы белгілі интегралдық қатынастармен өзара байланысқан, кернеу, деформация және уақыт арасындағы байланысты орнататын анықтауыш теңдеуден тұрады [3]:

$$\varphi\left[\varepsilon(t)\right]=\sigma(t)+\int_0^t K(t-\tau)\sigma(\tau)\,d\tau, \qquad (1)$$

мұндағы $\varepsilon(t)$ - t уақытындағы деформация;

$\sigma(t)$ - t уақытындағы кернеу;

$\sigma(\tau)$ - τ уақытындағы кернеу;

$K(t-\tau)$ - жылжымалылық ядросы;

t – бақылау уақыты;

τ –бақылау уақыты t, алдындағы уақыт.

Интегралдық теңдеудің (1) сол жағындағы өрнек $\varphi[\varepsilon(t)]$ «лездік деформация қисығы» деп аталады.

Зерттеу әдістемесі.

Абель функциясы. Материалдың жылжымалылық қисықтары кернеудің деңгейіне және температураға байланысты деформациясы екі немесе үш бөлікті сипаттамаларға ие болады [2- 4] (сурет 3). 3-суретте көрсетілгендей, жылжымалылық қисығы деформацияға ε, ондағы уақытқа t және кернеуге σ тәуелді.



Сурет 3 - Жылжымалылық қисығы [2]

Олардың бірінші кезеңі $\left(0 \le t \le t_1\right)$ бастапқы жылжымалылық деп аталады. Бұл кезеңде жылжымалылық функциясы жоғарыға қарай дөңес болады. Екінші кезең $\left(t_1 \le t \le t_2\right)$ орныққан жылжымалылық деп аталады, онда ол түзу сызықпен бейнеленеді. Үшінші кезең $\left(t_2 \le t \le \infty\right)$ төменге қарай жылжымалылық функциясының дөңес болуымен сипатталады және ол шектелмеген жылжымалылық деп аталады. Бұл кезеңдер міндетті болып табылады. Материалдың жылжымалылық қисығын сипаттауда кейде бұл кезеңдердің тек біреуі немесе екеуі ғана болуы мүмкін екені ескеріледі.

Тұтқырлысерпімді материалдың анықтауыш қатынасы (0, t_1) интервалында (t - уақыт, t_1>0) деформация ε(t) уақытқа байланысты кемімейтін функция $\frac{d\varepsilon(t)}{dt} > 0$ болсын. Бұл жағдайда (1) анықтауыш қатынасын мына түрде аламыз:

3) Теңсіздіктерді геометриялық салулар мен түсіндірулер жүргізулердің көмегімен теңсіздіктерді дәлелдеу.

4) Айқын теңсіздіктерді пайдалана отырып, теңсіздіктерді дәлелдеу.

5) Алдын ала дәлелденген теңсіздіктерді пайдалану арқылы теңсіздіктерді дәлелдеу.

Жоғарыда аталған төрт әдіс дипломдық жұмыстың бірінші тарауында келтірілді. Ал бесінші әдісті пайдалануды осы тарауда толықтай қарастыратын боламыз. Алдын ала дәлелденген теңсіздіктер ретінде Коши теңсіздігі, Бернулли теңсіздігі, Коши-Буняковский теңсіздігі, Чебышев теңсіздігі т.б. жатады.

Мектептегі «Алгебра және анализ бастамалары» пәні бойынша теңсіздіктерді дәлелдеу геометриядағы сияқты оқушылардың ойлау, логикалық ойлау қабілетін дамытуға, теориялық материалды терең меңгеруге, берік практикалық дағдыны қалыптастыруға көмектеседі. Соңғы кезде орта мектептегі «Алгебра және анализ бастамалары» пәні бағдарламасында теңсіздіктерді дәлелдеуге дұрыс көңіл бөлінбей келеді. Мектеп оқулықтарында бұл мәселеге арнап есептер қарастырылмаған. Сондықтан біз теңсіздіктерді тамаша теңсіздіктер деп аталатын теңсіздіктердің көмегімен дәлелдеуді қарастыратын боламыз. Тамаша теңсіздіктерге Коши теңсіздігі, Коши-Буняковский теңсіздігі, Чебышев тенсіздігі, Йенсен теңсіздігі жатады. Коши теңсіздігі мына түрде тұжырымдалатынын еске сала кетейік.

Лемма 1. Көбейтіндісі 1-ге тең $x_1, x_2, \dots, x_n$, оң сандары берілсін. Сонда $x_1 + x_2 + \dots + x_n \geq n$ теңсіздігі ақиқат болады, ал $x_1 + x_2 + \dots + x_n = n$ теңдігі $x_1 = x_2 = \dots = x_n = 1$ болғанда ғана орындалады.

Осы леммадан мынадай теорема шығады.

Теорема 1. Айталық, $y_1, y_2, \dots, y_n$ оң сандары берілсін. Сонда бұл сандар үшін мынадай теңсіздік орындалады: $\frac{y_1+y_2+\dots+y_n}{n} \geq \sqrt[n]{y_1 y_2 \dots y_n}$ және бұл теңсіздік $\frac{y_1+y_2+\dots+y_n}{n} = \sqrt[n]{y_1 y_2 \dots y_n}$ теңдігіне тек $y_1 = y_2 = \dots = y_n$ болған жағдайда ғана айналады.

Коши теңсіздігінің геометриялық мағынасын көрсетейік. Бізге тік бұрышты үшбұрыш берілсін, ал тік бұрышынан түскен h биіктігі, гипотенузаны a және b кесінділеріне бөледі. Геометрияда мынадай теңдік дәлелденген $h = \sqrt{ab}$. Ал енді $\frac{a+b}{2}$ нені білдіреді? Бұл гипотенузаның ұзындығының жартысын береді. Геометриядан бізге тік бұрышты үшбұрыштың тік бұрышынан түсірілген медианасы гипотенузаның жартысына тең екендігі белгілі. Сонымен, Коши теңсіздігін геометриялық талдауы - гипотенузаға түсірілген медиананың ұзындығы гипотенузаға түсірілген биіктіктен кем болмайды.

Сурет1. Коши теңсіздігінің үшбұрыштағы геометриялық талдауы

Берілген n, яғни $a_1, a_2, \ldots, a_n$ оң сандарының *геометриялық ортасы* деп мынадай $a^n = a_1 a_2 \ldots a_n$ теңдікті қанағаттандыратын a оң саны айтылады да оны мына түрде белгілейді: $a = \sqrt[n]{a_1 a_2 \ldots a_n}$.



$a_c + b_c = c$

$$h = \sqrt{a_c b_c}, a = \sqrt{c a_c}, b = \sqrt{c b_2}$$

Тамаша теңсіздіктерді көптеген есептерге қолдануға болады.

Мысалы:

- теңсіздіктерді дәлелдеу кезінде;
- функцияларды зерттеу мен олардың ең үлкен және ең кіші мәндерін табуға есептер шығару кезінде;
- теңдеулер мен теңдеулер жүйесін шешу кезінде;
- геометриялық есептерді шығаруда;
- қолданбалы сипаты бар есептер мен мәтіндік есептерді шешуде;
- физикалық мазмұндағы есептерді шығаруда;
- олимпиада есептерін шығару кезінде [1].

Тамаша теңсіздіктердің есеп шығаруда пайдаланылуын қарастырайық.

Мысал 1. Мынадай функцияның ең үлкен мәнін есептеңіздер

$$f(x) = 5\sqrt{x^2 + 25} + 4\sqrt{16 - x^2};$$

Шешуі. Алдымен функцияның (АО) анықталу облысын тауып алайық*:*

$$\begin{cases} x^2 + 25 \geq 0 \\ 16 - x^2 \geq 0 \end{cases} \Rightarrow [-4; 4]$$

Мынадай векторларды қарастырайық: $\vec{c}\{5; 4\}$; $\vec{d}\{\sqrt{x^2 + 25}; \sqrt{16 - x^2}\}$. Екі вектордың скаляр көбейтіндісін табайық:

$$\vec{c} \cdot \vec{d} = 5\sqrt{x^2 + 25} + 4\sqrt{16 - x^2};$$

Векторлардың ұзындықтарын табатын болсақ:

$$|\vec{c}| = \sqrt{5^2 + 4^2} = \sqrt{25 + 16} = \sqrt{41};$$

$$|\vec{d}| = \sqrt{\left(\sqrt{x^2 + 25}\right)^2 + \left(\sqrt{16 - x^2}\right)^2}\sqrt{x^2 + 25 + 16 - x^2} = \sqrt{41}$$

$$|\vec{c}| \cdot |\vec{d}| = \sqrt{41} \cdot \sqrt{41} = 41;$$

Коши-Буняковский теңсіздігі бойынша $\vec{a} \cdot \vec{b} \leq |\vec{a}| \cdot |\vec{b}|$ болғандықтан,

$$5\sqrt{x^2 + 25} + 4\sqrt{16 - x^2} \leq 41.$$

Енді қандай да бір $x \in [-4; 4]$ мәні үшін берілген функция $f(x) = 5\sqrt{x^2 + 25} + 4\sqrt{16 - x^2}$ 41-ге тең мәні болатынына көз жеткізейік. Ол үшін $[-4; 4]$ аралығында $5\sqrt{x^2 + 25} + 4\sqrt{16 - x^2} = 41$ теңдеуінің шешімі бола ма, соны тексеру қажет. Сонымен қатар, басқаша да жасауға болады, яғни x айнымалының қандай мәнінде $\vec{c} \neq 0, \vec{d} \neq 0$ векторлары бірдей бағытталғандығын анықтау қажет. [2].

Ол мынадай теңдік дұрыс болғанда орындалады:

$$\frac{\sqrt{x^2+25}}{5}=\frac{\sqrt{16-x^2}}{4}$$

Осыдан пропорция қасиеті бойынша $4\sqrt{x^2+25}=5\sqrt{16-x^2}\Rightarrow$

$$16(x^2+25)=25(16-x^2)\Rightarrow$$

$$16x^2+400=400-25x^2\Rightarrow 41x^2=0\Rightarrow x=0;\ x\in[-4;4]$$

Демек функцияның ең үлкен мәні

$$f(x)_{\text{ең үлкен}}=41.$$

Жауабы: функцияның ең үлкен мәні$f(x)_{\text{ең үлкен}}=41.$

Мысал 2. Тік бұрышты параллелепипедтің a, b, c, өлшемдері $3a+4b+10c=500$ қатынасын қанағаттандырсын, ал диагоналы $d=20\sqrt{5}$ -ке тең болсын. Тік бұрышты параллелепипедтің көлемін анықтаңыз,

Шешуі. Тік бұрышты параллелепипед үшін $a^2+b^2+c^2=d^2$.

$d=20\sqrt{5}$ болғандықтан, $a^2+b^2+c^2=2000$.

Коши-Буняковский теңсіздігін қолдансақ, онда

$$(3a+4b+10c)^2\le(9+16+100)(a^2+b^2+c^2)=125\cdot 2000=250000$$

Есептің шарты бойынша $3a+4b+10c=500$ болғандықтан, жоғарыда қолданылған Коши-Буняковский теңсіздігі теңдікке айналады, сондықтан $\frac{a}{3}=\frac{b}{4}=\frac{c}{10}=k$ теңдіктер тізбегі орындалады. Осыдан $a=3k,\ b=4k,\ c=10k$ аламыз. Бұл жағдайда $3a+4b+10c=500$ теңдігінен $9k+16k+100k=500$ немесе $k=4$ болатыны шығады. Демек, $a=12, b=16, c=40$ және параллелепипедтің көлемі $V=abc=7680$ болады.

Жауабы : 7680.

в) тригонометриялық теңдеулерді шешу кезінде:

1-есеп. $sinx+2sin2x=3+sin3\,x$ теңдеуін шешіңіз.

Шешім. Берілген теңдеу $2sin2x+sinx-sin3x=3$ тең. Ары қарай, екі бұрыштың синусы арасындағы айырмашылық формуласын қолданып, мына теңдеуді аламыз:

$2sin2x-2sinx\cdot cos2x=3$ немесе $sin2x-sinx\cdot cos2x=\frac{3}{2}$(1)

Коши-Буняковский теңсіздігін (1) теңдеудің сол жағына қолданамыз, содан кейін $(sin2x-sinx\cdot cos2x)^2\le(1+(sinx)^2)((sin2x)^2+(cos2x)^2+(cos2x)^2)\le 2$. Осыдан $sin2x-sinx\cdot cos2x\le\sqrt{2}$, яғни $sin2x-sinx\cdot cos2x<\frac{3}{2}$болатыны шығады, сондықтан теңдеудің түбірі жоқ.

Жауабы: түбірлері жоқ

Мысал 3. Мынадай a,b,c- үшбұрыштың қабырғалары үшін төмендегі теңсіздік орындалатынын дәлелдеңіздер

$$a^2b(a-b)+b^2c(b-c)+c^2a(c-a)\ge 0$$

Шешуі. $f(t)=t^2$ төмен қарайғы дөңес функцияны қарастырайық. Үшбұрыштың нүктелерін мынадай $x_1=a, x_2=b, x_3=c$ деп есептейікғ ал салмақтары мына түрде болсын: $\alpha_1=\frac{a+c-b}{a+b+c}, \alpha_2=\frac{b+c-a}{a+b+c}, \alpha_3=\frac{a+b-c}{a+b+c}$ және Йенсен теңсіздігін қолданайық, және $\alpha_1+\alpha_2+\alpha_3=1$ және $\alpha_1>0, \alpha_2>0, \alpha_3>0$ екендігі белгілі. Сонда

$$c^2\cdot\frac{a+c-b}{a+b+c}+b^2\cdot\frac{b+c-a}{a+b+c}+a^2\cdot\frac{a+b-c}{a+b+c}\ge\left(\frac{ac+c^2-bc+b^2+bc-ab+a^2+ab-ac}{a+b+c}\right)^2,$$ осыдан

$$c^2(a+c)^2-b^2)+b^2((b+c)^2-a^2)+c^2((a+b)^2-c^2\ge(a^2+b^2+c^2)^2$$

немесе

$$a^2b(a-b)+b^2c(b-c)+c^2a(c-a)\ge 0.$$

Математикадағы «тамаша теңсіздіктер» және Оларды қолдану

Аңдатпа

Мақалада «Теңсіздіктер» тақырыбы бойынша мектеп бағдарламасында аясында да, одан тыс математика саласында да жеткілікті жоғары деңгейде білім алуға мүмкіндік беретін, математикада кеңінен қолданылатын классикалық теңсіздіктерді қарастыруға арналған. Мақалада тамаша теңсіздіктер деп аталатын Коши, Коши-Буняковский, Бернулли, Чебышев теңсіздіктерін алгебра, геометрия және математиканың әртүрлі есептерін шығаруда пайдаланылу тәсілдері нақты мысалдармен түсіндірілген.

Кілт сөздер: теңсіздіктерді шешу, функцияларды зерттеу, теңсіздіктерді дәлелдеу, тригонометрялық теңсіздіктер.

«Замечательные неравенства» и их использование В математике

Аннотация

Статья посвящена классическим неравенствам в математике, которые позволяют получить достаточно высокий уровень знаний, как по школьной программе, так и для углубленного изучения темы «Неравенства». В статье на конкретных примерах объясняются способы использования замечательных неравенств, таких как неравенства Коши, Коши-Буняковского, Бернулли, Чебышева, при решении различных задач алгебры, геометрии.

Ключевые слова: решение неравенств, исследование функций, доказательство неравенств, тригонометрические неравенства.

“Remarkable inequalities” and their use in math

Annotation

Article is devoted to classical inequalities in mathematics, which allow you to get a fairly high level of knowledge, both in the school curriculum and for an in-depth study of the topic "Inequalities". In the article, concrete examples explain how to use remarkable inequalities, such as the Cauchy, Cauchy-Bunyakovsky, Bernoulli, Chebyshev inequalities, in solving various problems of algebra and geometry.

Keywords: solving inequalities, studying functions, proving inequalities, trigonometric inequalities.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Балаян, Э. Н. Лучшие олимпиадные задачи по математике: 7– 11 классы. – Ростов-на-Дону: Феникс, 2011. –318 с.
2. Балаян, Э. Н. 555 олимпиадных и занимательных задач по математике. 5–11 классы. – Изд. 2-е, доп. и перераб. –Ростов-наДону: Феникс, 2010. – 253 с.
3. Балаян, Э. Н. Сборник задач по математике для подготовки к ЕГЭ и олимпиадам: задачи повышенной сложности: 9–11 классы. – Ростов-на-Дону: Феникс, 2010. – 412 с.
4. Гомонов, С. А. Замечательные неравенства: способы получения и применения. 10–11 кл.: учебное пособие. – 3-е изд., стереотипное. – М. : Дрофа, 2007. – 152 с.

ГРНТИ 27.21.17

ТРИГОНОМЕТРИЯЛЫҚ ФУНКЦИЯЛАРДЫ ГЕОМЕТРИЯДА ПАЙДАЛАНУ ӘДІСТЕРІ

А.А.ИБРАЕВА, Б.К.КАЛИЕВ
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті

Тригонометриялық функциялар математикада және оны қолдануда маңызды роль атқарады. Олар үшбұрыштардың қабырғалары мен бұрыштары арасындағы қатынасты сипаттауда пайдаланылады. Тригонометрияны қолдану математиканың ең маңызды ұғымы ретінде функция ұғымы туралы көзқарасты бекітуге ықпал етеді, осылайша алгебра мен геометрия курсын байланыстырады. Диалектикалық дүниетанымды қалыптастыруда да тригонометриялық функциялардың маңызы зор. Тригонометриялық функциялар және оларды пайдалану арқылы көптеген геометриялық фактілер тікелей практикалық іс-әрекетте қолданылады, атап айтқанда, жер бетінде әртүрлі өлшеу жұмыстарын жүргізгенде және көптеген модельдердің үлгісін қалыптастыруда, яғни мерзімді процестер (жүрек соғуы, металдағы кернеудің ондағы жүктемеге тәуелділігі және т.б.) пайдаланылады.

Тригонометрияны геометрияда да, алгебра және анализ бастамаларында да қарастыратындықтан, ол мектеп математикасының ең қиын бөлімі болып есептеледі.

Негізінен геометриялық есептерді шешуде тригонометрияны қолдану төрт бағытта жүреді:

1) үшбұрыштың ауданы формуласын қолдану;

2) тікбұрышты үшбұрыштың қабырғалары мен бұрыштары арасындағы қатынасты пайдалана отырып:

а) бұрыштардың синусын, косинусын, тангенсін және котангенсін анықтау бойынша;

б) бірдей түрлендірулерді қолдану;

3) екі «теорема-жұмысшыны» қолдану – синустар теоремасы мен косинус теоремасы;

4) практикалық есептерді шешу кезінде.

Тригонометрия элементтері тек 9 және 10-сыныптардың геометриясының шағын қосындыларында ғана қамтылған және барлық материал шын мәнінде 11-сыныпта аяқталып, оқушылар үшін алгебраның абстрактілі бөліміне айналған.

Тригонометриядағы маңызды тақырыптардың бірі – тригонометриялық функцияларды қосу формулаларын пайдалану. ABC тікбұрышты үшбұрышын қарастырайық, мұндағы A төбесінен қарама-қарсы катетіне кесінді жүргізілген. ΔABC үшбұрышының ауданы ΔACP , ΔAPB үшбұрыштарының аудандарының қосындысына тең болады.

$\frac{1}{2} \cdot bc \cdot sin\varphi = \frac{1}{2} \cdot bl \cdot sin\alpha + \frac{1}{2} \cdot lc \cdot \sin(\varphi - \alpha)$. Мынадай теңдіктерді $l = \frac{\mathrm{b}}{\cos\alpha}$, $\mathrm{c} = \frac{\mathrm{b}}{\cos\varphi}$. ескерсек, онан кейін алатынымыз $tg\varphi - tg\alpha = \frac{\sin(\varphi - \alpha)}{\mathrm{co} \quad \cdot\cos\varphi}$ және ортақ бөлгішке келтіргеннен кейін, формула



1-сурет.

Тік бұрышты үшбұрыштағы бұрыштарды есептеу мына түрге келтіріледі: $\sin(\varphi-\alpha)=sin\varphi\cdot\ cos\alpha-\cos\varphi\cdot sin\alpha.$

Тікбұрышты үшбұрыштағы азайту формулаларын, сонан кейін $\varphi=\frac{\pi}{2}-\beta$ екендігін ескеріп, мынаны аламыз: $\cos(\beta+\alpha)=\cos\beta\cdot cos\alpha-sin\beta\cdot sin\alpha$. Алынған екі формуланы яғни мына формулаларды көбейту арқылы $\sin(\beta\ -\ \alpha)\ =\ sin\beta\ \cdot\ cos\alpha\ -\ \cos\beta\ \cdot\ sin\alpha$ және $\cos(\beta\ +\ \alpha)\ =\ \cos\beta\ \cdot\ cos\alpha\ -\ sin\beta\ \cdot\ sin\alpha$ және қос аргументтің формулаларын пайдалана отырып, синустардың айырмасының формуласын аламыз: $sin2\beta\ -\ sin2\alpha\ =\ 2\sin(\beta\ +\ \alpha)\ \cdot\ cos(\beta-\alpha)$.

Егер үшбұрыштың бір қабырғасына жүргізілген биіктікті қарастыру арқылы кішкене басқаша формуланы алуға болады. Бұл жағдайда:



2-сурет. Үшбұрыштың бұрыштарын есептеу

$$b=\frac{h}{\cos\varphi},\qquad c=\frac{h}{\cos\alpha},\frac{1}{2}\cdot bc\cdot\sin(\varphi+\alpha)=\frac{1}{2}\cdot bh\cdot\sin\varphi+\frac{1}{2}\cdot h\cdot c\sin\alpha$$

Нәтижесінде алатынымыз $tg\varphi+tg\alpha=\frac{\sin(\varphi+\alpha)}{\cos\alpha\cdot\cos\varphi}$, $\sin(\varphi+\alpha)=sin\varphi\cdot\ cos\alpha+\cos\varphi\cdot sin\alpha$, $\varphi=\frac{\pi}{2}-\beta$ екендігін ескеріп, мынаны аламыз:

$$\cos(\beta-\alpha)=\cos\beta\cdot cos\alpha+sin\beta\cdot sin\alpha$$

$\sin(\beta+\alpha)=sin\beta\cdot\cos\alpha+\cos\beta\cdot sin\alpha$ және $\cos(\beta-\alpha)=\cos\beta\cdot\cos\alpha+sin\beta\cdot sin\alpha$ көбейтетін болсақ, онда қос аргументтің формуласын пайдалана отырып, синустардың қосындысының формуласын аламыз [1]:

$$sin2\beta+sin2\alpha=2\sin(\beta+\alpha)\cdot cos(\beta-\alpha).$$

Осыған ұқсас $cos(\beta+\alpha)$ және $cos(\beta-\alpha)$ формулаларын көбейтіпғ алатынымыз $cos2\beta+\cos2\alpha=2\cos(\beta+\alpha)\cdot\cos(\beta-\alpha)$, ал $\sin(\beta+\alpha)$ және $\sin(\beta-\alpha)$ формулаларын көбейтіп, $cos2\beta-\cos2\alpha=2\sin(\beta+\alpha)\cdot 2\sin(\beta-\alpha)$ формуласын аламыз.

$\sin(\beta+\alpha)=sin\beta\cdot\cos\alpha+\cos\beta\cdot sin\alpha$

және $\sin(\beta-\alpha)=sin\beta\cdot\cos\alpha-\cos\beta\cdot sin\alpha$ формулаларын қосу арқылы мына формуланы аламыз:

$$2sin\beta\cdot\cos\alpha=\sin(\beta+\alpha)+\sin(\beta-\alpha).$$

$\cos(\beta+\alpha)=\cos\beta\cdot\cos\alpha-sin\beta\cdot sin\alpha$ және $\cos(\beta+\alpha)=\cos\beta\cdot\cos\alpha+sin\beta\cdot sin\alpha$ формулаларын қосу арқылы мына формуланы аламыз:

$$2\cos\beta\cdot sin\alpha=\cos(\beta+\alpha)+\cos(\beta-\alpha),$$

ал $\cos(\beta+\alpha)=\cos\beta\cdot\cos\alpha+sin\beta\cdot sin\alpha$ формулаларын азайту арқылы:

$$2sin\beta\cdot sin\alpha=\cos(\beta+\alpha)-\cos(\beta-\alpha)$$ аламыз.

$sin^2\alpha+cos^2\alpha=1$ тепе-теңдігі тригонометрияның негізгі тепе-теңдігі екендігін баршамыз білеміз және ол ол $x^2+y^2=1$ радиусы бірге тең, яғни бірлік шеңбер теңдеуіне сәйкес келеді. Сонымен бірге бірлік шеңбердегі нүктенің координаталары радиустың α бұрышымен айналу бұрышының синусы мен косинусының мәндері болып табылады (3-сурет).



3-сурет. Бірлік шеңберде синус пен косинусты көрсету

Бұрыштың бастапқы мәні ретінде координаталары (1; 0) болатын нүктесін алған ыңғайлы. Ал бұрыш [o^0; 360^0] диапазонындағы кез келген мәндерді қабылдауы және тригонометриялық функциялардың мәндерінде таңбасы кез келген болуы мүмкін. Оның үстіне координаталар 360° сайын қайталанып отыратындықтан, мынадай теңдік орындалады: $sina=\sin(a+360^\circ\cdot n)$, $\cos\alpha=\cos(\alpha+360^\circ\cdot n)$, мұндағы $n\in N$.

Шеңбердегі доғаның ұзындығы центрлік бұрышқа тікелей байланысты болғандықтан, бұрышты доғаның ұзындығымен өлшеген дұрыс болады. Бірлік шеңбердің бойындағы α бұрышына тірелетін доғаның ұзындығын градуспен өлшенгендегі мәні мынадай болып есептелетіні түсінікті: $l=\frac{2\pi R}{360^o}\alpha$ немесе $l=\frac{\pi R}{180^o}\alpha$. [2].

Осылайша, 45° бұрышқа $l = \frac{\pi}{4}$ доғасы, ал 60° бұрышқа $l = \frac{\pi}{3}$ доғасы сәйкес келеді. Ұзындығы 1-ге тең доғаға $\alpha = \frac{180°}{\pi} \approx 57{,}29578°$ бұрышы сәйкес келеді. Бірлік шеңберде бұл доға радиусқа тең болады. Бірақ сонымен бірге кез келген радиустағы шеңбердегі доғаның ұзындығының $l = \frac{2\pi R}{360°}\alpha$ формуласынан радиусқа тең доғаға $\alpha \approx 57{,}29578°$ бұрышы сәйкес келеді. Радиусқа тең доғаға тірелетін мұндай центрлік бұрышты радиан деп атайды. « π радиан = $180°$ » жазбасы физикадағыдай, бір бірлік жүйесінен екіншісіне аударуды білдіреді.

Алдыңғы тараудағы синустар мен косинустарға байланысты шығарылған қосу және азайту формулаларының нәтижелерін пайдалану координаталық осьтердегі синустың немесе косинустың әрбір мәні [о^0; 360^0] диапазонында бұрыштың екі мәніне сәйкес келетінін ескере отырып, келтіру формулалары деп аталатын формулаларды құрастыруға болады. Мысалы, $\sin(90° \pm a) = \cos\alpha$, $\sin(180° - a) = \sin\alpha$, $\sin(180° + a) = -\sin\alpha$.

Ұқсас формулаларды басқа тригонометриялық функциялар үшін де жазуға болады. Дегенмен, ережелердің тұжырымдауынан олардың жалпы ережелерін келтіруге болады. Ол үшін, a бұрышының мәнін қарастыра отырып, бұрыш қай ширекте орналасқаны анықталады. Сонан соң қарастырылған ширектегі тригонометриялық функцияның таңбасы анықталады. Ақырында, функцияның - 90, 180, 270 немесе 360° бойынша қандай мәнге тең болатыны анықталады. [3].

Ал енді Үшбұрыштарға арналған синустар теоремасын қарастырайық.



$S = \frac{1}{2}bc \cdot sina$

4-сурет. Ушбұрыштағы синустар теоремасы

«Элементар математика» курсынан үшбұрыштың ауданы формуласы бойынша есептелетіні белгілі, ал енді оны мына түрде жалғастыруға болады: $S = \frac{1}{2}bc \cdot sina = \frac{1}{2}ac \cdot sin\beta = \frac{1}{2}ba \cdot sin\gamma$. Алынған формуладағы барлық теңдіктерді қабырғаларының көбейтіндісіне бөліп жіберейік, сонда қабырғалар мен оларға қарама-қарсы бұрыштарының синустарының пропорционалдылығын аламыз:

$$\frac{\sin\alpha}{a} = \frac{\sin\beta}{b} = \frac{\sin\gamma}{c}$$



5-сурет. Синустар теоремасын дәлелдеу

Синустар теоремасындағы өрнекті жалғастыруға болады. 4 және 5-суреттерде радиусы R шеңберге іштей сызылған үшбұрыштар көрсетілген. 4–суреттегі жағдайда сүйір бұрышты үшбұрыштың қабырғасын анықтайық. OBC үшбұрышында ON орта перпендикуляры, ал BON және NOC бұрыштарының шамасы іштей сызылған BAC бұрышының шамасына тең болады, сондықтан $a = 2R \sin \alpha$. Үшбұрыштың барлық қабырғалары үшін ұқсас теңдіктерді жазып, синустар теоремасын өрнектейтін келесі формуланы аламыз:

$$\frac{a}{\sin \alpha} = \frac{b}{\sin \beta} = \frac{c}{\sin \gamma} = 2R.$$

Доғал үшбұрыш жағдайында (5-сурет) OAC үшбұрышында OK орта перпендикуляры, ал COK және KOA бұрыштарының шамасы $\frac{360°-2β}{2}$, сондықтан $b = 2R\sin(180^o - \beta) = 2R\sin \beta$ болады.

Осылайша, синустар теоремасы үшін бірдей өрнекті және келесі тұжырымды аламыз: *үшбұрыштың қабырғалары қарама-қарсы бұрыштардың синусына пропорционал және сырттай сызылған шеңбердің диаметрі мен қарама-қарсы бұрыштың синусының көбейтіндісіне тең болады.*

Аңдатпа

Тригонометриялық функциялар математикада және оны қолдануда маңызды роль атқаратындығы, оларды үшбұрыштардың қабырғалары мен бұрыштары арасындағы қатынасты сипаттауда пайдаланылатындығы жайлы мәліметтер қарастырылған. Тригонометрияны қолдану математиканың ең маңызды ұғымы ретінде функция ұғымы туралы көзқарасты бекітуге ықпал етіп, алгебра мен геометрия курсын байланыстыратындықтан, мақалада тригонометрия тақырыбын геометрияда пайдалануға арналған теориялық және дидактикалық материалдар жинақталған және оларды есептерді шығаруда пайдалану мысалдары келтірілген.

Кілт сөздер: Бірлік шеңбер, бұрыштар шамасы, тригонометриялық функциялар, синустар теоремасы.

Аннотация

Тригонометрические функции играют важную роль в математике и ее приложениях, они используются для описания соотношения между сторонами и углами треугольников. Поскольку использование тригонометрии как важнейшего понятия в математике укрепляет представление о понятии функции и связывает курс алгебры и геометрии, в статье содержатся теоретические и дидактические материалы по применению тригонометрии в геометрии и примеры их использования при решении конкретных задач.

Ключевые слова: единичная окружность, угловая мера, тригонометрические функции, теорема синусов.

Annotation

Trigonometric functions play an important role in mathematics and its applications, they are used to describe the relationship between the sides and angles of triangles. Since the use of trigonometry as the most important concept in mathematics strengthens the concept of a function and links the course of algebra and geometry, the article contains theoretical and didactic materials on the application of trigonometry in geometry and examples of their use in solving specific problems.

Key words: Unit circle, angle measure, trigonometric functions, theorem of sines.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Асқарова М. Элементарлық математика Оқу құралы / М. Асқарова.- Алматы: "Қарасай" баспасы, 2013.- 460 б.
2. Литвиненко В.Н., Мордкович А.Г. Практикум по элементарной математике. Алгебра. Тригонометрия.- М.: Просвещение, 1991
3. Азаров А.И., Тригонометрия. Тождества, уравнения, неравенства, системы: Учеб.пособ. [Текст] / Азаров А.И., Булатов В.И., Федосенко В.С., Шибут А.С. - Минск, 1999.
4. Епишева О.Б. Технология обучения математике на основе деятельностного подхода.- М.: Просвещение, 2003

ГРНТИ 27.17.35

ЖИЫН ЕСЕПТЕРІН МАТЕМАТИКАЛЫҚ МОДЕЛЬДЕУ

Н.Ә.ИСАЕВА
М.Шоқай атындағы №187 IT мектеп-лицейі

Жалпы, жиын ұғымы сандармен байланысты ал сандар өте көп әрі шексіз. Рационал сандар жиынына бүтін сандар, оң бөлшек және теріс бөлшек сандар жататыны белгілі. Кез келген рационал санды шектеусіз периодты ондық бөлшекпен жазуға болады. Шектеусіз периодсыз ондық бөлшек түрінде өрнектелген санды иррационал сандар деп атайды. Рационал және иррационал сандар жиындарын нақты сандар жиыны құрайды. Иррационал сандарға және комплекс сандар жиынына алдағы уақыттарда толығырақ тоқталып осы тақырыпты әрі қарай жалғастырамыз деген мақсатта ғылыми жұмысты *«Жиын есептерін математикалық модельдеу»* деп таңдап алдық. Тақырып аясында математикалық әдебиеттерге талдау жасалды. Математиканы үйрене отырып, біз негізгі түсініктердің бірі –санды меңгереміз. Дәл осы түсінік тікелей өмірмен байланысты. Сандарды үйрену натурал жиындардан басталады, олар заттарды санау үшін қолданылады немесе бірдей заттардың ішінде біреуінің реттік нөмірін көрсету үшін қолданылады. Натурал сандармен жұмыс істеуді бірінші сыныптан бастадық. Алайда

«Натурал сандардың жиыны» деген термин тек бесінші сыныптың басында ғана қолданыла бастайды.

Әрі қарай кейбір бүтін санды бөлуге байланысты тәжірибелік есептерді шешу үшін натурал сандар жеткіліксіз, сондықтан бөлшектер пайда болған. Бүтін теріс сандармен танысып болғаннан кейін теріс бөлшек сандармен жұмыс істей бастадық. Алтыншы сыныптың екінші жарты жылдығында «бүтін сандардың жиыны» деген термин сөз пайда болады, олар натурал сандардың жиынын біріктіреді, «рационалды сандар жиыны», оларға бүтін сандар мен бөлшек сандар жатады. Осы сандар жиыны тақырыбын толықтыратындай арнайы есептер жүйесін ұсынамыз. Бұл біздің зерттеу жұмысымыздың өзектілігін көрсетеді. Математикада XIX ғасырдың екінші жартысында жиын ұғымы пайда болды. Жиын ұғымының математикаға енуі жиын теориясын қалыптастырды. Жиын теориясының негізін қалаушы неміс математигі ***Георг Кантор***(1845-1918) болды.

Жиын ұғымы математиканың негізгі, алғашқы ұғымдарының бірі, сондықтан ол басқа ұғымдар арқылы анықталмайды.

Сан ұғымынан бұрын шыққан жиын ұғымын қандай да бір нәрселердің жинағы ретінде түсінеміз, ол жинаққа кіретін нәрселерді жеке-жеке қабылдауға және оларды бір-бірінен де, бұл жинаққа жатпайтын басқа нәрселерден де ажыратуға болады деп білеміз.

«Жиын» деген сөз математикада «көптіктің» мағынасында, оның бір баламасы ретінде қолданылады. Ол сөз жоғарыда айтқанымыздай «жинақ», «жиынтық» мағынасын білдіреді. Жиындар алуан-алуан объектілерден құралуы мүмкін, ол объектілері жиынның **мүшелері** немесе **элементтері** деп аталады.

Мысалы, «адамдар жиыны» тірі табиғат объектілерінен құралса, «кітап жиыны» жансыз табиғат объектілерінен құралады. Ал бүтін сандар жиынын алсақ, бұл жиын нақтылы объектілерден емес, дерексіз ұғымдардан тұрады. Сөйтіп, не туралы пікір қорытып, ойлай алатын болсақ, солардың бәрі де жиын элементтері бола алады.Сондай-ақ жиын атаулының бәрі біртектес объектілерден құралуы да шарт емес. Мысалы, элементтері оқушы, кітап, қалам, дәптер болатын жиын немесе үстел үстіндегі нәрселердің: шам, кітап, алма, қалам жиыны туралы сөз етуге болады. Жиын жалғыз ғана элементтен де құралуы мүмкін. Мысалы, Жердің барлық табиғи серіктерінің жиыны жалғыз серіктен – Айдан тұрады. Жиынның элементтерінің өздері жиындар болуы мүмкін. Мысалы, элементтерінің саны екіге тең жиындардың жиынын алатын болсақ, мұндай жиынның элементтері деп «су» сөзіндегі әріптер жиыны, адамның құлақтарының , көздерінің, қолдарының , құстың қанаттарының т.с.с. жиынын айтуға болады.

Жиын латын алфавитінің үлкен әрпімен A,B……,Z белгіленеді. Бір де бір элементі болмайтын жиынды **құр(бос)** жиын деп атайды. Оны Ø түрінде белгілейді. Жиынның элементтері латын алфавитінің кіші әріптерімен белгіленеді.

Жиынның кез-келген элементінің ол жиынға жататындығы(тиістілігі) немесе оған жатпайтындығы (тиісті еместігі) тағайындалған болса , ондай жиын толығынан анықталған жиын деп аталады. ***a*** элементінің М жиынына жататындығын тиістілік таңбасы арқылы белгілейміз: *a Є M.*

Бұлай белгілеуді сөзбен түрліше айтуға болады.

a дегеніміз М жиынының элементі.

a элементі М-ге тиісті.

Жиын деген сөзді бірінші анықтап алайық, ол нені білдіреді? Жиын дегеніміз аспандағы жұлдыздар жиыны болуы мүмкін, мектептегі оқушылар жиыны болуы мүмкін, күнделікті өмірде кездесетін сандардың өзі натурал сандар жиынында болуы мүмкін.

Мысалы, біз «планета» деген сөзді қарастырайық. Жиынды латынның үлкен әріптерімен белгілейміз.

$$P = \{\text{п, л, а, н, е, т}\}$$

Элемент заңдылығы бойынша 1 әріп 2 рет қайталанбау керек, яғни а екі рет жазылуға болмайды, яғни «планета» сөзіне {п, л, а, н, е, т} деген 6 әріп кіреді екен, енді мұны математикалық тілде жазылуын көрсетейін:

$$n(P) = 6$$

Жиындар екіге бөлінеді шектеулі жиын және шектеусіз жиын, яғни планета сөзі шектеулі жиын қатарында.

Мысалы, натурал сандар жиынын қарастырайық:

$$N = \{1, 2, 3, 4, 5, \dots\}$$

Натурал сандар жиынында сан көп болғандықтан ол шектеусіз жиын болып табылады, яғни оның ішкі құрамында сандардың жиыны шексіз көп.

Енді сұрақ 7 саны натурал сандар жиынына тиісті ме жоқ па, біз білеміз натурал сандардың ішінде 7 деген сан бар, демек ол натурал сандар жиынына тиісті. Оны біз былай белгілейміз:

$$7 \in N$$

$\in -$тиісті деген мағынаны білдіретін белгі.

Натурал сандар қатарында 0 саны жата ма? Натурал сандар қатарына тек қолмен санай алатын заттардың барлығы кіретінін білеміз, демек 0 саны натурал сандар қатарына кірмейді.

$$0 \notin N$$

$\notin -$тиісті емес деген мағынаны білдіретін белгі

Сонымен қатар бос жиын деген де ұғым бар,

Меркурий деген планетаны барлығымыз жақсы білеміз, онда бізге тапсырма былай, Меркурий планетасында маймылдар мекендейді, өзіміз ойлап қарасақ маймылдар меркурий планетасында мекендемейді, демек бұл бізде бос жиын болып табылады. Оны біз математикалық символмен былай көрсетеміз:

$\emptyset -$бос жиын

В жиынының әрбір элементі А жиынының да элементі болған жағдайда ғана, В жиыны А жиынының **ішкі жиыны** болып табылады, яғни В⊂А дейміз.

Венн диаграммасы тұйықталған пішіндерден тұратын жиындардан құралған.

Егер В жиынының барлық элементтері А жиынына тиісті болса, онда В жиыны А жиынының ішкі жиыны деп аталады. Мысалы; А= (1;2;3;4;5;6;7) осы жиынға тиісті жұп сандар жиыны А жиынының ішкі жиыны деп аталады. Осы жиынға тиісті жұп сандар жиыны А жиынының ішкі жиыны деп аталады. В= (2;4;6) .

Жиындардың байланыстары арақатынастары Эйлер дөңгелектері

(алғаш рет XYIII ғасырда өмір сүрген швейцариялық белгілі математик Леонард Эйлер пайдаланған.) В жиыны А жиынының ішкі жиыны екені Эйлер дөңгелектері арқылы кескінделген.

Жиынның толықтауышы.

А — қайсыбір кластағы барлық парталар жиыны, ал В — осы кластағы бір қатарда тұрған парталар жиыны, яғни ВÌА болсын. Егер В жиынына кластағы басқа қатарда тұрған парталарды қоссақ, онда А жиыны шығады. Бұл жерде біз В жиынын А жиынына дейін толықтырдық.

Сонымен, егер В ∉ А болса, онда А жиынының В жиынына тиісті емес элементтерінің жиыны В жиынының А жиынындағы толықтауышы деп аталады және ∉ арқылы белгіленеді.

Егер А және В жиындарын Эйлер-Венн диаграммалары арқылы кескіндесек, онда А жиынындағы В жиынының толықтауышы штрихталған бөлік болады.

Мысалы бір сыныпты қарастырайық, бір сыныптағы оқушылар олар оқушылар жиыны, ал оқушыларды мектеп бойынша қарастырсақ, бір сынып оқушылары барлық оқушылардың жиыны болып табылады, сонда бір сынып оқушылары барлық мектептің оқушылар жиынын құрағандықтан, бір сынып үлкен мектептің ішкі жиыны болып табылады. Мысалы B жиынының барлық элементі A жиынында бар болатын болса, онда B жиыны A жиынының ішкі жиыны дегенді білдіреді. Белгіленуі:

$$B \subset A$$

$\subset$ – ішкі жиынның белгіленуі.

Аңдатпа

Мектеп математикасында сандар жиынын тереңдетіп оқыту көзделсе біздерге сандар және оларға қолданылатын амалдар мен қасиеттері туралы теориялық білімді жоғарғы жаңа сатыда жалғастыруға мүмкіндіктер ашылады. Оған қоса, сандар жиынына берілген есептерді геометриялық кескіндеп математикалық модельдермен байланыстыру тиімді нәтиже берері сөзсіз.

Аннотация

Сандар жиынының теориясы жан-жақты зерттеліп, жинақталған материалдар негізінде мектеп математика курсындағы сандар туралы білімді тереңдетуге ықпал ететін арнайы есептер жүйесі мен оларды шешудің математикалық моделі ұсынылуы. Жалпы жиын есептерін математикалық модельдеу барысында есептер шығарудағы теңдеу құру және Эйлер-Венн диаграммасын құру қарастырылады.

Annotation

The theory of the set of numbers is comprehensively studied, and on the basis of the collected materials, a special system of problems and a mathematical model of their solution are proposed, which contribute to the deepening of knowledge about numbers in the school mathematics course. In the course of mathematical modeling of general set problems, the creation of an equation in solving problems and the creation of an Euler-Venn diagram are considered.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Көбесов А. Математика тарихы. Оқу құралы. Алматы,1993
2. Мәліков, Т.С. Сандар жүйелері.- Алматы: Бастау баспасы, 2013.- 308 б.
3. Майкотов Н.Р. Жиындар мен математикалық логиканың элементтері. – Алматы: «Кітап», 1985.
4. Судоплатов С.В., Овчинникова Е.В. Элементы дискретной математики. – М.: ИНФРА-М, Новосибирск: изд-во НГТУ, 2002.
5. Андерсон, Д. Дискретная математика и комбинаторика.: Пер. с англ. – М.: Издатель- ский дом «Вильямс», 2004. – 960 с.: ил. – Парал. тит. англ.

ГРНТИ 27.47.19

BIMEVOX ЭЛЕКТРОЛИТ НЕГІЗІНДЕ ҚАТТЫ ОКСИДТІ ОТЫН ЭЛЕМЕНТТЕРІН ӨНДІРУ

БАКАЛБАЕВА ГУЛШАТ АККУЛОВНА
«Болашақ» университеті, «Математика және ақпараттық технологиялар» кафедрасының аға оқытушысы

Стехиометриялық емес оксидтер қатты күйдегі отынэ лементтеріне (оттегі электролиттері мен электрод материалдары), жартылай өткізгіш оттегі мембраналарына, катализаторларға, жоғары температуралы асқын өткізгіштерге, магниттік материалдарға, алып магниттік кедергісі бар материалдарға арналған материалдарына қарағанда перспективалы болып табылады. Бұл оксидтердің мақсатты қасиеттері көбінесе олардың нақты құрылымымен анықталады, яғни олар оттегі стехиометриясының функциялары болып табылады, нәтижесінде олар температураға ғана емес, сонымен қатар оларды қоршаған газ фазасының оттегінің ішінара қысымына да байланысты. log(pO_2,атм.)=–30 дейін оттегінің ішінара қысымының (фугитивтілігінің) берілген мәндерінің кең ауқымын жоғары дәлдікпен ұстау жабық көлемде стехиометриялық емес оксидтер негізінде материалдардың қасиеттерін зерттеуге, сондай-ақ өнеркәсіптік және зертханалық жағдайларда осындай материалдарды алуға арналған ғылыми-зерттеу жабдықтарының көптеген түрлерінің жұмысының қажетті шарты болып табылады. Сонымен қатар, оттегінің берілген қысымын автоматты түрде ұстап тұру үшін тек екі жаппай өндірілген мамандандырылмаған шешімді қолдануға болады: вакуумдау және қажетті құрамның газ қоспаларын жасау. Екі шешімде де олардың өте жоғары бағасына қарамастан бірнеше кемшіліктері бар. Тіпті жетекші шетелдік вакуумдық жабдық өндірушілері де log(pO2,атм.)=-7 төмен қысымға қол жеткізуге мүмкіндік беретін герметикалық қондырғыларды жаппай шығара алмайды. Екінші әдісті іске асыру кезінде электронды бақылаушылары бар газ крандарынан басқа келесі сығылған газдардың баллондары немесе генераторлары қажет: инертті газдар, оттегі, сутегі, көміртегі тотығы. Бұл олардың үлкен сызықтық өлшемдеріне байланысты қолайсыздық тудырып қана қоймайды, сонымен қатар қосымша техника қауіпсіздігіне де үлкен талаптар қояды. Қатты электролиттер негізіндегі датчик пен электрохимиялық насос көмегімен басқа әдіс арқылы берілген ішінара қысымды автоматты түрде ұстап тұруға арналған құрылғылар қазіргі уақытта өнеркәсіппен шығарылмайды.

Қатты дене химиясы сонымен қатар микроэлектроника сияқты қарқынды дамып келе жатқан инженерлік салалардың жетістіктерінің негізі болып табылады. Алайда, осы салада жұмыс істейтін зерттеушілер экспериментті автоматтандыру құралдарының жетіспеушілігіне тап болады. Қазіргі уақытта күрделі оксидтердің физика-химиялық қасиеттерін өлшеу үшін, әдетте, бір данада бар қондырғылар қолданылады, көбінесе экспериментті автоматтандыру құралдарының болмауына байланысты өте жоғары еңбек шығындарын қажет етеді. Стехиометриялық емес оксидтерді эксперименттік зерттеу жүргізетін зерттеушілердің қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін орындаушы мамандары бұрын Zirconia-318 оттегінің парциалды қысымының автоматты реттегішін жасаған. Реттегіштің берілген қысым мәнін оның кең ауқымында ұстап тұрудың жоғары дәлдігі және көптеген қосымша мүмкіндіктері бар. Реттегіштің ұзақ мерзімді жұмысы оны одан әрі модернизациялау жолдарын және оттегінің температурасы мен парциалды қысымына байланысты перспективалы күрделі оксидтердің мақсатты қасиеттерін эксперименталды түрде анықтай алатын толық автоматтандырылғанкешендерді құру жолдары ұсынылады.

Таблетка жоғарғы электрод (катод) ауа атмосферасында, ал төменгі (анод) отын газының ортасында болатындай етіп бекітіледі. Тұрақты контактіні қамтамасыз ету үшін қосымша механикалық қысым суретте көрсетілгендей салынды.

Жұмыс жасау кезеңінде бейорганикалық жоғары температуралы $20SrO{\cdot}40SiO_2{\cdot}30B_2O_3{\cdot}10$ BIFEVOX әйнек қолданылады (бұдан әрі жоғары температуралы әйнектің құрамын көрсеткенде сандар компоненттердің мольдік пайыздарын көрсетеді).

10% BIFEVOX әйнегі600^o С -тан жоғары температурада ұзақ күйдіру кезінде қайта кристалдануға ұшырайды, оның алдын алу үшін BIFEVOX компонентінің мазмұны үш есе азайтылады.

21,5 $SrO{\cdot}43{,}0\ SiO_2{\cdot}32{,}2\ B_2O_3{\cdot}3{,}3$ BIFEVOX шыны құрамы берілген арақатынаста ұнтақ компоненттерін араластыру арқылы алынады. Содан кейін қоспаны изопропил спирті қосылған агат ерітіндісінде ұнтақтау керек. Алынған ұнтақ қоспасы 1300^o С алунд тигелінде балқытылады. Осы күйдіру нәтижесінде алынған әйнек изопропил спирті қосылған агат ерітіндісінде ұнтақталады.

Электролит таблеткасын алунд түтігіне бекіту үшін органикалық желімнің қоспасы жұқа жоғары температуралы әйнекпен дайындалады. Бұл қоспаны түтік пен таблетканың түйіскен жеріне қолданады. Содан кейін ұяшық пешке орналастырылып тығыздағыш қоспаның органикалық компонентін кетіру үшін осы температурада қысқа экспозициямен 400^o С дейін қыздырылады. Содан кейін ұяшық әйнектің тұтқыр-ағымдағы күйге (800^o С) ауысу температурасына дейін қыздырылып, онда 10 минут ұстау арқылы бөлме температурасына дейін баяу салқындатылады (50 ^{o}С/сағ).

Вольтамперлік сипаттаманы алып тастау үшін Agilent34401Амультиметрі және 0,05 класты МСР-63кедергі магазині қолданылады. Ұяшық арқылы жанармай газының тұрақты ағыны кезінде 400 ^{o}С-ден 700 ^{o}С дейінгі жұмыс температурасының интервалында өлшеулер жүргізіліп, кернеу мәндері 100 кОм-дан 100 Ом-ға дейінгі диапазонда өзгертілген тізбектей қосылған кедергінің мәніне байланысты параллель қосылған мультиметрге бекітілу керек.

Асимметриялық ұяшық - бұл жағдайда $La_{0.55}Sr_{0.45}Co_{0.75}Fe_{0.25}O_3$ катод және Pt анод отын ұяшығы. Асимметриялық жасушаның жұмысын бағалау жүргізіліп, сутектің жасуша арқылы үздіксіз өтуі кезінде вольтамперлік сипаттамалар алынады.



Сурет 2. Әртүрлі температурадағы жазықтық типтегі асимметриялық ұяшықтың вольт ампер сипаттамалары



Сурет 3. Әртүрлі температурадағы жазықтық типтегі асимметриялық ұяшықтың вольт ампер сипаттамалары

Вольт ампер сипаттамаларын өлшеу арқылы Bimevox отбасының электролиттеріне негізделген қатты оксидті отын элементтері өндіріледі.

Аңдатпа

Стехиометриялық емес оксидтердің мақсатты қасиеттерін эксперименттік зерттеу әдістерін дамыту, отын элементтері материалдарының физикохимиялық қасиеттерін зерттеу, Bimevox отбасының электролиттеріне негізделген жаңа жоғары тиімді орташа температуралы қатты оксидті отын элементтерін құру және сертификаттау.

Кілттік сөздер: отын элементтері, қатты электролиттер, электродтар, күрделі оксидтер, оттегі стехиометриясы, ақаулы құрылым, оттегінің ішінара қысымы, эксперименттi автоматтандыру.

Аннотация

Развить методы экспериментального исследования целевых свойств нестехиометрических оксидов, исследовать физикохимические свойства материалов для топливных элементов, создать и аттестовать новые высокоэффективные среднетемпературные твердооксидные топливные элементы на основе электролитов семейства Bimevox.

Ключевые слова: топливные элементы, твердые электролиты, электроды, сложныеоксиды,кислороднаянестихиометрия,дефектнаяструктура,парциальноедавлениек ислорода,автоматизацияэксперимента.

Annotation

To develop methods of experimental investigation of the target properties of non-stoichiometric oxides, to investigate the physicochemical properties of materials for fuel cells, to create and certify new high-efficiency medium-temperature solid oxide fuel cells based on electrolytes of the Bimevox family.

Key words: fuel cells, solid electrolytes, electrodes, complex oxides, oxygen stoichiometry, defective structure, partial oxygen pressure, experiment automation.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Стихии А.С. Энергоустановки на щелочных топливных элементах.//Труды 3 Международного Симпозиума по водородной энергетике. Москва. МЭИ. 1-2 декабря 2009. Изд. МЭИ. С. 63-71.

2. Коровин Н.В. Топливные элементы и электрохимические энергоустановки. - М.//Издательство МЭИ. 2005.

3. A.Bieberle - Hiitter, L.J. Gauckler. Fuel cells - Solid Oxide Fuel Cells.//Encyclopedia of Electrochemical Power Sources. 2009. P. 148-157.

4. S. Singhal, K. Kendall. High Temperature Solid Oxide Fuel Cells: Fundamentals, Design and Applications.

5. Твердооксидные топливные элементы.//Сборник научно-технических статей. Снежинск. Издательство РФЯЦ-ВНИИТФ. 2003.

6. А.С. Липилин. ТОТЭ и энергосистемы на их основе: Состояние и перспективы. Институт электрофизики УрО РАН, г. Екатеринбург, Россия. 2006.

7. Анциферов В.Н., Севастьянов И.Г. Влияние тонкого измельчения на структуру и свойства диоксида циркония. Огнеупоры. 1994. №2. С. 2.

8. Лукин Е.С. Современная высокоплотная оксидная керамика с регулируемой микроструктурой. Влияние агрегации порошков оксидов наспекание и микроструктуру керамики. Огнеупоры и техническая керамика. 1996. №2. С. 9.

9. Коровин Н.В., Волощенко Т.Н., Смирнов В.Н., Вагин В.Ф. Математическое описание анодных процессов в высокотемпературном топливном элементе. В сб. Проблемы термодинамики, кинетики имассопереноса в электрохимической энергетике. № 95, Москва, МЭИ, 1986, С. 5-9.

ГРНТИ 27.29.15

МАТЕМАТИКАЛЫҚ ОЛИМПИАДАЛАР ЕСЕПТЕРІН ШЕШУДЕ МАТЕМАТИКАЛЫҚ АНАЛИЗ ӘДІСТЕРІН ҚОЛДАНУ

КАЗАКБАЕВА Г.К.[1] , НАЗАРОВА К.Ж.[2]

[1]Қ.А. Яссауи атындығы ХҚТУ 2-курс магистранты, Түркістан қаласы,

[2]Қ.А. Яссауи атындығы ХҚТУ, ф-м.ғ.к., доцент, Түркістан қаласы,

КІРІСПЕ

Білім беру ұйымдарында математиканы оқытудың негізгі міндеті – жас жеткіншектерді Отанға адалдық, биік адамгершілік, рухани байлық пен еңбекке деген адалдық рухында тәрбиелеу. Білім беруді ізгілендіруге қол жеткізу – қоғамның әрбір мүшесіне қазіргі нарықтық экономика жағдайларын ескере отырып, еңбекке және күнделікті өмірге қажетті математикалық білім, білік, дағды беру.

Соңғы жылдары білімді де дарынды жастарымыздың халықаралық олимпиадалардағы жетістіктері жылдан-жылға жақсарып келеді. Жастарымыз бұдан да биік жетістіктерге жетіп, еліміздің мерейін өсіреді деп сенеміз. Біздің мақсатымыз – жас ұрпақтың дарындылығын, қабілеттерін, дарындарын анықтау, ашу және дамыту.

Өйткені, олимпиада есептері бастауыш және жоғары математика есептерінің ең тартымды жинағы болып табылады. Олимпиада есептері оқушыларды терең ойлауға, өз бетімен жұмыс істеуге, таланты мен шеберлігін шыңдауға, шығармашылық ой-өрісін байытып, жігерлі тұлға болуға және шешім қабылдай білуге үйретеді.

Олимпиада есептері оқушыларды логикалық ойлауға, қорытындыны дәлелдеуге итермелейтіні белгілі. Есептерді шығару барысында студенттер теориялық білімдерін қайталайды және оны іс жүзінде қолдана білуге дағдыланады. Математикалық талдау әдістерін қолдануды үйрену және оларды математикалық олимпиада есептерін шығаруда қолдану жолдарын табу оқушылардың математикаға деген қызығушылығын арттырады. Бұл жұмыста біз дифференциалдық есептеудің қосымшаларын ұсынуды мақсат еттік.

ӘДЕБИЕТТІ ТАЛДАУ ЖӘНЕ ӘДІСТЕМЕСІ

Бұл мақаланың мазмұны мен тақырыбы туралы алдын ала мәліметтерді Иванова Ж.В. [4], М.Б. Байбазаров, Ө.Д.Ершібаев. [2] және В. Серікбаева [5] әдебиеттерінен табуға болады. Математикалық талдау әдістерін қолдану арқылы шешуге болатын математикалық олимпиада мысалдары мен есептер, Виленкин Н. Я. [3] және Жәутіков О.А. [1] әдебиетінен кездестіруге болады.

Мақала математикадан олимпиада есептерін шешуде математикалық талдау әдістерінің рөлі мен орнын көрсетуге арналған. Негізгі назар дифференциалдық есептеудің негізгі теоремаларына аударылады.

ТАЛДАУ МЕН НӘТИЖЕЛЕР

Дифференциалдық есептеудің негізгі теоремаларын қолданып шығарылатын есептер. Бұл бөлімде біз функцияның туындысын бірнеше есептерге қолдануды ұсынамыз.

1-есеп. Егер $a \ge 0$, $b \ge 0$, $p \ge 1$ болса, онда $\left(\frac{a+b}{2}\right)^p \le \frac{a^p+b^p}{2}$ болатынын дәлелдеңіз.

Дәлелдеу. $a=0$ немесе $b=0$ болса, теңсіздіктің теңдік шарты орындалады. Сондықтан, біз тек $a \ge b > 0$ күйіне қараймыз және

$$\left(\frac{a+b}{2}\right)^p \le \frac{a^p+b^p}{2} \Leftrightarrow \left(\frac{\frac{a}{b}+1}{2}\right)^p \le \frac{\left(\frac{a}{b}\right)^p+1}{2}$$

екенін ескереміз. Мына функцияны құрайық:

$$f(x) = \frac{x^p+1}{2} - \left(\frac{x+1}{2}\right)^p, \quad x \ge 1, \quad p \ge 1.$$

Бұл жағдайда $f(0)=0$, $f'(x) = \frac{p}{2}\left(x^{p-1} - \left(\frac{x+1}{2}\right)^{p-1}\right) \ge 0$ болады. $f'(x) \ge 0$ болғандықтан $f(x)$ функциясы өспелі.Сол себепті $f(x) \ge f(0)$.

Бұл жерден $\frac{x^p+1}{2} \ge \left(\frac{x+1}{2}\right)^p$ шығады. $x=\frac{a}{b}$ деп таңдасақ

$$\left(\frac{a+b}{2}\right)^p \le \frac{a^p+b^p}{2}$$

теңсіздігін аламыз.

2-есеп. $x(x^2-1)(x^2-10)=c$ теңдеуінің кез келген c мәні үшін бес бүтін шешімі бола алмайтынын дәлелдеңіз.

Дәлелдеу. Мына функцияны құрайық: $f(x) = x(x^2-1)(x^2-10)$.

Бұл функция бүтін сандар осінде анықталған $f'(x) = 5x^4 - 33x^2 + 10$.

1). $f'(x) = 0$ теңдеуді шешеміз. Осыдан

$$x_1, x_4 = \pm\sqrt{\frac{33+\sqrt{889}}{10}} \text{ және } x_2, x_3 = \pm\sqrt{\frac{33-\sqrt{889}}{10}}$$

келіп шығады.

2). $f(x)=0$ теңдеуді шешеміз.

$x\left(x^2-1\right)\left(x^2-10\right)=0 \Rightarrow x=0,\ x=\pm 1$ және $x=\pm\sqrt{10}$.

3). Функцияның графигін салайық. (1-сурет)



1-сурет

Функцияның бес монотонды интервалдары:1) $(-\infty; x_1]$, 2) $[x_1; x_2]$, 3) $[x_2; x_3]$, 4) $[x_3; x_4]$, 5) $[x_4; +\infty)$.

Демек, $y=c$ түзу сызығы $f(x)$ функциясын ең көбі бес нүктеде қиып өте алады. $[x_1; x_2]$ $\left([x_1; x_2] \subset (-1;1)\right)$ монотонды интервалында бірегей $x=0$ бүтін сан бар.

Демек, $c=0$ болғанда $f(x)=c$ теңдеудің ең көбі бес бүтін шешімі болуы мүмкін.

Ал $f(x)=0$ теңдеуінің $x=0$ және $x=\pm 1$ барлық шешімдері бар. Бұл шарт $f(x)=c$ теңдеуінің бес бүтін шешімі жоқ дегенді білдіреді.

Функцияның туындысын кейбір стандартты емес есептерге қолдану. Бұл бөлімде функцияның туындысын кейбір күрделі есептерді шешуге қолдануды қарастырамыз.

1-теорема. $ABCD$ тіктөртбұрышында еркін M нүктесі берілген, егер $|AB|=a$, $|AD|=b$, $\alpha \geq 1$ болса, онда

a) $\max\left\{|MA|^{\alpha}+|MB|^{\alpha}+|MC|^{\alpha}+|MD|^{\alpha}\right\}=a^{\alpha}+b^{\alpha}+\left(\sqrt{a^2+b^2}\right)^{\alpha}$;

b) $\min\left\{|MA|^{\alpha}+|MB|^{\alpha}+|MC|^{\alpha}+|MD|^{\alpha}\right\}=4\left(\frac{a^2+b^2}{4}\right)^{\frac{\alpha}{2}}$

теңдігі орынды болады.

Дәлелдеу. M нүктеден $KN \perp AB$, $PQ \perp AD$ кесінділерін өткізейік (1-сурет). Айталық, $|AK|=x$, $|MK|=y$ болсын. M нүктесі төртбұрышта болғандығы үшін $0 \leq x \leq a$, $0 \leq y \leq b$ болады. Пифагор теоремасы бойынша:

$$|MA|^{\alpha}+|MB|^{\alpha}+|MC|^{\alpha}+|MD|^{\alpha}=\left(x^2+y^2\right)^{\frac{\alpha}{2}}+\left((x-a)^2+y^2\right)^{\frac{\alpha}{2}}+$$

$$+\left((x-a)^2+(y-b)^2\right)^{\frac{\alpha}{2}}+\left(x^2+(y-b)^2\right)^{\frac{\alpha}{2}}.$$

Бұл белгіні енгізе отырып, біз келесі екі жағдайды қарастырамыз.

$$P(x,y)=\left(x^2+y^2\right)^{\frac{\alpha}{2}}+\left((x-a)^2+y^2\right)^{\frac{\alpha}{2}}+\left((x-a)^2+(y-b)^2\right)^{\frac{\alpha}{2}}+\left(x^2+(y-b)^2\right)^{\frac{\alpha}{2}}$$



2-сурет

1-жағдай. $y=0$ немесе $y=b$ болсын. Бұл жағдайда

$$P(x,0)=P(x,b)=x^{\alpha}+(a-x)^{\alpha}+\left((x-a)^2+b^2\right)^{\frac{\alpha}{2}}+\left(x^2+b^2\right)^{\frac{\alpha}{2}}$$

болғандықтан тек $P(x,0)$ екенін түсіну жеткілікті. $P(x,0)$ функциясые $(0,a)$ аралығында x-ке қатысты бірінші және екінші туындыларды есептейміз:

$$P'(x,0)=\alpha\left[x^{\alpha-1}-(a-x)^{\alpha-1}+(x-a)\left((x-a)^2+b^2\right)^{\frac{\alpha}{2}-1}+x\left(x^2+b^2\right)^{\frac{\alpha}{2}-1}\right]$$

$$P''(x,0)=\alpha\left[(\alpha-1)\left(x^{\alpha-2}-(a-x)^{\alpha-2}\right)+\left((x-a)^2+b^2\right)^{\frac{\alpha}{2}-2}\left((\alpha-1)(x-a)^2+b^2\right)+\right.$$

$$\left.+\left(x^2+b^2\right)^{\frac{\alpha}{2}-2}\left((\alpha-1)x^2+b^2\right)\right].$$

$P''(x,0)>0$ болғандықтан $P'(x,0)$ функция $(0,a)$ аралығында өспелі. Сол себепті $P'(x,0)=0$ теңдеуінің $(0,a)$ аралығында ең көбі бір шешім болуы мүмкін. $P'\left(\frac{a}{2},0\right)=0$ болғандықтан, жалғыз шешімі - $x=\frac{a}{2}$. Демек, $P(x,0)$ функция $\left[0,\frac{a}{2}\right]$ кесіндісінде кемиді, $\left[\frac{a}{2},a\right]$ кесіндісінде өседі. Осыған сүйене отырып, біз келесі теңдеулерді аламыз:

$$\max_{0\le x\le a}P(x,0)=P(0,0)=P(a,0)=a^{\alpha}+b^{\alpha}+\left(\sqrt{a^2+b^2}\right)^{\alpha},$$

$$\min_{0\le x\le a}P(x,0)=P\left(\frac{a}{2},0\right)=2\left(\frac{a}{2}\right)^{\alpha}+2\left(\left(\frac{a}{2}\right)^2+b^2\right)^{\frac{\alpha}{2}}.$$

2-жағдай. $0<y<b$ болсын. Бұл жағдайда y айнымалысын тағайындаймыз және x-ке қатысты функциясының бірінші және екінші туындыларын есептейміз:

$$P'(x,y)=\alpha x\left(x^2+y^2\right)^{\frac{\alpha}{2}-1}+\alpha(x-a)\left((x-a)^2+y^2\right)^{\frac{\alpha}{2}-1}+$$

$$+\alpha(x-a)\left((x-a)^2+(y-b)^2\right)^{\frac{\alpha}{2}-1}+\alpha x\left(x^2+(y-b)^2\right)^{\frac{\alpha}{2}-1},$$

$$P''(x,y)=\alpha\left(x^2+y^2\right)^{\frac{\alpha}{2}-2}\left(x^2(\alpha-1)+y^2\right)+$$
$$+\alpha\left((x-a)^2+y^2\right)^{\frac{\alpha}{2}-2}\left((x-a)^2(\alpha-1)+y^2\right)+$$
$$+\alpha\left((x-a)^2+(y-b)^2\right)^{\frac{\alpha}{2}-2}\left((\alpha-1)(x-a)^2+(y-b)^2\right)+$$
$$+\alpha\left(x^2+(y-b)^2\right)^{\frac{\alpha}{2}-2}\left(x^2(\alpha-1)+(y-b)^2\right).$$

Жоғарыда орындалған жұмысты қайталай отырып, бұл

$$\max_{0\le x\le a}P(x,y)=P(0,y)=P(a,y)=y^{\alpha}+\left(a^2+y^2\right)^{\frac{\alpha}{2}}+\left(a^2+(y-b)^2\right)^{\frac{\alpha}{2}}+(b-y)^{\alpha}$$

$$\min_{0\le x\le a}P(x,y)=P\left(\frac{a}{2},y\right)=2\left(\left(\frac{a}{2}\right)^2+y^2\right)^{\frac{\alpha}{2}}+2\left(\left(\frac{a}{2}\right)^2+(y-b)^2\right)^{\frac{\alpha}{2}}$$

теңдігін қалыптастырамыз.

Ары қарай

$$f(y)=y^{\alpha}+\left(a^2+y^2\right)^{\frac{\alpha}{2}}+\left(a^2+(y-b)^2\right)^{\frac{\alpha}{2}}+(b-y)^{\alpha},$$
$$g(y)=2\left(\left(\frac{a}{2}\right)^2+y^2\right)^{\frac{\alpha}{2}}+2\left(\left(\frac{a}{2}\right)^2+(y-b)^2\right)^{\frac{\alpha}{2}}$$

көмекші функцияларды енгіземіз. Бұл функциялар үшін $\max\limits_{0\le x\le b}f(y)$ және $\min\limits_{0\le x\le b}g(y)$ есептейміз. Осы мақсатта, $(0,b)$ интервалында, $f(y)$ және $g(y)$ функциялардың бірінші және екінші ретті туындыларын есептейміз:

$$f'(y)=\alpha y^{\alpha-1}+\alpha y\left(a^2+y^2\right)^{\frac{\alpha}{2}-1}+\alpha(y-b)\left(a^2+(y-b)^2\right)^{\frac{\alpha}{2}-1}-\alpha(b-y)^{\alpha-1},$$
$$f''(y)=\alpha(\alpha-1)y^{\alpha-2}+\alpha\left(a^2+y^2\right)^{\frac{\alpha}{2}-2}\left(a^2+(\alpha-1)y^2\right)+$$
$$+\alpha\left(a^2+(y-b)^2\right)^{\frac{\alpha}{2}-2}\left(a^2+(\alpha-1)(y-b)^2\right)+\alpha(\alpha-1)(b-y)^{\alpha-2},$$
$$g'(y)=2\alpha y\left(\left(\frac{a}{2}\right)^2+y^2\right)^{\frac{\alpha}{2}-1}+2\alpha(y-b)\left(\left(\frac{a}{2}\right)^2+(y-b)^2\right)^{\frac{\alpha}{2}-1},$$
$$g''(y)=2\alpha\left(\left(\frac{a}{2}\right)^2+y^2\right)^{\frac{\alpha}{2}-2}\left(\left(\frac{a}{2}\right)^2+(\alpha-1)y^2\right)+$$
$$+2\alpha\left(\left(\frac{a}{2}\right)^2+(y-b)^2\right)^{\frac{\alpha}{2}-2}\left(\left(\frac{a}{2}\right)^2+(\alpha-1)(y-b)^2\right).$$

1. Nishonov F.M., and ets. (2018) Some questions of design of tasks in mathematics. ISJ Theoretical & Applied Science, 09 (65): p.41-44. Soi: http://s-o-i.org/1.1/TAS-09-65-7 Doi:https://dx.doi.org/10.15863/TAS

2. Балл Г. А., Волынец А. Г. К анализу идейных основ гуманистически ориентированного образования //Гуманизация образования. – 2000. – Т. 1. – С. 22-51.

3. Гузеев В. В. О новых формах организации обучения //Математика в школе. – 1988.– №. 4. – С. 47-49.

4. Ковалева Г. И., Астахова Н. А., Дюмина Т. Ю. Теория и методика обучения математике: конструирование систем задач //Волгоград: Изд-во ВГПУ «Перемена. – 2008.

ГРНТИ 14.25.09

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЖОҒАРЫ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНЕ ШОЛУ: ФИНЛЯНДИЯ, СИНГАПУР, ГЕРМАНИЯ ЕЛДЕРІНІҢ БІЛІМ БЕРУ ӘДІСТЕРІ

НАСРУЛЛА НАҒИМА
Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ
Ғылыми жетекшісі: ф.-м.ғ.к., доцент АЛДАЙ МАҚТАГҮЛ

Кіріспе

Қазақстан Республикасының білім беру жүйесіндегі түбегейлі өзгерістер ұрпақтың рухани сабақтастығын жоғалтпай, мемлекет болашағының, интеллектуалдық әлеуетін, рухани дәстүрімен, бай тілімен халықаралық беделін сақтаудың таптырмас шартына айналды, бірақ, Батыс білім беру стандарттарын, рухани-мәдени бірлестікті алу.

Білім беру жүйесін жаңғырту шетелде өз жұмысына, мансапты жүзеге асыруға мүмкіндіктер табу мүмкіндігін ғана емес, сонымен бірге, ең алдымен, өз мемлекетінің әлемдік деңгейде беделін арттыратын интеллектуалдық элитаның өсуін білдіреді. Дегенмен, біздің білім беру жүйеміз ешбір жағдайда «артта қалып», жаңғыруды «қуып жету» рөлін атқаруы тиіс, өйткені мұны әлемдегі қазіргі экономикалық және әлеуметтік жағдай талап етеді.Азаматтық қоғамда білім беру адам қызметінің ең ауқымды саласының біріне айналды. Онда миллиардтан астам студент және 50 миллионға жуық мұғалім бар. Білім берудің әлеуметтік рөлі айтарлықтай өсті: бүгінгі таңда адамның дамуы білім беру жүйесінің бағыты мен тиімділігіне байланысты. Соңғы онжылдықта әлемде білім берудің барлық түрлеріне деген көзқарас өзгерді. Білім, әсіресе жоғары білім әлеуметтік және экономикалық прогрестің негізгі қозғаушы факторы ретінде қарастырылады. Мұндай назар аударудың себебі қазіргі қоғамның ең маңызды құндылығы мен басты капиталы жаңа білімді анықтауға және зерттеуге және стандартты емес шешімдер қабылдауға қабілетті адам екенін түсіну болып табылады.

Болон үдерісіндегі барлық іс-шаралар, өзгерістер мен толықтырулар, әрине, студенттердің ең жақсы білім алуы үшін оңтайлы жағдай жасауға бағытталған. Оқушы оқу-тәрбие процесінің объектісі ғана емес, сонымен қатар субъектісі болуы керек болғандықтан, оқушылардың белсенді қатысуынсыз ешбір өзгеріс толық нәтиже бере алмайтыны анық. Студенттер Болон процесінің мақсаттары мен міндеттерін нақты түсінуі керек, белгілі бір шешімдерді қабылдау кезінде олардың дауысы естілуі керек.Жоғары оқу орнының осы міндеттерін шешуде студенттердің көзқарасын есепке алудың көптеген құралдары бар.Бұл студенттердің университеттердің ғылыми кеңестеріндегі өкілдігі, сондай-ақ студенттердің оқуға қанағаттанбауын/қанағаттанбауын анықтау және студенттердің өзін-өзі басқаруды ұйымдастыру мен жұмыс істеуіне университет әкімшілігіне көмек көрсету мақсатында жүйелі сауалнама жүргізу.

1.2. Әдістеме

Әлеуметтануда қолданылатын зерттеу құралдарының – анкеталардың, сұхбаттардың, бақылаулардың ерекшелігі сол, әлеуметтік ұйымда болып жатқан әлеуметтік процестер қоғамдық пікір айнасы, қарапайым адамдардың оларды қоршап жатқан жайттар туралы мәлімдемелері арқылы көрініс табады. Әлеуметтанулық зерттеулердің нәтижелері басқарушылық қана емес, сонымен қатар диагностикалық мәнге ие, олар фокуста жетістіктері де, кемшіліктері де айқын көрінетін ұлғайтқыш әйнек қызметін атқарады. Бір уақытта оқитын және жұмыс істейтін студенттердің көпшілігі білім беру жүйесі дұрыс бағытта келе жатыр деп есептейді (75,8%). Қазақстан Республикасында соңғы он жылда жүргізілген білім беру реформасына жұмыс істейтін студенттердің 22%-ға жуығы да көңілі толды. Мектеп түлектері мен колледж студенттері арасында Қазақстан Республикасында білім беруді мақұлдау 71,9% құрайды, оның ішінде 17,7% Қазақстан Республикасындағы білім беру жүйесінің қазіргі саясатын толығымен қолдайды.Оқушылардың 12,8%-ы білім берудің заманауи үлгісіне қарсы; студенттер мен қызметкерлер арасында – 24,1%. Оқушылардың 15,3%-ы жауап беруге қиналған.Жоғары оқу орындары студенттерінің көпшілігінің арасында заманауи білім беру жүйесіне түсіністік пен қолдау көбірек. Қазақстанның бір үлкен қаласындағы жоғары оқу орындарының студенттері арасында сауалнамаға қатысқандардың 75,4%-ы өзгерістерді қолдаса, 21%-ы үзілді-кесілді қарсы. Сәйкесінше, 13,6 пайызы қолдамайды, 11 пайызы жауап беруге қиналған.

1.3. Нәтижелер

Жоғары білім берудегі күрделі мәселелер мен кемшіліктерге қарамастан, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі өткен реформалардың қателіктерін түзету үшін үздіксіз күрес жүргізіп келеді деп нақты айтуға болады. Университеттер үнемі жоспарлы аккредиттеуден өтеді, ал университет аудитіне қойылатын талаптар өте жиі өзгереді және бұл өзгерістер жеңілдетілмейді, керісінше, үнемі қатайтылады.

Бірлескен білім беру бағдарламалары және академиялық ұтқырлықтың жоғары деңгейі – мұның бәрі жоғары білімі бар мамандарды дайындауда салыстырмалы (және жеткілікті жоғары) сапа деңгейін білдіреді.Білім беру жүйесінде қандай мәселелер бар екенін және жас студенттер жүргізіліп жатқан реформаларды қалай бағалайтынын білу үшін Алматы қаласы әкімдігінің ішкі саясат басқармасының тапсырысы бойынша Әлеуметтанушылар қауымдастығының Алматы қаласындағы студенттер арасында жүргізген сауалнамасының нәтижелерін пайдалануға болады.Қазақстан студенттерінің білім беру жүйесіндегі барлық өзгерістерге деген көзқарасы әртүрлі, сауалнама нәтижелері студенттердің бұрынғымен салыстырғанда жалпы білім беру жүйесіндегі өзгерістерді оң деп қабылдауға бейім екенін көрсетті. Алматыда жүргізілген сауалнама студенттердің пікірінше, жалпы Қазақстандағы білім беру жүйесі дұрыс бағытта келе жатқанын көрсетті.Дегенмен, салыстырмалы түрде аз студенттер бұған толық сенімді (сұралғандардың 18,5%). Көбісі бұл туралы қалыпты тонмен айтуды жөн көреді, «бұрыс емес, жақсы» деп жауап береді 54,1%.Көптеген студенттер Қазақстандағы білім беру жүйесіндегі саясатпен келіспейді. Қарсы пікір білдірген студенттердің үлесі 13,1% құрайды, бірақ олардың тек алтыдан бір бөлігі ғана білім беру жүйесіндегі кез келген түбегейлі өзгерістер мен реформаларға ашық түрде қарсылық білдіреді, өйткені бұл қосымша қажетсіз шығындарға және оқу ақысының өсуіне әкеледі деп есептейді.Қазақстанның білім беру жүйесімен келіспейтіндерге жауап бере алмаған студенттерді қоссақ, сауалнамаға қатысқан оқушылардың төрттен бірінен астамы Қазақстандағы білім беру жүйесінің дамуы туралы оңды ештеңе айтпаған болып шығады.

Осы жағдайға байланысты білім беру деңгейі бойынша көштің басында тұрған Финляндия, Сингапур, Германияның да білім беру жүйесі мен әдіснамаларына көз жүгіртіп кетсек. Әрине олардағы білім беру жүйесін өзіміздің өтіп жүрген әдіснамамызға сай жасап алуға әрекет жасау болып табылады. Солардың бірі Финляндия.

2. Фин білімінің 5 фишкасы

Қазан айының басында Мәскеуде EdCrunch білім беру технологиялары саласындағы конференция өтті. Martela EdDesign командасы Финляндияда білім беру департаменті, мұғалімдер және сәулетшілер мектеп ортасын үздіксіз жақсарту үшін бірлесіп жұмыс істейтін заманауи оқыту үрдістері туралы сессияға бастамашы болды және ұйымдастырды. Әңгімелесуге Хельсинки қаласының білім департаментінің маманы Илона Таймела мен жаңа Жәткәсаари мектебінің ректоры Кирси Мыллымаки қатысты. Әңгімелесуді Martela EdDesign кураторы Елена Вавилова жүргізді.Білім беру жүйесі үнемі фин мамандарының жіті бақылауында. Кафедра жаңа стратегияларды әзірлеуге ден қояды, бағдарламалардың заман ағымына сай болуын қадағалайды, ал оқытушылар үнемі біліктіліктерін арттырып отырады. EdCrunch конференциясындағы әңгімеге сүйене отырып, біз фин білімінің жетістігіне әсер ететін 5 фактіні таңдадық.

Ендігі кезекте Сингапурдың білім беру әдіснамасына көз жүгіртіп, оның жақсы жақтарын сабақ барысында қолданып көруге әрекет ету керек.

3.Сингапурдың оқыту әдістемесі:оң және теріс жақтары

Сингапурлық оқыту әдістемесі дегеніміз не, оның жақсы және жаман жақтары неде, оның дәстүрлі сыныптық-сабақ жүйесінен айырмашылығы неде. Неліктен сингапурлық оқыту әдісіне қызығушылық бар.

Сингапур - әлемдегі ең жақсы мемлекеттік білім беру жүйесінің бірі ретінде әлем қауымдастығына белгілі шағын мемлекет, соның арқасында Сингапур әлемдік рейтингте тұрақты жоғары орынға ие, ал оның жас азаматтары әлемде математика және жаратылыстану ғылымдары бойынша озық.

Сынып 4 адамнан топтарға бөлінеді, әр топ жұмыс материалдарымен жабдықталған: қағаз, дәптер, қаламдар және т.б. командалар тапсырмаларды алып, орындайды. Белгі бойынша команда тез өзгереді, топтар араласады, жаңа командалар құрылады (төрттік немесе жұп). Сұрақ немесе жаңа тапсырма беріледі, уақыт шектеулі, балалар белсенді түрде ақпаратпен және дағдылармен алмасады. Мұғалімнің «тоқта!» деген белгісі бойынша. өздігінен, өзара оқу тоқтатылады, мұғалім жалпы нәтижелерді шығаруға кіріседі.Сингапурдың оқыту әдістемесі - бұл құрылымдар деп аталатын тезистер мен формулалар жиынтығы, олардан LEGO блоктары сияқты сабақ құрастырылады. Оларды бір-біріне кез келген ретпен қосуға болады.Әрбір құрылымның қатаң қаңқасы және өзінің ағылшынша атауы бар. Барлығы 250-ге жуық құрылым бар, олардың ішінде негізгілері:

«басқару мат» (сынып басқару) – оқушыларды 4 адамнан тұратын бір командаға бөлу: кімнің қасында және кім қарсы, қарсылас ретінде, олармен қалай сөйлесу керек; бұл құрылымды жүзеге асыру үшін студенттер үстелдері сәйкес реттеледі: екі үстел бірге жылжытылады, студенттер бір-біріне қарама-қарсы отырады, олардың екеуі сөзсіз тақтамен қатарласады; балалар серіктес: бетте серіктес, иықта серіктес;

«жоғары бестік» (мұғалімнің көтерілген алақанына назар аударып, үнсіздік пен зейіннің белгісі) – сабақтың басындағы қоңыраудан кейін қолданылады: мұғалім қолын көтеріп, сыныпқа сілтеме жасайды: «Сәлем бестік !", Ал жауап ретінде студенттер де қолдарын көтеріп, мұғалімге қарауы керек, құрылым мұғалімге назар аударуға және жұмыстың келесі кезеңіне дайындалуға үйретеді. Бұл әдісті шапалақтаумен ауыстыруға болады: мұғалім екі баяу шапалақтаудан кейін үш жылдам шапалақтайды; оқушылар мұғалімді тыңдауға дайын екендіктерін көрсете отырып, екі қол соғу арқылы жауап береді;

«clock baddis» (уақыт бойынша достар) - топ белгілі бір уақыт ішінде белгілі бір тапсырманы орындайды, сигналдан кейін команданың құрамы өзгереді, ол үй тапсырмасын тексеру кезінде қолданылады;

«tik-tek-tou» (tic-tac-toe) - кез келген қатарда орналасқан үш сөзді тігінен, көлденеңінен және қиғашынан (сөздерді сандармен ауыстыруға болады) пайдаланып, схема бойынша міндетті сөздермен сөйлем құрау;

«steze class» («сыныпты араластыру») - оқушыларға өз тізімі бойынша максималды ойлар мен жауаптарды жинау үшін сыныпта еркін жүруге рұқсат етіледі, содан кейін жалпы талдау жүргізіледі, ал оқушылар мұғалім қойған сұраққа жауап береді. 30 секундтан аспайды;

«конерлер» – оқушыларды өздері таңдаған нұсқалар бойынша сыныптың бұрыштарына бөлу;

«simaltiniuss дөңгелек үстелі» - топтың төрт мүшесі де жеке парақтарда немесе дәптерде жазбаша тапсырмаларды орындайды және соңында көршісіне тексеру үшін өткізеді;

«таймделген бұршақ ши» - екі қатысушы тапсырма бойынша толық жауаптармен алмасады, уақыт шектеулі;

Жаңа материалды балалар өз бетінше оқиды, әр оқушы кезекпен мұғалім мен оқушы рөлін ойнайды, мұғалім микротоп өкілдерінің бірін кезекпен тыңдай отырып,
«қосылған бақылау» деп аталатын жаттығуды орындайды, оларды бағалайды, түзетеді, көмектеседі. және бағыттайды.Балалар мұғалімнің бұйрығы бойынша әрекеттерді орындаудың белгілі бір алгоритмі бойынша жұмыс істеуге үйренетінін ескеріңіз. Алгоритмнің орындалуы автоматизмге келтірілді.

4. Германиядағы білім беру жүйесінің ерекшеліктері

Білім беру саласындағы неміс тәжірибесін қарастыру ерекше рөлге ие, бұл екі себепке байланысты: экономикалық модель біздің елге ұқсас - әлеуметтік бағдарланған; Германия экономикалық жағынан ең дамыған ел және өзінің тиімді мемлекеттік басқару жүйесімен («неміс тәртібі» деп аталатын) және кадрларды даярлаумен танымал. Сондықтан біздің зерттеуіміздің мақсаты неміс білім беру жүйесінің ерекшеліктерін және еліміздегі білім беру үдерісіне жеке элементтерді көшіру мүмкіндіктерін анықтау болды.Германияда білім беру 3 жастан бастап балабақшаларда (балабақша) немесе мектептерде (Schulkindergarten) басталады. Германиядағы әрбір мектеп өз жерінің үкіметіне бағынады, сондықтан елдің әртүрлі аймақтарындағы бағдарламалар, ережелер мен оқу ұзақтығы әртүрлі және біздің елдегідей емес. Германияда оқудың жалпы ұзақтығы 13 жыл. Мектептегі білім беру жүйесі 2 кезеңнен тұрады: бастауыш мектеп (4-6 жыл); оқу бағдарламалары мен білім беру бағыттарында айырмашылықтар бар орта мектеп. Бұл орта мектеп оқушыларына қандай бағытта және қандай деңгейдегі маман болғысы келетінін таңдауға мүмкіндік береді.

Германиядағы жоғары білім беру жүйесі 400-ден астам мамандық бойынша 383 оқу орнын біріктіреді. Университеттердің басым көпшілігі мемлекеттік (98%), 69 мемлекеттік субсидияланатын және жекеменшік университеттер. Шетелдік студенттер ағынының көбеюімен көптеген неміс университеттері ағылшын және француз тілдерінде сабақ бере алады. Неміс университеттерінің университеттік бағдарламасы мыналардан тұрады: базалық курс – 2 жыл (4 семестр), оның барысында студент таңдаған пәні және білімнің сабақтас салалары бойынша базалық білімді алады; негізгі курс – 5-6 семестрге созылады, мұнда студент мамандықтың бағытын таңдайды.Бакалаврлар үшін стандартты оқу мерзімі 3-4 жыл, ал магистранттар үшін 1-4 жыл. Оқыту зерттеу іс-әрекетімен байланысты болса, бұл терминдер көбейеді. Жұмыс тәжірибесі білім берудің ажырамас бөлігі болып табылады және оны кез келген елде жасауға болады. Сонымен қатар, студент өз мамандығы бойынша бізде байқала бермейтін университеттердің ынтымақтастығына қарай басқа елдерде жарты жыл бойы оқуды таңдай алады. Германиядағы заманауи жоғары білім беру жүйесіне келесі типтегі оқу орындары кіреді: жалпы университеттер (Universitäten, Uni) классикалық университеттер; техникалық университеттер (Technishe Universitäten, TU); гуманитарлық (мамандандырылған) жоғары оқу орындары – өнер колледждері (Мусихочщюлен, Кунстхочшулен), кинематография мектептері, педагогикалық училищелер (Педагогишен Хохшюлен), шенеуніктер мен діни қызметкерлерді дайындайтын университеттер (теологиялық мектептер); жаңа университеттер мен жекеменшік университеттер, мұнда заманауи оқыту әдістері енгізілуде және көбінесе олардың кампустары бар, бұл әдетте неміс университеттеріне тән емес. Сонымен, білім беру жүйесін реформалаудың мәні оның барлық субъектілері қызметінің түпкілікті нәтижелеріне қайта бағдарлануында және нақты жағдайда тиімді жұмыс істей алатын маман даярлауда жатыр. Қазірдің өзінде көптеген оқу орындары болашақ мамандардың кәсіби құзыреттілігін арттыру үшін шетелдік тәжірибені пайдалана отырып, білім беру туризмінің элементтерін енгізу жолына түсуде. Жалпы алғанда, білім беруді ұйымдастырудың табысты түрі мен оны дамытудың ынталандырушы көзі – қоғам үшін нәтиже кепілі таңдалуы керек.

5. Қорытынды

Қазақстандағы жоғары білім беру жүйесі оқу орындарының айтарлықтай көп санынан тұрады. Негізгі оқу орындарының көпшілігі Алматы мен Астанада шоғырланған, бірнеше мықты аймақтық университеттер бар, әйтпесе өте шағын мектептер ғана бар. Көптеген сарапшылар түлектердің айтарлықтай көптігін атап өтеді. Қоғамда формальды жоғары білімге деген тенденция қалыптасты, ал орта білімге сұраныс төмендеді.Қазақстандық жоғары білім беру жүйесі мұғалімдердің тапшылығын бастан кешіруде. Жастар жалақының аздығынан жоғары оқу орнына барып, ғылымға бару мүмкіндігін қарастырмайды, аға буын ұстаздар, өкінішке орай, мамандықты тастап жатыр. Оның басты себебі, әрине, мұғалімдердің жалақысының аздығы. Қорытындылай келе мектепке енгізуге болатын әдіснама Сингапур елінікі болды. Сол әдісті қолданысқа енгізіп көру керек. Әрине ең алдымен мұғалім де біраз дайындық жасап барып, сыныпқа қолданса болады. Бірнеше практикадан соң, мектептердегі ашық сабақтарда қолдануға болады деп қарастырып жатырмыз.

Аңдатпа

Бұл мақалада халықтың әлеуметтік сауалнамасын ескере отырып, Қазақстандағы жоғары білім беру жүйесі және білім беру жүйесінің келеңсіз жақтарын анықтаудың әртүрлі аспектілері мен осы саладағы мәселелерді шешу үшін қабылданған шешімдер қарастырылған. Зерттеудің өзектілігі қазақстандық білім беру жүйесін нақты модернизациялау, оның әлемдік және еуропалық білім кеңістігіне интеграциялану қажеттілігімен айқындалады.

Кілт сөздер: жоғары білім беру жүйесі, сауалнама, халық саны, оқу орны, әдіснама, оқу жүйесі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. https://www.revistaespacios.com/a19v40n02/19400210.html
2. https://mel.fm/ucheba/shkola/6792058-finland
3. https://eddesignmag.com/5-fishek-finskogo-obrazovanija/
4. http://mkobr.ru/pedagogika-nauka-i-praktika/singapurskaja-metodika-obuchenija-za-i-protiv.html
5. https://cyberleninka.ru/article/n/osobennosti-sistemy-obrazovaniya-v-germanii

ГРНТИ 14.25.09

ЖОҒАРЫ МЕКТЕП МАТЕМАТИКАСЫНДА ИНТЕГРАЛДЫҚ ТЕҢДЕУЛЕРДІ ШЕШУ ӘДІСІ

ОТАР ӘЙГЕРІМ ӘМИНҚЫЗЫ – магистрант;
ЕҢСЕБАЕВА ГҮЛЗАТ МҰРАТБЕКҚЫЗЫ – аға оқытушы.
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда, Қазақстан

Интеграл ұғымы бір жағынан – туындысы бойынша функцияны іздеу (мысалы, қозғалған нүктенің жүріп өткен жолын өрнектейтін функцияны сол нүктенің жылдамдығы бойынша табу), екінші жағынан – аудан, көлем және доға ұзындығын өлшеу, күштің белгілі бір уақыт ішінде атқарған жұмысын табу, т.б. қажеттіліктерден пайда болды. Осыған қатысты интеграл анықталмаған интеграл және анықталған интеграл болып ажыратылады. Міне, осыларды есептеу интегралдық есептеудің міндеті болып саналады. «Интеграл» сөзін алғаш рет 1690 жылы швейцариялық ғалым Якоб Бернулли қолданған.

Ғылым мен техниканың түрлі-түрлі салаларындағы көптеген мәселелерді шешу туындысы берілген функцияны табуға әкеліп соқтырады. Сондықтан математикада жаңа бір операция, интегралдау операциясы қарастырылады. Ізделіп отырған $F(x)$ функциясының берілген туындысы $f(x)$ бойынша сол $F(x)$ функциясын табу мәселесі тек интегралдау операциясының жәрдемімен шешіледі. Міне осы $F(x)$-ті берілген функция f(x)-тің алғашқы функциясы деп атайды.

Есеп 1. $F(x) = x^7$ бүкіл сандар осі бойында $f(x) = 7x^6$ функциясының алғашқы функциясы болады, өйткені x-тің кез келген мәнінде $(x^7)' = 7x^6$

Ал функция $F(x) = lnx$функция $f(x) = \frac{1}{x}$үшін алғашқы функция болады.

Өйткені $(lnx)' = \frac{1}{x}$

Анықтама. $F(x)$ функциясын дифференциалдау деп берілген алғашқы $F(x)$ функциясының $F'(x) = f(x)$ туындысын немесе $df(x) = f(x)dx$ дифференциалын табу амалын айтамыз.

Сол амалға кері амал, яғни $F'(x)$ болып табылатын берілген $f(x)$үшін алғашқы $F(x)$ функциясын табу амалы $f(x)$-ті интегралдау деп аталады.

$\int f(x)\,dx$ берілген $f(x)$функциясының барлық алғашқы функцияларының жиынын бейнелейді және $f(x)$ тен анықталмаған интеграл деп аталады.

Анықтама. a мен b нүктелеріндегі $f(x)$функциясының алғашқы функциясы үшін мәндерінің айырымы a-дан b-ға дейінгі *анықталған интеграл* деп аталады және $\int_a^b f(x)dx$ деп белгіленеді

Анықтама бойынша: $\int_a^b f(x)dx = F(b) - F(a)$

Анықталған интегралдың қасиеттері:

1. Егер k – тұрақты шама болса, онда $\int_a^b kdx = k(b - a)$

2. Егер f(x) және g(x) функцияларының [a, b] кесінді аралығында интегралы бар болса, онда f(x) + g(x) функциясы да осы [a, b] кесіндіаралығында интегралы бар және$\int_a^b (f(x) + g(x))dx = \int_a^b f(x)dx + \int_a^b g(x)dx$ теңдігі орындалады.

3. Егер f(x) функциясының [a, b] кесінді аралығында интегралы бар болса, ал k – тұрақты шама болса, онда kf(x) функциясы да осы [a, b] кесінді аралығында интегралы бар және $\int_a^b kf(x)\,dx = k\int_a^b f(x)dx$ теңдігі орындалады.

4.Егер f(x) функциясының [a, c] және [c, b] кесіндіаралықтарында интегралы бар болса, мұндааондабұлфункциянын [a, b] кесіндіаралығында интегралы бар және$\int_a^b f(x)\,dx = \int_a^c f(x)dx + \int_c^b f(x)dx$теңдігі орындалады.

Енді анықталған интегралға мысал қарастырайық:

Есеп 3.

$\int_{-3}^{2}(3x^2+1)dx$ интегралды есептеңіз.

Шешуі: $\int_{-3}^{2}(3x^2+1)dx = (3\cdot\frac{x^{2+1}}{2+1} + x)\Big|_{-3}^{2} = (x^3+x)\Big|_{-3}^{2} = (2^3+2) - ((-3^3)-3) = 10-(-30) = 40$

Белгісіз функциялар интегралдардың астында кездесетін тендеулер интегралдық тендеулер деп аталады. Егер белгісіз функция интегралдык тендеуге сызыктық түрде қатынасса, онда тендеуді сызықтык деп атайды

$$φ(x)=λ\int_a^b K(x,s)\varphi(s)ds + f(x), a \le x \le b \qquad (1)$$

түріндегі теңдеу Фредгольмның 2-текті сызықтық интегралдық теңдеуі деп аталады. Мұндағы $\varphi(x)$-нақты айнымалы х аргументіне тәуелді белгісіз функция, $f(x)$ функциясы $[a,\ s]$ кесіндісінде, $K[x,\ s]$ функциясы $D = \{a < x,\ s < b\}$ жиынында анықталған белгілі функциялар: $f(x)$ пен $K[x,\ s]$сәйкес интегралдык теңдеудің бос мүшесі мен ядросы деп аталады, ал Л - параметр. Интегралдың жоғарғы және төменгі шектері (a мен b) жалпы жағдайда тұрақты шамалар; олар шектелгенде, шектелметенде болуы мүмкін.

Егер $f(x) = 0$ болса, онда жоғарыдағы (1) интегралдық тендеу біртекті, ал $f(x) \ne 0$ болған жағдайда – біртекті емес деп аталады.

Фредгольмнің І-текті интегралдық теңдеуінде белгісіз функция интегралдық мүшеде ғана қатысады, долірек айтқанда, ол теңдеу

$$\int_a^{-b} K(x,s)\varphi(s)ds = f(x)$$

түрінде жазылады.

Вольтерраның 2-текті интегралдык тендеуі деп

$$\varphi(x) = \lambda\int_a^x K(x,s)\varphi(s)ds + f(x) \qquad (2)$$

түріндегі, ал І-текті интегралдық тендеуі деп

$$\int_a^x K(x,s)\varphi(s)ds = f(x)$$

түріндегі тендеуді айтады.

Егер $\varphi(x)$ функциясын интегралдық тендеуге қойғанда тендеу тепе-теңдікке айналса, онда $\varphi(x)$функциясы интегралдық тендеудің шешімі деп аталады. Фредгольмнің біртекті интегралдық

$$\varphi(x) = \lambda\int_a^b K(x,s)\varphi(s)ds$$

тендеуінің λ параметрінің кез келген мәндерінде $\varphi(x) = 0$шешімі бар болады, ал нөлден ерекше шешімдер әрқашан бар бола бермейді.

Фредгольмнің біртекті интегралдық текдеуінің нөлге тең емес шешімдері бар болатын λ параметрінің мәндері меншікті мәндер деп, ал оларға сәйкес нөлден ерекше шешімдер меншікті функциялар деп аталады.

Енді интегралдық теңдеулерге есептерді қарастырайық

Есеп 3. Мына

$$\int_a^x (2 + x^2 - s^2)\varphi(s)ds = x^2$$

Вольтерраның 1-текті интегралдық тендеуін шешейік. Бұл тендеуді x айнымалысы бойынша дифференциалдасақ,

$$2\varphi(x) + \int_a^x 2x\varphi(s)ds = 2x$$

немесе

$$\varphi(x) = x - \int_a^x x\varphi(s)ds$$

Біз 2-текті интегралдық теңдеуін алдық. Мұндағы, $u(x) = \int_a^x \varphi(s)ds$ десек, онда

$$\varphi(x) = x - xu(x), u'(x) = \varphi(x) \Rightarrow u'(x) = x(1 - u(x))$$

немесе

$$u'(x) + u(x) \cdot x = x, \quad u(0) = 0$$

Соңғы есептің шешімі

$$u(x) = 1 - e^{-\frac{x^2}{2}}$$

демек

$$\varphi(x) = xe^{-\frac{x^2}{2}}$$

Анықталған интегралды жуықтап есептеу әдістері. Анықталған интегралды жуықтап есептеу әдісін қарастырамын. Анықталған интегралдарды жуықтау әдістерін қарастыруға көшпес бұрын, кейбір анықтамаларды келтірейік [3-4].

Анықтама 1.

$$\int_a^b p(x) f(x)dx \approx \sum_{i=1}^n A_i^{(n)} f(x_i^{(n)}) \tag{3}$$

формуласының көмегімен интегралдың жуықтау мәнін табуға болады, оның сол жағында тұратын формула механикалық квадратур немесе квадраттық формула деп аталады. Ол n түйіндері: $x_1^{(n)}, x_2^{(n)}, \ldots, x_n^{(n)}$ үшін құрылған және бұл түйіндерге n сәйкес $A_1^{(n)}, A_2^{(n)}, \ldots, A_n^{(n)}$ коэффициенттері болады. Осылайша (3) формуласына 2n өлшемі кіреді.

Интегралдың көбейткішінде тұратын p(x) функциясы салмақ функциясы деп аталады. Ары қарай сәйкесінше p(x)>0-ды қарастырып, [a, b] аралығында келесі шарттарды қанағаттандырады:

1) $0 < \int_a^b p(x)dx < +\infty$.

2) $\int_a^b p(x)x^m dx < +\infty$, кез келген $m > 0$ бүтін сан үшін;

Анықтама 2. (3) формуласы m дәлдіктегі алгебралық ретке ие деп айталық, егер барлық m дәрежелі полином үшін дәл болса және (m+1) дәрежелі полином үшін дәл болып табылмайды.

[a,b] аралығын $x_1^{(n)}, x_2^{(n)}, \ldots, x_n^{(n)}$ нүктелерінде жекеленген аралықтарға бөлеміз. y=f(x) функциясы үшін $x_1^{(n)}, x_2^{(n)}, \ldots, x_n^{(n)}$ түйіндері бойынша интерполяциялық полином құрамыз. Ол полином мына түрге ие [4]

$$L_{n-1}(x) = \sum_{i=1}^{n} \frac{\omega(x)}{(x - x_i^{(n)})\omega'(x_i^{(n)})} f(x_i^{(n)}).$$

Бұл полиномды f(x)-тің орнына (3) теңдіктің сол жағына қоямыз. Сонда

$$\int_a^b p(x) f(x)dx \approx \int_a^b p(x) L_{n-1}(x)dx =$$

$$= \sum_{i=1}^{n} \left[\int_a^b \frac{p(x)\omega(x)\,dx}{(x - x_i^{(n)})\omega'(x_i^{(n)})} \right] f(x_i^{(n)}) = \sum_{i=1}^{n} A_i^{(n)} f(x_i^{(n)}),$$

теңдеуін аламыз, мұндағы

$$A_i^{(n)} = \int_a^b \frac{p(x)\omega(x)}{(x - x_i^{(n)})\omega'(x_i^{(n)})} dx. \tag{4}$$

$A_i^{(n)}$ мәні f(x) түрінен емес, тек қана түйіндер таңдауына тәуелді.

Егер a және b интегралдың шектері түйіндер болып табылса, онда интерполяциялық квадратур формуласын тұйық типтің формуласы деп атаймыз, қарама-қарсы жағдайда оларды ашық типтің формуласы деп атаймыз. m ретті дәлдігіне ие квадратурды формула барлық m дәрежелі мүмкін полиномдар үшін дәл және барлық өзге интеграл астындағы f(x) функциясы үшін интегралдың жуық мәнін береді. Табылған қателікті $R_n(f)$ арқылы белгілейік, сонда

$$R_n(f) = \int_a^b p(x) f(x)dx - \sum_{i=1}^{n} A_i^{(n)} f(x_i^{(n)}) \tag{5}$$

$R_n(f)$ квадратурды формуланың қателігі деп аталады. Интерполяциялық квадратур формуласы үшін келесі қателік бағасын алу қиын емес

$$|R_n(f)| \le \int_a^b \left|p(x)\left[f(x) - L_{n-1}(x)\right]\right| dx = \int_a^b |p(x)||R_{n-1}(x)|dx,$$

мұндағы $R_{n-1}(x)$ – интерполяцияның қалдық мүшесі.

$$R_{n-1}(x) = \frac{\omega(x)}{n!} f^{(n)}(\xi), \qquad \xi \in (a, b)$$

қалдық мүшесі үшін формула алынған. Осылайша

$$|R_n(f)| \le \frac{1}{n!} \int_a^b \left| p(x)\omega(x) f^{(n)}(\xi) \right| dx,$$

мұндағы

$$\omega(x) = (x - x_1^{(n)})(x - x_2^{(n)}) \ldots (x - x_n^{(n)}).$$

Интерполяциялық формула үшін мына теорема дұрыс.

Теорема**.** Барлық мүмкін (n-1) дәрежелі полином үшін (3) квадратур формуласы дәл болу үшін, оның интерполяциясы болуы қажетті және жеткілікті.

Симпсон әдісі. Анықталған интегралды жуықтап есептеудің бір түрі ретінде Симпсон әдісін қолданамыз. Ол үшін алдымен Симпсон әдісімен интегралды есептейік.

(3) өрнекке сәйкес n = 3 деп қарастырамыз. Осы жағдайда квадратуралы формуланың түйіндері болып

$x_1^{(3)} = a,\ x_2^{(3)} = \frac{a+b}{2},\ x_3^{(3)} = b,$ нүктелері, $h = \frac{b-a}{2}$ қадамында саналады [4].

Осы түйіндер арқылы f(x) функциясы үшін интерполяциялық көпмүше құрамыз. Ол екінші дәрежеге ие. Геометриялық түрде біз параболаны қисықтық ақырғы және орташа нүктелері арқылы жүргіземіз. Бұл параболаның теңдігі болып табылады.

$$L_2(x) = \frac{\left(x-\frac{a+b}{2}\right)(x-b)}{\left(a-\frac{a+b}{2}\right)(a-b)} f(a) + \frac{(x-a)(x-b)}{\left(\frac{a+b}{2}-a\right)\left(\frac{a+b}{2}-b\right)} f\left(\frac{a+b}{2}\right) + \frac{(x-a)\left(x-\frac{a+b}{2}\right)}{(b-a)\left(b-\frac{a+b}{2}\right)} f(b).$$

Бұл полиномды f(x)-тің орнына қойып,

$$\int_a^b f(x)dx \approx \int_a^b L_2(x)dx$$

теңдігін интегралдаймыз. Интегралдаудан кейін мынадай түрге ие болады

$$\int_a^b f(x)dx \approx \frac{b-a}{6}\left[f(a)+4f\left(\frac{a+b}{2}\right)+f(b)\right] = \tag{5}$$
$$= \frac{h}{3}[y_1+4y_2+y_3].$$

Алынған формула Симпсон формуласы деп аталады. Бұл формула трапеция формуласы сияқты, барлық [a,b] аралығы үшін емес, ал оның жеке бөліктеріне қолданылады. [a,b] аралығы $h = \frac{b-a}{2m}$ қадамында жекеленген аралықтағы жұп сандарға $x_0 = a,\quad x_1 = x_0 + h,\ldots,x_{2m} = b$ нүктелерінде бөлінеді. Симпсон формуласын әрбір екі еселенген аралықтағы 2h ұзындығы бойынша қолдансақ,

$$\int_{x_{2i}}^{x_{2i+2}} f(x)dx \approx \frac{h}{3}[y_{2i}+4y_{2i+1}+y_{2i+2}], \qquad i = 0,\ 1,\ldots,\ (m-1)$$

формуласына ие боламыз. Бұл теңдікті барлық і бойынша нөлден (m-1)-ге дейін қосындыласақ жалпылама түрдегі Симпсон формуласын аламыз [4].

$$\int_a^b f(x)\,dx \approx \frac{h}{3}[y_0+y_{2m}+4(y_1+y_3+\ldots+y_{2m-1})+ \tag{6}$$
$$+2(y_2+y_4+\ldots+y_{2m-2})]$$

Симпсон формуласының қателік бағасын алайық. $[x_{2i},\ x_{2i+2}]$ $(i = 0,\ 1,\ \ldots,\ (m-1))$ аралығы үшін Симпсон формуласын жазайық

$$\int_{x_{2i+1}-h}^{x_{2i+1}+h} f(x)dx \approx \frac{h}{3}[f(x_{2i+1}-h)+4f(x_{2i+1})+f(x_{2i+1}+h)].$$

$\Phi(h) = R_3(f)$ болатынын байқау қиын емес, яғни Ф(h) Симпсон формуласының қателігін береді. t-ны айнымалы мәні деп есептеп, t бойынша үш рет F(t)-ны дифференциалдаймыз:

$$F'(t) = \frac{2}{3}[f(x_{2i+1}+t)+f(x_{2i+1}-t)] - \frac{4}{3}f(x_{2i+1}) -$$
$$\frac{t}{3}[f'(x_{2i+1}+t) - f'(x_{2i+1}-t)] - \frac{5t^4}{h^5}\Phi(h);$$
$$F''(t) = \frac{1}{3}[f'(x_{2i+1}+t) - f'(x_{2i+1}-t)] -$$

$$R(f) = -\frac{h^5 m}{90} \frac{\sum_{i=0}^{m-1} f^{(4)}(\eta_i)}{m},$$

мұндағы

$$\eta_i \in (x_{2i}, \quad x_{2i+2})$$

Өйткені

$$N \le \frac{\sum_{i=0}^{m-1} f^{(4)}(\eta_i)}{m} \le M,$$

онда

$$\frac{1}{m}\sum_{i=0}^{m-1} f^{(4)}(\eta_i) = f^{(4)}(\eta),$$

болғандағы $\eta \in (a, b)$ нүктесі табылады, демек [4]

$$R(f) = -\frac{h^5 m}{90} f^{(4)}(\eta) = -\frac{(b-a)^5}{180 n^4} f^{(4)}(\eta) \tag{7}$$

Қорыта айтқанда, қандай теңдеу болсын, шешу жолын табу керек. Жоғары математиканың пайдалылығы өте зор және әр түрлі жағдайда оның функцияларын білу өте маңызды, өйткені олар көптеген мәселелерге жауап беретін, шешімдер беретін және өмірді жеңілдететін білімнен басталады.

Жоғары мектеп математикасында интегралдық теңдеулерді шешу әдісі

Аңдатпа

Болашақ мамандарды даярлайтын жоғары оқу орындарының білім беру бағдарламасында дүниетанымдық маңызға ие «Интегралдық теңдеулер» курсының ерекше орны бар. Бұл алдымен осы курстың математикалық аппараты мен символикалық тілі негізінен зерттелетін объектілердің сапалық сипаттамаларын зерттеуге бағытталғанымен байланысты. Интегралдық теңдеулерді зерттеудің математикалық аппаратының кеңінен қолдану жалпы математикалық мәдениеттің рөлін арттыруға алып келеді.

Кілт сөздер: анықталған интеграл, анықталмаған интеграл, сандық әдістер.

Метод решения интегральных уравнений в вузовской математике

Аннотация

Особое место в образовательной программе вузов, готовящих будущих специалистов, занимает курс «интегральные уравнения», имеющий мировоззренческое значение. Это связано с тем, что в первую очередь математический аппарат и символический язык данного курса ориентированы в основном на изучение качественных характеристик изучаемых объектов. Широкое применение математического аппарата исследования интегральных уравнений приводит к повышению роли математической культуры в целом.

Ключевые слова: определенный интеграл, неопределенный интеграл, численные методы.

Method for solving integral equations in university mathematics

Annotation

A special place in the educational program of universities preparing future specialists is occupied by the course "integral equations", which has ideological significance. This is due to the fact that, first of all, the mathematical apparatus and symbolic language of this course are focused mainly on the study of the qualitative characteristics of the studied objects. Therefore, the widespread use of the mathematical apparatus for the study of integral equations leads to an increase in the role of mathematical culture as a whole.

Keywords: definite integral, indefinite integral, numerical methods.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Орынбасаров М., Сахаев Ш. Интегралдық тендеулер курсы: оқу құралы. - Алматы: Қазақ университеті, 2014. - 208 бет
2. Қасымов Қ., Қасымов Е. Жоғары математика курсы. –Алматы, Санат, 2005ж.
3. Крылов В.И. Приближенное вычисление интегралов. – М.: Наука, 2000.
4. В.А.Острейковский. Теория надежности. – М.: Высшая школа, 2003 – 363с.;
5. https://stud.kz/ сайты;
6. https://scask.ru/ сайты;
7. https://moluch.ru/ сайты.

ГРНТИ 27.35.33

СЫЗЫҚТЫҚ ОҢТАЙЛАНДЫРУ МОДЕЛЬДЕРІ

ӨМІРЗАҚОВА ФАРИЗА НҰРДІЛДАҚЫЗЫ,
БЕКСЕЙТОВА АЙНҰР БОЛАТБЕКҚЫЗЫ
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің оқытушылары

Сызықтық бағдарламалау дөңес бағдарламалаудың жеке жағдайы болып табылады, ал дөңес бағдарламалау өз кезегінде математикалық бағдарламалаудың жеке жағдайы болып табылады. Сонымен бірге ол – бүтін санды және сызықты емес бағдарламалау есептерін шешудің бірнеше әдістерінің негізі. Сызықтық бағдарламалаудың жалпылануының бірі бөлшектік – сызықтық бағдарламалау болып табылады.

Сызықтық бағдарламалау есептерінің көптеген қасиеттерін көпжақтылардың қасиеті ретінде көрсетуге болады және осылайша геометриялық көрсетуге және дәлелдеуге болады.

«Бағдарламалау» терминін «жоспарлау» мағынасында түсіну керек. Оны 1940-шы жылдардың ортасында оптимизацияның сызықтық есептерін шешуге компьютерлер қолданылмастан бұрын Джордж Данциг ұсынды, ол сызықтық бағдарламалаудың негізін қалаушылардың бірі.

Сызықтық бағдарламау – математикалық бағдарламалаудың бір саласы. Сызықтық бағдарламау анықталған жиындасызықтық теңдеулер мен теңсіздіктер жүйесі арқылы берілген сызықтық функцияның экстремумдары жайлы есептерді шешудің тәсілдері мен теориясын қарастырады. Теңдеулер мен теңсіздіктердің кейбіреуі немесе экстремумы ізделініп отырған функция сызықтық емес болса, онда мұндай есептер сызықтық емес бағдарламалауға жатады. Сызықтық бағдарламаудың негізгі есептерінің бірі, $i = 1, \dots, m$, $x_j \le 0$, $j = 1, \dots, n$ (мұндағы c_j, a_{ij} және b_i – берілген сандар) шарттарын қанағаттандыратын сызықтық функциясының максимумын табу. Сызықтық бағдарламаудың мәні – әрекеттердің тиімді бағдарламасын құру есептерін шешу. Осыған орай сызықтық бағдарламауды операторларды зерттеуде қолданылатын математикалық тәсіл ретінде де қарастыруға болады. Сызықтық бағдарламау есептері технологиялық-экономикалық мазмұндағы көптеген есептердің математикалық моделі болып табылады.

Сызықтық бағдарламау мен сызықтық емес бағдарламалау есептері өндіріс пен ғылымның көптеген салаларында (мысалы, экономика, жоспарлау, өндіріс технологиясы, т.б.) кездеседі[1].

Сызықтық бағдарламалау – сызықтық теңдіктер мен теңсіздіктер жүйесімен берілген сызықтық функциялардың экстремумдары туралы есептердің теориясы мен шешу әдістеріне арналған математикалық бағдарламалау бөлімі.

Құрамына сызықтық бағдарламалау енетін математикалық бағдарламалау операцияларды зерттеудің бағыттарының бірі. Орындалатын есептердің түріне қарай бағдарламалаудың сызықтық, сызықтық емес, дискретті, динамикалық, геометриялық, параметрлік және т.б. түрлерін бөліп көрсетеді. «Бағдарламалау» термині есепті шешу барысындағы белгісіз айнымалылар әдетте кейбір экономикалық объектінің жұмыс жоспарын немесе бағдарламасын анықтауына байланысты енгізілген.

Сызықтық бағдарламалау есептері техникалық – экономикалық мазмұндағы көптеген есептердің математикалық моделі болып табылады.

Мамандардың бағалауы бойынша практикада шешімін табатын оптимизация есептерінің 80–85%-ы сызықтық бағдарламалау есептеріне жатады .

Жалпы түрде сызықтық бағдарламалау есебініңматематикалық моделі келесі түрде жазылады:n айнымалысы бар, m теңдеулер (теңсіздіктер) жүйесі

$$\begin{cases} a_{11}x_1 + a_{12}x_2 + \dots + a_{1n}x_n \le (\ge, =)\, b_1, \\ a_{21}x_1 + a_{22}x_2 + \dots + a_{2n}x_n \le (\ge, =)\, b_2, \\ \dots\dots\dots\dots\dots\dots\dots\dots\dots\dots\dots \\ a_{m1}x_1 + a_{m2}x_2 + \dots + a_{mn}x_n \le (\ge, =)\, b_m, \end{cases}$$

$$x_j \ge 0 \quad \left(j = 1, 2, \dots, k; \quad k \le n \right),$$

және сызықтық мақсатты функция берілген

$$F(X) = c_1x_1 + c_2x_2 + \dots + c_nx_n,$$

мұндағы x_j – белгісіз; a_{ij}, b_i, c_j $\left(i = 1, 2, \dots, m; \quad j = 1, 2, \dots, k; \quad k \le n\right)$ – берілген тұрақты шамалар. $F(X)$ функциясы оптималды мәнге ие болатындай жүйенің $X = (x_1, x_2, \dots, x_n)$ шешімін табу керек немесе қысқаша:

$F(X) = c_1x_1 + c_2x_2 + \dots + c_nx_n \to \min$ (немесе $\to \max$)

$X = (x_1, x_2, \dots, x_n)$ шешімі жоғарыда келтірілген шектеулер жүйесінің шарттарын қанағаттандыратын болса, сызықтық бағдарламалаудың ұйғарынды шешімі (жоспары) деп аталады.

Сызықтық функция оптималды мәніне (минималды немесе максималды) ие болатын $X = (x_1, x_2, \dots, x_n)$ ұйғарынды шешімі сызықтық бағдарламалау есебінің оптималды шешімі деп аталады.

Сонымен математикалық модельді құру үшін:

– айнымалыларды белгілеу;

– есептің мақсатынасай мақсатты функцияны құру;

– есеп шарттарын ескере отырып, теңдеулер және теңсіздіктер жүйесін жазу қажет.

Барлық айнымалылар теріс емес, ал шектеулер жүйесі тек бір теңдіктен тұратын болса, сызықтық бағдарламалау есептері канондық (негізгі) деп аталады; егер шектеулер жүйесі тек бір теңсіздіктерден тұратын болса, есепстандартты (симметриялық) деп аталады. Жалпы есептен канондық есепке ауысу құрамында теңсіздік бар әрбір шектеуге бір қосымша (баланстық) айнымалының қосылуы арқылы жүзеге асырылады.

Егер теңсіздікте « □ » белгісі болса, жаңаайнымалы «+» белгісімен енгізіледі, егер теңсіздікте « □ » белгісі болса, айнымалы «–» белгісімен қосылады[2].

Сызықтық бағдарламалау әдістерінің теориялық негіздері

$X = \sum_{j=1}^{n} \lambda_j X_j$, $\lambda_j \geq 0 \ (j = 1,...,n)$, $\sum_{j=1}^{n} \lambda_j = 1$ шарттары орындалатын болса, X нүктесі X_1, X_2 ,…, X_n нүктелерінің дөңессызықтық комбинациясы болып табылады. Егер жиынның кез келген екі нүктесінің кез келген дөңессызықтық комбинациясы осы жиынға тиісті болса, онда бұл нүктелер жиынын дөңес деп атаймыз. Дербес жағдайда, жазықтықтағы жиын дөңес депаталады, егер жиынның кез келген екі нүктесінен құралған кесінді сол жиында жатса.

Кеңестіктегі (жазықтықтағы) ақырлы бұрыштық нүктелерсаны бар дөңес тұйық нүктелер жиынын дөңес көпжақ (көпбұрыш) дейміз егер ол шенелген болса, ал шенелмеген болса, онда дөңес көпжақты (көпбұрышты) аймақ деп атаймыз.

Теорема. *Дөңес n-өлшемді көпжақты өзінің бұрыштық нүктелерінің дөңессызықтық комбинациясы болып табылады*.

Теорема. *Сызықтық бағдарламалау есебінің шартын қанағаттандыратын барлық шешімдер жиыны (шешімдер көпжағы) дөңес болып табылады.*

Шешімдердің көпжақтысының қай нүктесінде сызықтық бағдарламалау есептерінің оптималды шешімі болатындығы туралы сұраққа келесі теорема жауап береді.

Теорема. *Егер сызықтық бағдарламалау есебі оптималды шешімге ие болатын болса, онда* $F(X)$*сызықтық функциясы шешімдер көпжағының бұрыштық нүктелерінің бірінде оптималды мәнді қабылдайды. Егер сызықтық функция оптималды мәнді екі немесе одан көп бұрыштық нүктеде қабылдайтын болса, онда функция бұл нүктелердің дөңессызықтық комбинациясынан құралған кез келген нүктесінде оптималды мәнді қабылдай алады.*

Теорема фундаменталды негізгі болып есептеледі, яғни сызықтық бағдарламалау есептерін шешудің принципиалды жолдарын көрсетеді[3].

Сызықтық бағдарламалаудың есептерін шешу маңыздылығы

Экономикалық – математикалық әдістер мен модельдерді қолдану жоспарлау сапасын біршамаарттыруға мүмкіндік береді және қоғамдық өндіріске қосымша ресурстарды енгізбей–ақ, қосымша экономикалық эффект алуға мүмкіндік береді, ол экономиканың дамудың қарқынды жолынааусуы жағдайында өте маңызды болып табылады.

Қазіргі уақытта жоспарлаудағы экономикалық – математикалық әдістер мүмкін болатын қолданысаясы өте үлкен және жыл сайын ол кеңейтілуде. Бірақ жоспарлы есептеулер практикасында олардың нақты қолданылуы біршамааз. Ол экономикалық – математикалық әдістерді кеңінен енгізудің қиыншылықтарымен түсіндіріледі.

Олардың қатарына жатқызуға болады: кейбір экономикалық есептердің оптималдық критерийлерін анықтаудың күрделілігі; экономикалық – математикалық әдістер мен ЭЕМ жүйелі қолдануға негізделген жоспарлаудың жаңа технологиясын құру қажеттілігіне әкелетін жоспарлау мен басқарудың бұрыннан белгілі жүйесіне математикалық модельдерді «кірістіру» мәселелерін шешудегі қиындықтар; есептеу көлемінің артуын, қолданылатын математикалық аппараттың және ЭЕМ бағдарламалық қамтамасыз етілуінің күрделенуін талап ететін экономикалық процестердің стохастикалық және динамикалық сипаты; көптеген экономикалық құбылыстарды өлшеудің қиындығы және дайындалған модельдерді толықтыруғаарналған массалық нақты ақпаратты алу күрделілігі; жаңа әлеуметтік – экономикалық міндеттерді шешуге арналған, сонымен қатар шынайылыққа сәйкес келетіндігін дәлелдеуге бағытталған экономикалық – математикалық модельдердің дұрыстығын (верификациясын) тексерудің қиындығы (бұл алдымен жоспарлау және болжау модельдеріне қатысты) және т.б.

Бірақ басты қиындық модельденетін экономикалық процестер мен құбылыстардың күрделілігіне негізделген. Экономикалық ғылыммен зерттелетін объектілердің көпшілігі «күрделі жүйе» кибернетикалық түсінігімен сипатталуы мүмкін. Жүйелерді зерттеу кезінде элементтерге бөліп, әрі қарай бұл элементтерді жекелей қарастыру әдісін қолдануы жеткіліксіз (кейде мүмкін емес).

Бұдан басқа, экономика тек қана өндірістік процестерді ғана емес, өндірістік қатынастарды да қамтитындықтан, модельдеу біршама күрделене түседі. Өндірістік қатынастарды модельдеуді адамдардың әрекеті, олардың қызығушылығы мен жекелей қабылданған шешімдерін ескермей тұрғызу мүмкін емес.

Нәтижесінде жоспарлы шешім қабылдауы тиіс өндірістік – шаруашылық немесе әлеуметтік – экономикалық жағдай көбінесе бұл жағдайды жоспарлауда қолданылатын модельдерден біршама бай және күрделі болып шығады.

Қазіргі уақыттасызықтық бағдарламалау оптималды шешім қабылдаудың математикалық теориясының ең көп қолданысаппараты болып табылады, соның ішінде қаржылық математикада да қолданылады. Сызықтық бағдарламалау есептерін шешу үшін үлкен көлемдегі практикалық есептерді тиімді және сенімді шешуге мүмкіндік беретін күрделі бағдарламалық қамтамасыз етілулер дайындалған. Бұл бағдарламалар мен жүйелер бастапқы мәліметтерді дайындаудың дамыған жүйесімен, оларды талдау құралдары мен алынған нәтижелерді ұсыну құралдарымен қамтылған. Бұл жүйелердің дамуы мен жетілдірілуіне көптеген математиктердің таланты мен еңбегі сіңген, мыңдаған есептерді шешу тәжірибесі біріктірілген. Сызықтық бағдарламалау аппаратын қолдана білу қолданбалы математикасаласындағы әрбір маманға қажет.

Сызықтық бағдарламалау оптимизациялаудың ең жиі қолданылатын әдісі болып табылады. Сызықтық бағдарламалау есептері қатарына жатқызуға болады:

Шикізат пен материалды тиімді қолдану; оптималды жеткізу міндеті;

Кәсіпорынның өндірістік бағдарламасын оптимизациялау;

Өндірістің оптималды орналасуы мен концентрациясы;

Тасымалдаудың, көлік жұмысының оптималды жоспарын құру;

Өндірістік артық қорларды басқару;

Оптималды жоспарлау саласына жататын тағы басқалары.

Практикалық қызықты есептердің көптеген саны үшін мақсатты функция сызықты болады – жоспар сипаттамасы арқылы, параметрдің шекті мәндері сызықты теңдіктерге немесе теңсіздіктерге бағынады. Мақсатты функцияның абсолютті экстремумын бұл жағдайда табу сызықты бағдарламалау деп аталады.

Сызықтық бағдарламалау бойыншаалғашқы зерттеу жұмысы 1939 жылы жарияланған Л. В. Канторовичтың «Өндірісті жоспарлау және ұйымдастырудың математикалық әдістері» болып табылады. Ондасызықтық бағдарламалау есептерінің қойылуы, сызықтық бағдарламалау есептерін шешудегі көбейткіштерге рұқсат беретін әдіс дайындалды және оның теориялық негіздемесі берілді.

Сызықтық бағдарламалаудың негізгі міндеті қолда бар ресурстарды пайдалана отырып, біртекті өнімнің максималды санын алуға мүмкіндік беретін өндірістің әртүрлі әдістерін қолдану жоспарын құрудағы мәселелердің математикалық келтірілуі болып табылады[4].

Математикалық бағдарламалау – ол оптималды жоспарлау міндетін орындаудың теориялық негізі болып табылатын математиканың қолданбалы саласы.

Математикалық бағдарламалаудың келесі бөлімдері бар: сызықтық, параметрлік, сызықты емес және динамикалық бағдарламалау. Математикалық бағдарламалаудың кең таралған және зерттелген бөлімі сызықтық бағдарламалау болып табылады, оның мақсаты сызықтық теңдіктер мен теңсіздіктер түріндегі шектеулер болған жағдайда берілген сызықтық функцияның оптимумын (max, min) анықтау болып табылады.

Бүтін сандық бағдарламалау есебінің қойылымы

Экономикалық есептердің біршама бөлігі мағынасы бойыншасызықтық бағдарламалау есептеріне жатады, шешім компоненттері бүтін сан ретінде көрсетілуі керек. Оған мысалы, айнымалылар бөлінбейтін өнімдер бірлігінің санын, қондырғыларды жүктеу кезіндегі станоктардың санын, энергожүйедегі турбиналар санын, басқарушы кешендегі есептеуіш машиналардың санын және т.б. жатқызуға болады.

Сызықтық бүтін сандық бағдарламалаудыңесебі келесі түрде қойылады:

$$\sum_{j=1}^{n} a_{ij}x_j = b_i, \quad i = 1,2,...,m$$

шарттарын қанағаттандыратындай және мақсатты функцияның

$$Z = \sum_{j=1}^{n} c_j x_j$$

максималды немесе минималды мәндге ие болатындай$x(x_1,\ x_2,\ \dots\ ,\ x_n)$шешімінтабу керек. Бұнда $i = \overline{1,n},\ x_i$ – теріс емес бүтін сандар.

Оптимизациялаудың классикалық әдістері

Көптеген экономикалық модельдерде факторлар арасындағы тәуелділіктер тек бірінші байқағанда ғанасызықты деп есептеуге болады. Табыс, өзіндік құны, өндіріске кететін капиталдық шығындар және т.б. көрсеткіштер өндіріс көлеміне, ресурстардың шығындалуына және т.б. сызықты емес байланысты болады. Оптимизациялаудың классикалық әдістеріне жататын сызықтық емесесептердің классын бөліп көрсетуге болады. Бұл әдістер теориялық талдаудың негізі ретінде жиі қолданылады. Оптимизациялаудың классикалық әдістерін қолдана отырып, функцияның локалды экстремумы, жаһандық экстремум және шартты экстремум арасындағы айырмашылықтарды нақты көру керек [5].

Аңдатпа

Сызықтық бағдарламалау бұл n-өлшемді векторлық кеңестіктегі сызықтық теңдеулер мен теңсіздіктер жүйесімен берілген сызықтық функциялардың экстремумдары туралы есептерді шешу әдістері мен теорияларына арналған математикалық бағыт.

Кілт сөздер: Сызықтық бағдарламалау, Оптимизациялау, экстремум, математикалық модель.

Аннотация

Линейное программирование — математическое направление, посвященное методам и теориям решения задач об экстремумах линейных функций, заданных системой линейных уравнений и неравенств в n-мерном векторном пространстве.

Ключевые слова: Линейное программирование, оптимизация, экстремум, математическая модель.

Annotation

Linear programming is a mathematical direction dedicated to the methods and theories of solving problems about the extremums of linear functions given by the system of linear equations and inequalities in n-dimensional vector space.

Keywords: Linear programming, optimization, extremum, mathematical model.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. ДолгополоваА.Ф., Гулай Т.А., Литвин Д.Б. Особенности применения методов математического моделирования в экономических исследованиях // Kant: Экономика и управление. 2013. № 1. С. 62-66.
2. Иванилов Ю.П., Лотов А.В. Математические модели в экономике.- М.: “Наука”, 2007.
3. СизоваС.А., Мурдугова В.Ю., Мелешко С.В. Линейное программирование как область математического программирования при решении экономических задач // Teoretical & Applied Science. Международный научный журнал по материалам международной научно-практической конференции «World of Science», 30.06.2013, Hamburg, Germany. - №6, 2013. С. 16-20.
4. Стехин А.П. Основы конструирования, моделирования и проектирования систем управления производственными процессами: Учеб. пособие. – Донецк: ДонГАУ, 2008.
5. Инютина К.В. Совершенствование планирования и организационно-технического обеспечения производственных предприятий. – Л.: Машиностроение, 1986. –248 с.

ГРНТИ 30.15.27

ТЕРБЕЛІСТІҢ ГИПЕРБОЛЛАЛЫҚ ТИПТЕС ТЕҢДЕУІН ДЕКОМПОЗИЦИЯ ТӘСІЛІМЕН ШЕШУ

А.Ж.СЕЙТМУРАТОВ[1], З.А.ЕРГАЛАУОВА[1], Ж.И. ИСКАКОВ[2]
[1]Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті
[2]Ғұмарбек Дәукеев атындағы Алматы энергетика және байланыс университеті

Нақты қолданбалы есептер және механикадағы деформацияланатын қатты дене зерттелуінің даму заңдылығы жарық көруде. Мұның толық есебі үшін материалдардың физика-механикалық қасиеті, уақыт бойынша олардың деформацияланатын сипаттамасы, температуралы, электрлі және магнитті жолдардың механикалық деформацияланатын жолдарының өзара байланыс эффектілерінің, денелердің геометриялық тұрғызылуының дамуы болып табылады.

Берілетін зерттеудің нәтижесінде стационарлы, стационарлы емес, тербелмелі және толқынды процестердің қарастырылуы, деформацияланатын қатты дененің механикасы, құрылыс механикасы, гидродинамика, геофизика ғылымдарының бөлімдерінде жақсы жетістіктерге алып келеді.

Байламалы-серпімді материалдан жасалған шексіз үшқатпарлы пластинка берілсін, оның орташа қалыңдығы $2h_0$, ал жоғарғы және төменгі қалыңдығы сол материалдан тұратын $\left(h_1 \square h_0\right)$ тең болсын.

Мұндай үш қатпарлы пластинка құрылымның қатпарлы ортасының материалы параметрінің индексін "0" және "1" –мен белгілейміз.

$\Box$ және тәуелділіктері арасындағы қатпарларда больцман интегралдық қатынасын пайдаланамыз[4].

$$\Box_{ij}^{(l)} = L_l\left(\Box^{(l)}\right) + 2M_l\left(\Box_{ij}^{(l)}\right);$$
$$\Box_{ij}^{(l)} = M_l\left(\Box_{ij}^{(l)}\right); \qquad \left(i \Box j, \quad i, j = x, y, z\right) \tag{1}$$

Мұндағы L_l и M_l операторлары келесіге тең болады

$$L_l\left(\Box\right) = \Box_l \left[\Box\left(t\right) \Box \int_0^{t_0} f_{1l}\left(t \Box \Box\right) \Box\left(\Box\right) d\Box\right],$$
$$M_l\left(\Box\right) = \Box_l \left[\Box\left(t\right) \Box \int_0^{t_0} f_{2l}\left(t \Box \Box\right) \Box\left(\Box\right) d\Box\right], \tag{2}$$

$f_{kl}\left(t\right)$– байламалы-серпімді операторының ядросы,

$\Box_l, \Box_l$ – серпіндік тұрақтылар.

Потенциалдар енгізуімен $\Box^{(l)}$ және $\Box^{(l)}$ жанама және көлденең толқындары

$$U^{(l)} = grad\,\Box^{(l)} + rot\,\Box^{(l)} \tag{3}$$

Осыған байланысты векторлық потенциал $\Box^{(l)}$ келесі шартты қанағаттандырады

$$div\,\Box^{(l)} = 0 \qquad (4)(4)$$

қатпарлы материал қозғалысының теңдеуі келесі түрге ие болады

$$N_l\left(\Box\Box^{(l)}\right) = \Box_l \frac{\Box^2 \Box^{(l)}}{\Box t^2};$$
$$M_l\left(\Box\Box\Box^{(l)}\right) = \Box_l \frac{\Box^2 \Box^{(l)}}{\Box t^2}; \tag{5}$$
$$N_l = L_l + 2M_l$$

Шеткері шарттардың түрлендірілуі бойынша біртексіз жазықтар бөлімдері жоғарғы және төменгі жазықтардан табылады.

Орта пластинкасының шеткері шарттары келесі түрге ие болады.

$$\Box_{zz}^{(1)} = f_z^{\Box}\left(x, y, t\right); \qquad \Box_{xz}^{(1)} = f_{xz}^{\Box}\left(x, y, t\right);$$
